

Е. Абдувалитов

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫ

(Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған)



**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ Орта
АРНАУЛЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

Е.Абдувалитов

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫ

(Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған)

Ташкент-2020

Пікір жазғандар:

А.Оразымбетов

Әжінияз атындағы НМПИ,
«Қазақ тілі және әдебиеті»
кафедрасының меңгерушісі ф.ғ.к.. доцент

Д.Дүйсебаева

Низами атындағы ТМПУ,
«Өзбек және қазақ тілі» кафедрасының
аға оқытушысы

Аннотация

Бұл оқулықта қазақ әдебиеті тарихының XX ғасырдағы даму сипаты, басты ерекшеліктері, жетістіктері және қаламгерлердің өмірі мен шығармалары топтастырылып берілген.

Оқулық жоғары оқу орындарының мұғалімдері мен студенттеріне арналған.

Аннотация

В данной работе освещается развитие истории казахской литературы XX века, ее основные особенности, достижения, жизнь писателей и их произведения.

Учебник предназначен для преподавателей и студентов высших учебных заведений.

Annotation

This work covers the development of the history of Kazakh literature of the twentieth century, its main features, achievements, the lives of writers and their works.

The textbook is intended for teachers and students of higher educational institutions.

*Оқып үйренбесең, өнерге де,
даналыққа да, қолың жетпейді.*

Демокрит

Кіріспе

Ежелден тарихы тамырлас, мәдени құндылықтары ортақ, ғасырлар бойы ынтымағы жарасқан бауырлас халықтар, өзбектер мен қазақтарды егемендік алған ширек ғасыр бойы айнымас достық пен татулық, дін, тіл, тарих, салт-дәстүр сынды ортақ рухани құндылықтар біріктіріп келе жатыр. Сол ортақ құндылықтардың арқасында екі елдің әдеби және мәдени қарым-қатынасы тұрақтылық пен бейбітшілікті нығайтудың кепілі болып қызмет атқаруда.

«...жас ұрпақтың рухани-интеллектуал дәрежесін, санасы мен дүниетанымын арттыру, Отанға және халқына деген шексіз махаббат сезімін оятуда және ұрпақ тәрбиелеуде кітап оқу мәдениеті ерекше маңызға ие. Өткізілген бақылау мен талқылаулар нәтижесінде бұл салада өз шешімін табу қажет болған өзекті проблемалар бар екені айқын. Әсіресе, жастардың рухани-ағартушылық, көркемдік-эстетикалық талаптарына жауап беретін кітаптарды жоғары сапалы етіп бастыру, ұлттық және әлем әдебиетінің үлгілерін аудару, сондай-ақ, перзенттерімізді балауса жастан бастап кітап оқуға баулу және электронды кітап оқу дағдысын қалыптастыру, қоғамда кітап оқу мәдениетін дамытумен байланысты маңызды мәселелердің шешімін табу өзекті болып калуда»¹ – дейді Президентіміз Ш.М.Мирзиёев.

Әдебиет – дәуір айнасы. Оның проблемаларын да, бейнелеу құралдары мен шығармашылық бағытын, әдісін де дәуір белгілейді. Әдебиеттің өсу дәрежесі мен суреткердің қоғамда алатын орны да сол дәуірдің әлеуметтік ой-пікірінің байлығына негізделеді. Ол өсу, өркендеу жолдарында жаңа өмірдің шындығын жырлап келеді. Әдебиеттің негізі – адам және оның тағдыры.Туған жерінен, елінен бөлектеніп кеткен ұлт

¹ Кітап өнімдерін бастыру және тарату жүйесін дамыту, кітап оқу мәдениетін асыру және насихаттау бойынша Өзбекстан Республикасы Президентінің 2017 жыл 13 сентябрдағы ПҚ-3271-санды қаулысы.

өкілдері тілі арқылы әдебиетін, әдебиет арқылы тілін сақтап қалуға тырысады. Себебі, «әлемнің әр түрлі елдерінде тұратын қандастарымыздың сөз өнерін қара шаңырақтағы қазақ әдебиетінің бір саласы ретінде қарағанда ғана қазақ әдебиетінің тұтас тарихы жасалмақ» және бауыр бүтінделмек. XX ғасыр адам баласының тарихында ең бір күрделі, қайшылығы да, қалдырған ғибраты да мол дәуір болып табылады. Бұл дәуірде қазақ халқы (өзге халықтармен бірге) жаппай сауаттылыққа жетті, ғылым-білім саласындағы едәуір табыстарға ие болып, ұлт зиялыларын қалыптастырды. Бұл – ғасыр табысы. Сонымен бірге бұл дәуірде қазақ халқы қолмен күштеу жасалған социализмді бастан кешіп, неше дүркін қырғын мен ашаршылықтан өтті. Адам құқының аяққа тапталып, қарап жүрген адам тұтқындалып, өз халқының «жауы» болып шыққанын көрді.

Жалпы мәдениетімізбен бірге қайшылықты жолдан өткен біздің әдебиетіміздің тарихында дербес зерттеп, халқымыздың ұтқаны мен ұтылғанын, жеткені мен жете алмаған тұстарын кең ашып, үлкен талғаммен қайта қарау қажет. Бұрын жазылған қазақ кеңес әдебиетінің тарихына арналған еңбектер (Қазақ кеңес әдебиеті тарихының очеркі. 1949; Қазақ кеңес әдебиеті тарихының очеркі. 1958; Қазақ әдебиетінің тарихы, 3 томдық, 6 кітап: оның 3-томы, 5-6 кітаптар. 1967; әдебиет тарихының жеке проблемаларына арналған көптеген авторлардың зерттеулері) бұл күнде ескірді. Ең алдымен ол еңбектерде қазақ әдебиетінің ұлттық сипаты жеткілікті ашылмай, кеңес әдебиетінің бір бұтағы ретінде қаралды. Тілі ғана бөлектігі болмаса, оның мазмұны идеологияның құрсауында болды.

Екіншіден, әдебиетіміз бен мәдениетіміздің, тіпті тарихымыздың өзіне үлес қосқан талантты ақын-жазушылар тобы енбей қалды. Олардың аттары да аталмады. Бұл ең алдымен, «алашордашыл» ақын жазушылар А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев т.б. есіміне байланысты. Бұларды сөз етпеу нәтижесінде XX ғасырдың басындағы

әдебиетте халықтың азаттық жолындағы күресі сияқты мәселелер тарихта дұрыс шешімін таба алмады. Жалпы кеңестік идеологияға сәйкес келмейтін туындылар өлтіре сыналды. Бірақ, кеңес өкіметі құлады деп, ол дәуірде қалыптасқан профессионалды әдебиетті жаппай жамандаудан сақ болуымыз керек. Жоғарыда айтылғандай, ондай қайшылықтармен бірге пайдалы нәрселер де жасалды. Әдебиеттің жанрларын байытып, жетілдірді. Заманның ырқына көне бермей, оның қайшылықтарына сын көзімен қараған ақын-жазушыларымыз да аз болған жоқ. Сондықтан барды барша, жоқты жоқша айту, зерттеу – біздің басты міндетіміз. Қанша дегенмен, әдебиет – өмір айнасы. Өмірде болған жәйттер мен олардың әдебиеттегі көрінісі тарихтан өз орнын алуға тиіс.

XX ғасырдың 20 жылдарындағы қазақ әдебиеті қызықты ізденістермен басталғаны белгілі. Ой-пікірін айта алмаған қаламгерлердің бір қатары осы тұста сөз еркіндігін пайдаланды. Әдебиеттің дамуы мен міндеттері жайында кең көлемде пікірлесулер өріс алды. Ақын-жазушылар да қалаған жағынан жақын тақырыпқа шығармалар жазды. Алайда 1925 жылғы өкіметтің «Көркем әдебиет саласындағы саясаты туралы» қаулының шығуы, әдебиеттің саясаттың ықпалына түсуі мұндай еркіндікке тез тұсау салды. Сол тұстағы сыңаржақ сыншылар таққан таңбалар мен штамптар бүгін шынайы бағасын алу керек. Әсіресе, адам және оның тағдыры, еңбегін қоса таптау, шындықты бекіте түсетін күнгей жағын суреттеу сияқты нәрселер бар. Бұлардың бәрі де бүгін сын көзімен қарауды қажет етеді. Біздіңше, тарихтың жақсы тәжірибесі кейінгі даму үшін әрқашан пайдалы. Сондықтан қарастырып жатқан дәуірді әр түрлі кезеңдерге бөліп қарастыруды мақұл көрдік. Олар:

1. Қазіргі қазақ әдебиеті дамуының алғашқы кезеңі (1920-1930)
2. Отызыншы жылдардағы қазақ әдебиеті (1930-1941)
3. Екінші дүние жүзілік соғыс кезіндегі қазақ әдебиеті (1941-1945)
4. Қазіргі қазақ әдебиеті (1956-1980)

Әдебиет – сөз өнері. Оны терең ұғынбай, әдеби шығармаға баға беру қиын. Әдебиет адам баласының ойын дамыту үшін және ғибрат берерлік мектеп болса, онда міндетін атқарғаны.

Жоғары оқу орындарына «Қазақ әдебиеті тарихы» (XX ғасыр) оқулығын жасау тәжірибесі өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастау алған. Тәуелсіздік алғаннан кейін М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты әдебиеттің көп томдық тарихын баспадан шығарды. Қолдың қысқалығының нәтижесінде оқулыққа жету қиынға соғып отыр. Өзіміздің білім мен біліктілігімізді іске салып, қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінде оқитын студенттерге «Қазақ әдебиеті тарихы» атты оқулықтың бір дәуірін ұсынып отырмыз.

Ахмет Байтұрсынов

(1873-1937)



*Ақын ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі,
Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран, «Қырық мысал»,
«Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған
қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат
жолындағы қажымас қайраты-біз ұмытсақ та, тарих
ұмытпайтын істер болатын.*

Мұхтар Әуезов

Ахмет Байтұрсынов 1873 жылы 25 қаңтар Торғай уезінің Тосын болысында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Ахметтің әкесі туылысынан жігерлі, тегеурінді жаралған Байтұрсын ешқандай тепкіге төзбейтін, теперішке көнбейтін, әрқашан ел еркіндігін, бас бостандығын аңсаған өр адам болған. 1885 жылдың 12 қазанында аяқ астынан аулына келіп ошағына ойран салған Ояз бастығы Яковлевті намысқой Байтұрсын қамшының астына алып, сілейте сабайды да, ат үстінен қансыратып құлатады.

Осының қырсығынан ол он бес жылға сотталып, Сібірге «Итжеккенге» айдалып кете барады. Бұл тұста Ахмет он үш жасар бала болатын. Кеудесіне шер боп орныққан осы оқиға туралы кейін «Анама хат» өлеңінде былай жазды:

Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп,
Бітпеген жүрегімде бар бір жарам.
Алданып тамағыма, оны ұмытсам,
Болғандай жегенімнің бәрі харам.
Адамнан туып, адам ісін етпей,
Ұялмай не бетімнен көрге барам?!¹

Бұл өлең 1909 жылы Семей түрмесінде жатқанда жазылған сияқты.

¹ А.Байтұрсынов. Шығармалары. Алматы, 1989. 30-бет.

Әділетсіздіктің құрбаны болған Байтұрсын мен Ақтастың балалары Ерғазының тәрбиесінде болады, оның көмегімен 1891 жылы Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ училищесінде оқиды. Соң Ахмет Орынборға барып мұғалімдер мектебінде оқиды. Ахмет 1895-1907 жылдары Қостанай және Қарқаралы уездерінде ауылдық және болыстық мектептерде 2 кластық училищеде мұғалім болып қызмет атқарады.

Сөйтіп, ол сол кездегі кең шеңберде дамуға айналған ағартушылық, демократтық қозғалысқа белсене араласады. Өзі де өз бетімен білімін толықтырып, ой өрісін кеңейтіп, берісі – орыс, әрісі – әлем әдебиетімен тереңірек танысады. Крылов арқылы Лафонтен мысалдарын қазақ тіліне, қазақ ұғымына лайықтап аударып бастайды. Әдеби ізденулермен қатар оқу-оқыту, білім-ғылым мәселелерімен де қоса шұғылданып, болашақта педагогикалық оқу құралдарын жазу, ғылыми-зерттеулер жүргізу мақсатымен нақты, затты бастамалар жасайды. Қоғамдық-саяси көзқарасы қалыптасады. Нәтижеде бұқара халықты қанауға, екі жақты езгіге, үстемдікке, теңсіздікке қарсы белсене араласады.

Қарқаралыда мұғалім болып жүргенде патша өкіметінің наразылық білдіруші қатарында болғаны үшін бақылауға алынады, 1909 жылы шілде де Семей түрмесіне абақтыға жабылады. Соң қазақ жерінен тысқары жерге жер аударылады. 1910-1917 жылдың көктеміне дейін Орынборда тұрады. Бірақ, ол әдеби-мәдени өмірін тоқтатпайды. 1911 жылы Орынборда «Маса» атты өлеңдер және аударма мысалдары жарық көреді. 1913-1917 жылдың күзіне дейін «Қазақ» атты бейресми газеттің редакторы болып істейді.

«Қазақ» газетінде қазақ халқының қоғамдық және мәдени мүддесін, қажеттіліктерін сөз еткен материалдар көп болды. 3000-нан астам жаздырушылары болды. «Қазақтың» Бас жазушысы (Ахаң редакторды осылай атаған) қазақ оқырмандарына басылымын былай таныстырды: «Газета – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар

жұрттардың қасында, құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр сықылды, дүниеде не болып жатқанын көру, не сөйленіп жатқанын есту жоқ, өз пікірін айту жоқ».¹

1914 жылы 80-санында А.Байтұрсынов қазақ аймағын басқару ережелері қатты сыналғаны үшін Орынбор Губернаторы Сухомлинов редакторды 1500 сом штраф төлеу және 3 айға тұтқындайды. Ол денсаулығының нашарлығына қарамай, айып төлеуден бас тартып, түрмеге алынады. Газеттің қадір-қасиетін бұдан артық пайымдау да, бағалау да мүмкін емес.

1923 жылы М.Әуезов «... Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, ... етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын» ² – деп жазды. Ол газеттің жаны кім еді? Қайрат, қайтпас, қажымайтын екпін кім еді? «Маса» болып ызындап «оятамын» деп бейнетті міндет еткен Ахметтің екпіні еді. Бұл газет 1917 жылда «Алаш» ұйымының ресми органы болды да, көп өтпей Торғай облыстық съезінің шешімімен жабылды.

1919 жылда «Известия» газетінде Алашорданың бұрынғы басшыларына кешірім жасалды. Кеңес өкіметі органдарына адал қызмет етуге рұхсат берілді.

1919 жылы Қырғыз (қазақ) өлкесін басқару жөнінде комитет құрылады. Оның төрағасы етіп Пестовский тағайындалады. Мүшелері: А.Байтұрсынов, Б.Қаратаев, С.Меңдешов, Ә.Жанкелдин т.б. бекітілді. Ол қазақ автономиялы республикасы оқу-ағарту комиссариаты, Қазақстан Орталық атқару комитеттерінің мүшесі және т.б. Осы міндеттердің қай-қайсысын болса да өзінің ең сүйікті мамандығы-оқымысты ұстаз (Ташкент, Алматы жоғары оқу орындарының профессоры) ретіндегі орасан зор игілікті істерімен қоса-қабат атқарып отырды.

¹ Оқыту жайынан «Қазақ», 1913, №1.

² Сонда.

А.Байтұрсыновпен замандас, қызметі қатарлас болған төңкерісшіл ақын С.Сейфуллин. Оның туғанына 50 жыл толуына байланысты: «Еңбекші қазақ» газетінде мақала жариялап, онда: «...Өзі үшін ұлтшыл болған қулардан бөлініп, Ахмет сол ұлт қамы үшін партияға кірді. Әрине, Ахмет партия мүшелігінде көп бола алмады. Көп бола алмайтыны белгілі еді. Ахаң байлардың құлдығында шіріген жарлылардың айғайшысы емес, олардың шоқпаршысы емес, бірақ байын, кедейін айырмай, қазақты ғана сүйетін адал жүрек, ұлтжанды еді. Қалай болса да жазушысы аз, әдебиеті нашар қазақ жырларына «Оқу һәм тіл құралдарымен» қылған қызметі таудай»¹ - деп жазды.

Жиыrmасыншы жылдардың соңы жалпы ел үшін ауыр жылдар болды. Жеке адамға табынудың алғашқы нышандары интелегенция өкілдерін қудалауға түсті.

А.Байтұрсынов 1929 жылы 2 июнь күні Архангельск облысына, зайыбы Александра мен қызы Шолпан Томскіге жер аударылады. Одан 1934 жылы оралады. Сыңаржақ сынға, дәлелсіз даттауға ұшырады. 1936 жылы Алматыға оралады, бірақ қызмет істеуіне шектеу жасалады. Көп ұзамай 1936-37 жылдардың құйыны басталады. 1937 жылы 8 қазанда тұтқындалып, содан қайтып оралмады.

А.Байтұрсыновтың ғылыми-творчестволық мұрасын үш салаға бөлуге болады.

Біріншіден, ғалым, тілтану, әдебиеттану екіншіден, ағартушылық алғашқы іргесін қалаушы ретіндегі еңбегі, үшіншіден, ақындығы және аудармалары.

Ахмет Байтұрсыновтың қаламынан, «Әліп-би», «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш» қазақ тілінің табиғаты, методикасы, араб алфавитінің жалпы терминдері атты еңбектері құмның арасынан алтын іздегендей бағалы болды.

¹ Сәкен Сейфуллин, Ахмет Байтұрсынов 50-ге келді. «Еңбекші қазақ», 1923 жыл, 2-ақпан.

Оның әдебиеттану ісіне қосқан үлесі мол. Семинарияда оқып жүріп-ақ, 1895 жылы Тургайская газетада «Казакские приметы и пословицы» атты мақала жариялаған.

Сондай-ақ, «Қазақтың бас ақыны» (1913 жылы); «Ер Сайын»; (1923 жыл) «23 жоқтау» (1926 жыл). Зерттеу еңбектері халықтың көркем сөз қорын жинаушы, бастаушы ретінде танылды.

Қазіргі қазақ тіл біліміндегі секілді қазақ әдебиеттануындағы әдеби терминдердің басым көпшілігінің баламасын ойлап тапқан осында – Ахмет Байтұрсынов (көріктеу, кейіптеу, ауыстыру, алмастыру, түйіндеу, түйдектеу, айқындау, айшықтау, т.б.) Осылардың бәрі М.Әуезов айтқандай «Ахаң түрлеген ана тілі» дейтін еңбегінің аясындағы нақты да затты көрінісі. А.Байтұрсынов – қазақ музыкасы мен ән-күй өнеріне де терең ой жіберген ғалым. А.В.Затаевичтің айтуынша «Қазақ халқының мың әні» еңбегінде А.Байтұрсынов өз халқының әндерін жақсы біледі және оларды тамаша орындайды, ол – жақсы домбырашы, қазақ халқының тарихын, этнографиясын, тұрмысы мен әдет-ғұрыптарын терең білген.

А.Байтұрсыновтың өмірі мен қызметінің тағы бір салмақты саласы – оның ақындық, аудармашылық еңбегі. Ол бала кезінен көркем сөз күдіретін жоғары саналатынын көріп, естіп, ойланып өскенге ұқсайды. Халық поэзиясы мен Абайдың, Ыбырайдың шығармашылығынан сусындады.

Бұл сөзді біреу алмас, біреу алар,
Құлағын біреу салмас, біреу салар.
Теп-тегіс көпке ұнау оңай емес,
Кейіне жарамаса, кейіне жарар.¹

Ақынның өлеңдер топтамасы «Маса» деген атпен 1911 жылы Орынборда басылған. Жинаққа қойған атына қарай едәуір ой, жүк артқан. Көп емес, бас-аяғы жиырма шақты ғана өлең. Алайда осы аз өлеңді оқып отырып, ақынның көп сыры мен сезіміне кенеліп, оның аз болмыс-бітімін

¹ Байтұрсынов А. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Алаш», 2003. I том 106-б.

көзге елестетуге болады. Ақын нені мақсат етті, нені қабылдады, неден түнілді, неге сүйінді, неге күйінді?!

Ызындап, ұшқан мынау біздің маса,
Сап-сары, аяқтары ұзын маса.
Өзіне біткен түсі өзгерілмес,
Дегенмен, қара яки қызыл маса.

Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,
Қақты жел қанаттары бұзылғанша.
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,
Қоймастан құлағына ызындаса?¹

Яғни, сергектікті, қозғалыс күйді, серпіліс пен ізденісті, қоғамдағы енжар, жалқау, ұйқыдағы күйден оянуына қызмет етеді. Одан әрі ақынның оянған жұртына айтары:

Қазағым, елім,
Қайқайып, белің,
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қанауда жаның
Аш көзінді оянып
Қанған жоқпа әлі ұйқың,
Ұйықтайтын бар не сиқың?!²

«Масаның» - идеялық қазығы – жұртшылықты оқуға, өнер-білімге, рухани көтерілуге шақыру, адамгершілікті, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу. Абай, Ыбырай өлеңдеріне жақындық, үйлесімдік, үндестік байқалады.

«Жиған-терген» өлеңі Абайдың «Сегіз аяғы» үлгісімен, әсерімен жазылған. Бұл өлеңде елді, елдің намысын ойлайтындар аздығы, бірліктің жоқтығы, басшылардың зорлықшылдығы т.б. ой-тұжырымдар айтылған. Білімсіз топас, надандардың осындай парықсыздығының кесірінен елдің «малы талауда, жаны қамауда» қалғанына ыза боп, оларды тағы да сол «оянуға» шақырады. Күйінген Ахмет тағы да Абайша қайғырып, Абайша

¹ Сонда 107 б.

² Байтұрсынов А. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Алаш», 2003. I том 109-б.

толғанады «Ұқтыра алмай сөз әуре, тек тұра алмай біз әуре», – дейді. Сөйтіп ұйқысынан оянбай жатқан халқына қинала тіл қатады.

Қымызға қанып,
Қызарып жанып,
Бай ұйықтайды мастықпен,
Шалап ішкен кедей мас,
Мына жұрттың бәрі оңбас.¹

Ол үндемей жүре алмай, адамдық қасиетті қорғауды қалайды. «Адамдық диқаншысы» деген өлеңінде ол өмір бойы бейнетке, қорлыққа шыдап, жасып, жаншылып кеткен адамдарды көріп жаны ашиды.

Оянған ерге
Ұмтылған жерге
Еруші азда, серік кем.
Қас білген досты,
Дос білген қасты,
Мұндай елді көріп пе ең?²

Дегенмен, «Маса» 1911 жылы кеш басылғанына қарамастан, 1905-1907 жылдар оқиғаларына байланысты өлеңдер де енгізілген. Мысалы: «Бақ» өлеңінде:

Бұлттар басып жасырған,
Жаңа түсіп басылған,
Таң шапағы төніп тұр.
Жаңаланған өмірден
Жаңа шығып көрінген.³

«Маса» – қазақтың жазба әдебиетіндегі профессионал поэзияның бастауында тұрған жинақ. Сондықтан мұнда топтастырылған өлеңдердің бәрін мазмұн мен пішін тұрғысынан әбден жетілген, шеберлік тұрғысынан мықтап шындалған шығармалар деуге болады. Қай өлеңін алып қарасақ та, идеялық жағынан автордың ақындығы мен ағартушылығы үйлесім тапқанмен, көркемдік жағынан әр өлеңдегі сыр мен сезім қапысыз астаса,

¹ Сонда 114-115 беттер.

² Сонда 116-б.

³ Байтұрсынов А. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Алаш», 2003. 1-том 116-б.

үндесе бермейді. Дегенмен, жинақтың көркемдік арсеналында талай эпитеттер, теңеулер, шендестіру, инверсия, мақал-мәтелдер бар.

Ахмет Байтұрсыновтың ақындығы мен аудармашылығы 1909 жылы Петербургте басылған «Қырық мысалдан» басталады. М. Әуезов оны «Қалың қазақ жұртының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі»¹ дейтіні де осыдан болса керек.

Кітапқа енген «Қырық мысал» түгелдей атақты орыс ақыны Иван Андреевич Крыловтан аударылған «Замандастарыма» деген кіріспесінде

«Орыстың тәржімә еттім мысалдарын,
Әзірге қолдан келген осы барым.
Қанағат азға деген, жоққа – сабыр,
Қомсынып қоңырайма, құрбыларым»,² дей тұрғанмен, осы қырық өлеңнің бәрі де түгелімен аударма секілді емес.

Мәселен «Қырық мысалдағы» бірінші өлеңді алып қаралық:

Жүк алды Шаян, Шортан, Аққу бір күн,
Жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін.
Тартады Аққу көкке, Шаян кейін,
Жұлқиды суға қарай Шортан шіркін.³

Алдымен, пішін яки тіл, стиль жағынан осыны аударма деуге бола ма? Жоқ, болмайды, аударма екендігі мүлдем сезілмейді. Кәдімгі он бір буынды қазақтың қара өлеңі.

«Қырық мысалдағы» қырық өлеңнің бәрі де осындай қырық түрлі оқиғаны баяндаудан басталып, содан туған қырық түрлі түйінмен аяқталып отырады. Әр түйін жай тұжырым емес, қырық түрлі ғибрат береді.

Айталық, аяқ астынан «торға түсіп, соры қайнаған» шымшыққа: «Тал түсте торды көрмей сені не қара басты, есалаң, күшік», – деп табалап отырып, өзі қалай тұзаққа шырмалғанын білмей қалған көгершіннің қылығын қалжыңға айналдырған «Шымшық пен көгершін» – ел аузындағы «Күлме досыңа, келер басыңа» деген мәтелді уағыздайды. Ал «Ат пен есек» біреудің біреуге қысылғанда жәрдем бермеуі қандай ағаттыққа

¹ Әуезов М. Ахаңның елу жылдық тойы. 50 томдық толық жинақ. 2 том – Алматы: «Ғылым», 1998. 67-б.

² Байтұрсынов А. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Алаш», 2003. 1-том 117-б.

³ Сонда 118-б.

апаратынын дәлелдейді. «Өгіз бен бақа» тұщы көлді шөлі қанғанша сімірген өгіздің істегенін істеймін деп мөлшерсіз көп су ішіп, қарны жарылып өлген көлбақаның көзсіз надандығын суреттеп, «Әлін білмеген әлек» деген нақылды насихаттаса, «Бұлбұл мен есекте» күйкұлжыта шырқаған бұлбұл үшін ұзақ тыңдап алып, оның: «Қалай екен?» деген сауалына: «Ән салуды азырақ әтештен үйренсең, бұдан да гөрі артығырақ сайрар едің» деген топастығын түйрейді.

Әкелі-балалы екі кісі егістік аралап келе жатып, дәні толық әрі әбден піскен егіннің бастары өздерін күтіп-өсірген қожасына тағзым еткендей төмен иіліп, тып-тыныш маужырай қалған, ол енді бір бидайдың дәнсіз сабағы өзімен-өзі кекірейіп көкке қарап тұрғанын көреді. Мұның себебін бала әкесінен сұрап, басында түйір ақыл жоқ түйсіксіз адамдар құр көкірек, менмен болатынын ұғып біледі. «Егіннің бастары» деген мысалдың осындай тәрбиелік мәні бар.

Сабан тартқан өгіздің мүйізіне қонған шыбыннан қарсы кездескен танысып хал сұраса, шыбын: «Соның саған керегі қанша?» қойшы әрі, өзім күні бойы сабан тартып шаршап келемін», – деп жөнін айтпайды. «Екі шыбындағы» бұл мазақтың астарлы мағынасы талдамаса да түсінікті.

Қысқасы, кітаптағы әр мысал осындай әр алуан үлгі-өнеге ұсынады да отырады.

Сонымен бірге, Сумароков, Майков, И.И.Хемницердің «Ат пен есек». Сондай-ақ, Пушкиннің «Балықшы мен балық», «Алтын әтеш», «Ат», «Данышпан Аликтің ажалы», орыстың белгілі ақыны С.Я.Надсон өлеңдерін аударған.

Қазақ филологиясы ғылымында А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» (1926) кітабының ерекше маңызы бар. Әдебиеттің тарихы мен теориясы туралы еңбек. Бұл біздің жыл санауымыздан 326 жыл бұрын Эллада елінде жарық көрген Аристотельдің «Поэтикасы» тәрізді сөз өнерінің болмысы мен бітімін жүйелі байыптайтын қазақ қоғамындағы тұңғыш теориялық зерттеу еді.

Егер Лессинг өзінің «Гамбург драматургиясында» Аристотель «Поэтикасын» мінсіздік тұрғысынан «Евклид элементтерімен» қатар қойған болса, біз бүгін Аханның «Әдебиет танытқышын» Аристотель «Поэтикасымен» салыстырар едік.

Мұның мәнісі – екеуі де: бірі грек әдебиетінің екіншісі қазақ әдебиетінің алғашқы «әліп-билері». Асылы, үздік қасиеттер бір-бірінен неғұрлым ерекше болса, бір-біріне соғұрлым ұқсас болады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ахмет Байтұсыновтың өмірі мен өскен ортасы жайлы әңгімелеңдер.
2. «Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп» деген шерлі сөзінің мәні неде? Оған себеп болған қандай оқиға?
3. Ахмет Байтұсыновтың ұстаздық, қоғамдық қызметі туралы әңгімелеңдер.
4. Ахмет Байтұсыновтың «Әдебиет танытқыш» кітабының маңызы неде?
5. Ахмет Байтұсыновтың «Қырық мысал» өлеңдерінің мазмұны қандай?
6. «Маса» атты өлеңдер жинағының тақырыбы мен идеясын ашып көрсетіңдер.
7. Ахмет Байтұсыновтың «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласының мәнін ашыңдар.

Тест сұрақтары:

1. Өлең жолдары кімге қатысты?

*Қарағым, айналайын, қамқор анам,
Арнап хат жазайын деп алдым қалам,*

*Сен онда, мені мұнда аман сақтай
Көруге жазғай еді хақ тағалам.
Бара алмай өтірікші болып әбден,
Семейдің түрмесінде отыр балаң...*

- А) Ахмет
- В) Дулат
- С) Махамбет
- Д) Абай

2. А. Байтұрсыновтың «Маса» жинағын шығарудағы мақсаты не?

- А) Адамзатты қорғауға шақыру
- В) Патша үкіметін маса болып шағып құлату
- С) Өзінің ізін басқан ақын-жазушыларға үгіт-насихат айту
- Д) Ұйықтап жатқан халқын маса болып ояту

3. А. Байтұрсынұлының өлеңдер жинағын табыңыз?

- А) «Оян, қазақ!»
- В) «Маса»
- С) «Терме»
- Д) «Азамат»

4. А. Байтұрсынұлының аудармасын табыңыз?

- А) «Тіл құрал»
- В) «Қазақ салты»
- С) «Жизнь описание»
- Д) «Ала қойлар»

5. А. Байтұрсынұлы нені бұлтқа теңеп тұр?

*Жарқырап жақсылықтың таңы атпай тұр,
Түнерген төбемізден бұлт арылмай.*

- А) Соғысты
- В) Отаршылдықты
- С) Зұлымдықты
- Д) Надандықты

6. А. Байтұрсынұлына қатысты емес қатарды табыңыз?

- А) Қазақ тілі емлесінің реформаторы
- В) Грамматиканың, әдебиет теориясының негізін салушы
- С) «Жәдидтік» жаңаша оқу жүйесін құптаушы
- Д) Қазақ әліппесін (төте жазу) жасаушы

7. А. Байтұрсынұлы қай мысал өлеңінде ынтымаққа, бірлікке шақырады?

- А) «Пайғамбар»
- В) «Аққу, шортан һәм шаян»

С) «Жетісу суреттері»

Д) «Жұртыма»

8. А. Байтұрсынұлы мына жолдарды жазуға мәжбүр еткен не?

Оқ тиіп он үшімде, ой түсіріп,

Битпеген жүрегімде бар бір жарам.

А) Ел мұңы

В) Анасынан айырылуы

С) Оқудан шығарылуы

Д) Әкесінің ұсталуы

9. А. Байтұрсынұлының «Аққу, шортан һәм шаян» мысал-өлеңінің тақырыбы не?

А) ынтымақ, бірлік

В) кішпейілдік

С) тәкаппарлық

Д) надандық

10. Ахмет Байтұрсынұлы қай жерде дүниеге келді?

А) Қызылжар

В) Тарбағатай

С) Сарыарқа

Д) Қостанай

11. А. Байтұрсынұлының өлеңін табыңыз?

А) «Сыр сандық»

В) «Жалған-ай»

С) «Орал тауы»

Д) «Жиған-терген»

12. «Шендестіру, алмастыру, кейіптеу» терминдері

А.Байтұрсынұлының қай еңбегіне тән?

А) «Әдебиет танытқыш»

В) «Ер Сайын»

С) «Тіл құралы»

Д) «Сынау»

13. «Қырық мысал» жинағының авторы кім?

А) Ыбырай Алтынсарин

В) Шоқан Уәлиханов

С) Абай Құнанбайұлы

Д) Ахмет Байтұрсынұлы

14. «Қазақ салты», «Қазақ қалпы» өлеңдерінің авторын табыңыз?

А) Абай Құнанбайұлы

В) Міржақып Дулатов

С) Шәкәрім Құдайбердіұлы

Д) Ахмет Байтұрсынұлы

15. «Мектеп – қазақтарға білім берудің басты құралы» деген сөздерді кім айтты?

А) А. Құнанбайұлы

В) А. Байтұрсынұлы

С) Ш. Уәлиханов

Д) М. Әуезов

Міржақып Дулатов

(1885-1935)



*Дамыл көрмей ерте-кеш,
Жұрттың қамын көп жедің.
Байладың белді салып күш,
Тыныштық жүзін көрмедің.
«Оян!-дедің халыққа,-
Бас көтеріп, тірлік қыл!»
Ақыл айттың ұлтыңа:
«Таста талас, бірлік қыл!»*

Мағжан Жұмабаев

XX ғасырдың басында қазақ халқының отаршылдық езгіден құтылып, рухани оянуына үлкен үлес қосқан тұлғалардың бірі – Міржақып Дулатов. Ол 1885 жылы 25 қарашада бұрынғы Торғай облысы Торғай уезінде (Қазіргі Қостанай облысы) дүниеге келген. Әкесі Дулат әжептеуір ескіше оқыған, өз дәулеті өзіне жетерліктей дөңгелек шаруасы болған. Балаларының үлкені Асқарды әуелі мұсылманша, кейін орысша оқытып, заң қызметіне бейімдеп үлгірген Дулат кіші баласы Міржақыпты да сол дәстүрмен ә дегенде ауыл молдасына береді. Бірақ өзінің айтуы бойынша екі жыл азап шеккеннен басқа ештеңе ала алмағаннан кейін, әкесі молдадан шығарып алып, ауылдық мектепте орысша оқытатын Мұқан Тоқтабайұлы деген мұғалімге береді. «Менің алғаш білімге көзімді ашқан сол кісі еді» дейді. Яғни, мәуелі білім ұрығын сеуіп кеткен Ыбырай атамyzдың мектебі іргесін әжептеуір бекітіп, еңсесін көтерген кез еді. Демек, А.Байтұрсынов, Асқарлар да, әлбетте орыс-қазақ мектебінің түлектері еді. Әлбетте, бұл сиқырлы жол ағаларының басып келген шәкірт бала Міржақыптың алдынан ашылып еді.

Сөйтіп, екі жасында шешеден, он екі жасында әкеден жетім қалған жас өспірімнің бұдан былайғы тәрбие қамқорлығы Асқар ағасының мойнында қалды. 1897 жылы орыс-қазақ мектебінде бес жыл оқып, 1902

жылы ойдағыдай бітіріп шығады. Содан 6-7 жыл бойы ауылда бала оқытады.

Яғни, оның әлеуметтік, саяси, шығармашылық қызметі міне осы кездерден басталады. Ол туралы сөз қозғағанда біздің жітірек ойланып, оның өмір жолына үңіле қарайтын тұсымыз осы. Бұл қай кез еді? Уақыт жағынан алсақ, талай халықтардың үстінен сұрапыл дауылдарды соқтырып өткен XX ғасырдың басы. Қазақ жағдайынан қаралайтын болсақ, даланың денесіне жан бітіп, қимылға келе бастаған кезі.

Әлеуметтік – саяси тұрғыдан келгенде патшалық Ресей қазақ даласына отаршылдықты күрт күшейтіп, өзі оңала қоймаған панасыз елге тізесін батыра жүрген жылдар еді. Бұл кез көздері ашылып, ұлттық сана-сезімдері оянып, марғау жатқан халықты оятуға шарқ ұрды.

Таза ағартушылық сарында бастау алған саяси сипат алған күш саяси дағдарысқа ұшырайды. Сөйтіп, түркі тілдес ағайындардың арасында демократиялық сана-сезімнің оянған кезі еді. Міне, осындай жағдайда Міржақыптың оқшауланып самарқау қала алмағаны, әрине, заңды еді.

Жиырмаға толмаған Міржақыпта өлең шумақтарымен жеткізе алатын ақындық дарындылық та бойында бар еді. Өрелі ой мен өршіл талап бойынан табылатын ақынды құлаш сермейтін даңғылға асықты. Ол кез алдынан із салып кеткен Ахмет ағасының есімін еміс-еміс естіп жүретін.

Міржақып 1904 жылы алысқа, ұзақ сапарға аттанып, қазақ оқығандарының орталығы – Омбы қаласына тартады.

Кемеңгер ұстаз бен зейінді шәкірттің бірін-бірі іштей ұғысуы ма, ұзақ жорыққа бастаған хас батырдың семсері ме, ақтық демдері біткенше жұп жазбай өткен екі есіл ердің кездесуі – осы Омбы қаласы болып еді.

Олардың бір-бірімен табысуы, түсінісу, сырласу сұхбаттары қай мазмұнда болғанын дәл білмесек те – дәл сол жылдары Міржақып ағасына еріп Омбыдан Қарқаралыға беттейді. Содан төңкерісшіл жолға түседі. «Төңкерісшіл» деген сөзді қателесіп немесе кездейсоқ айтып отырғанымыз жоқ. Міржақыптың А.Байтұрсынов туралы очеркінде: «XX ғасырдың бас

кезінде Қарқаралыда тұрған. А.Байтұрсынов төңкерісшіл қозғалыстарға қатысады. Әуелгі кезде астыртын жұмыс істеп, соңынан, 1905 жылы 17 қазанда манифест жариялағаннан кейін, қазақ бұқарасының көрнекті де белсенді басшыларының бірі болады»¹ - деп жазады Міржақып Дулатов.

Енді осы қозғалыстың мәнін ашып көрсету үшін А.Байтұрсынов турасында М.Әуезов 1922 жылы жазған мақаласына жүгінейік:

«1905 жылы Қарқаралыға Ахаң менен біраз оқығандар бас қосып, күндік өкіметке қазақ халқының атынан петиция (арыз, тілек) жіберген. Ол петициядағы аталған сөздер: бірінші – жер мәселесі. Қазақтың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеу сұралған. Екінші – қазақ жеріне земство беруді сұраған. Үшінші – отаршылдардың орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін ол күннің құралы барлық мұсылман жұртының қосылуында болғандықтан, қазақ жұртын муфтиге қаратуды сұраған».²

1907 жылы Петербургте шыққан «Серке» газетінде Міржақыптың «Жастарға» өлеңі басылды. Жарыққа шыға алмай кеткен екінші санында «Біздің мақсатымыз» атты бас мақала бар екен. Газеттің тұншықтырылуына басты себеп осы мақала болса керек. Өйткені осыдан екі жыл кейін жарық көрген «Оян, қазақ» атты өлеңдер жинағы конфескеленіп, автор саяси қуғынға ұшыраған кезде, жандарм қызметкерлерінің тағатын бір кінәсі – сол Петербургте тұтқындалған газет мақаласының идеяларын әрі қарай уағыздағаны деп көрсетілген.

Шөліркеген адамның таңдайын жібіткен бір жұтым сусынның қадірі қандай болса, туған халқының рухани өміріндегі бұл жинақтың да маңызы дәл сондай еді. Аз уақыттың ішінде ақынның атақ-даңқын өте алыс қияндарға алып кетті. Ізін суытпай, оны екінші рет бастыруға тура келді. Бірақ абырой-беделмен бірге Қызылжарға жер аударылады. Ол жерде там-тұмдап тілмаштық қызмет атқарады.

¹ Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Мектеп», 2002. 3-том. 59-60-б.

² Әуезов М. Ахаңның елу жылдық тойы. 50 томдық толық жинақ. – Алматы: «Ғылым», 1998. 68-б.

Төңкеріс толқыны күштеп басылғаннан кейін, шығармашылыққа шоғырланады. Поэзияға төселіп қалған автор енді жаңа бір шабытпен күрделі жанрға бой ұрды. Нәтижеде 1910 жылы Қазан қаласында Каримовтар баспасынан «Бақытсыз Жамал» романы жарық көрді. Шындығында мұндай оқиғалы шығарма бұрын болған емес.

1911 жылы қалың қазақ ауылдарын аралап, Қызылжардан Семей облысына саяхатқа шығады. Бұл кезде атақ-даңқы ел ішіне қаншалықты мәшһүр болса, патша әкімшілеріне соншалықты құбыжық көрінген Міржақыптың атын атау айыпты іске айналады. Мысалы, Міржақыптың мақалаларын бастырғаны үшін «Айқап» журналына 300 сом, «Уақыт» газетіне 100 сом айып салынады.

Бәрібір халық жауы атанған Міржақып табаны күректей Семей түрмесінде бір жарым жыл отырады. 1913 жылы Міржақып Аханның ізімен Орынборға қарай бет алады.

Арада 6-7 жыл өтіп, ел өмірінде күрделі өзгерістердің куәсі болған аға мен іні, шәкірт пен ұстаз ортасында талқыға түсетін талай ойлар, мақсаттар болған. Яғни, ел санасын ояту, жұртшылық қозғалысына қайтадан дем салу болған. Ол үшін ең тиімді, ең ықпалды құрал – халықтың өз тілінде сөйлесіп, көпшіліктің пікіріне бағыт беріп отыратын баспасөз екенін ұмытпауымыз керек.

Ағартушылық-демократиялық бағыттағы бейресми басылым – «Қазақ» газетін шығару жөнінде Бейімбет пен Міржақыптың бірлескен қызметі осылай басталады. Табандылықтың нәтижесінде 1913 жылы 2 февральда Каримов-Хусайновтар баспаханасынан «Қазақ» газеті жарық көреді. Алғашқыда таралымы 3 мың, соң 8 мыңға жетеді.

Міржақып «Оян, қазақтан» бергі өлеңдерін 1913 жылы Орынборда «Азамат» деген атпен жинақ етіп шығарып, 1914 жылы «Бақытсыз Жамал» Қазанда қайтадан басылады. 1915 жылы «Терме» өлеңдер жинағы арқылы ақындық тұғырын әбден нығайтып алған Міржақып осы жылдары журналистік, публицистік дарынын да мейлінше аша түседі. Оның

тартымды мақалалары әлеуметтік өмір, экономика, мәдениет, әдебиет, тарих, дін мәселелерін бастап, тіпті сол кездегі халықаралық жағдайларды да танымдық тұрғыдан талқылайды. Мәселен, 1914 жылы 23 маусымда газеттің 67-санында «Абай» атты мақаланың 10 жылдығына орай орайластырып жазған. Онда Абайды қазақ әдебиетінің негізін қалаушы деп тап басып айтуы көп нәрсені аңғартады. Екіншіден, Ғ.Тоқайдың қайтыс болуына байланысты тебіреніп жазған мақаласы, 1915 жылы этнограф, фольклорист Ә.Диваев туралы қызықты деректер келтірілген материалдар жариялаған. Үшіншіден, отарлау мәселесі, жергілікті халықтың қарым-қатынасы туралы пікірлер білдірілген.

Атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа ұран болып, замандар бойы ел бірлігінің тұтастығының бейнесіне айналып келген Алаш атты ардақты ұғымның ел құлағына жат есітіліп, бұқара халықтың аузынан жырылып түскен кез болатын.

Ол «дініне берік», бірбеткей, қайсар адамның мұндайлық күрт өзгеріп, өзі ұстанған ождан борышынан аттап кетуі оңай болмаса керек.

Жаңағыдай күрт өзгерістен кейін аз-кем дем алып, ес жиған М.Дулатов 1920 жылы Ташкентке келеді. Сол кездегі Түркістан Республикасының органы – «Ақ жол» газетіне қызметке орналасады. Бірақ көп тұрақтамай Семейге қарай бет алады. 1921 жылы облыстық сотта судья болып істейді. 1922 жылы абақтыға алынады. Бірақ, көп отырмай, өзімен бірге ұсталған Ә.Бөкейханов екеуі Орынборға жөнелтіледі. Соң оқытушылық қызметін жалғастырды. Сондай-ақ 1922-1926 жылдар аралығында ол төрт жыл бойы Қазақ мемлекеттік баспада бөлім бастығы, «Еңбекші қазақта» стилистика бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарған.

Сол тұста ол екі бөлімнен тұратын «Есеп құралын», «Қирағат кітабын» Ташкентте бастырады. Сол жылы Орынборда «Балқия» атты 4 перделі пьеса жазады.

Бұлардан тыс, дүркінді баспасөзде әңгіме, очерк, фельетондары өз алдына дербес әңгіме. Әсіресе, тіл шеберлігі, стиль мінсіздігіне арналған еңбектері өзіндік бір мектеп болды десек артық емес.

Міне, осындай мәдениет төңкерісі ісіне белсене ат салысып жүрген кезінде М.Дулатов Сталин, Голощекин озбырлығының қармағына ілінеді. Баяғы өткен оқиғалардың жаңғырығы қайта қоздырылып, 1928 жылдың желтоқсанында бір топ қазақ оқығандары қатарында тұтқынға алынады. 1930 жылы ОГПУ коллегиясының үкімімен ату жазасына кесіліп, кейін бұл үкім 10 жылға абақтыға қамау жазасымен ауыстырылады.

1935 жылы 5 қазанда 50 жасқа толуына бір ай қалғанда, Ақ теңіз Балтық каналының бойындағы Сосновец тұтқын лагерьдің лазаретінде қаза болады. Сөйтіп, есіл ер жалған жаланың жазалы мерзімін өтей алмай, азап-бейнетпен дүниеден озды. 1988 жылы 4 қарашада қылмысты ісін жан-жақты тексеріп, ісінде қылмыс құрамы болмағандықтан, біржола ақталады. 1993 жылы оның денесі Балтық теңізінен өзінің туған жеріне әкелініп, ақ жауып, арулап жерленді.

«Оян, қазақ!»-ақынның төңкерістен сегіз жыл бұрын шыққан алғашқы жинағының жалпы идеясы мен онда топталған өлеңдерінің негізгі мазмұны «Оян, қазақ» деген атынан көрініп-ақ тұр. Автордың мақсаты мына 4 жолдан байқалып тұр.

Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал һараб боп,
Қазағым, енді жату жарамас-ты.¹

Патшаның отарлау саясаты, халықтың өнер-білімнен мақұрым қалуы, тұрмыс күйінің күйзелісі, тағы-тағы неше түрлі қасірет атаулы осы төрт жолға толық сыйғызылған.

Жинақтың қара сөзбен жазылған шағын кіріспесінен кейінгі «Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі халі» деген өлеңінде халықтың басындағы

¹ Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Мектеп», 2002. 1-том. 16-б.

ауыр жағдайды айта келіп, оның тағдырын ойлап толғану әрбір саналы азаматтың бірінші борышы екенін ақын былай деп түйіндейді:

Адасып қараңғыда сорлы қазақ,
Ай тума, күні һәм шықпай, тұр таң атпай.
Сөндірмей жанған өртті көрген адам
Қалайша тұру мүмкін жанға батпай?!¹

Содан кейінгі «Қазақ халқының бұрынғы машиғаты», «Қазақ жерлері» сияқты өлеңдерінде ақын халқымыздың әрегіректе өз бетімен еміс-еркін көшіп-қонып жүрген заманын еске алады. Бірақ ол заманды көксемейді, тарихи кезең деп қарайды да, қазіргі күннің қам қаракетін бірінші орынға қояды.

Қанекей, осы айтқанның бірі бар ма,
Айтылса сөздің кәміл хақиқаты.
Бұл күнде бұларды ойлап қайғыда жүр.
Бар болғаны данышпандар фарасаты
Оқыған пайда берер жастарымыз
Һәр істен болса егер мағлұматы.²

Бір кезде өз еркімен Ресейге қосылып, соның құрамындағы әр түрлі ұлыс-ұлттармен бірге ел қатарлы тіршілік етерміз деген халық үмітінің ақталмағанын, патшалықтың отарлау саясаты бұратана халықты аяздай қысып бара жатқанына қарамай осы қапастан құтылудың бірден-бір жолы – бірлік пен ынтымақта, болашақты ойлаған саналы іс-әрекетте дейді. Яғни, жан айқайын «Таршылық хәліміз хақында аз мінажат», «Насихат ғұмұмия» негізгі арқау болған. Бірі – 7 бөлімнен тұратын небәрі 53 шумақ; екіншісі – 27 бөлімнен тұратын 140 шумақ.

Ақынның кредосы, азаматтық платформасы баяндалған поэзиялық монологтар деуге болады.

Жас орнына көзімізден қан кетіп,
Қолымыздан ата мирас заң кетіп...
Аяқ асты болып қазақ қалды ғой,
Құр әншейін рухы қалып, жан кетіп...

¹ Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Мектеп», 2002. 1-том. 28-б.

² Сонда. 1-том. 32-б.

Кім жазалы өзімізден көрмесек,
Төбемізге шығардық қой дәндетіп,¹-

деп көңілі жүдеп, құлазып келе жатып, ақын өз көкірегінде қайтадан үміт отын тұтатады, ел ішінен көңілі ояу, сезімі сергек ұлдар, ұландар, ересек шығатынына сенеді, үміт артады.

Мыңнан біреу шыққанда басшы болып,
Жүзден біреу шықса екен соңына ерер.
Әр тайпадан бір білген болып тұрса,
Сонда жұртқа шүбәсіз үлгі берер,
Халық пайдасын көздесе осылайша,
Ісімізге, әлбетте, берер өнер.²

Дүниелік оқуға, ағарту ісін дамытуға шақырғанда, ақын қалың көпшілікті үркітіп алмайын дегендей, діни оқуды қатар атайды. Ақыреттік пайда үшін мұсылманша оқып, дінді танысаң, орысша оқып, орыс тілін үйреніп, өмірлік қажеттеріңе қол жеткіз. «Өнермен хасіл болған нәрселер», «Жігіттер», «Шәкірттерге», «Мешіт, медресе хақында», «Тәртіпті медресе жоқ бұл қазақта» «Қазақ халқына діни бір уағыз» т.б. өлеңдері сөзіміздің дәлелі іспетті.

«Оян, қазақтағы» ашық үгіт, нақыл-насихат, тәптіштеп ұғындыру сарыны енді сыршыл сезімге, терең ойға қарай көбірек ойысып, шынайы поэзиялық өріске қарай бет алғаны байқалады. «Таза бұлақ», «Шағым», «Мұң», «Арманым», «Сырым», «Қажыған көңіл», «Қиял», «Таң» сияқты өлеңдері тақырыбының өзі-ақ нәзік лирикаға сұранып тұрғаны әркімге де аян болса керек.

Ақынның «Азамат» атты екінші өлеңдер жинағы көлемі жағынан шағындау болғанымен, автордың ақындық өнерге бұрынғыдан едәуір төселе түскенін аңғартады. Ол тағдырына бейтарап қарай алмайды, әрбір қиыншылыққа күйзеледі, мұңын шағады, оқырманмен жан сырын бөліседі.

¹ Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Мектеп», 2002. 1-том. 51-б.

² Сонда. 1-том. 56-б.

Бірақ ақын өзінің өмірлік мұратына әрдайым адал. Қай өлеңінде де ол жай ғана жеке бастың мүддесін күйттеп, сезім жетегіне ілесіп кете бермейді. Азаматтық ар үні, әлеуметтік әуен басым түсіп жатады. Мысалы, «Арманым», «Мұң» деген өлеңді алайық. Оқып отырсақ жеке бастың жабырқаңқы кезі суреттелсе, ал шындығында өлең өрісі әріге мегзейді:

Сенімсіз басым, пайдасыз жасым арманда,
Жетермісің тілегіңе жалғанда?
Қан тамшылап тұрса да, көзден жас ағып,
«Сенікі жөн» деп құлаққа ілген жан бар ма?
Елең етер намысқа қызып жігіт аз,
Бұл не ғажап жұрт керең боп қалғанба?
Мен не болсам – болайын саған садақа,
Сүйікті жұртым, қақпанға түсіп алданба!¹

Жеке бастың мұңы емес! Қайта керісінше, ел мұңын, халық мүддесін өз басының жеке қасіретіндей жүрекке тым жақын қабылдағандықтан, халық қамқорындай күрескер адамның қиналған тебіренісі естілді.

М.Дулатов ақындығының алтын жалауындай, туған елі үшін бүкіл өмірін құрбан етуге сәт сайын дайын тұрған күрескердің бейнесіндей болып ел аузында жатталып қалған «Шағым» атты өлеңінде:

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі,
Пайдалан шаруаңа жараса, Алаш!² - дейді.

Сонымен бірге жүрек пернесін дір еткізер нәзік сезімге толы жұмсақ лиризм де табылады. «Сұлу қызға» деген бір ғана өлеңінің өзі осыған айғақ:

Сұлу қыз, қалың елден сені таптым,
Көрдім де тамашаңа белден баттым.
Майысқан алтын айдар еркесісің
Оянған ұйқысынан табиғаттың.³

¹ Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Мектеп», 2002. 1-том. 135-б.

² Сонда. 1-том. 120-б.

³ Сонда. 1-том. 130-б.

Ақын М.Дулатовтың тегеурінді жыр мектебінің кейбір тағылымдары осындай. Жинаққа кірген өлеңдердің ішінде ағартушылық идеяға, халыққа үлгі, өнеге боларын, ой саларлық сюжетке құрылған өлеңдер де аз емес. «Таза бұлақ» өлеңінде бұлақ басына келген үш жолаушының «Болсаң бол, ей жолаушы, бұл бұлақтай!»¹ деген сөзді оқып, әр түрлі жоруы мол әңгіме болады. Бірі бұл сөздің мағынасын «бұлақтай мақсатыңа жет, басына тигізетін пайдаң мол болсын» деп түсіндірсе, екіншісі «адамзатқа тегін жақсылық қыл, ақылыңды пұлға сатпа» деп ұққанын айтады. Үшінші жолаушы бұлақтың суының тазалығын айтып, осындай таза болу керектігін ұсынады. Үш шешімде бірінен-бірі алыс кетпейді. Бәрі де бұлақ суындай таза, мөлдір, халыққа пайдалы, елге қызмет етуге үндейді.

Ақын халқының болашағын жастардан күтеді. Сондықтан олардың оқып, білім алып, қиыншылыққа төзімді болуын, алған білімін халыққа қызмет етуге жұмсалып уағыздайды. Оны біз ақынның «Терме» атты өлеңдер жинағына енген «Шәкірт» өлеңінен көруімізге болады.

Айнымай тұтқан жолың болсын мынау:
Азаттық, ағайындық, теңдік сұрау.
Тайсалмай дұрыстыққа жанды қисаң,
Борышы адамдықтың сонда тұр-ау...²

Үлкен проза саласындағы туған әдебиеттің тырнақ алдысы «Бақытсыз Жамалды» автордың роман деп атауы әбден орынды. Бұл романда тарам-тарам желілер бар, оқиғалы сюжетке құрылған, жанр талаптарына әбден сай келетін күрделі шығарма. Негізгі идеясы – әйел теңдігі, қазақ болмысындағы қалың мал, әмеңгерлік сияқты кеселдерге үзілді-кесілді қарсы бағытталған. Өзінен кейінгі пайда болған «Қалың мал», «Шұғаның белгісі», «Қамар сұлу» бірқатар сүйекті шығармаларға ізашар болып, жол салғанымен үлгілі.

Роман қалың малға сатылып, зорлықпен өзіне тең емес байдың кемтар баласына ұзатылған Жамал деген қыздың сүйген жігітінен айырылып зар

¹ Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Мектеп», 2002. 1-том. 104-б.

² Сонда. 1-том. 143-б.

шеккенін, ақыры зорлықшылдардың қолынан қайғылы қазаға ұшырағанын баяндайтын сюжетке құрылған. Оқиға негізінен, Жамал тағдырына байланысты өрбиді. Оның кейіпкерлері – қазақ ауылының қарапайым адамдары.

Жамал – өз заманының саналы, оқыған қызы, тең құрбыларының алды, әкесі Сәрсенбай бір перзентке зар болып жүріп, Құдайдан сұрап алған қызын ауыл молдасына, кейін мұғалім жалдап оқытқан, аз оқыса да өзінің зеректігімен Жамал тез сауатын ашып, қисса-жырларды заулатып оқып, ел жұртты аузына қаратады. Жамалдың бір кішкене сандығын ашып қараған кісі «Қыз Жібек», «Зарқұм», «Біржан сал мен Сара қыздың айтысқаны», «Айман- Шолпан», Ақмолда, Нұржан, Әбубәкір молданың өлеңдері де басқа сол секілді кітаптарды көрер еді. Жамал сөзге де ұста болып, өз ойынан шығарып өлең де жазатын болады. Олай-бұлай қалжыңмен сөйлескен бозбаланы сөйлетпейтін еді. Ел ішінде тілді бозбалалардың көзі түсе бастап, шет елдерге де «Сәрсенбайда бек көркем бір ақылды қыз бар» деген лақап жайыла бастады», – дейді жазушы. Ел іші оны «екінші Сара» атандырады. «Мұнымен айтысарлық Біржан қайдан шығар екен?»- деп армандайды.

Осындай ел ілтипатына бөленген сұлу, ақылды қыздың қалың малға сатылып, тағдыры сүймеген, жат адамның қолына берілуі кімді де болса толғандырады. Ескі салт бойынша, қалыңмал алып, әкесінің Жамалды Байжан байдың таз баласына ұзатуынан бастап, Жамалдың өміріне өзгеріс кіреді. Ол әуелі әкесіне наразылығын білдіріп, одан қайыр болмайтынын көрген соң, өз бақытын өзі іздейді. Ғалимен танысып, қашып кетеді. Ғалидың үш-ақ күн ауырып, ойда-жоқта өлуі, Жамалдың ұзатылған жеріне барып, зорлық көруі оны өмірден бездіреді. Ол қараңғы түнде қашып шығып, боранда адасып, үсіп өледі. Бұл жағдайлардың бәрі Жамалдың қиыншылыққа төзімді, бірбеткей қайсар жан екенін дәлелдейді.

Ғали да өз заманының озық жасы. Ол да оқыған, ақын, әнші, шешен. Ғали мен Жамалдың бірін-бірі толықтырып тұратын, біріне-бірі тең ұқсас

жандар екені екеуінің танысу суретінен, кезектесіп өлең айтуы тұсында көрінеді.

Сөйтіп, романда жазушы Жамал мен Ғали арқылы ғасыр басындағы қазақ жастарының алдыңғы қатарлы типін даралайды. Оларды махаббат майданында кездестіріп, бірін-бірі адал сүйген, сол үшін жанын қиған, адамгершілігі мол, әділдік жолындағы күрескер етіп суреттейді.

Роман өз кезінде жұртшылық пікірінде үлкен жаңғырық туғызып, өте жоғары бағаға ие болды. Сол жылдардың озық ойлы зиялы қауымының ірі өкілі С. Мұқановтың «XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті» (1932) деген оқулық еңбегінде романның тәрбиелік маңызын жоғары бағалады. «Бұл роман, біріншіден, әйел бостандығын жырласа, екінші жағынан, ескі салт, ескі әдетке қарсы шыққан роман. Бұл ... қазақ арасында көп тарап, елдің жаңашылдарының арасында аяттай жатталып жүрді. Жамал болғысы келген, Жамалға ұқсағысы келген талай ауылдың қызын көзіміз көрді... Жамал ауыл қызына үлкен үлгі болды.

Өкінішке орай, «Бақытсыз Жамалдың» көркем шығарма ретіндегі өмірі де мезгілсіз үзіліп кетті. Ол автормен бірге жазаланып, әдеби айналымнан шығып қалды да, тарихтан аты ұзақ уақыт бойы өшіріліп тасталды. Тәуелсіздіктен соң ғана М. Дулатұлының бүкіл шығармашылық мұрасы сияқты, «Бақытсыз Жамалда» туған әдебиетімізге қайтадан жарқырап келіп қосылды.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. М. Дулатовтың өмірі мен қоғамдық көзқарастарының қалыптасуы туралы әңгімелеңдер. Азаттық жолындағы күрескер тұлғасы қалай туды?
2. «Оян, қазақ!» жинағының басты тақырыбы қандай? Онда халықтың отаршылдық жағдайдағы күйі қалай суреттелген? Автордың одан шығатын жол туралы ойлары қандай?
3. Ақынның «Азамат» және «Терме» атты жинақтарының ерекшеліктері неде?
4. «Бақытсыз Жамал» неліктен қазақтың тұңғыш романы саналады? Романдағы басты кейіпкерлер туралы әңгімелеңдер.

Тест сұрақтары:

1. М. Дулатов «Ақ жол» газетінде қай жылдары қызмет етті?
 - А) 1922
 - В) 1924
 - С) 1925
 - Д) 1920
2. «Бақытсыз Жамал» шығармасы қай жанрға жатады?
 - А) Новелла
 - В) Драмалық шығарма
 - С) Роман
 - Д) Әңгіме
3. М. Дулатовтың қай кітабы 1909 жылы Уфа қаласында басылды?
 - А) «Есеп құралы»
 - В) «Терме»
 - С) «Азамат»
 - Д) «Қирағат»
4. М. Дулатов кімнен орысша үйренді?
 - А) Омар молда
 - В) Нұрғали ұстаз
 - С) Ахмет Байтұрсынұлы
 - Д) Бейімбет Майлин
5. Берілген үзіндінің авторын табыңыз?

Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты
Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам боп,
Қазағым, енді жату жарамас-ты.

 - А) М. Дулатов
 - В) С. Торайғыров
 - С) А. Байтұрсынұлы
 - Д) Ш. Құдайбердіұлы
6. «Шешеннің балаларын сүйі» өлеңі кімдікі?
 - А) А. Байтұрсынұлы
 - В) С. Дөнентаев
 - С) І. Жансүгіров
 - Д) М. Дулатов
7. М. Дулатовтың «Оян, қазақ!» жинағы қашан шықты?
 - А) 1910
 - В) 1912
 - С) 1909

Д) 1908

8. М. Дулатовтың шығармасында Жамал мен Ғали қалада кімнің үйін паналады?

- А) Дүйсебек
- В) Сәрсенбай
- С) Жүніс
- Д) Фатихолла

9. «Бақытсыз Жамалдағы» Сәрсенбайдың бәйбішесі кім?

- А) Жамал
- В) Шұға
- С) Айман
- Д) Қалампыр

10. М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамалында» Жамалды атастырған жігіт кім?

- А) Ұзын Жұман
- В) Байжан
- С) Таз Жұман
- Д) Тапал Жұман

11. «Ахмет Байтұрсынович Байтұрсынов» деген өмірбаяндық очерктің авторы кім?

- А) Ғ. Мүсірепов
- В) М. Дулатов
- С) М. Әуезов
- Д) С. Мұқанов

12. М. Дулатов Орынборға кіммен бірге жер аударылды?

- А) С. Сейфуллин
- В) Ж. Аймауытов
- С) М. Жұмабаев
- Д) Ә. Бөкейханов

13. М. Дулатовтың «Серке» газетінде басылған мақаласын табыңыз?

- А) «Абай»
- В) «Оқу жайы»
- С) «Біздің мақсатымыз»
- Д) «Қазақтың бас ақыны»

14. « Біздің арамызда қазақша бірінші роман жазған М. Дулатов болды», – деген пікірді алғаш кім айтқан?

- А) А. Байтұрсынұлы
- В) Ж. Аймауытов

С) М. Жұмабаев

Д) М. Дултов

15. Сосновец тұтқындар лагерінде қайтыс болған кім?

А) С. Сейфуллин

В) Ж. Аймауытов

С) М. Жұмабаев

Д) М. Дулатов



Жүсіпбек Аймауытов

(1889-1931)

Ол – қазақ халық әдебиетінің жасырлар бойғы эпикалық дәстүрін реалистік дәстүрмен, белгі-нышандармен сабақтастыра білген суреткер.

Мұхамеджан Қаратаев

Сан қырлы дарын иесі 1889 жылы, кей деректер бойынша 1890 жылы қазіргі Повлодар облысы Баянауыл ауданы Ж.Аймауытов атындағы ауылда туылған. Тегі жағынан келгенде, осы өңірден шыққан С.Торайғыров, М.Көпеев сияқты атақты ақындармен жерлес, әрі туыс болып келеді. Арғы аталары Дәндебай мен Қуат текті жерден шыққан дәулетті адамдар болған. Өз әкесі Аймауыт шағын дәулетті адам болған. Жүсіпбек етікші, ерші, өрімші, ағашшы, тігінші сияқты қол өнерін игеріп, күн көріс кәсіпке айналдырады. Ән салып, домбыра тартуды үйренеді.

Жүсіпбек бес жасында ауыл молдасынан хат таниды, он бес жасқа дейін арабша дәріс алады, молдалық қылып, бала оқытады. Орысша сауатын да ауылда ашады. 1905 жылға барып Баянауылдағы орыс мектебіне оқуға түседі. Сол мектептегі әділетсіздіктерге қатысамын деп оқудан шығып қалады. Мектепті бітірген соң ауылда бала оқытады. 1911 жылы Керекудегі екі-кластық орыс-қазақ мектебіне кіреді. Одан кейін төрт жылдық мектеп-интернатты бітіреді. 1914 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясына түсіп, оны 1919 жылы бітіреді.

Семинарияда Жүсіпбек Қаныш Сәтбаевпен бірге оқыған. М.Әуезов те осында оқып, Ж.Аймауытовпен аралас жүргені, әдебиет кештерін бірге ұйымдастырғаны белгілі. Жүсіпбек сол кездің өзінде сегіз қырлы өнерпаз ретінде ерекше көзге түседі. «Үйінен келетін көлік жоқ, өз еңбегімен күн көретін,-дейді онымен бірге оқыған бір замандасы. – Қалада тұратын

ауқатты адамдардың малын күтетін, қорасын тазалайтын, суын әкеліп, отын жағатын. Оған ол намыстанбайтын да, ерінбейтін де. Қолынан келмейтін өнері жоқ оқушы болды. Ағаштан түйін түйетін шебер еді десе, бір өтірігі жоқ. Біз сияқты жаз елге бармайтын. Қазақтың екі аяқты арбасын, киіз үйін (уық, кереге, шаңырақ) жасайтын, ер шабатын, домбыра жасайтын, етік тігетін. Өзі домбыра тартып ән салатын, ойынан өлең шығаратын, ол өлеңді өзі шығарған әнге қосатын"¹

Ұлтжанды азаматтармен, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов секілді ұлт-азаттық қозғалыстың саяси көсемдерінің тікелей ықпалында болады. 1917-1919 жылдар Алашордаға мүше болып, қоғамдық-саяси жұмыстарға араласады. Соң 1917 жылы Жүсіпбек пен Мұхтар «Қазақтың өзгеше мінездері» («Алаш», 1917 ж. 30 наурыз) деген мақала жариялайды. Онда: «Қазақтың ұлттық қалпы өзгереді. Тірлігі, мақсұты басқа, ниеті шалғай, суық бауыр жаттың қолына тиді... Кемеңгер билердің заманы құрып, адамды мал мен пұлға сатып алатын заманға киіктік»² – деп жазыпты. Олар Кеңес өкіметінің алғашқы сұрқия шараларын түзетпек болады. Соң 1918 жылы М.Әуезовпен бірге «Абай» журналын шығарған.

1919 жылдан (семинарияны бітірген соң) Жүсіпбек Кеңес жұмысына араласады. Әуелде Семей губерниялық атқару комитетінде, «Кедей таңы» газетінде жұмыс істейді. 1920 жылы Орынборға ауысып Қазақстан автономиясын жариялаған құрылтайға қатысады. Жаңа өкіметтің қызметіне белсене араласады. 1922-24 жылдан ол мұғалімдікке ауысқан. 1922-1923 жылдары Қарқаралыда мұғалім, 1923-1924 жылдары Ташкенттегі халық ағарту институтында, 1926-1929 жылдар аралығында Шымкенттегі педагогикалық техникумда директор қызметін атқарады. 1929 жылы сол кездегі Қазақстан астанасы – Қызылордаға ауысып, «Еңбекші қазақ» газетінде қызмет атқарады. Бірақ кешікпей жалаға ұшырап, Қызылорда қаласында мамырдың 14 күні (1929) ұсталған.

¹ Ақышев З. Жүсіпбек және оның Қартқожасы «Жұлдыз», 1990. № 86 185-186-б

² Әуезов М. Елу томдық. 1-том. 44-б.

«Төңкеріске қарсы жасырын ұйымның мүшесі» деген айып тағылып, 1931 жылы 21 сәуірде атылған.

Жүсіпбек Аймауытов өлең шығарумен бала кезінен айналыса бастаған. Жастайынан ауыз әдебиеті үлгілерін жаттап алып, қисса-дастандарды ұзақ таңға дейін тындап, кейіннен жатқа айтып жүрген.

Ол «Менің алғаш өлең жазғаным 13 жасар кезім болса керек. Содан соң өлең жазғаным 19-20 жасар болса керек... Абайға еліктеппін. Ең алғаш басылған сөзім 1913 жылы болса керек»¹, – дейді.

Сол кездегі көптеген жазушылар сияқты Жүсіпбектің қалам қарымы баспасөз бетінде қатайып, шыңдалды. 1917 жылы «Сарыарқаның сәлемі» атты өлеңі «Сарыарқа» газетінің №1 санында жарияланды. Сол кездерден бастап оның «Қазақ», «Сарыарқа», «Жаңа өріс», «Ақ жол» т.б. газет-журналдарда оның мақала, әңгіме, өлең, пьесалары жиі жариялана бастайды. Елді бірлікке, білімге, еңбек етуге, адамгершілік мұраттарын сақтауға шақырады.

Жүсіпбектің артында қалған әдеби мұра өте бай. Оның «Ұршық» атты өлеңінде жалғыз баласын әскерге алып кеткен кемпірдің монологі сол кездің әлеуметтік жағдайынан хабардар етеді. «Көшу» өлеңінде көшудің сән-салтанаты суреттелсе, «Кәмилә», «Ах-ха-ха-у» өлеңдерінде қазақ қызының ауыр тағдырына назар аударады. Ал «Ұран», «Әскер марсельезасы» атты өлеңдері – халқының қанаудағы халін көрсетіп, одан құтылуға үндеген, азаттық рухта жазылған туындылар. Патша өкіметі құлаған соң енді шын бостандық келді деп сенген ақын:

-Қазағым, қамықпа, қамалма,
Ел болар қамыңды амалда.
Кетті түн. Атты таң, шықты күн,
Сал малды, сал жанды аянба!..²

¹ Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалары. – Алматы: 1997. «Ғылым» 113-б.

² Сонда. 3-том. 211-б.

Осы тұста жазған «Әскер марсельезасында» халқымыздың ұлттық тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, елін-жерін қорғаудағы жауынгерлік ерліктерін мақтан етеді:

-Арғы атам ер түрік,
Біз қазақ еліміз.
Самал тау, шалқар көл,
Сарыарқа жеріміз.
Сай саймен мал айдап,
Сайрандап ен жайлап,
Ерке өскен Арқаның
Еркесі-серіңіз.

...Ат мінсек, жел болып,
Дауылдап шабамыз.
Лап десек ерленіп,
Дауылдап жанамыз.
...Ержүрек ежелден,
Оқ тескен етіміз.
Қаймығып еш жаудан,
Қайтпаған бетіміз.¹

Осы өлеңдері арқылы ұлтжандылық рухтағы әлеуметтік бағыты айқындалды.

«Нұр күйі» (1929) поэмасында Жібек ананың соқыр боп туған баласының өнерпаз, күйші боп өскендігі, орыс дәрігерінің көмегімен көзі көріп, қуаныштан, шаттықтан күй тартқандығы жырланады.

Ж.Аймауытовтың шығармаларының салмақты жағы оның прозасында жатыр. Ол – «Әнші», «Елес», «Жол үстінде» сияқты көптеген әңгімелердің, «Күнекейдің жазығы» повесінің және «Қартқожа», «Ақбілек» романдарының авторы.

Оның әңгімелері көлемнің шағындылығымен, шынайылығымен ерекшеленеді. Оларда қоғам, өмір, өнер жайлы толғаныстар бар. Жазушы кедейлердің теңдікке жеткеніне қуанады. Ауылда болып жатқан өзгерістерді құптайды. Жағымсыз қылықтарды мінейді және юмор, сатираны шебер пайдаланылады.

¹ Абай журналы. 1918. № 7.

«Елес» әңгімесінде кеңес журналистерінің білімінің таяздығы, даңғаза, жалған саясаттың салдарынан өмір шындығын жаза алмай жүргендерді ащы тілмен сынайды. Жалпы сөз өнері туралы, оның мәні мен маңызы айқын суреттеледі.

«Әнші» әңгімесі атақты әнші Әміре Қашаубаевқа арналған. Қазақтың әншілік дәстүрі бас кейіпкер Әмірханның бейнесінде жаңаша жалғасын тапқан.

«Күнекейдің жазығы» (1928) қазақ қызының аянышты тағдырына арналған. Оқи бастағаннан қараңғы үйде қайғыдан күңіренген кейуананы көреміз. «Күнекей ғой бұл жатқан» деп таныстырады бас кейіпкерімен. Шегіністер жасау арқылы бұл иесіз шымқора – жер үйде жалғыз қалған аурудың бір кезде күндей күлімдеген Күнекей екендігі, оның ақылды да сұлу қыз болып шалықтап өскендігі, бірақ ауыр соққыларға елеңгіреп, бақытсыз күйге түскендігі шебер суреттелген. Кедей қызы Күнекей сүйгеніне қосылып бақытты сияқтанғанымен бала көтермей, аяғы қайғылы халге ұшырайды. Шығармада қыз ұзату, көшу, ойын-сауықтар, әзіл-қалжыңдар сияқты тұрмыстық суреттер мол.

Ж.Аймауытовтың прозадағы көркем де кесек туындыларының бірі – «Қартқожа» романы (1926). Романда қазақ даласында Қазан төңкерісі әкелген өзгерістер шынайы бейнеленген. Бас кейіпкер – Қартқожа Жұманов өмірде болған адам. Ол – қарапайым халық арасынан шығып, төңкерісті қуана қарсы алған, кейіннен партия жұмыстарында қызмет атқарған. Автор өзі білетін шын өмірдегі Қартқожаның әдебиеттегі көркем бейнесін жасай отырып, дүбірлі кезеңнің қазақ даласына әкелген дүбірлі жаңалықтарын суреттеуді мақсат еткен.

Қартқожа жүріп өткен жолдар – бір ғана адамдікі емес. Сол кездегі ондаған, жүздеген оқығандарға ортақ жол. Б.Майлин Мырқымбай арқылы кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы қазақ кедейлерінің классикалық көркем бейнесін жасаса, Жүсіпбектің Қартқожасы – осы қатарда тұратын оқыған қазақ азаматтарының жиынтық образы.

Романның сюжеттік желісі бір ғана адамның – Қартқожаның өмір жолын баяндауға құрылған. Осы ерекшелігі оған өмірбаяндық – мемуарлық сипат та қосқан. Бірақ шығармаларындағы оқиғалар бірінші жақтан баяндалмай, автор атынан суреттеліп отырады. Қоғамдағы жеке бір мүшенің тағдырын көрсету арқылы аласапыран қазақ даласының көркем келбеті жасалады. Барлық оқиғалардың қақ ортасында Қартқожа жүреді.

Автор бас кейіпкерін өмірдің небір қилы соқпақтарынан өткізеді. Кедей ортадан шыққан оның әкесі Жұман – момын адам. Ал шешесі – бір түрлі момын. Күйбеңдеп шаруасын істеп, балаларының үсті-басын бүтіндеп «қарағым, шырағым» дегеннен басқа мінезі жоқ.

Осындай отбасынан шыққан Қартқожаның момын болуы да сенімді. Оның үстіне қатал тағдыр-тіршілік те еңсесін езіп тастаған. Жұманның күн көрісі нашарлап, төрт-бес тұяғынан айырылады. Табиғатта тырысып, бар нәрін төгеді. Осы қоян жылғы жұтта Жұман да қайтыс болады. Артында аңырап бала-шаға қалады. «Тұрымтай тұсымен» болған осы кезде бас кейіпкерді жоғалтып алғандай боламыз. Сөйтсек бала оқытып, молда болып кетіпті. Романда жұттан кейін бір-екі жылдан соң қайтыс болған бір кемпірдің підиясында¹ – отырған бір молданы көріп қаламыз. Жазушы «Қартқожадағы» підия алатын молданы оқысақ, ол – өзім, Қартқожаның әке-шешесін көрсек, ол – өз әке-шешем»² деп жазды.

Жұттан аман қалған Қартқожа ескіше сауатының арқасында молда болып, жан бағып жүрген екен. Оның есіл-дерті – оқу. Өлермендігімен орысша хат таниды. 1916 жылы оқиғаларға қатысады. Әскердің қара жұмысына алынады. Оңы мен солын танып, саяси сауаттана бастайды.

Романда келеңсіз зорлық-зомбылықтарға батыл қарсы шыққан жастар да көрінеді. Бірі – Дәрмен. Патша жарлығына қарсы шыққан Дәрмен Қартқожаға ерекше әсер қалдырады. Ол нағыз сегіз қырлы, бір сырлы; әрі ақын, әнші, балуан, ақылды ретінде ұзақ есте қалады.

¹ Абай журналы. 1918. № 7.

² Қирабаев С. Жүсіпбек Аймауытов. – Алматы: «Ғылым», 87-б.

Підия – ислам діні бойынша өлген адамның күнәсін ақтау үшін молдаларға берілетін құдайы (мал, ақша т.б) зат.

«Қартқожа» романы туған жерге, халқына деген ыстық лебіздерге толы: «Туған жердің қадірін туғалы түзге шықпаған елдегі адам қайдан білсін?» Ыстық қой, шіркін, туған жер! Туған жерге жеткенше, қайтіп дәтің шыдайды? Кім сағынбас өз елін?¹ – делінеді.

Романда өміршең ойлар да көрініс тапқан. Мысалы: Қартқожаға бір жігіт «Қазақ саудагер болмаса, ұтылады. Тұрмыс – күн көріс тартысы. Сауда тартысына жарамаған ел жарамайды. Қазақ сауда-саттыққа араласа алмаса, ұтылғаны, жеңілгені деп ойлау керек» – деп, ақыл айтады. Осыдан 70 жыл бұрын саудаға қарсы шығып жатқан кезде айтылғандығын ескерсек, көрегендігінің нәтижесін бүгін аңғарғандаймыз.

20-жылдардағы елеулі шығарма деп баға беруге болады. Жалпы алғанда жазушының шығармашылық дарынының қуаттылығын танытқан шығарма.

Жүсіпбектің «Қартқожамен» тақырыптық жағынан үндес, композициялық құрылымы жағынан ұқсас жазылған романы – «Ақбілек». Алғашында қазақ кедейінің өмір жолы суреттелсе, соңғысында қазақ қызының тағдырына төңкеріс әкелеген өзгерістердің тигізген қилы әсерлері көркем бейнеленеді. Роман идеялық жағынан болсын, көркемдік тұрғысынан болсын, бүкіл қазақ прозасының классикалық туындыларының қатарында.

Төңкерістен кейін әрі-сәріге түскен қазақ даласының тынысын Алтай өңіріндегі бір ауылдың тіршілігін суреттеу арқылы береді. Түкпірдегі қазақ ауылы...

Қызылжардан жеңіліп, шетке ығысып кеткен ақ гвардияшылар. Романда қазақ қызының қиын да күрделі тағдыры бейнеленген. Азып-тозған ақ гвардияшылардың офицерлері үшін адам өлтіру, жеке адам тағдыры түк емес. Қазақ ауылдарына қасқырша тиген олар Ақбілектің ауылын тонап, анасын өлтіріп, өзін олжа қылып алып кетеді. Бойжеткен,

¹ Аймауытов Ж. Шығармалар жинағы. – Алматы: «Ғылым», 1996. 1-том. 60-б.

кұда түсіліп, әне-міне ұзатылғалы отырған ақылды Ақбілектің тағдыры есірген ақ офицердің ойыншығына айналады.

Бірақ өмір шахмат ойыны іспеттес. Ақбілекте көптеген тауқыметтерді басынан өткеріп, бақытты өмірге қайта оралады. Балташтай азаматпен бақытты шаңырақ құрады. Соңында күйеуі Балташпен бірге туған ауылына келеді. Бір кезде күн көрсетпеген өгей шешесіне дейін тік тұрып, қарсы алады. Ауылына баяғы қарабет емес, азамат Ақбілек болып қайтады. Бір кезде қаншама өкініш, қасірет әкелген, өлдіге санап келген Ескендірімен табысады.

Жүсіпбек тілі аса көркем. Прозалық шығарма емес, поэзия оқып отырғандай әсерде боласыз. Мысалы қалыпты прозаны өлең өлшеміне келтіріп жазсақ:

Өскеменнің ар жағында,
Бұқтырманың оң жағында
Әлемге аян Алтай бар.
Сол Алтайдың күнгейінен
Құбыла жаққа құлай аққан.
Құлай ағып Ертіс түскен
Күр-күр еткен, Күршім бар,¹ - деген жолдар өлең сияқты

оқылады.

Шындығында «Ақбілекті» сезімсіз оқу мүмкін емес, тілі тым сиқырлы. Автор нені жазса да жанымен, сезіммен жазады. Жай баяндай салу жоқ: «Қара түн жан-жағын қамап жұтып қоятындай ұмтылып келе жатыр, Параход сорпа жалағыш кәрі төбетше суды шолп ұрып, қозғала бастады».²

Жазушы үшінші жақтан суреттеу, баяндау әдісін қолданады. Ал, төртінші бөлім – «Махаббат» Ақбілек пен Кәмиланың әңгімесіне құрылған. Ақбілектің басындағы ауыр оқиғаларды суреттеу барысында автор суреткер екенін кейде ұмытып, өзінің көзқарастарын қалай білдіріп қойғандығын байқамай қалатын сияқты.

¹ Аймауытов Ж. Шығармалар жинағы. 5 томдық: – Алматы: «Ғылым», 1996. 94-б.

² Сонда. 5 том. 103-б.

Жүсіпбек – психолог жазушы. «Ақбілек» – алғашқы психологиялық роман. Психологиялық толғаныстар жасайды. Жүсіпбек кейіпкерлерін шығарма санасына шығарғанда анадай еді, мынадай еді деп, тәптіштеп жатпайды. Оларды әртістердей – бір-бірлеп оқырман алдына шығарып өзі туралы сөйлетеді. Бекболат, Мұқаш, ақ офицермен осылай танысамыз.

Жүсіпбек өзінің сүйікті кейіпкері Ақбілекті бейнелеуге барын салған. Шығармада өкініш пен өксікке, күйініш пен қуанышқа толы өмір кешкен Ақбілек бар болмысымен көрінеді. Қайшылығы мол қоғамда тағдыры тәлкекке ұшыраған Ақбілектің жан күйзелістері, кімді болса да тебірентпей қоймайды.

Романда қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары, салт-санасы, ұлттық психологиясы білгірлікпен бейнеленген. Әсіресе, төңкерістен кейінгі жағдай, Ақбаланың саяси жағынан жетілуі т.б. бейнелердің шынайылығы танылады. Жағымды, жағымсыз етіп суреттеу жазушы үшін жат.

Жүсіпбек Аймауытовтың сан-салалы шығармашылық мұрасының салмақты жағының бірі – оның драматургиясы. Қазақ даласында алғашқы ойын-сауық үйірмелерін ұйымдастырып, оған өзі жазған пьесаларын өзі режиссёрлық жасап сахнаға қоюшылардың алдыңғы легіндегі Жүсіпбектің аты бар. Бұл жөнінде профессор Б.Құндақбаев өзінің «Жүсіпбек Аймауытов және театр өнері» атты мақаласында кеңінен қамтып айтқан. Ол ұлттық сахна өнерінің алғашқы үлгілері жайлы материалдар жинау үстінде Семейде Аймауытовтың қатысуымен қойылған спектакльдер тарихы мен танысқанда, «оның тай-тай басып дүниеге келуі Жүсіпбек Аймауытов есімімен тығыз байланысты болып шықты»,¹ - деп жазады. 1914 жылы Абайдың қайтыс болуына орай «Біржан мен Сара» айтысын сахнаға лайықтап қайта жазып, ондағы басты рөлде өзі болды. 1922 жылы «Еңлік-Кебектің» сахналық нұсқасын сахнаға шығарды. Кейіннен «Сылаң

¹ Б.Құндақбаев. Жүсіпбек Аймауытов және театр өнері. Кітапта: Жүсіпбек Аймауытов (пьесалар жинағы).- А. «Өнер». 1990. 67-б.

қыз» «Ел қорғаны» (1925), «Шернияз» (1926), «Рабиға» (1926), «Қанапия-Шәрбану» (1925) драмаларын жазды. Драмалық шығармалары өз дәуірінің өзекті мәселелеріне арналған. Айтар ойдың айқындылығымен, драмалық тартыстың өткірлігімен ерекшеленеді.

«Рабиға» пьесасында ескі салт бойынша мал берген қойшыға, тиген Рабиға деген жас әйелдің тағдыры сөз болады. Әуелі бата бұзудан, ата – ана қарғысынан қорыққан Рабиға, тағдырына мойынсынып басқа да, шалының ояр мінезіне шыдай алмай, одан кетуге мәжбүр болады. Ескі салт қосақтаған шалдан өз басына бостандық алып кетіп бара жатып, ол: «Кел, қазақтың күң қыздары, қол ұстасып, бостандық тұрмысқа жетейік!» - деген ұран тастайды.

Осы тектес идеяның анықтығы драматургтың басқа пьесаларында да байқалады, «Қанапия – Шәрбануда» жаңа заманның тәртібі теңдік алып қосылған екі жас сахна соңында «Жасасын теңдік!» деп шығады.

«Ел қорғаны» пьесасында сол кездегі қараңғы қазақ ауылына өкіл болып барып, саяси жағдайды, жаңа өкімет көз қарасын оқыған азамат түсіндіреді. Елді өзін – өзі қорғау ісіне жұмылдырады. Автор қараңғы қауымға жаңалықты сахна арқылы жеткізуді көздейді.

«Мансапқорлар» пьесасы атақ, дәрежеге құмар ел басшыларының арасындағы тартысқа құрылған. Тартыстың бір жағында Қасқырбай болыс болса, екінші жағында оның туысқан інісі тілмашы Мүсілім. Ол кезінде әкесіне жасаған зорлығымен оқытпағаны үшін ағасынан кек алмақ, оны өлтіріп, орнына болыс болмақ. Сол үшін болыстың жас әйелімен көңілдес болып, оны болысқа у беруге жұмсайды. Жазушы Мүсілімнің қылығын болыстан кек алумен шектелмей, оның адам есебінде жауыздығын, мансапқорлығын көрсетеді. Шығарма туыс адамдардың арасын айырып жатқан жіктелушіліктің, зорлықтың үлкен қоғамдық зұлымдыққа, жауыздыққа ұласып жатқандығын ашады.

Ж. Аймауытов пьесалары ішінде стилі жағынан бөлек бір туынды – «Сылаң қыз» бұл – комедия үлгісінде жазылған. Онда жазушы бойын

сыланған жеңіл мінезді бай қызының қылығын күлкі етеді. Оқымай қалған Бәтиманың оқыған жігіттерден күйеу таңдауы оның өзіне келген үш жігітті бірінен – бірін жасырулы, әкесінің чемодан іздеп жүріп, олардың үстінен түсуі – шың мағынасындағы комедияға тән шешім.

Ж.Аймауытов драматургиясының ең озық үлгісі – «Шернияз» пьесасы. Ол 1925 жылы жазылып, 1926 жылы Қазақстан Халық ағарту саласына арналған пьесаларға жариялаған байқауында екінші бәйге алған сол жылы кітап болып, жарық көрді. Пьесаны жазушы Сұлтанмахмұт Торайғыровқа арнаған және пьесада «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болуды» армандаған ақынның орындалмай кеткен арманын, оның «шерлі өмірін», «шерлі қалған елі» жайлы толғаныстарын суреттеді. Шернияз бейнесінде Жүсіпбек өз дәуірінің оқыған, көзі ашық, саналы азаматының заманның ауыртпалығынан бастан кешкен қиналысын бейнелейді. Ол қаланың беймаза тіршілігінен қырға, ауылға кетеді. Жан тыныштығын, даланың дарқандығын, ағайындық сыйлы қарым-қатынасты ел ортасынан іздейді. Бірақ ел ішінде кең жайылған алауыздықты, берекесіздікті, дау-дамайды көріп кетеді. Ол бәрінен түңіліп, жан азабын шегеді.

Ж.Аймауытов пьесаларының идеялық бағыт-бағдары, көркемдік ізденістері жиырмасыншы жылдар әдебиетіндегі жаңа құбылыс болып табылады. Ол өз дәуірінің жаңа адамдарын ашты, қазақ ауылындағы әлеуметтік тартыстарды дөп басып көрсетті. Драма жанрындағы шұбалаңқылық кездесе де, Жүсіпбек пьесалары өз дәуірінің сұранысына толық жауап берді, алғашқы қазақ театрының репертуарын құрады.

Жүсіпбек – балалар әдебиетінің іргетасын қаласты. Жас өспірімдерге арнап «Жаман тұмақ», «Шал мен кемпір», «Көк өгіз», «Үш қыз» атты ертегілерін жазды. Сондай-ақ, мектеп, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «Тәрбие жетекші», «Психология», «Жан жүйесі және өнертану» еңбектері бар.

Жүсіпбек – аудармашы ретінде қазақ әдебиетін байытты. Гогольдің «Бақылаушы» (Ревизор), Пушкин, Дюма, Дж.Лондон, Чуйковтың шығармаларын қазақ тіліне аударды. Шекспир, Мопассан, Толстой, Тогар, М.Горкийден аудармалар жасады.

Жүсіпбек – сын саласында да жарқырап көрінді. «Абайдан соңғы ақындар» (М.Әуезовпен бірге), «Мағжанның ақындығы туралы», «Аударма туралы», «Сұңқар жыры» сияқты мақалалар күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ. Әсіресе, М.Жұмабаевтың өнерпаздық қырларын жарқырата ашып берген мақаласы қазақ әдебиеті сынының классикалық үлгісі болып есептеледі. Ол профессионалдық қазақ әдебиетінің барлық саласына дерлік идеялық-көркемдік деңгейі жоғары тамаша туындылар қалдырды.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жүсіпбек Аймауытовтың жазушылық өмірі мен шығармашылық еңбегін әңгімелеңдер. Басты-басты шығармаларын атаңдар.
2. Ақынның қандай өлеңдерін білесіңдер? Ж.Аймауытовтың қандай прозалық шығармалары бар? Олар қамтыған тақырыптар қай кезеңді бейнелейді?
- 3.«Қартқожа» романының идеясын айтып, басты кейіпкерге сипаттама беріңдер.
4. «Ақбілек» романының тақырыбы, идеялық мазмұны нені көрсетеді?
5. Жазушының пьесаларын атаңдар. Драмалық шығармаларын оқып талдау жасаңдар.

Тест сұрақтары:

1. **Ж. Аймауытовтың романын табыңыз?**
 - А) «Қартқожа»
 - В) «Қамар сұлу»
 - С) «Қалың мал»
 - Д) «Бақытсыз жамал»
2. **«Қартқожа» романындағы «Жуас түйе жүндеуге жақсы» мақалы кімге қатысты айтылған?**
 - А) Бәтешке
 - В) Иманқұлға
 - С) Тұңғышбайға

Д) Қартқожаға

3. Ақбілектің ең жақын жеңгесінің есімі кім?

- А) Ботагоз
- В) Күмісай
- С) Кәмила
- Д) Ұрқия

4. Ж. Аймауытовтың қай шығармасы 1926 жылғы драмалық шығармалар бәйгесінен бірінші орын алды?

- А) «Терме» жинағы
- В) «Шернияз» пьесасы
- С) «Мансапқорлар» пьесасы
- Д) «Қанапия-Шәрбану» пьесасы

5. Үзінді Ж. Аймауытовтың қай шығармасынан алынған?

Туған жердің қадірін туғалы түзге шықпаған елдегі адам қайдан білсін?

- А) «Қартқожа»
- В) «Ақбілек»
- С) «Шернияз»
- Д) «Күнікейдің жазығы»

6. Ж. Аймауытовтың Қартқожа атты кейіпкерінің туған жерін табыңыз?

- А) Көкшетау маңы
- В) Баянауыл баурайы
- С) Балқаштың жағасы
- Д) Алатаудың етегі

7. Ж. Аймауытовтың «Әнші» әңгімесіндегі Әмірқанның ұстазын табыңыз?

- А) Жұмабек
- В) Хамит
- С) Бекберген
- Д) Сүйінбай

8. Төмендегі сөздердің қайсысы Ж. Аймауытовқа қатысты емес?

- А) сазгер
- В) ақын
- С) прозашы
- Д) драмашы

9. Ж. Аймауытовтың қай шығармасынан алынған үзінді?

Жеті шатыр – жақсы қала... қысы-жазы қымыз, ойын-сауық. Айт, той-құдалық, ат жарыс, күрес... Үй қыдырған көлең-көлең ақ жсаулық.

- А) «Ақбілек»
- В) «Әнші»
- С) «Жолдастар»
- Д) «Дала»

10. Жүсіпбек Аймауытов қай жылдардан бастап пьеса жаза бастады?

- А) 1916
- В) 1917
- С) 1918
- Д) 1919

11. «Ақбілек», «Күнікейдің жазығы» романдарының авторы кім?

- А) М. Жұмабаев
- В) Ж. Жабаев
- С) С. Сейфуллин
- Д) Ж. Аймауытов

12. Төмендегі үзінді кімнің сөзі?

Әншілердің көбі не мақтан үшін, не мал табу үшін айтады. Шабыты келмесе де, зорланып айтады. Зорланып айтқан ән дұрыс шығар ма? Ән салу көңілден зой... Мен өзім көңілденбесем, жақсы айта алмаймын, айтқым келмейді.

- А) Естай
- В) Ақан сері
- С) Әмірсана
- Д) Шәкет

13. «Әнші» әңгімесінің негізгі кейіпкері кім?

- А) Шәкет
- В) Бержабайшы
- С) Студенттер
- Д) Әмірқан

14. «Әнші» әңгімесіндегі Әмірқан қандай әншінің прототипі?

- А) Бекболат Тілеуханов
- В) Ермек Серкебаев
- С) Нұрғали Нүсіпжанов
- Д) Әміре Қашаубаев

15. Ж. Аймауытовтың «Шернияз» драмасы кімге арналған?

- А) І. Жансүгіров



- В) С. Сейфуллин
- С) С. Торайғыров
- Д) М. Жұмабаев

Мағжан Жұмабаев

(1893-1938)

Мағжан – ең алдымен, сыршыл ақын. Ол жүректің қобызын шерте біледі, оның жүрегінен жас пен қан аралас шыққан тәтті сөздері өзгенің жүрегіне тәтті у себеді. Мағжан не жазса, сырлы, көркем, сәнді жазады. Оқушының жүрегіне әсер бере алмайтын құрғақ өлеңді, жабайы жырды Мағжаннан таба алмаймыз.

Жүсіпбек Аймауытов

Әдебиетіміздің үлкен тұлғасы, Абай шыңына иықтаса орналасқан, өлең сөзге бәйге бермес шабандозы М.Жұмабаев ұзақ жылдардан кейін ортамызға қайта оралды.

Мағжан Абайға арнаған бір өлеңінде ұлы ақын туралы: «Сендей жанды дүние қолын жайып енді күтпес» деп жазған. Өйткені бір сөзі «мың жыл жүрсе дәмі кетпес» ақын кемде-кем.

Оның бергенінен берері әлі көп еді. Мәуе төккен жеміс ағашының жайқалып тұрған шағында үсік шалды. Ақын дер шағының шабытты кезеңін айдауда, қуғын-сүргінде өткізді. Туған әдебиеттің бақшасын баптасуға мүмкіндігі болмады. Оған енді амал бар ма? Осы күйінде алтын қазынамызбен қайта көріскендейміз.

Мағжан Бекенұлы Жұмабаев 1893 жылы маусым айында Солтүстік Қазақстан облысы, Жұмабаев ауданы Мағжан ауылында дүниеге келген.

Мағжанның арғы аталары – Шонай, Өтеген, Өтеміс. Шонайдан – Жұмабай – Бекен, Баймағамбет, Нұрмағамбет деген ұлдары болған. Бекен – қара жуас емес, жастығын серілікпен өткізген. Жанынан өлең шығарады. Тостағандай көзі, қошқар тұмсық, денелі адам болған. Ол әке ізімен сауда

жасайтын. Анасы Гүлсім – Қызылжарда тұратын керей Әшірбек деген саудагердің қызы. Мағжан бойындағы серілік, ақындық қасиеттер әкеден болса, жүрегінің жұмсақтығы, нәзіктігі, қайырымдылығы шешеден дейді.

Бекен, Гүлсімнен жеті ұл, екі қыз көрген. Олар – Абамүсілім, Күләндәм, Қаһарман, Мағжан (Жәжекем), Мұхаметжан, Сәлімжан, Сәлтай, Күлбәрәм, Қалижан және кенжесі Сабыржан.

Мұхаметжандар сөзге таласы болмаса да, тіл безеуге шебер екен. Себебі, 1930 жылы Сәлтәй Бутырка түрмесінде жатқан Мағжаннан хат алып, Мәскеуге аттанады. Қасына Зылиха жеңгесін ертеді. Бұлар алдымен осы қалада тұратын. Ә.Бөкейханов үйін тауып алады. Қуғын-сүргінді көп көріп, сақтыққа үйренген Әлекең Сәлтәйға Қызылжардан келсең бір бәйт айтып бер - дейді. Сонда мүдірмей табанда мына өлеңді айтыпты:

Айдалада өскен сіз бір бәйтерек,
Қоныпты бір бұтағыңа бір көбелек.
Қонғанда бұтағыңа сынып кетсең,
Бәйтерек болғандығың кімге керек.

Көзінен жас ыршып кеткен Әлекең құшағын жая беріпті.

Оқуды бәрінен әулие санайтын қандай әдемі, өнегелі әулет екен. Не керек, ұйытқыған дауыл астан-кестеңін шығарды. Бір Мағжан ғана емес, Абамүсілім, Мұхаметжан, Қаһарман, Сәлтай Ежов зынданынан қайтып шықпады.

Бойы екі метр бес сантиметр Қаһарман қашып жүрген жерінен ұсталып, атылды. Атылар алдында Ғадилша баласымен жолығады. Сондағы айып «Жәжекемнің туысысың» дейді. «Басқа айыбы жоқ» деген. Мұхаметжан циркте ойнап, балуандық өнер көрсеткен Сәлтай Сталиндік лагерден еліне құр сүлдесі қалғанда, Хрущевтің «Жылымық» заманында әрең оралады.

Басынан бағы тайған Бекен кәмпескеленеді. Малың түгел сыпырады. Бекен қашуға ұйғарады. Мұхаметжан – Омбыға қашады. Әкесі Бекен Фрунзеге-Бішкекке. Құдай аңғарғандай, ол жерде балалары Қалижан мен

Сабыржан оқуда болатын. Бөтен елді жерсінбейді. Қызылжардағы Абамүсім баласы Махмұт темір жолшы, әйелі Фарида – ет комбинатында жұмысшы. Осы кісілердің қолында Бекен ақсақал 1932 жылы қайтыс болады. Үрім-жұрағатының төз-төзі шыққан Гүлсім соғыс жылдары (1944) дүние салады.

Туған шешесі Гүлсімді Мағжан «Анама», «Ана» деген өлеңдерінде сипаттайды. Ренжу, кеюді білмейтін, бар сөзі «Жан балам!» дейтін. Жас кезінде кереуеттің аяғына байлап кетеді екен. Естияр шағында күрт өзгереді. Ойға батып, тұнжырап жүреді екен. Шелек әкел десе, елек әкеледі екен.

Алты жасқа толар-толмастан дүмше молда Кәрімнен сабақ алады. Оны 1905-1906 жылдары тәмәмдаған. Қазақтардың «қара таниды» деген сөзі, әріп танығанымен, оқып отырғанының мәнісін түсінбейді. Ауыл мектептерін бітіргендердің көбі артынан жаттағандарын тез ұмытып кететіні содан. Өйткен соң сауатсыздар көбеймегенде қайтеді.

Мағжан Қызылжарда жадид молда Қасен Панамарұлының медресесінде, содан Стамбул университетін бітірген Мұхаметжан Бегішевтің медресесінде оқыған. Медреседе бастауыш (Ибтидия), орталау (Рошдия), орта (Икдадия) түрлерін 3-4 жыл оқу керек екен. Сонда Мағжан мұсылмандық жоғары мектеп – Ғалияға түскенге дейін он жылын сарп еткен. Ғалияда Мағжан 1911-12 жылдары оқыған.

Мағжан «усули жадид» – төте оқу үлгісі бойынша химия, физика, математика, география т.б. жаратылыстану пәндерін оқуға мүмкіндік алады. Ал орыс тілі мен әдебиетінің оқытылуы жастардың болашағына жаңа өріс ашқанын дәлелдеп жатудың қажеті аз шығар. Әдеби ортаға еніп, онда татар жазушысы Ғ.Ибрагимовпен танысты. Ол кісі «Шолпанның» (1912) шығуына қолғабыс етті.

Медресе Ғалияға мол даярлықпен келген Мағжан ендігі білімді орыстан іздеу керек екенін түсінді. «Абыз», «Халфе», «Мүдәріс» атануға зауқы соқпады. 1909 жылы Абайдың, Міржақыптың, Ахметтің жинақтары

көктемгі далаға төгілген күн нұрындай әсер етті. «Жолы болар жігіттің жеңгесі алдынан шығар» дегендей, Мағжан алдынан Міржақып шықпасы бар ма, ол аға, бұл іні бола кетті.

Мағжан әдебиет табалдырығын тұңғыш аттағаны осы кез шамасы. Сұлулық әлеміне әркім әртүрлі жолмен келеді. Ромен Ролланның Л.Толстойға хат жазып, жауап алдынан басталған деседі. Пушкиннің Дуэльде қаза табуы Лермонтовтың қайғы-ызадан жаралған поэзиясының көзін ашады. Ал Мағжанның тиегі қалай ашылғанын С.Мұқанов қызғылықты әңгімелейді.

Оның айтуынша, «Мағжан ақындығын қозғауға екі түрлі себеп болған. Біріншісі – елдегі бір ғашықтық хикаясы, екіншісі – Міржақып (Ғали мен Ғазиза) Мағжанды қатты тебіrentсе керек»¹ – деген жорамал айтады.

«Шолпан» жинағы ақынның – үміт жұлдызы. Тұңғыш өлеңдер жинағын не деп тақырып қою керек екенін ойластырғанда оның есіне Ж.Баласағұнның «Құтадғу білігіндегі» осы сөздер түспеді ме екен? Қандай тауып айтылған десеңізші.

Он тоғыз жасар уыз жігіттің ойнақы тақырыпқа елікпей, бірден қазақ мұңын мұңдауы – таңғажайып құбылыс. Мысалы: «Шын сорлы», «Сорлы қазақ», «Зарлы сұлу», «Мен сорлы» т.б. бейне бір сорлылардың күйін өзі кешкендей.

Ел әсерлерін қалада есітіп, білгенін тереңдете түсті. Неше түрлі сұрақ көңілін шанышқылайды. 1889 жылы Александр III патша «Ақмола далалары шаруалардың ерікті қоныс аударуларына ашық» мәртебелі жарлық жастарға әсер етпеді дейсіз бе?

Ендігі мәселе: «Осы оқуың жетер», деп жүрген әкені көндіру. Әкенің батасын алу – шешілмес түйінге айналды.

1920 жылы «Жан сөзі» өлеңін шығарады. Жүрек әмірі бұйрықтан күшті.

¹ Жұмабаев М. Шығармалары. Алматы: 1995. 1-том. 42-б.

«Ата-анаңнан без» - дедің, безбедім бе?
Қаңғырып, талай жалғыз кезбедім бе?
Басыма талай қара күндер туды
Ата-ана, туысқанды іздедім бе?¹ – дейді.

Омбыда күнкөріс қаражатсыз тақыр қалған күндерді еске алған.

Омбы мұғалімдер семинариясында «Потанин қорынан» стипендия алып тұрған (жылына 500 сом). Тағдыр семинарияда Мағжанды Сәкенмен жолықтырды. 1914 жылы «Бірлік» ұйымы құрылып, онда «Балапан» журналы шығып тұрды. Кейіннен Мағжанның ақын болып қалыптасуына Мәскеудегі әйгілі Валерий Брюсов жетекшілік ететін әдебиет – өнер институтында оқуы (1923-1927) себеп болса, екінші жағынан, 1909 жылы Петербургте жарық көрген Абайдың өлеңдер жинағымен танысуы, аса білімдар қаламгер әрі қайраткер Міржақып Дулатовтан дәріс алып, үлгі – өнеге үйренуі – орыс әдебиетіне, жалпы Еуропа мәдениетіне қанығуы шешуші себеп болғаны сөзсіз.

Өзінің «Алтын Хакім Абайға» деген өлеңінде Мағжан:

Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.
Қарадан Хакім болған сендей жанның
Өлемнің құлағынан әні кетпес,² – дейді.

«Бірлік» ұйымында Сәкеннің «Өткен күндер» атты өлеңін Мағжан талқылады. Өлеңдерінде оқуға шақырады. Оқу керек. Дұрыс. Бірақ өлеңге тақырып бола ала ма?³-деді.

Бұл сұрақ біреу – біреуді мұқатайын дегендіктен қойылмаған. Әрі-беріден соң Мағжан сауалды өзіне де қойып тұр. «Шолпан» жинағында «Малды аяма оқу білім жолына» деп оның өзі де жазды.

Нөсерлетіп, дауылдатып, екпіндетіп 1917 жылы келді. Ел ішінде дабыр-дұбыр әңгіме.

Бір жақсысы, заман бір орында тұра бермейді ғой. Өзгереді, түлейді, жаңарады. Қазақ поэзиясында Мағжан жұлдызы қайта жарқырады. Араға

¹ Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті, 1- бөлім/Ұлтшылдық, байшылық дәуірі. «Қазақстан» баспасы, 1932 жыл, 200-б.

² Жұмабаев М. Шығармалары. Алматы: 1995. 57-б.

³ Кәкішев Т. «Сәкен Сейфуллин». М.1972, с.54.

70 жыл салып барып, ақынның өлеңдер жинағы шығарылып, халықтың қолына қазынасы қайта тиеді.

Мағжан ақындығын терең танып, лайықты бағасын берген маңдай алды қаламгер жазушылар Ж.Аймауытов, М.Әуезовтің арқасында Мағжантану атты саланың іргетасы қаланды. Ж.Аймауытовтың «Мағжан ақындығы туралы» («Қазақ әдебиеті» газеті 1989 жыл 20 қаңтар), М.Әуезовтің «Мағжанды сүйемін» («Қазақ әдебиеті» 1988, 23 желтоқсан) еңбектері салмақты, дәлелді әсер қалдырады. Ол кезде Ахмет Байтұрсыновтың әсерінен ант төбеліндей қазақ зиялылары ағарту жұмыстарына белсене араласады. Әсіресе оқу, оқыту мәселелерін көп боп бірігіп шешпек болады, мәселен, дәрігер Халел Досмұхамбетов қазақ халық әдебиетінің өкілдері Махамбет пен Мұрат ақындығын зерттейді. Ж.Аймауытов Мәскеуде психология тақырыбына арналған «Жан жүйесі және өнер таңдау» деген оқу құралын, ақын М.Жұмабаев 1922 жылы Орынборда «Педагогика» оқулығын бастырады. Қазақ оқығандарының мұншалықты әмбебаптығы кезінде қазақ жастарының интеллектуалдық дамуында орасан зор рөл атқарған. Олар елдің келешегі жастар деп ұғып, оларды оқытып – тәрбиелеуге бар күш – қабілетін жұмсаған. Демек ақынның, «Мен жастарға сенемін» деген өлеңі де осындай ұмтылыстан туған.

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты-
Қырандай күшті қанатты,
Мен жастарға сенемін.
Қажу бар ма тұлпарға,
Талу барма сұңқарға?
Иман күшті оларда,
Мен жастарға сенемін.
Алаш айбынды ұраны,
Қасіретті құраны,
Алаштың олар құрбаны,
Мен жастарға сенемін!..¹

¹ Жұмабаев М. Шығармалары. Алматы: 1995. 69-б.

Бұдан Мағжанның тұрақты ағартушылық бағытын танимыз.

Мағжан әдебиет сахнасына шыққанда, міне, осындай озық үлгіге жолықты. Шын ақынның өлеңге шындап кірісуі – 1910 жыл болатын. Еліктейді. Жүрексінбейді.

Жас ақын әдетте махаббат тақырыбын айналдырушы еді. Күйдім-жандымды көп сағалаған еді. Бір таңғалатыны – Мағжан өйтпеген. 1912 жылы «Үзік» атты жинаққа «Қазақтың кешегі күйі» өлеңі, «Шолпандағы» 31 өлеңі, 1917 жылы «Қазақ», «Айқап», «Абай» журналдарында жарық көрген шығармалары бәрі дерлік ұлттық мәселелерді қамтиды.

Бір ерекшелік – Мағжан ақындық бағдарламасын ту бастан шегелеп алғаны байқалады. Ол өлеңдерінде елінің, жерінің шындығын жазуға тырысқан. Мысалы: Ұлты зар жыласа, ақын қан жылаған.

Сөзімізге дәлел есебінде алғаш өлеңі «Қазақтың кешегі күйі» өлеңін алайық. Қазақ елінің хал-ахуалына бағышталған. Тақырыптан шығару идеясы:

Еділ, Жайық, Сырдария,
Белгілі жұртқа ескі су.
Тәтті, дәмді, тармақты,
Ұзын Ертіс, Жетісу,
Осы төрт су арасы

Сарыарқа деген жер еді...¹ – дейді де, осы жерді мекендейтін елдің тарихи тағдырларына көз жібереді.

Тақырыптың тағы бір құнарлы тұсы – елдің ерлік тарихын, қаһармандығын паш ететіндігі. Жайдары халық ел шетіне жау тисе қара бұлттай түнерген. Әділ хан Абылай, Кенесары, Қара керей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, бір сөзі мың ділдәлық кешегі Шөже, Орынбай, Наурызбайлар – қазақ елінің қабырғалы ел болуына ат салысқандар.

Енді бір сәт тақырып оқыс бұрылады. Қуанышты күйді еңсені басқан мұңлы, шерлі күй ауыстырады, «Балду-балду бәрі өтірік бұл күнде».

Неге бұлай? Мағжан диалектика заңына толық үйлесімді пікір айтады: «Заман түлкі». Қазақты бұрынғы мимырт жүрісінен сақтандырады. Ақын

¹ Жұмабаев М. Шығармалары. Алматы: 1995. 48-б.

осы өлеңінде бүкіл бір ұлттың ақыны екені көрініп тұр. Ұлт мүддесі таптық мүддеден жоғары. Тағдырдың үстінен қарап тұрған жоқ, не көрсе де халқымен бірге көргісі бар. Өлеңде әдіс жағынан ағартушылық реализмнің де, сыни реализмнің де табы аңғарылады.

Ақын соншама ұзақ өлеңде айтайын дегенін толық қанып айта алмағанын түсінген. «Жатыр», «Ләззат қайда», «Сорлы қазақ», «Өнер-білім қайтсе табылар», «Туған жерім – Сасықкөл», «Күз» т.б. өлеңдер жазады. Мысалы, «Туған жерім – Сасықкөл» өлеңі атамекенге деген ыстық махаббат сезіміне баурайды.

Білмеймін не боларын, қайран көлім,
Жарайды тең болмаса күн мен түнің,
Итиіп қара шекпен келіп қонса
Басыңнан құсың ұшып кетер сенің,¹ - деп, көл айдынында

рақат қайығында тербелген көтеріңкі көңілді су сепкендей басады.

Ал енді «Орал тауы» өлеңінде отаршылдықтың мекені нақтылана түседі.

Қарашы төңірекке мойның бұрып,
Алтай, Орал бойында тұрған түрік,
Аты да, заты да жоқ, дыбысы жоқ,
Жоғалған әлдеқайда іріп-шіріп,² - дейді.

Мұндағы идея – пантюркизм. Түркиямен бір мемлекет құру идеясы емес. Езілген түркі халықтарының ынтымақтастығы идеясы.

Дәуірдің негізгі оқиғаларына өзі куә болып, ой елегінен өткізген, елі мен жерінің тағдырын қатты толғантқан Мағжанның өлеңдері бұл дәуірдегі қазақ әдебиетінде ерекше орын алды. Ол отаршылдық саясатқа қарсы болып, қазақтың еркін өмір сүруін қалады.

Не көрсем де алаш үшін көргенмін,
Маған атақ ұлтым үшін өлгенім
Мен өлсем де, алаш өлмес, наркүйер
Істей берсін қолдарынан келгенін.¹

¹ Жұмабаев М. Шығармалары. Алматы: 1995. 1-том. 103-б.

² Сонда. 144-б.

Жоғарыда айтқанымыздай, елін, жерін қорғау үшін жанын салған хандарды үлкен ілтипатпен жырлайды. Бірақ, түптеп келгенде, Мағжан еңбекші елге көбірек жаны ашиды.

Күн суық, қатты аяз, шыдар емес,
Қар-боран, соққан желмен қылып егес.
Кедейлер үсіп-тоңып, дір қалтырар
Жылы үйде байлар жатар уайым жемес.² – деп жалшы – жарлыны мүсіркейді.

Поэмаларының ішіндегі ең бір үздігі – «Қорқытты», «Шолпан» журналының 1922 жылғы 2, 3 сандарынан, «Батыр Баянды» 1923 жылғы 4,5,6,7,8-сандарынан табуға болады. Бұлайша тәптіштеп отырғанымыздың мәнісі – Мағжанның 1922 жылы Ташкентке келіп, «Ақ жол», «Шолпан», «Сана» журналдарының жұмысына белсене араласқан санаулы ойлары ақын шығармаларының аса жемісті шағы болғанын айрықша атап көрсету еді. Мағжан басын тағы да қатердің қара бұлты торлай бастайды, оған себеп – 1924 жылғы 24 қарашада Мәскеуде оқитын қазақ жастарының ақын өлеңдерін талқылап, әсіресе соңғы жинаққа енген «Мағжан өлеңінің көбінде өткенді көксейді, ескілікті іздейді...деген шешім қабылдайды. Сөйтіп «өзімшіл, байшыл, ұлтшыл, түрікшіл» деген айыптар тақты. Ол 1924 жылы амалы қалмай Ташкентті тастап, Мәскеуге ауысты. «Күншығыс» баспасына жұмысқа орналасады. Мұнда жүргенде, М.Горкийдің «Сұңқар жырын», Мамин-Сибиряктың «Ақбоз атын», Всеволод Ивановтың «Қазақ әңгімелерін» аударып бастырады. Бұл кез – қазақ атаулыға қарсы қандықол зұлымдығын күшейте түскен, «ұлтшыл», «байшыл» деген желеудің тұсы еді. Нәтижесінде, 1929 жылы қазақ зиялыларының бір тобы тұтқынға алынғанда, Мағжан солардың ішінде кетіп, Мәскеудегі Бутырка түрмесіне жабылады. Одан он жылға сотталып, Карелияға айдалады, Беломар – Балтық каналын қазысады, 1936 жылы аз уақыт азаттық алып, Қызылжарға қайтып келеді де, орта мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ береді. 1937 жылдың 18 наурызында Сәкен

¹ Жұмабаев М. Шығармалары. Алматы: 1995. 118-б.

² Сонда. 144-б.

Сейфуллиннің шақыруымен Алматыға келген. Бірақ мұнда да не баспана, не жұмыс таба алмай, сергелдеңге түседі. Ақыры, сол жылдың 30 желтоқсанында қайтадан қамауға алынып, келер жылы баянсыз ғұмыр бір жола үзіледі.

Мағжан онға тарта поэма жазды. Бұлардың негізгі тақырыбы – алаштың ерте күндердегі ерлік тарихы, ел аузындағы аңыз, халық жадында сақталған әр алуан қиял – ғажайып ертегі.

«Ертегі» дастанындағы бас кейіпкер – әйгілі Абылайхан тұқымы Сыздық, Кенесарының баласы. Ол әкесінің ерлігін жалғастырып, оның қапыда кеткен кегін қайтару үшін күреседі. Осы мақсатпен ол: «Алты Алашым, енді маған ер!» - деген, бірақ алыс жұлыстан әбден шаршаған. «Алты Алаштан алты адам да ермеген». Енді не істеу керек? «Қайран Сыздық... елден, үйден безеді. Жатып өлмей, жортып жүріп өлем деп, Түркістанның Тешпақ шөлін кезеді...».

Дастанның ендігі оқиғасы – жеті қараңғы түнде жападан жалғыз қамыс арасында отырған Сыздыққа саусақтарын жеңіне жасырып, өзі ай мен күндей сыланған» сұлу келіншек болып келген Жезтырнақтың шайтандығы мен сайқалдығының нәтижесінде екеуі арбасады. Сыздық Жезтырнақты садақпен атып өлтіреді.

Сөйтсе де, Мағжан ертегі, аңыз сарынын одан әрі жалғастырып, «Қойлыбайдың қобызы», «Оқжетпестің аясында» тәрізді дастандарын жазады. Бірі қобызын сексеуілге байлап қойып, бір топ шайтандардың қолдауымен бәйгеге қосқан Қойлыбай бақсы туралы ертекке негізделсе, екіншісі – хан Кене туралы аңызға құрылады.

«Қорқыт» поэмасы ақынның өмірі мен өнерінің үндескен, бас – аяғы жинақы, жұмыр да шымыр шығармасы.

Қорқыт – Дала данышпаны, ғасырлар бойы атажұрт аузында аңызға айналған ақылман, асқақ арманы мен асқақ қиялын қобызға қосып, бір ғана қазақ сахарасында емес, зар мен мұнды сарынға айналдырған әйгілі күйші, ойшыл – философ.

Ол өлімнен қашып құтылмақ оймен дүниенің төрт бұрышын түгел шарлайды. Бір қай қиырға барса да алдынан бұған арнап қазылған көр кездесе береді.

Өлдекім жапан түзде бір көр қазған,
Басына тақтай қойып, сөздер жазған:
«Өлімнен құтылмайсың қашқанменен,
Мынау көр – сенің көрің, Қорқыт жазған!»¹.

Мағжан талантының тамаша табиғатын, терең тынысы мен эпикалық кең құлашын қатар танытқан «Батыр Баян» поэмасы – қазақ әдебиетінің үлкен табысы.

«Батыр Баянның» өзіне дейінгі өзге дастандардан ең басты ерекшелігі – мұнда автор тарихта болған оқиғаны өлең сөзбен жай баяндап қоймайды, тұтасқан көркем образдармен қалыптастырады. Әр кейіпкерді мінездеуге, мүсіндеуге дейін барады.

Поэмада суреттелетін дәуір – сонау Абылайхан заманы, Абылай бастаған батырлар (арасында ер Баян); қазақ қалмақ шайқасы, жеңіс! Баян елге жалғыз қайтпайды, қалмақтың он төрт жасар Толқыншаш деген аруын ала келеді. Баян қызды жар еткісі келеді, қыз жалынып – жалбарынып көнбейді, амалы құрыған Баян қызға аға боп қалуға мәжбүр болады. Бірақ, оның есесіне қыз Баянның он бес жасар туған інісі Ноянға қызығады, Ноян Толқыншашқа ғашық:

Жас Ноян қызды көріп аш боп кетті,
Көздері қызыл жалын шоқ боп кетті.
Жер мен көк, ай-жұлдызды тұман басып,
Бір қыздан басқа нәрсе жоқ боп кетті.²

Қыз жігітті өзімен бірге қалмақ еліне баруға үгіттейді. Мұның өзі Алаш абыройына дақ түсірер ауыр сын еді. Соған қарамастан махаббатқа тән жас;

Ноян қызға еріп өз елінен қашады.
Бос үйде жалғыз қалып Баян енді,

¹ Жұмабаев М. Шығармалары. Алматы: 1985. 1-том. 98-б.

² М.Жұмабаев. Өлеңдер мен поэмалар. Алматы: «Атамұра», 2002. 256-б.

Жаралы жолбарыстай күңіренді.
Ақыры ашу ерді билеп кетіп,
Жалт етіп сөнген шамдай ақын өлді.¹

Сонымен, Баян Ноян мен Толқыншашты қуып жетіп, баяғы Асан қайғы атаған «Қандыөзек», «Жолдыөзек» деген жерде екеуін де садақпен жайратып салады... Содан Баян Көкшетаудағы ақ ордасында күтіп отырған Абылайға оралады да жорыққа аттанады. Сол соғыста жау найзасынан қаза табады.

Қорыта айтсақ, соңында Мағжанның аз жыл ішінде өндіріп тастаған еңбегінің арқасында қазақ поэмасының желісі қағылды.

Жиырмасыншы жылдардың бас кезінде Мағжан шығармашылығында психологиялық стиль түбегейлі орнықты. 1922-1923 жылдары ақынның «Педагогика» атты ғылыми, «Батыр Баян», «Шолпанның күнәсі» атты шығармалары адам жан әлеміне зерделей үңілуге арналған.

«Дүниеде теңіз терең емес, адамның жаны терең...». Жан әлемінің «түбінде қандай ой, қандай тілек жатқанын кім білсін».

Тырнақшадағы сөздер «Шолпанның күнәсі» әңгімесінен алынып отыр. Адамның ішкі әлемін зерттеуде әдебиет орны қайсы? Әдеби психологизмнің жүрек сырын ашудағы мүмкіншіліктер қандай? Неден бастау керек? Мағжан пікірінше, адам өзін іштей саралағанда оның нәтижесінің бәрін түгел жайып сала бермейді. Сыртқа шығатыны да, шығармайтыны, бүгін қалатыны да бар. Су түбінде жатқан тас жел толқытса шықпақ. Ой түбінде жатқан шер толқытса шықпақ емес», - деп тұжырым жасайды.

Ақынның бұл тұжырымы құлағына бірден ене қоймайды. Еріксіз мүдіріп қаласың. Мүдіретін себебің – Асан қайғының белгілі өлеңінде

Су түбінде жатқан тас,
Жел толқытса шығады,- деген жолдарды ақын
құптайды да,

¹ Мағжан Жұмабаев. Өлеңдер мен поэмалар. Алматы: «Атамұра», 2002. 261-бет.

Ой түбінде жатқан сөз
Шер толқытса шығады, - дегеніне бас шайқап,
теріске шығарады.

Неге өйтеді? Мағжанды кейін түсінгендейсің. Ол Асан қайғыға түзету енгізейін деп отырған жоқ. Әдеби психологизм ауыз әдебиетінен өзгеше екендігін ұғындырғысы бар. Адам ішінде туып, ішінде өлетін ойлары көп. Жазушының міндеті – сол бұғып, тұншығып қалған ойларды тарқатып жарыққа шығару. Нәтижеде қазақ данышпаны Абайдың ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстап, толық адам болуға шақырған өсиетін жүзеге асыру жолдарын қарастыру.

«Шолпанның күнәсі» әңгімесін ақынның міне осы ізденістерінің жемісті нәтижелерінің бірі деп қарауымыз керек. Шығармада Шолпан дейтін жас келіншек бақытына сай, Құдай жарылқап, сүйгеніне қосылды. Ондай бақыт кез келген қазақ қызының маңдайына ол кезде біте бермегенін автор ескертіп өткен. Шолпанның орамал тартып келіншек болған алғашқы уақытта жатса – тұрса алладан тілейтіні – сол бақытын қайтсе де аман сақтап қалу. Тіпті күйеуі мен екі арасын баладан қызғанады. Бұл тілек дертке айналып, ішке түседі, жан дүниесінің төрінен орын алады.

«Балалы болсам, әдемі өмірім бұзылады – ау», – деп ойлайтын еді Шолпан... Бала туса күйеуімен екеуінің ортасында бір тікенек өсетіндей болушы еді... «Баласыз өмірдің қызығы жоқ қой», - деп аузымен айтады. Аузы айтқанды қолы істемейді. Істеткізбейтіні іші. Ішінен құдайға «Бала бере көрме!» деп жалбарынады.

Мағжан шеберлігін айтсаңызшы, осы тілек бір түннің ішінде өзгереді. Шолпан ішінің өзгеруіне сырт жағдай себепші көрінеді. Күйеуі Сәрсенбайдың көрші балаларының тәтті қылықтарын күле сөйлеп, ұзақ әңгімелеуі Шолпанға қатты әсер етеді.

Жалпы шығармада Шолпан басынан бірнеше оқиғалар өтеді. Сәждеге бас ұрып, құдайдан бала тілейді. «Пірәдәр» келін атанады.

Баласыз өмір бақытсыздық, бос өмір деп ұққан Шолпанның жаны күндіз – түні тынбайды. Осы психикалық комплекс енді оның бүкіл ой – сезімін билеп алған. Енді ол күйеуін кінәлай бастайды. Әңгіменің бүкіл бітімі, құрылымы, сюжет дамуына дейін сол тәсілге яки адам ішін, жан дүниесін ашу міндетіне бағындырылған. Жазушы назары – адам ішіндегі адамда.

Шіркін, сол уақытта қандай дарын иелері келген әдебиетімізге «Шолпанның күнәсі», «Қорғансыздың күні» - бір жыл ішінде дерлік туған шығармалар. Әрқайсысы романға тұрарлық қос әңгіме тақырыбы туыстас, шүйілетін объекті бір, ізгілік балғасымен жауыздықты жаныштау.

«Шолпанның күнәсі» атты әңгіме, сөз жоқ, қазақ прозасының көркем дамуындағы ірі шығарма болып табылады. Бұл айтылғандардан туатын біреу ғана, Мағжан Жұмабаев қазақтың ұлттық ақыны. Мағжандай ақыны бар әдебиет ұлы болашағына сенімді болуға тиіс.

Әдебиет бақшасында ұзақ жылдар бойы еңбектеуге тағдыр оған жазбады. Небәрі он бес жылдық шабыт жолының өзі де жеңіл жол бола қойған жоқ. Заманымен күресті, арбасты, айқасты. Ақыры өзі майып болды. Бірақ Мағжанды жеңілді деп айта алмайсың. Ол жеңді. Аз өмірін өзінің шығармаларымен ұзартты.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Мағжан Жұмабаевтың талант ретіндегі тағдырын байыптап байқандар. Оның өміріне, өскен ортасына шолу жасаңдар.
2. «Мағжан – ұлт ақыны» дегенді қалай түсінесіңдер?
3. Ақын қазақ өлеңіне қандай жаңалық әкелді?
4. Мағжан лирикасының өзгешелігі, романтизмі, өлең өрімдері мен өрнектері қандай?
5. Мағжан поэмаларының негізгі тақырыбы қандай? Ондағы тарихи шындықты талдаңдар.
6. Мағжан шығармаларында образдар жүйесі мен психологизм мәселесіне қалай шешім тапқан?

Тест сұрақтары:

1. М. Жұмабаев Омбыдағы мұғалімдер семинариясын қай жылы бітірді?

- А) 1918 ж.
- В) 1916 ж.
- С) 1914 ж.
- Д) 1915 ж.

2. «Граждан» деген есімнің М. Жұмабаев өміріне қандай қатысы бар?

- А) Баласы
- В) Орыс досы
- С) Өлеңнің аты
- Д) Орыс ұстазы

3. М. Жұмабаев қай жылдары шығармашылықтан ұзақтап қалды?

- А) 1929-1938 ж.
- В) 1926-1938 ж.
- С) 1927-1938 ж.
- Д) 1925-1938 ж.

4. М. Жұмабаевтың қай шығармасында мысықтар мен тышқандар арасындағы соғыс айтылады?

- А) «Бала мен құс»
- В) «Орман патшасы»
- С) «Тоқсанның тобы»
- Д) «Ертегі»

5. М. Жұмабаевтың поэмасындағы Баян батырдың бауырын табыңыз?

- А) Жәнібек
- В) Жантас
- С) Қасым
- Д) Ноян

6. М. Жұмабаевтың алғашқы жинағы қалай аталады?

- А) «Қойлыбайдың қобызы»
- В) «Тоқсанның тобы»
- С) «Шолпан»
- Д) «Бала мен құс»

7. XVIII ғасырдағы оқиға арқау болған М. Жұмабаевтың поэмасын табыңыз?

- А) «Батыр Баян»
- В) «Тоқсанның тобы»
- С) «Қорқыт»
- Д) «Қойлыбайдың қобызы»

8. Мына өлең жолдары М. Жұмабаевтың қай өлеңінен алынған?

*Не көрсем де алаш үшін көргенім,
Маған атақ ұлтым үшін өлгенім
Мен өлсем де, алаш өлмес, көркейер,
Істей берсін қолдарынан келгенін.*

- А) «Қазағым»
- В) «Туған жер»
- С) «Сағындым»
- Д) «Қазақ азаматы»

9. М. Жұмабаевтың тұңғыш жинағы қай қалада басылды?

- А) Қазан
- В) Омбы
- С) Уфа
- Д) Орынбор

10. Үзінді М. Жұмабаевтың қай өлеңінен алынған?

*...Жасағаннан бір-ақ нәрсе тілеймін:
Өтпесе түн, атпаса екен таңы да!...*

- А) «Сүй, жан сәулем»
- В) «Шолпы»
- С) «Тілегім»
- Д) «Сағындым»

11. М. Жұмабаевтың Шығыс пен Батыс мәселесіне арналған өлеңдерін табыңыз?

- А) «Сүйемін», «Анама»
- В) «Жер жүзіне», «Біраз Фетше»
- С) «Өткен күн», Жауға түскен жанға»
- Д) «Пайғамбар», «Орал», «Бостандық»

12. М. Жұмабаевтың өлеңін табыңыз?

- А) «Сүйемін»
- В) «Алты аяқ»
- С) «Жастарға»
- Д) «Шәкірт ойы»

13. М. Жұмабаевтың «...Сөзің асыл – баға жетпес, бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес» сөзінде кім туралы айтылған?

- А) Абай

- В) Шоқан
- С) Ыбырай
- Д) Ахмет

14. М. Жұмабаевтың «Қарағым» өлеңінің негізгі тақырыбы не?

- А) Балаларды оқуға шақыру.
- В) Балаларды ата-ананы сыйлауға шақыру.
- С) Көктегі жұлдызға қол жеткізу
- Д) Бостандықты аңсау.

15. Үзінді кімнің қай шығармасынан алынған?

*Тұранның тарихы бар аты желдей,
Заулаған қалың өрттей аспанға өрлей.
Тұранның жері менен суы да жай,
Теңіздей терең ауыр ой бергендей.*

- А) М. Жұмабаев «Түркістан»
- В) М. Жұмабаев «Батыр Баян»
- С) Ж. Жабаев «Сұраншы батыр»
- Д) Шәкәрім «Қалқаман – Мамыр»



Сәкен Сейфуллин

(1894-1938)

Оның шыншылдығы – қызып, жанып отыратын, барынша шын сезім, шын жүрек шыншылдығы. Сондықтан бұның жолы-әр адамның санап басқан кісінің жолы емес, ылдиы

бар, өрі бар-өмір жолы, ыстық қанды нағыз ақын жолы.

Мұхтар Әуезов

XX ғасырдың басындағы қазақтың азаттық жолындағы күресіне елеулі үлес қосқан талантты ақындардың бірі – Сәкен Сейфуллин.

Кеңестік төңкеріске тікелей қатысқан, жалғыз қазақ ақыны Сәкен өз шығармасына дәуірдің рухы мен күрес шындығын арқау етіп, күрескер адамның жаңа тұлғасын жасады. Жаңа әдебиеттің профессионалды жетілуіне, жанрлық жағынан молайып дамуына үлес қосты.

Сәкен (Садуақас) Сейфоллаұлы 1894 жылы 23 мамырда Ақмола облысы, Ақмола уезінің Нілді болысында - Нілді мыс қорыту зауытында таяу жердегі қазақ ауылында (қазіргі Қарағанды облысы Жаңарқа ауданы) туған.

Әкесі – өз еңбегімен күн көрген, саятшы, домбырашы, ақ жарқын әңгімешіл адам болған. Шешесі Жамал да ел әдебиетін жақсы білген. Оның халық өнеріне деген сезімінің оянуына көмектескен. Сәкен өзі: «Әкем саятшы, аң аулағыш, домбырашы, ақ жарқын адам, шешем әңгімешіл еді»,¹ – дейді. Сәкен жасынан ел ішінде ақын-жыршылардың, әншілердің өлең-жырларын қызыға тыңдап, соған құмартып өскен.

Сәкен Сейфуллин әуелі ауыл молдасынан оқып, хат таниды. 1905 жылы ол Нілді мыс қорыту зауытына келіп, кісі қолында жұмыс істеп

¹ Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт». 2004. 1-том. 53-б.

жүріп орысша үйренеді. Келесі жылы осындағы орыс-қазақ мектебіне оқуға түсіп, екі жылдай оқиды.

1908-1913 жылдары Сәкен Ақмола (қазіргі Нұр-Сұлтан) қаласында әуелі Приходская школада, кейін үш кластық қалалық училищиде оқиды. Бұл жылдары ол орысша білімін толықтырып, орыс әдебиеті кітаптарын оқиды. Қала маңындағы әнші-күйшілермен танысады. Алыс ауылдардан оқу іздеп келген балаларға орыс тілінен сабақ береді.

Сәкеннің қоғамдық көзқарастарының қалыптасуына Омбы дәуірі ерекше ықпал етеді. Студенттердің «Бірлік» атты ұйымына белсене араласады. Ол жазушы Феокист Березовскиймен танысады. Осы үйірменің көмегімен 1914 жылы Қазан қаласында Сәкеннің «Өткен күндер» атты алғашқы өлеңдер жинағы басылды. Омбы семинариясын бітіргеннен кейін 1916 жылғы халықтың патша өкіметіне қарсы ұлт-азаттық көтерілісін қарсы алды. Сол жылдың күзінен 1917 жылдың ақпанына дейін ол Ақмола уезіндегі Сілеті-Бұғылы деген жерде ауылдық мектепте мұғалім болып қызмет істейді.

Сәкен қоғамдық, шығармашылық қызметінің жаңа дәуірі 1917 жылдан басталады. Ақмола жастары «Жас қазақ» ұйымын құрып, «Тіршілік» атты газет шығарады.

1920 жылдың көктемінде Сәкен Ақмолаға қайта оралып, Орталық Атқару Комитетінің президиум мүшесі болып сайланады. Сайлау жұмыстарына қатысады.

1922 жылы оқу-ағарту Халық комиссарының орынбасары етіп тағайындалады. «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы, Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы болып сайланады.

1925-1937 жылдары Сәкен Сейфуллин ағарту орындарында, Жазушылар Одағында, партия тарихы институтында, «Әдебиет майданы» (қазіргі «Жұлдыз») журналының редакцияларында басшы қызметтер атқарады. Қоғамдық саяси жұмыстары мен әдеби шығармашылығын қабаттаса жүргізе отырып, Сәкен Сейфуллин жиырмасыншы жылдардың

өзінде көрнекті ақын болып қалыптасты. 1922 жылы «Асау тұлпар» өлеңдер жинағы, «Бақыт жолына», «Қызыл сұңқарлар» деген пьесалары жеке кітап болып басылды. Кейін «Домбыра» (1924), «Экспресс» (1926), «Тұрмыс толқынында» (1928), «Көкшетау» (1929), «Альбатрос» (1933), «Қызыл ат» (1934), атты өлең- поэмалары жарық көрді.

Проза жанрында Сәкен «Тар жол, тайғақ кешу» (1927) романын, «Айша» (1922), «Жер қазғандар», «Жемістер» атты повестер мен көптеген әңгімелер жариялады.

Сәкен Сейфуллин қазақ әдебиеті нұсқаларын жинап, олардан «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» (1932), «Батырлар» (1933) жинақтарын, Ақан серінің, Ақмолда Мұхамедияровтың, Ы.Алтынсарин кітаптарын Ш.Құдайбердиев аударған «Ләйлі-Мәжнүннің» нұсқасын бастырды. 1932 жылы «Қазақ әдебиеті» (Билер дәуірінің әдебиеті) атты зерттеу оқулығын жариялады. 1936 жылы қазақ жұртшылығы Сәкеннің 20 жылдығын мерекеледі. Көркем әдебиетті дамытуға сіңірген еңбегі үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталады.

Кеңес өкіметіне сеніп, оның жолын әділдік, теңдік жолы деп ұққан Сәкен әділетсіздіктер көрген тұста өзінің ойын айтуда іркіп қалған емес. Әрқашан пікірін ашық айтып отырған. Ол «Ұлттардың өзін-өзі билеуі» қағидасына сенеді. Сондықтан да «Ұлтшыл» деп айып таққандарға ашық наразылық білдірді.

Ол Қазақстан өкіметінің басшысы болып жүрген кезінде қазақ тілін мемлекеттік тіл ету, іс-қағаздарды қазақ тілінде жүргізу, кітаптар, газеттер шығаруды күн тәртібіне қойып, шешімдер қабылдатқан. «Қырғыз» аталып кеткен ұлттың «Қазақ» екенін дәлелдеп, мақалалар жазып, қатені түзетуге себепкер болған. Голощекин саясатына қарсы болғандардың бірі – Сәкен. «Шыншыл», «Қыңыр» деп жақсы көрмеген. Оны әрдайым сынап, «партиялық» сынаулардан өткізіп отырған. Ақыры 1937 жылы «Халық жауы» есебінде тұтқындалды. 1938 жылы 25 ақпанда Алматы түрмесінде кеше өзі орнатысқан өкіметтің қолынан атылды.

Сәкен Сейфуллиннің «Өткен күндер» жинағына енген өлеңдер негізінен тұрмыстық пен әлеуметтік жағдайларға, надандық және ескішілдік салттарға сын көзімен қарап, жастарды оқу-білімге, өнерге үндейді. «Түс» өлеңінде екі өмірді қорғансыз бақша күйінде бейнелейді де қазақ халқы сол бақшадағы қураған ағаштар бейнесінде алады. Бақшаның қурап қалу себебін ақын халықтың қараңғылығынан, ел билеушілердің ынтымақсыз алауыздығынан, ел қамын ойламайтындығынан көреді. Халықты болашаққа сүйрер жастар деп ұғып, оларды бақшадағы көк шыбықтарға теңейді.

Көк шыбықтар көбейсе, тал боп жетіп,
Көркейер сонда қайғы кетіп.
«Я, алла! Жеткіз сорлы жастарды» – деп,
Тіледім шыбықтардан үміт етіп.¹

«Қазақ сабағы» өлеңінің жазылу үлгісі өте қызық. Ол елдегі әрекетсіз қазақ жастарының өміріне қалада оқу оқып, жалғыз ауыр күн кешіп жүрген жастың тұрмысын қарсы қояды. Бір қарағанда қаладағы жалғыздық өмірден, ауылдағы әке-шешенің қасында, ас пен сайраңдап жүрген жастардың өмірі көңілдірек көрінетін сияқты.

Мені ешкім зорлаған жоқ шетте жүр деп,
Не «қасірет» болса-дағы өзім таптым.
Шалқамнан жатар едім мен де үйде,
Мен дағы ұрпағы деп аруақтың.

Өнер тап, жолдастығы жоқ,-дейді ойым,
Атадан қалған артта мал мен бақтың.
Я, Алла! Жеткізе көр мұратыма,
Рахаты бар деуші еді мехнаттың.²

«Інішегіме», «Оқымаған азамат» ақынның монологі түрінде жазылған. Оның алдыңғысын Сәкен қазақтың жас жігітіне, соңғысын надан байларға арнайды. Екеуінде де оқу-өнердің пайдасын айтады. Шырақсыз, қараңғы

¹ Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт». 2004. 1-том. 29-б.

² Сонда. 40-б.

үйде отырған адамға теңейді. Оны жарық үйде отырған басқа жұрттармен салыстырады.

Біз қараңғы үйде отырмыз, қарағым,
Басқа жұрттар жап-жарық қып шырағын.
Солардай боп біз де жарық көрейік,
Сендер де кеп шырақ жақшы, шырағым,¹ – дейді інішегіне.

«Өткен күндер» жинағының өзінен-ақ Сәкен лирик ақын есебінде танылды. «Туған ел», «Нұра», «Жайлауға көшу», «Жайлауда қымыз ішу» сияқты өлеңдер туған елін, жерін, оның табиғатын сүйген ақынның сезім күйіне толы келеді.

Сәкеннің осы жинаққа кірген шығармасында Абай әсері қатты сезіледі. Сурет жасау әдісінде байқалады. «Ақын» өлеңін Сәкен Абайға арнады. Ол Абайды «Сөздің нақышын қиыннан қиыстырған» ұлы ақын деп бағалайды.

Абайдың ақындық стилі Сәкеннің жастық, махаббат жырларына да әсерін тигізген.

Сәкеннің бұдан кейінгі өлеңдері де оның іздену, өсу жолы халық өмірімен тығыз байланыста өткенін дәлелдейді. Халық мұңын айту мен азаттықты аңсау тақырыбы бұл кезде ақын шығармаларынан мол орын алады. Мысалы, «Көңіл» деген өлеңде ол төңкеріс алдындағы халық көңіліндегі толқуды аңғартады.

Сәкен алғашқы өлеңдерімен-ақ өзі өмір сүрген дәуірдің талаптарына жауап беруге тырысты. Сонымен бірге ақын ағартушылықтың тар шеңберінде қалып қоймай, күрес дәуірінің от-жалынын кеше, жаңа әдебиетке өтті.

«Асау тұлпар» жинағына (1922) жазған «Арнауында» Сәкен өз туындыларын қоғамның жас күштеріне бағыштап:

Дүниенің құлдық шынжырын қаратып,
Әділдік, теңдік іздеген,
Тұрмыстың таршылық зынданын бұзып,
Еркіндік, кеңдік іздеген, жастар!
Сендерге арналды бұл әндер!
Шақырыңдар арттағы ұйықтаған, інменшек,
Бақыт жалын білмейтін бауырларыңды!
Шақырыңдар арттағы құлдықта жүрген бауырларыңды!

¹ Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт». 2004. 44-б.

Қосындар дауыстарыңды!..¹

Осы өлеңде ақынның сол тұста ұстанған жолы, мақсат-мұраты айқын көрінеді.

Сол жылдары ақынның «Асығып тез аттандық», «Кел жігіттер!», «Тұлпарым», «Қамаудан», «Сағындым» т. б. Өлеңдерінде лирикалық кейіпкер бостандық жолын қиған азаматты көреміз.

Ақынның «Жас қазақ марсельезасы», «Жолдастар» өлеңдері төңкеріс жылдары халық арасында кең тараған. Әділетсіз ұлықтардың мейірімсіздігін әшкерелеп, кедейлерді қол ұстасып, теңдік ұранын көтеруге шақырады.

Азамат, жүнжіме, жүрме бос,
Қол ұстас, бірігіп тізе қос.
Ту ұстап дұшпанға барайық,
Теңдіктің ұранын салайық.
Тізесін батырған залымнан

Күн туды – біз теңдік алайық!² – деп, жаңашыл күштің басымдылығын аңғарту, күрекке үндеу ұрып дүние жүзі ән-ұрандарымен туыстырады.

Сәкен – бірталай поэма жазған ақын. Заман тақырыбы азаттық жолындағы күрес идеясы. «Альбатрос», «Экспресс» т.б. Сәкен халық ақындарына сүйеніп елдің батырлық, гуманистік дәстүрлерін, адамдық ізгілікті, қазақ жерінің көркем табиғатын суреттейтін кең тынысты поэмалар жазды.

Үлкен табысы – «Көкшетау» поэмасы. Қазақтың ең бір шұрайлы өлкесі – Көкшетау әдебиетте кең жырланған. Солардың ішінде Мағжанның «Батыр Баян» поэмасы кеңінен таныс. Мағжан сонда Абылайханды көтере, оның ел қорғаушылық, қазақ жерін біріктіруші есебіндегі еңбегін айқындай жазған. Ал Сәкен болса, поэма сюжетін жер атауларының шығу жайындағы халық ақындарына қарай отырып, қазақ-қалмақ арасындағы жауласушылық оқиғаларын негізге алады. Ел билеушілерді, хандарды зорлықшылық етіп, әсіресе, Абылайды ел шапқыш етіп суреттейді.

Көкше ақындары ішінен Сәкен «Жеке батыр», «Бурабай», «Оқжетпес», «Жұмбақтас» туралы әңгімелерді бөліп алады. «Жеке батыр»

¹ Сонда. 51-б.

²² Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт». 2004. 87-б.

тауының аты қарауылда тұрған батырдың қалғып кетуінен туса, Бурабайды сол көлді мекендеген ақбас бура тарихымен байланыстырады.

Ел ардақтаған қасиетті бура ел өміріне қатысты елеулі жайларды алдын ала сезіп, халыққа білдіруге әрекет жасайды. Осы бураны бір күні Абылайханның баласы тентек Қасым атып өлтіреді. Атылған ақбас бура мәңгі тас болып қалады. Бурабай тауының аты осыдан қалады. «Оқ жетпес», «Бурабай» аңыздары – «Көкшетаудың» ең негізгі тараулары. Ақын дәуір шындығы, ондағы адамдар қарым-қатынасын, ұнамды-ұнамсыз образдарын осы тарауларда ашады.

Поэманың негізгі кейіпкерлерінің бірі – шапқыншылықта қолға түскен қалмақ қызы. Абылай қолға түскен олжаны бөліске салғанда хан мен оның сарбаздары арасында талас туады. Талас түйінін шеше алмаған хан жігіт таңдауды қыздың өзіне береді. Қыз хан сарбаздарының мергендігін, күштілігін, тапқырлығын сынап көру үшін түрлі шарт қояды. Шың басына тігілген қыз орамалына ешкім оқ жеткізе алмай, шың Оқжетпес атанады. Күш сынасу кезінде де олар бір-бірінен оза алмайды. Үшінші шарт қыз жұмбағы айтылады. Қыз өмірін жұмбақтап, оған қатысы бар адамдарды әртүрлі құстар түрінде бейнелейді. Өзін жыртқыш құстарға жем болған кептерге, қиянатшыл күш иелерін қара құсқа, жапалаққа, ел ерлерін лашынға, сүйген жігітін Сұңқарға, ханды жыртқыш бүркітке теңейді. Жұмбақ шешілмейді. «Жұмбақтас» атанады.

Ең соңында қазақ батыры Адақ қана қыз сынынан өтіп, оның жұмбағын шешеді. Оқжетпес үстіндегі аққу ілген бүркітті атып түсіреді, Шың басындағы қыз орамалына оқ тигізеді. Өзінің үлесіне тиген қызды Адақ рұқсат беріп, еліне қайтарады. Автор зорлық пен қара күшті жеңген әділдікті, ақылдылықты паш етеді.

Жасынан бай жылқысын баққан, бірақ оның зорлығына шыдамай қашып кетіп, Абылай бастаған қолға қосылған Адақ поэмада кеңпейілді, адал, ер жүрек, қайырымды адам бейнесінде суреттеледі.

Сәкен поэмасы Көкшенің бай, көркем табиғатын көрсететін әсем де сырлы суреттерге толы. Ақын ылғи табиғат көріністерімен қатар суреттейді. Көкшенің байлығы, көлінің, тауының, орманының әсемділігін алдыңғы планда ұстайды.

«Сексен көл Көкшетаудың саясында,
Әрқайсысы алтын кесе аясында.
Ауасы дертке дауа, жұпар иісі,
Көкірек, қанша жұмсақ тоясың ба?
Мөп – мөлдір Бурабайдың суы күміс,
Көргенде шаршаған жан алар тыныс.
Мінбелеп қоршалаған шымылдықтай,
Қарағай қайыңменен қалың жыныс»,¹ – деп

ақын табиғатты бір қалыпта алмай, көбінесе қозғалыста, өзгерісті кейпінде көрсетеді.

Көкшетау өлкесі ертеден-ақ ән мен күйдің ордасы саналған. Біржан сал мен Ақан серінің, үкілі Ыбырай мен Балуан Шолақтың сазды әндері мен өлеңдерінде Көкше табиғаты болған.

«Көкшетау» поэмасы – бүкіл қазақ поэзиясындағы көркем шығармалардың бірі. Оның халық арасына кең тарауы шын мәніндегі халықтық туынды екенін танытады.

Сәкен прозасының көлемді үлгісі – оның «Тар жол, тайғақ кешу» атты мемуарлық романы. Ол алғаш 1927 жылы жарияланып, 1936 жылы өңделіп басылған.

Шығарма басынан аяғына дейін өрбіп отыратын тұтас сюжеттік желімен дамымайды. Мемуар болғандықтан да ол автордың әңгімесіне құрылады. Сәкен өзінің Омбы семинариясын 1916 жылы бітіріп келгенінен бастап, 1915 жылдың күзіне дейін көрген, бастан кешкен жайларын әңгімелейді. Осы әңгіме арқылы оқушы төңкеріс алдындағы қазақ ауылының хал – жайы, тұрмыс – күйімен, 1916 жылғы халықтың ұлт азаттық көтерілісінің тууымен, 1917 жылғы ақпан төңкерісінің

¹ Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт». 2004. 215-217-б.

оқиғаларымен танысады. Автор әңгімесі тар көлемдегі өзінің биографиясы күйінде емес, кең, әлеуметтік тұрғыдан баяндалады.

Азап вагонын Сәкен дозақтың отымен салыстырады. Бала күнімізде дозақтың азабын суреттегенде айтатын еді: Тоңсаң қып – қызыл болып жайнап тұрған өлшеусіз үңірейген пештегі отқа тастайды. Оттың күштілігі сондай, күндік жерден күйдіреді. «Күйдім» десең, өлшеусіз үлкен, үңірейген мұзды теңізге тастайды. Мұзды теңіздің суықтығы сондай, күндік жерден қатырады... «Тоңдым» десең, қайтадан отқа тастайды.

Міне, сол дозақ – осы біз отырған вагон. Бірақ, бұл тым тар, тым қараңғы. Шығарма кейіпкерлерінің бейнесі осындай ауыртпашылық азап үстінде көрінеді.

Сәкен сол дәуірде туған қазақ әдебиетінің поэзия, проза, драматургия сияқты жанрларымен бірге әдебиетіміздің басқа саласында да көрнекті қызметтер атқарды. Ол әдебиет сыны мен ескі әдеби мұраларды жинап, зерттеуге көп еңбегін арнады. Сондай-ақ, әдебиеттің жас кадрларын тәрбиелеуге көп күш жұмсады. Сондықтан да қазақ әдебиетінің тарихында ақынның алатын орны ерекше.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сәкен Сейфуллин өмірінің басты кезеңдерін еске түсіріп, оның азаматтық, ақындық жолын әңгімелеңдер.
2. Алғашқы өлеңдерінің негізгі сарыны қандай? Оның XX ғасыр басындағы әдеби қозғалыспен үндестігін ашыңдар.
3. Ақын жаңа заманнан не күтті? Оны қалай жырлады?
4. Сәкен – лирик ақын. Оның бұл саладағы шығармаларының көркемдік сипаты, ерекшеліктері қандай?
5. «Көкшетау» поэмасының негізгі тақырыбын, ақынның аңыздарды сұрыптау принциптерін ашыңдар. Поэмадағы табиғат суреттері қалай бейнеленген?
6. Сәкеннің басқа шығармалары жайында не білесіңдер?

Тест сұрақтары:

1. **С.Сейфуллин зерттеу еңбектер жазған саланы табыңыз.**

- А) Әдебиеттану
- В) Педагогика
- С) Қазақ фольклоры
- Д) Жыраулар поэзиясы

2. **М.Тәтімов, С.Шәріповтердің бастарынан кешкен оқиғаларды (1916-1919) қосалқы эпизодтар арқылы суреттеген шығарманы табыңыз.**

- А) «Азамат Азаматыч»
- В) «Шұғаның белгісі»
- С) «Кездеспей кеткен бір бейне»
- Д) «Тар жол, тайғақ кешу»

3. **Қазандағы «Матбұғат кәримия» баспасында басылған С.Сейфуллиннің жинағын табыңыз.**

- А) «Альбатрос»
- В) «Өткен күндер»
- С) «Қызыл ат»
- Д) «Асау тұлпар»

4. **С. Сейфуллин қайда туған?**

- А) Қостанай облысы, Тобыл ауданы, Майлин кеңшары
- В) Ақмола облысы, Ақмола уезі, Нілді болысының 1-аулы
- С) Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Қызылтау атырабы
- Д) Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы

5. **С.Сейфуллиннің «Өткен күндер» жинағы қай жылы басылды?**

- А) 1911ж.
- В) 1913ж.
- С) 1912ж.
- Д) 1914 ж.

6. **С.Сейфуллиннің «Жұбату» әңгімесінің тақырыбын табыңыз.**

- А) Табиғат сұлулығы
- В) Жер байлығы
- С) Әйел азаттығы
- Д) Өнер адамдары

7. **С.Сейфуллиннің «Жемістер» хикаясының оқиғасы қанша жылды қамтиды?**

- А) 25 жыл
- В) 15 жыл
- С) 20 жыл

Д) 10 жыл

8. Үзінді С.Сейфуллиннің қай шығармасынан алынған?

*...Батырлар апырақтап, зорланысып,
қамалды қалың әскер қорланысып...*

А) «Көкшетау»

В) «Аққудың айырылуы»

С) «Жауыз кім»

Д) «Альбатрос»

9. С.Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасының қай бөлімі үш шумақтан тұрады?

А) «Жеке батыр»

В) «Бой жазу»

С) «Оқжетпес»

Д) «Замана ағымы»

10. «Көкшетау» поэмасындағы (С.Сейфуллин) тұтқын қыздың еліне қайтқанда мінген атын табыңыз.

А) Аққұба

В) Керқула

С) Ақтұмсық

Д) Керкөжек

11. «Көкшетау» поэмасындағы (С. Сейфуллин) қыздың ата-анасының аллегориялық бейнесін табыңыз.

А) Сұңқар

В) Карлығаш

С) Бүркіт

Д) Кептер

12. Сәкеннің жасырынып жүрген кезде жазған өлеңін табыңыз.

А) «Қысқы түнде»

В) «Жел қайықта»

С) «Канды тұман»

Д) «Тау ішінде»

13. С.Сейфуллиннің махаббат туралы романтикалық поэмасын табыңыз.

А) «Аққудың айырылуы»

В) «Қызыл ат»

С) «Аққу күйі»

Д) «Альбатрос»

14. Мына сөздерді кім айтқан?

Төңкерісшіл драманың басы – «Сәкеннің Кызыл сұңқарлар» мен «Бақыт жолына» пьесасы.

- А) А.Байтұрсынов
- В) М.Жұмабаев
- С) І.Жансүгіров
- Д) Б.Майлин

15. С.Сейфуллиннің «Қызыл ат» поэмасы не туралы?

- А) қос аққудың адал достығы туралы
- В) отызыншы жылдары қазақты қырғынға ұшыратқан Голощекин саясатын айыптау туралы
- С) халық аңыздарында айтылатын ел, халық тарихы туралы
- Д) халық жауы туралы



Бейімбет Майлин

(1894 - 1938)

Бейімбеттің бір жылғы әңгімелерінің басын қосып жинақ жасаса, олар үлкен кезеңнің сырын да, сынын да сипаттайтын роман реуішті.

Сәбит Мұқанов

Бейімбет Майлин қазақ әдебиетінің кеңестік кезеңіндегі аса дарынды өкілдерінің бірі. Оның шығармаларында дені қазақ ауылындағы түбірлі өзгерістердің көркем көрінісі жасалынды.

Бейімбет Майлин 1894 жылы Қостанай облысы Таран ауданында туылған. Әкесі Жармағамбет те, атасы Майлы да кедей шаруа адамдары болған. Әкесінен жастай жетім қалған Бейімбет шешесі Күлғизар мен әжесі Байдостың тәрбиесінде өседі. Әжесі кезі келгенде өлең шығарып жіберетін ділмар жан болған. Бұл үйде ақындар, жыршылар, ұзақ таңға дейін небір дастандар жырлаған. Бейімбет жастайынан ауыл молдасынан хат таныған. Мұның бәрі де Бейімбеттің әдебиет жолына түсуіне ықпал жасады.

Бейімбет Майлин алғаш рет ауыл молдасынан сауат ашып, хат таниды. Содан соң есігінде жүрген бай үйінде тұратын Әбдірахман Сатыбалдин деген татар мұғалімнен дәріс алады. Одан әрі іргелес көрші ауылдағы басқа бір Әбдірахман Арғынбаев дегеннің медресесіне түсіп, екі жыл оқиды. («Шұғаның белгісіндегі» бас кейіпкердің учитель болуы және Әбдірахман атануы тегін еместі). Өз бетінше кітап оқып, көп ізденеді. Қалаға барып, білімін одан әрі көтеруге талаптанады. 1913 жылы Троицкідегі «Уазифа» мектебінде, оны бітірген соң Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқиды. Сол жерде Ғ.Ибрагимов, Мәжит Гафури сияқты белгілі татар халқының жазушылармен танысады. Өзі секілді талапкер жастармен бірге «Садақ» атты қолжазба журнал шығарады. «Садақтың»

әрі редакторы, әрі белсенді авторы болған Бейімбет осы журналдың 1914 жылғы үшінші санында өзінің тырнақалды прозалық шығармасы «Шұғаның белгісін» жариялайды. Денсаулығының нашарлығына байланысты медресені аяқтай алмай, 1916-1921 жылдарда ауылда бала оқытумен айналысады. 1915 жылы дәрігерге көрінбек боп Троицк қаласына қайтып оралады да, осы тұста «Айқап» журналында қызметте жүрген С. Торайғыров және М. Сералинмен танысады. Журналда бірнеше өлеңдер жариялайды. Ол кездерде ұлт-азаттық төңкерістен кейінгі қазақ ауылының тұрмысын суреттейтін өлеңдер жазады.

1922 жылы Сәкен Сейфуллиннің шақыруымен Орынборға келіп, «Еңбекші қазақ» газетіне қызметке орналасады. «Шұғаның белгісін» қайтадан өңдеп «Қызыл Қазақстан» журналында бастырды. 1923-1925 жылдары Қостанайдағы «Ауыл» газетінде жұмыс істейді. 1934-1937 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінде бас редактор болып қызмет істейді. Осылармен қатар ұйымдасқан күннен бастап, Қазақстан Жазушылар ұйымының мүшесі ретінде Бейімбет Майлин ұлан-ғайыр әдеби еңбекті ұйымдастыру, басқару, жас әдебиетшілерді тәрбиелеу ісіне үнемі атсалысып отырады. 1938 жылы халық жауы деген жаламен ұсталып, 1938 жыл 25 ақпан күні атылады.

Б.Майлин аз өмірінде өнімді еңбек етті, 50-ге тарта кітабын шығарады. Әдеби мұрасы көпке дейін жабық ұсталып, 50-жылдарда ғана халқымен қайта қауышты (20-30 жылдар өзгерістерінің көркем шежіресі).

Б.Майлиннің ақындық қызметі 1932 жылы жазылған «Мұсылмандық белгісінен» басталды. Мұнда ауылдағы дүмше молдаларды әжуалаған. Ауылдың ауыр тұрмысы, келеңсіз әділетсіздікке наразылық білдірді. 1916 жылғы қозғалысқа арнап жазған «Қанды тұман» өлеңінде қараңғыға қамалған елдің аянышты халі суреттеледі. Бейімбеттің дүние көрін ашқаннан көрген баққаны – көбіне ауыл өмірі, тыныс-тіршілігі, дала

тұрмысы еді. «Менің бұл күнге дейін жазған тақырыбым ауыл туралы ғана болып келеді»,¹ – деп ашып айтты.

Әсіресе 1917 жылы төңкеріс қазақ даласына азаттық әкелгеніне шүбәсіз сеніп, оны барынша жырға қосты. Нәтижеде «Кедей», «Жауыз кім?», «Кедейге», «Құтты болсын», «Бүгін», «Гүлденсе ауыл – гүлденеміз бәріміз» т.б. өлеңдерінде жаңа заман әкелген өзгерістерді зор шабытпен жырлады.

Сенің зарың - зарлайтыным өмірде,
Сенің арың – арлайтыным өмірде.
Сен не көрсең – мен де соны көрмекпін,
Белді буғам, ауырға да жеңілге.²

Ақынның өмірде де, өнерде де топтық серті тұрақты, берік және мәңгілік анты осы.

Кедей боп туғам, кедей деп өлем
Не көрсем де кедейден көрем
Кедей қуанса, кедей жұбанса,
Бір елі көкке тимейді төбем,³ – дейді.

Бейімбет Майлиннің кедей дегені кім, кедейлік деген не? Майлиннен артық білген ешкім тағы да жоқ. Мұны 1913 жылы медреседе оқып жүрген кезде жазған алғашқы өлеңінен - ақ анық аңғаруға болады.

Ай, мұқтаждық, кесел болып тұрдың ғой!
Талапкерге қарсы тұзақ құрдың ғой!
Қолды созып, бойды жазып жүргізбей,
Ауыруы жоқ бір мүгедек қылдың ғой.⁴

Ақынның түсінуінше, мұқтаждықтың ең кесірлі жері – талапты жастың қалтасын қағып, түбіне «жел гулететіні ғана емес, ілгері бассам деген аяғын кері тартып жалындаған жүрегін сөндіретіні».

Бұрынғы өмірі кедейлікте, жоқшылықта өткен Мырқымбайдың енді ел қатарына қосылғаны қысқа эпизодтық оқиғаларды суреттеу арқылы беріледі. Нәтижеде «Мырқымбай» (1927) атты поэма жазады.

¹ Жаңа әдебиет. Журнал. 1931. № 6-7.

² Майлин Б. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт», 2004. 3-том. 121-б.

³ Сонда. 332-б.

⁴ Сонда. 16-б.

Мырқымбай бейнесі Бейімбет Майлиннің ғана емес, бүкіл қазақ әдебиетінің алғашқы кезеңіндегі ауыл кедейінің реалистік, типтік бейнесі жасалды. Ақын бейнесін қызыл сөзге беріліп кетпей, не құрғақ баяндауларға берілмей, табиғи күйінде диалогтармен жандандырады. Оның үстіне Бейімбет Майлин поэмасына тән жылы юмор шуағын шашып әрлендіреді.

Мырқымбай! Мырқымбай! Мырқымбай!..
Бай, бай, бай, бай!
Жүрмейсің жай.
Нең бар еді?..
Әй, құдай – ай!..¹

Бұл – Мырқымбайды тұңғыш көруіміз. Заман ағымына, заң байыбына жөндеп бара алмайтын парықсыз, доғал, сотқар баласының түкке түсінбейтіндігін көре аңғарамыз.

Б.Майлиннің біраз өлеңдері әйел теңдігі тақырыбына арналған. «Қыздың сәлемі», «Қашқан келіншек», «Ақсауыттың жанында» т.б. сол сияқты өлеңдерінде кертартпа салтқа негізделген қазақ қыздарының аянышты тағдырлары суреттеледі. Ақын әйел теңсіздігін әлеуметтік теңсіздіктің бір көрінісі деп қарайды. Төңкеріспен бірге келген әйел теңдігін ақын шабыттана жырлайды. «Азат әйел», «Ғазиза», «Шал мен қыз», «Ажар» сияқты өлеңдерінде жаңа заманда теңдікке жетіп, бақытты өмір сүре бастаған жастарды жырға қосты.

Б.Майлин поэма жанрында да өнімді еңбек етті. Оның поэмаларының дені әйел тақырыбына арналған. Алғашқы поэмаларының бірі «Рәзия қызда» (1919) махаббат еркіндігі жырланады. Бай қызы Рәзия қарапайым қызметкер Әліммен көңіл жарастырады. Әкесі қарсы болғанына қарамастан қыз қалаға қашып кетеді. Қаланы ақтар басып алған кезде, қыздың әкесі Әлімді аттырады. Рәзия сүйгенімен бірге өледі. 1923 жылы жазылған «Маржанның» бас кейіпкері де сүйгеніне қосыла алмай, қайғылы күй кешеді. Оның «Айдың қызы», «Қашқан келіншек», «Өтірікке

¹ Майлин Б. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт», 2004. 3-том. 123-б.

бәйге», «Сағындық», «Кемпірдің ертегісі» т.б. поэмалары көбіне қысқа көлемді келіп, оқушысын жалықтырмайды.

Б.Майлин шығармасында проза жанрының салмағы ауыр. Ол осы салада өндіре жазып, небір тамаша классикалық үлгілер жасады. Бұған «Шұғаның белгісі» айқын дәлел.

«Шұғаның белгісі» әйел теңсіздігі тақырыбына арналған. Байдың қызы Шұға мен кедей жігіті Әбдірахман екеуі бір-біріне ғашық болады. Бірақ екеуінің қосылып, шаңырақ көтеруіне қыздың әкесі Есімбек қарсы болады. Басты себебі – бай мен кедейдің әлеуметтік жағынан тең болмауы, байдың кедейді менсінбеуі. Есімбек Әбдірахманның ауылға келуіне тыйым салады. Жер аудартады. Арманына жете алмаған Шұға сүйгені Әбдірахманды бір көруге зар болып, күйікпен қайтыс болады. Повесте Шұға мен Әбдірахман екеуінің жүрегі таза, пәк, бір-біріне адал, мейлінше нәзік сезімді болып суреттеледі. Екеуі де тұрақты махаббат иесі, онсыз өмірдің мәні жоқ. Соңында қызының ауруына ешқандай ем қонбайтынына көзі жеткен әкесі Әбдірахманды босаттырады. Сүйгенін көрсе жазылып кетердей болып жатқан Шұғасын көруге асығып келсе, қайран ару бұл дүниеден бір жола пәк кеткен екен. Шұғаның өзіне арнап жазған хатын оқып, аңырап Әбдірахман қалады.

Шығарма автордың атынан суреттелмейді. Оқиға екі салт атты жолаушы бір кезеңге шыға бергенде, оның бірі Қасымның бұл жердің «Шұғаның белгісі» деп аталатындығын әңгімелеуден бастайды. Әңгімешіл дәстүрін шебер пайдалана білген. Әңгімеші Қасым – әңгімені келістіре айта білетін көп қазақтың бірі. Оның оқиғаны айтып келе жатып, ара-арасында «Ай, Шұға десе, Шұға еді-ау» деп қоюының өзі тыңдаушыға әсер етіп, ынтықтыра түседі. Нәтижеде жүрекке жылы, жан толқытар шығарма болып шыққан.

Жалпы Б.Майлин шығармасында әйел тақырыбы айрықша орын алады. Алғашқы шығармасында әйел теңсіздігі көтерілсе, кеңестік кезеңдегі шығармалары жаңа заманның әйелдер өміріне әкелген

өзгерістерін бейнелеуге ден қояды. Әсіресе кедейлер арасынан шығып, ел басқару жұмыстарында көріне бастаған әйелдерге көбірек көңіл бөледі. Мысалы: «Күлтай болыс», «Кеңес ағасы-Кәмила» әңгімесінде ысылған кеңес қызметкерлері болып қалыптасады. Б.Майлин нені суреттесе де әсірелеңкіреп, жалаулатып жазудан аулақ.

Жазушы қазақ прозасына қазына боп қосылған ең таңдаулы әңгіме хикаяттарының қай-қайсысын болсын, шындықты оқырманға құр түсіндірмеген, өмір туралы жай сөйлемеген, сөзбен сурет салып бейнелеген. Мәселен, «Сексен сом» атты әңгімеде бас кеіпкердің кедей екені айтылмайды, көрсетіледі. «Егеубай ертеңгі шайын ішіп тысқа шықты. Жапырайған қорасының құлап жатқан бұрышы көзіне шалынды. Темір күрегін алып, құлаған шомды үйе бастады. Албарда тұрған көк шалаң ат күректің тықырымен Егеубайды танып, жем іздеп оқыранып қойды». Осылар жай сөз емес, жанды сурет. Егеубай тысқа шығып еді, көргені – жапыраған құлаған қора, мал дегенде көзге ілінгенін – жалғыз ат, үйге кірсе – қатыны Егеубайдың тозған киімін жамап отыр, естігені – қатынының: «Осы үйде бүгін бір түйір шай жоқ»,¹ – деген сөзі.

Бұл шығарма Бейімбеттің ғана емес, жиырмасыншы ғасырдың тартымды табысы. Төңкерістен кейінгі қазақ ауылындағы түбірлі өзгерістер Бейімбет Майлин шығармашылығының негізгі өзегіне айналған. «Кедей теңсіздігі», «Айранбай» мен «Шапайдың хаты» әңгімелерінде де теңдікке жеткен кедейлердің өмірі суреттеледі.

Бейімбет Майлиннің біраз шығармалары ұжымдастыру тақырыбында жазылған. «Қызыл әскердің үйі», «Ұлбосын», «Қара шелек» әңгімелерінде ауылдағы шаруашылыққа бірігу, ұжымдасып жұмыс жасауға бастау бейнеленеді. Ал «Көктеректің баурайында», «Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры», «Арыстанбайдың Мұқышы» сияқты әңгімелерінде ауылдағы асыра сілтеушіліктер әшкереленеді.

¹ Майлин Б. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт», 2004. 3-том. 32-б.

Жазушының бірсыпыра шығармалары 1916 жылғы көтеріліс, қазан төңкерісі, азамат соғысы тақырыбына арналған. Мысалы: «Қанды кек», «Өлім тырнағында», «Бір суреттің тарихы» т.б.

«Азамат Азаматыч» - дәуір шындығын кең қамтыған туынды. Күркілдектің баласы Қожалақ балалар үйінде тәрбиеленіп, жаңа заманға лайықты атын өзгертіп, Азамат атанып, Қарасай қаласына келіп, кеңес қызметкері болып қызметке кіріседі. Жас қызметкер қарсы таптардың түрлі арбау-алдауларын басынан өткізеді. Кәкіштінің жауы Рақым Шегіровтың балдызы Мариямға үйленеді.

Б. Майлиннің публицистикасы фельетон, очерк, мақала үшеуінен тұрады. Қаламгер жүзге тарта фельетон жариялап, әзіл-күлкілік, сатира жанрының іргетасын қалады. Оның «Ат», «Қыз басына жиырма сом», «Көкала бие», «Тереңөзек тентектері», «Шапайұлы Шапалақ» т.б. фельетондарды жатқызуға болады.

Ол әзілдің, сықақтың, сатираның шебері. Әзіл, сықақты еркін қолданған жазушы көптеген фельетондарын бояулы сықақ сөздерді төгілте қолданып, қызғылықты етеді. Қысқасы, оның публицистикалық шығармаларын оқығаныңда еңсеңе қанат бітіреді, ақылыңа даналықтың шуағын себеді.

Б.Майлин драматургия саласында айтарлықтай еңбек етті. Ол әмбебап суреткер – ақын, прозаик әрі драматург. Бұлай болмауы мүмкін де емес – ті. Іргетасы жаға қаланып, өсу–өрбуі енді–енді басталған қазақ топырағындағы жап-жас әдебиеттің сала-сала жолмен дамуына өмірдің өзі талап етті. Оның «Шаншар молда», «Неке қияр», «Талтаңбайдың тәртібі», «Келін мен шешей», «Көзілдірік» комедияларында бірде жылы юмор мен әжуа етілсе, енді бірде ащы сатираға айналып, аяусыз мінеліп жатады.

Соғысқа дейінгі драматургиясында айтулы табыстары қатарынан орын алатын «Амангелді» (Ғ.Мүсіреповпен бірге жазған), «Жолбарыс», «Біздің жігіттер», «Майдан» т.б. опера және драмалық туындылары күні

бүгінге қазақ театры сахнасынан түспей келе жатқандығы өміршеңдігінің белгісі болса керек.

Сонымен Б.Майлин – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі. Қазақ әдебиетінің дерлік барлық саласында қалам тартып, артында мол әдеби мұра қалдырды. Ол қазақ аулының өмірін неғұрлым жан-жақты, кеңінен қамтып бейнелеуде өзінің шеберлігін танытты. Сондықтан қазақ әдебиетінің алтын қорынан берік орын алған.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Бейімбет Майлин поэзиясының идеялық –тақырыптық негіздері қандай?
- 2.Бейімбет Майлин шығармаларында қарапайым адам бейнесінің өзіндік ерекшелігіне талдау жасаңдар.
- 3.«Бейімбет Майлин – қазақ әңгімесінің шебері» деген тақырыпта сұхбат өткізу.
- 4.«Шұғаның белгісі» хикаятының композициялық құрылымын сипаттаңдар.
5. Бейімбет Майлин драматургиясының өзіндік ерекшеліктері қандай?
6. Бейімбет Майлиннің юморы мен сатирасы туралы не білесіңдер.

Тест сұрақтары:

1. «Шұғаның белгісі» повесінің авторы кім?
А) Б. Майлин
В) Ж. Жабаев
С) І. Жансүгіров
Д) С. Сейфуллин
2. «Мырқымбай» топтамасының авторын табыңыз?
А) І. Жансүгіров
В) Ш. Құдайбердиев
С) Б. Майлин
Д) С. Сейфуллин
3. «Неке қияр» пьесасының авторын табыңыз?
А) Ғ. Мүсірепов
В) Б. Майлин

С) С. Сейфуллин

Д) Ж. Жабаев

4. Бейімбет Майлиннің «Шал мен қыз», «Азат әйел», «Ғазиза», «Ажар» шығармаларының тақырыбын табыңыз?

А) Әменгерлік

В) Әйел теңдігі

С) Ұлт-азаттық күрес кезіндегі ауыл жастарының хәл-жағдайы

Д) Ауылдың ауыр тұрмысы

5. Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» хикаяты жарияланған журналды табыңыз?

А) «Айқап»

В) «Серке»

С) «Садақ»

Д) «Парасат»

6. Бейімбет Майлиннің үлкен әлеуметтік мәселелерді сөз еткен поэмасын табыңыз?

А) «Кемпірдің ертегісі»

В) «Көңіл айту»

С) «Байдың қызы»

Д) «Талтаңбайдың тәртібі»

7. Бейімбет Майлин оқыған «Узифа» мектебі қай қалада орналасқан?

А) Қазан

В) Уфа

С) Троицк

Д) Омбы

8. Бейімбет Майлиннің патшаның тақтан құлаған кездегі жазған өлеңін табыңыз?

А) «Көңіл айту»

В) «Азат әйел»

С) «Қазаққа»

Д) «Мырқымбай»

9. Бейімбет Майлиннің «Садақ» журналында басылған тұңғыш көлемді туындысын табыңыз?

А) «Неке қияр»

В) «Шаншар молда»

С) «Талтаңбайдың тәртібі»

Д) «Көзілдірік»

10. Бейімбет Майлиннің Қостанайда шығатын «Ауыл» газетінде басылған хикаятын табыңыз?

- А) «Мырқымбай»
- В) «Кедей»
- С) «Он бес үй»
- Д) «Раушан – коммунист»

11. Бейімбет Майлиннің «Неке қияр» пьесасындағы мына жолдарды кім айтады?

*Қыз да болсаң, ұлдай ең,
Ұлдан тағы жұрдай ем
Қуанышымды қайғы ғып,
Ылаңбай-ау, қылдың сен!*

- А) Кәрім
- В) Қалампыр
- С) Зәуре
- Д) Келіншек

12. Бейімбет Майлиннің әйел басының азаттығына арнаған өлеңін табыңыз?

- А) «Шал мен қыз»
- В) «Жайлыбайда жалғыз қатын»
- С) «Майдан»
- Д) «Құдық басында»

13. Айша, Бірмағамбет Б. Майлиннің қай шығармасының кейіпкерлері?

- А) «Майдан»
- В) «Неке қияр»
- С) «Қара шелек»
- Д) «Шұғаның белгісі»

14. Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» повесінің кейіпкерін табыңыз?

- А) Бірмағамбет
- В) Амангелді
- С) Айша
- Д) Әбдірахман

15. Бейімбет Майлиннің шын есімі кім?

- А) Бимағамбет
- В) Биаға
- С) Бекмұхаммет
- Д) Бекмұқан



Ілияс Жансүгіров

(1894-1938)

Осы үш поэма («Күй», «Күйші», «Құлагер») тұсында қазақтың Абайдан кейінгі поэзиясы аса биік сапа табады. Бұлардағы дүниені көрер көз, сезіну сыры, жалпы дүниетану қалпы, ақындық сыр, өмірге қараған көзқарас – барлығы да бұрынғы қазақ поэзиясы тудырмаған тың жаңалықты аңғартады.

Мұхтар Әуезов

XX ғасырдың алғашқы жылдарында-ақ әдебиет табалдырығын аттаған жас ақын-жазушылар Ілияс Жансүгіров, Сакен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов бастаған қаламгерлер әдебиеттің іргесін көтерісіп, қабырғасын қаласты.

Ілияс Жансүгіров 1894 жылы 14 майда қазіргі Алматы облысы Ақсу ауданында туған. Оның туған елі – Ақсу өзенінің бойын мекен еткен, негізінен мал баққан көшпелі ел болған. 1927 жылы жазған «Отарба» деген өлеңінде туған жерін ыстық сезіммен әдемі суреттеген.

Аспанның ұлы ала асқар,
Асқардың жүгі құз тастар,
Көргені – оның жалғыз жел.
Ағыны – боран ұлы өзен,
Ақ дауыл аспас аш кезең,
Қарта-қатпар бұйра бел.
Шырышы шұбар жыландай,
Жау жұмыры құмандай.¹

Ілиястың төрт жасында шешесі өліп, бірыңғай әке тәрбиесінде қалады. Туған анасынан жастай жетім қалуы және көз алдында сол анасының қайтыс болуы ақын жүрегіне өмір бойы өшпес із тастайды.

Ал енді әкесі Жансүгір – Берсүгір баласы, көптен озбас, көштен қалмас, шағын шаруасы бар, ескіше азын-аулақ оқыған, ескіше сауатты

¹ Жансүгіров І. «Ақжол» газеті. – Алматы: 1923.

адам болған. Халықтың бай ауыз әдебиеті үлгілерін, ел ақындарының жырларын, айтыстарын тыңдап, көп жинаған кісі екен. Мәселен, ол Абайдың, Шернияз бен Махамбеттің, Базардың, Ақан мен Біржанның сөздерін, Сүйінбай мен Күнбаланың, Жанақ пен Түбектің, Кемпірбай мен Шөженің, Біржан мен Сараның айтыстарын айрықша сүйіспеншілікпен жырлаған.

Жансүгір осындай туған елдің асыл сөз қазынасын жақсы көріп жинаған. Әдебиет сүйгіштігімен қатар көптеген қолөнеріне жетік, шебер, еңбекшіл адам екен. Аяқ киімді көк сауырлап тігетін етікші, темір мен ағаштан түйін түйетін ұста болыпты. Мінезі қатты, бала тәрбиесіне қатал әкесі өз білгенінің бәрін баласына үйретеді. Сондықтан да Ілияс Жансүгіров жас кезінен-ақ әкесінен оқып хат таниды, етік тігеді, ұсталық етеді, қоңыр даусымен ән салады, домбыра тартады. Зерек, ұғымды бала, әкесі сықылды халқының ән өнері мен сөз өнерін сүйеді. Бұл кезін Ілияс «Құлагер» поэмасында өте орынды еске алады.

Ежелден ескеруші ем елдің сөзін,
Бұлақтың тазалауға тінтіп көзін.
Бар ма деп ашпаған сыр, ашпаған жыр
Құлақты қырға түріп жүрген кезім,¹ – дейді.

Бірақ үздіксіз оқып, жүйелі білім аларлық жағдай Ілияс Жансүгіровте болмайды. Оның оқыған жері Қарағаштағы қазақ-татар тіліндегі бастауыш мектеп қана болатын. Онда бес жыл оқып, 1911 жылы бітіріп шығады. Сонан ол 1920 жылға дейін ауылда болады. Сонда жүрсе де ақынның алғашқы қадамын аңғартатын өлеңдер жазған. Оның «Бисекеннің жоқтауы», «Ынтықтар» өлеңдері шебер суретті, нәзік сыршыл ақын болатынын аңғартты.

Сонымен қатар 1915-16 жылдары жазған «Бұлбұлға», «Әншіге», «Өзіме», «Сәлемдеме», «Жанды сөз», «Алдымда» деген өлеңдер Ілияс Жансүгіровтің ақындық өресі мен аяқ алысының әжептәуір жетілгендігін аңғартады. Өлеңнің сарыны, құрылысы жөнінен Абайға еліктегені

¹ Жансүгіров І. «Кедей еркі» газеті. – Алматы: 1921.

байқалады. Тіпті әлеуметтік тақырыпқа жазған «Қалпымыз» атты өлеңінде біз оны кең тынысты ақын ретінде танимыз.

Жан сүйісіп, тән ысып,
Ынта айрылмай жалындар,
Сыбырласып, сырласып,
Кірден жүрек арылар,¹ – дейді.

Ескі әдетпен шырмалып, әкесі әперген қызға сүймей үйленеді де, көп азап шегеді. Үй болам, шаруашылық құрам деп, қысқа дәулетті оңына келтіре алмай, тағы қиналады. Едәуір уақытын зая кетіріп алғанын ақын үлкен өкінішпен еске түсіргені мәлім.

1920 жылы Ілияс Жансүгіров Ташкентке келіп, осындағы мұғалімдер даярлайтын қазақ-қырғыз институтының екі жылдық курсына түсіп оқи бастайды. Оқып жүріп, «Ақ жол» газетінде корректор болып істейді. Сөйтіп, аз да болса, газет жұмысынан тәжірибе алады. 1921 жылы әлгі курсты бітіріп, ол Талдықорған уезіндегі Белтоған ауылдық мектебінде мұғалім болып істейді.

Ауылға келіп мұғалім боп тұрған 1921-1922 жылдарда Ілияс Жансүгіров ел тұрмысына көбірек үңіледі. Елдегі әлеуметтік құбылыстар, қайшылықтар оның назарына ілігеді. Бірақ, өлеңдерінің басым тақырыбы оқу, жастар болғандықтан оның қаламынан «Жалпы жасқа», «Жас бұлбұлдарға», «Жас ұраны», «Жазғы шілде де» тағы басқа өлеңдерінде ол жастарды талпынуға, ұйымдасуға, оқуға шақырады.

1922 жылы қараша айында Ілияс Жансүгіров Алматыға келіп, «Тілші» газетінде әдеби қызметкер болып орналасады. 1923 жылдың ақпанында Алматыға қазақ-қырғыз институтының меңгерушісі боп тағайындалады.

1923-1924 жылдар ақын шығармашылығында ерекше бір жемісті, өнімді жылдар еді. Осы екі жылдың бойында ақын елуге жуық өлең жазған.

Өзінің профессионал ақын бола бастағанын түсінген ақын енді аударма жұмысымен де шұғылданады. Пушкин мен Лермонтов өлеңдерін

¹ Жансүгіров І. «Кедей еркі» газеті. – Алматы: 1921.

аудара бастайды. Сондай-ақ «Черкестер», «Қанжар», «Тілек», «Жыр», «Тұтқын» осы жылдары аударылған.

1928 жыл Ілияс Жансүгіров шығармашылығында елеулі кезең боп табылады. Қызылорда да оның тұңғыш «Сағанақ» атты өлеңдер жинағы шықты.

І.Жансүгіров Москвадағы оқуын бітіріп қайтқаннан кейін, «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде әдеби қызметкер болып істей бастайды. «Еңбекші қазақ» газетінде істеген үш жыл (1928-1931) ақын шығармаларының тағы бір басқыш жоғарылаған маңызды белесі болғаны даусыз.

Ілияс Жансүгіровтің халықаралық тақырыпқа жазған шығармаларының ішіндегі ең биік шыңы – 1929 жылы жазылған «Гималай» атты даңқты өлеңі.

Ақ шалып басын қар көміп,
Аспанның төсін арда еміп,
Жел жіберіп бір желпіп,
Ауық-ауық құшақтап,
Әлсін-әлсін нұр сеуіп,

Есейген асқар Гималай...¹ – деп басталатын өлеңде

ақынның жүрегінен ең ардақты сезімі ақтарылған. Ал енді:

Гималай-көктің кіндігі,
Гималай-жердің түндігі.
Мұз-туырлық, қар-үзік,
Түрілмеген бір күні,² - деген шумақта сол кездегі

қазақ ұғымына таныс киіз үйдің байырғы бейнесі арқылы керемет көркем сурет жасалған.

«Гималай» – Ілияс Жансүгіров шығармасының ішінде айрықша айшықтысы, әдемісі, мазмұны мен түрі қиысқан, төрт тақтасы түгел жатық, қорытып құйғандай, кесек шыққан туынды.

Далада туып өскен, даладан еш уақытта қол үзбеген ақын аракідік басқа тақырыптарға да бой ұрғанмен, дала образын ешқашан есінен шығарған емес. Дала, даладағы ауыл, даладағы өмір, тартыс, қайшылық,

¹ Жансүгіров І. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы. «Мектеп». 1986, 1-том. 68-б.

² Сонда. 68-б.

өзгеріс, жаңалық, жетістік – мұның бәрі ақынды не қайғыртады, қынжылтады, не қуантады, сүйсіндіреді.

Дала бейнесін Ілияс Жансүгіров 1930 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде басылған «Дала» поэмасында кеңінен жырлады. Халық басынан кешкен тарихи оқиғаларды толғау үшін қолайлы тәсіл үшін алынып, шығарманың өн бойында араласып отыратын бір шал бар. Оны ақын поэмасының басында:

Көпті көрген бір кәрі,
Талай-талай заманнан
Тепкі көрген қыр шалы
Дөңде отырды осы кез,¹ – деп суреттейді.

Шығарманың сюжеттік желісі шалдың шежіресіне құрылған. Сол себепті жазушының тарихи-философиялық толғауы жалаң топшылау, баяндау түрінде емес, аңыз, ертегі түрінде, ақындық суреттеулер, образдар арқылы суреттелген. Мұны тараулардың атынан да көруге болады: «Ақ табан», «Құл көгені», «Бостандық», «Октябрь дабысы», «Аласапыран», «Атаман ойнағы», «Әлсіз дауыс» тағы басқа.

«Құл көгенін» оқығанда, көгендегі шал мен баланың ыңырсыған зарын естисің. «Құрбандықты» оқығанда қорлыққа шыдай алмай, Еділге түсіп өлген тұтқын қыздың бейнесін көресің. «Отар жорығында» отаршылдармен бірге «өз» елін қоса шапқан қазақ феодалдарының озбырлығынан зар илеген халықтың қайғы-мұңын сезесің. «Жиделі байсында» халықтың туған мекенімен қоштасуын суреттеген психологиялық көріністі көз алдыңа келтіресің.

Жалпы ақынның аяқ алысында бастан-ақ бейне бір арындылық және аршындылық бар. Ойы өрен эпик ақынға хас қарымдылық, «алыстан сермеп», ұзаққа сілтегіш, кең тынысты. Ақын талантының осы бір қыры оның толғауларында, аяқталмай қалған «Мақпал» және «Рустем қырғыны», «Мәйек», «Кәмпеске», «Күй» поэмаларында бұрыннан байқалатын.

¹ Жансүгіров І. «Сана» журналы. – Алматы: 1925.

Ілияс Жансүгіровтің «Дала» поэмасынан кейінгі шығармашылығында бұрынғы тақырыптарға қарағанда тың жаңалықтар кең орын алады.

1932 жылы Жазушылар Одағының ұйымдастыру комитеті құрылады. Комитеттің төрағалығына Ілияс Жансүгіров тағайындалады. Жазушылар Одағының бірінші съезінде қазақ әдебиеті жайы мен міндеттері туралы баяндама жасап, көптеген соны, келелі пікірлер айтады.

Абайдың 1933 жылы басылған шығармалар жинағына І.Жансүгіров үлкен кіріспе мақала жазып, Абай поэзиясы мен әдеби мұра мәселесіне қатысты құнды ой, пікірлер білдіреді.

Абай поэзиясының әлеуметтік мәнін бағалауда Ілияс Жансүгіровтің жаңсақ айтылған сыңаржақ пікірлері де болды. Бірақ оны көп ұзамай өзі де мойындап, Абай шығармаларының халықтық сырын ұғынуға ат салысты.

Ілияс Жансүгіровтің поэзиясының анағұрлым өсіп, көп жаңа ірі жеміс салғаны өткен ғасырдың 30-40-жылдарына тура келеді. Оның «Құлагер», «Күй», «Күйші» поэмалары жарияланды. Ақын поэзиясының биік шоққысы еді.

Ақын шығармашылығында 20-жылдары «Әншіге» өлеңінен басталып ұлғая берген үлкен сарын қазақтың әні мен күйі еді. Абай айтқандай, «құлақтан кіріп бойды алатын» қасиеті туралы «Әнші» өлеңінде жақсы айтқан. Осы сезім оның 1929 жылы жазған «Күй» атты поэмасына арқау болады.

«Күй» поэмасында ол әуелі өзінің қазақ күйіне жетік және сол күйдің сыры мен сипатын білетіндігін жақсы-ақ танытқан.

Қобызшы Молқыбай шал Матайдағы,

Матайда Кенже, Тұңғат, Сақайдағы.

Қазақта қобызшының қалғаны сол,

Жорға еді маймаңдаған бақайшағы,¹ — деп басталатын

поэманың негізгі қаһарманы — қобызшы шал Молқыбай.

Күй туралы тақырыпқа Ілияс 1934 жыл қайта оралып, «Күйші» поэмасын жазды. Поэмадағы басты қаһарман енді Матайдан шыққан

¹ Жансүгіров І. Сағанақ. — Алматы: 1928.

қобызшы шал емес, Үйсіннен шыққан домбырашы жігіт, ол – Арқадан Жетісуға келген хан Кененің алдында домбырадан күй ағызады.

Жып-жым-жырт тыңдағандар тіл кескендей,
Құрыштап құлақтарын үн кескендей.
Сылдырап кейде қамыс, кейде бұлақ,
Қырдағы қоңыр түнде жыр көшкендей,¹ – жұрт әсерге
бөленеді.

Ханның қарындасы Қарашаш бір жиында күй тартқан жігітті меншігіне сұрап алады, күйші күй тартады, Қарашаш тыңдайды. Ханша күйге елітіп, жігітке іштей құмарлық сезіміне бөленсе, жігіт те қызды күй сырымен арбап өзіне тартады. Біріне-бірі тең емес (хан қызымен қарапайым қазақ) екі жастың ішкі сезім арпалысы күй тілімен көркем суретке түседі. Кейін Қарашаштың Әлімқұл датқа баласын дөрекілікпен жазалаған қатыгездігін көрген күйші қызға деген құмарлықтан арылып, «Жек көру» күйін тартады. Күй сырын түсінген қыз да одан арылып өз қалпына келеді.

Бұрынғы сылқылдақ күй тәтті тілді,
Айналды ашу жеккен күйге зілді.
От сөнді, қыз бойынан қызу кетіп,
Тырс етіп махаббаттың жібі үзілді,² – дейді ақын.

«Құлагер» поэмасы Жансүгіровтің ән-күй туралы жазған шығармаларының соңғысы, зәулімі және ең сәулеттісі. Бұл шығармаға өзек болған оқиға – Арқаның ардагер әнші ақыны, халықтың сүйікті композиторы Ақан серінің өміріндегі үлкен трагедия. Ілияс поэманың сюжетіне желі етіп Ақан өмірінің Құлагерге байланысты ел аузында аңызға айналған ең бір қайғылы кезеңін алып, шығармасының атын «Құлагер» қойған.

Ақын әуелі өзінің кіріспе толғауымен тербетіп алады да, соң тау суреттерін бейнелейді. Соның ішінде Ақанның туып өскен жерінің көркі, фон болған Көкшенің сұлу табиғатын көз алдыға әкеледі.

Көкорай, көркем тоғай маужыраған,

¹ Жансүгіров І. «Ақжол» газеті. – Алматы: 1923.

² Сонда. 1923.

Сұлудың көзіндей көл жаудыраған.
Малта тас, маржан, ақық, мерует тас,
Төгіліп көл жиекке саудыраған.
Көк кілем – балаусасы болбыраған,
Көк жібек жапырағы жалбыраған.
Ақ қанат аспандағы сонда жауып,
Балбұлақ таудан, тастан атқылаған.

Көкшетау – жер жаннаты жеке біткен
Бұл – сұлу кең далада бойын күткен
Жомарт тау, дастарханды, мамақан тау,
Шипа тау тазартатын, барлық дерттен.¹

Осы таулардың ортасында серілік құрған әрі әнші, әрі ақын Ақан – ақырында зәрлі өмірден күйініп, безіп, жапанда өмір сүреді. Жазушы оқиғаның басталар жерінде сюжет желісінің тоба қазығы іспетті мынадай бір жұмбақты картинаны көлденең тартады:

Ол күнде осы тауда жалғыз жан жүр,
Дүниеден аулақтаған дабыр-дүбір.
Қара шал қайында отыр көлеңкелеп,
Бір қу бас шал үстінде ілулі тұр.²

Қара шал кім? Қайыңға ілулі тұрған қу бас ненің басы? Бұл түйінді сұрақ. Міне, «Құлагер» поэмасы осы сұрақтың шешімін береді.

Ақан ғашық жары Ақмарқаға қосыла алмай, би-болыстардың кудалауымен елден шығады.

Жары да, жолдасы да тек біреу-ақ –
Онысы астындағы жалғыз аты.³

Осы жалғыз аты Құлагерді Ақан Ереймендегі Керей Сағынай дегеннің асына апарып, бәйгеге қосады. Ақын аттың суретін аса шеберлікпен бейнелеген. Құлагердің сипатын Абайдан кейінгі теңдесі жоқ классика десе болады. Оның жалғандағы ең аяулы жалғыз серігі Құлагерді 1300 аттың алдында келе жатқан жерінен Батыраш байдың суық қол қарақшысы қастықпен ұрып өлтіреді.

¹ Жансүгіров І. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы. «Мектеп». 1986, 1-том. 80-б.

² Сонда. 86-б.

³ Сонда. 88-б.

Бұл сұмдық Ақанды төбеден жай түскендей күйретеді. Құлагерден айрылған соң Көкшетауға қайтады. Міне, «Бай, бай, құлагерім» дейтін азалы ән осы жолы туған.

Ақын жоқтауы арқылы Құлагердің тұлғасы да жарқырап көрінеді. Ақын Ақан қайғысын қоғамдық әділетсіздіктен жала шеккен ел зарымен байланыстырады. Ақын жоқтауына табиғат та, ұшқан құс пен жердегі жәндік те қосып күңіренеді.

Ащы зар, ауыр шері айғайлайтын,
«Құлагер» айтқан сайын қайғы ойлатты.
Ұйқышыл керең қырға маза бермей,
Күрсініп соқыр түнді бай – байлатты.
«Зарлатты, ақыратты, жорғалатты,
Күйік ән көкке серпіп сорғалатты.
Азалы ащы дауыс зарлағанда,
Жұрт бірге жоқтап жатты өлген атты.¹

Ас тарап, әркім бет – бетімен кеткенде, Құлагердің басын құшақтап Ақан қалады. Ақын ат басын ағашқа іліп, соның іргесін паналаған. Қайғы үстінде туған «Құлагер» әні өз дәуіріндегі әлеуметтік әділетсіздік тудырған қазақ мұңының бір сыры сияқты халық санасына сіңді.

Шынында да Ақанның трагедиясы феодалдық заманда қорлық көрген халықтың трагедиясы еді. Сұм заман өзіне қарсы шапқан қандай асыл адамды болса да езіп, таптап келген, ал Ақанда сол сықылды өмір бойы қуғын көріп, мойымай қасарысып келіп, барлық тірегінен айрылған. «Құлагер» шын мәнінде поэзияның «сұлу сарайы», Жансүгіров шығармашылығының биік шыңы деуге толық дәлел бола алады.

Проза жанрында жазушы очерк, әңгіме, фельетондармен қатар «Жолдастар» атты көлемді роман жазды. Он жыл ішінде 20-дан астам очерк, фельетон, әңгіме жазды. Таңдамалы әңгімелері «Жол аузында» деген атпен өз алдына кітапша болып шықты.

¹ Жансүгіров І. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы. «Мектеп». 1986, 2-том. 102-б.

«Нұрша», «Бірінші май», «Қойшы мен аэроплан», «Шешілмеген жұмбақ», «Жедел жәрдем», ауыл адамдарының қажырлы еңбектері суреттеледі.

«Құқ» деген атпен дербес кітапша боп шыққан фельетондары жазушының сатиралық талантын танытады. Соның ішінде ерекше атап айтарлықтары: «Сөз Қамысбаевқа», «Сыйға-сый, сыраға бал», «Жарайсың, Шұлғаубаев», «Шалқыбай», «Құқ» т.б. Бұлар дербес көркемдік құны бар шығармалар.

Драматургия жанрында да Ілияс өзінің қабілетін сынап, «Кек», «Түрксиб», «Исатай-Махамбет» атты пьесалар жазған. Сонымен бірге ақын үлкен қабырғалы шығармаларды аударған. А.С.Пушкиннің «Гаврилияда», «Евгений Онегин» шығармаларын еркін аударған.

Жалпы, тұтас алғанда, І.Жансүгіровтің шығармашылығы – терең ойдың, үлкен сезімнің поэзиясы.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ақынның өмірі мен алғашқы туындыларын оқып, танысыңдар.
2. Ақын табиғатты суреттеуде қандай көркемдік тәсілдерді, сөз бейнелілігін пайдаланды?
3. «Гималай» өлеңі қалай туды? Оны талдаңдар.
4. «Күй», «Күйші» поэмаларының негізгі идеялық – көркемдік мазмұнын түсіндіріңдер.
5. «Құлагер» поэмасында Ақан бейнесі мен Құлагер тағдырын жырлаудың қағидалары қандай? Қазақтың өмірі, тұрмыс-салт, әдет-ғұрып ерекшеліктері онда қалай суреттелген?

Тест сұрақтары:

1. Үзінді Ілияс Жансүгіровтің қай шығармасынан алынған?

*Қобызшы ол – «Ақкөбікті» аңыратқан,
Боздатып «Боз інгенді» күңіrentкен.*

- А) «Күй»
- В) «Күйші»
- С) «Әнші»
- Д) «Құлагер»

2. Ілияс Жансүгіровтің «Күйші» поэмасында қай ханның бейнесі суреттеледі?

- А) Абылай хан
- В) Кенесары
- С) Әбілқайыр
- Д) Тәуке хан

3. Үзінді Ілияс Жансүгіровтің қай поэмасынан алынған?

*Бұрынғы өткен күніңді,
Берейін жырлап елге, анам.
Көргеніңді бүгінгі
Жаз, жаз, қалам, тер қалам.*

- А) «Жорық»
- В) «Күй»
- С) «Күйші»
- Д) «Дала»

4. Ілияс Жансүгіровтің саяси лирикасындағы үздік туындыны табыңыз?

- А) «Аттаныс»
- В) «Жетісу суреттері»
- С) «Гималай»
- Д) «Ағынды менің Ақсуым»

5. Берілген сипаттама Ілияс Жансүгіровтің қай поэмасының кейіпкеріне тән?

*Қойыңдай мінсіз, таудай таза жігіт,
Көң-қоқыр, былапыттан жеріп жүрген.*

- А) «Күй»
- В) «Құлагер»
- С) «Күйші»
- Д) «Көбік шашқан»

6. Қай шығарма Ілияс Жансүгіровтікі емес?

- А) «Батыр Баян»
 - В) «Құлагер»
 - С) «Күйші»
 - Д) «Күй»
7. **Ілияс Жансүгіровтің «Құқ» жинағы қандай шығарма?**
- А) Қазақтың әйгілі әншісі Ә. Найманбаев жайлы
 - В) Сықақ әңгімелер мен фельетондар жинағы
 - С) Поэмалар жинағы
 - Д) Мысал өлеңдер
8. **Ілияс Жансүгіровтің табиғат лирикасындағы ең үздік өлеңі қайсысы?**
- А) «Жетісу суреттері»
 - В) «Желді күн»
 - С) «Көлге»
 - Д) «Бұлақ басында»
9. **Әмірқан қай шығарманың кейіпкері?**
- А) «Әнші»
 - В) «Атаның әлдіі»
 - С) «Қамаудан»
 - Д) «Бөбек бөлеу»
10. **Ілияс Жансүгіров жырлаған тұлпарды табыңыз?**
- А) Көктүйғын
 - В) Тастүйген
 - С) Құлагер
 - Д) Байшұбар
11. **Ілияс Жансүгіровтің алғашқы өлеңдер жинағын табыңыз?**
- А) «Сағанақ»
 - В) «Арман»
 - С) «Тұңғыш тоғысу»
 - Д) «Күйші»
12. **Ілияс Жансүгіровтің эпикалық жанрдағы алғашқы поэмасын табыңыз?**
- А) «Жорық»
 - В) «Мақпал»
 - С) «Дала»
 - Д) «Рүстем қырғыны»
13. **Ілияс Жансүгіровтің эпикалық жанрдағы соңғы поэмасын табыңыз?**
- А) «Көбік шашқан»

В) «Құлагер»

С) «Жорық»

Д) «Күй»

14. «Құлагер» поэмасында Құлагерге шынайы сипаттама берген кім?

А) Батыраш

В) Айтпақ

С) Күреңбай

Д) Шорман

15. «Күйші» поэмасының кейіпкерін табыңыз?

А) Жамал

В) Айша

С) Қарашаш

Д) Сұлушаш



Иса Байзақов

(1900-1946)

Иса Байзақов – жалынды жас, қызу қанды, тапқыр, импровизатор ақын. Ол шебер айтады да және әсерлі, әдемі ән де сала біледі. Ал, сахна ойынына келгенде, ол жаратылысынан артист сияқты үздік адам. Оның сөйлеуінде, қимыл қозғалысында жұртты өзіне тартып қызықтырып жететін сезім қабілеті күшті. Жалпы ол – қазақ халқының саф алтын талантының үлгісі.

Александр Затаевич

Қазақтың суырып салып өлең айту өнерінің шын шебері, атақты сөз зергері, бойына тәңір дарытқан ұлы талантымен халық әдебиетін жазба әдебиеттің дәрежесіне көтерген. Бүгінде оның өнері халықтың шығармашылық еңбегіне аса қажет болып тұрғаны даусыз. Халықтың суырып салып өлең шығару дәстүрін қайта жаңғыруы, айтыстың дамуы бұған дәлел.

Иса – жан-жақты талант иесі. Ақын, әнші, жыршы, артист – өрісі кең азаматтың есімі жасынан халық ішіне аңыз боп тараған. Иса замандастарының естеліктерімен оның шығармаларын оқысаң, бұған көзің әбден жетеді. Ол халық әдебиетін жатқа біліп жырлаған, айтысқа қатысқан, артына толғаулар, өлеңдер мен бірқатар поэмалар қалдырған. Әнші есебінде көптеген халық әндерінің тексін жаңартып, өзі шығарған әндерге де текст жазған.

Иса Байзақов 1900 жылы Павлодар облысындағы Ертіс ауданының жерінде туады. Ақынның әкесі Байзақ кедей, ескіше оқи, жаза білетін адам болған. Болашақ ақынның шешесі Ғазиза да өлең-сөзге икемді адам екен. Исаны жасынан өлеңге үйрете беріпті. Жасында шешесі өліп, жетім қалған Иса ағасы Мұсаның кейінірек нағашы шешесі Жансаяның қолында

тәрбиеленеді. Нағашысы Рахмет домбыраға, әншілікке үйір болыпты, өнерді қадір тұтқан жанұяда өлеңмен сөз жарыстыру, қақтығысу сияқты мінездер де болған. Осындай бір қақтығыста апасы Зылиханың:

Басында жұма-жұма ескі бөрік,
Ағаш ат астындағы жансыз көлік.
Он бойың құс түскендей, түрің мынау,
Қақсадың, тумай жатып шешең өліп, -

деген сөзіне Иса:

Кекілің кербесті аттық түймедің бе,
Тал шыбық бұрайын деп имедім бе?
Несіне бөркімді айтып мазақтайсың,
Бөркінді істеп берген кимедім бе?¹ – деп іле жауап

берген. Жас өспірім бала кезінде мұқтаждық қысқан Иса саудагерлерге жалданып Омбы, Қызылжарға мал айдағандарға қосылып жалшылық етеді. Одан кейін орыс поселкесіне жалданып бақташы болады, сөйтіп жүріп бір қыдыру орысша тіл үйренеді. Он үш жасар ағасының қайнысы Нұртазаны үйіне барып, Уфадағы «Ғалия» медресесін бітіріп келген Күрлеуітұлы Құсайыннан оқу оқиды. Сонда жүріп қиссалар, өлең кітаптар оқып әдеттенеді.

1916 жылы 16 жасар Иса болыстың әділетсіздігінің салдарынан приемға ілігіп, әкесі Байзақ, ағасы Мұса үшеуі Томск мен Красноярский көмір шақтасында жұмыс істейді.

1917 жылы Иса еліне оралып, ақындар айтысына түсе бастайды. Ол Кереку, Қызылжар, Омбы қалаларын аралап атақты ақын Құдайберген, Ыбырай, Құрқожалармен айтысады, талайын жеңеді. 1922 жылы Наурызда Семейде шығатын губерниялық «Қазақ тілі» газетінде Исаның «Аттан, ерлер» деген өлеңі жарияланады. Осыдан кейін түгелдей ақындыққа бет бұрады. Ол бірнеше жыл Семейде, Орынборда, Ташкентте болады. 1926 жылы Қазақтың мемлекеттік драма театрының шымылдығын әнмен ең бірінші Иса ашады. Ақын сол театрда, 1929 жылға дейін артист, әнші болып қызмет істейді. 1929-1932 жылдары Иса Алматыдағы педагогикалық институттың жұмысшы факультетінде оқиды. Одан кейінгі

¹ Байзақов И. Шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы», 1964, 1-том. 10-б.

жылдар – өмірінің соңына дейін өлең шығарумен, ән салумен, жазушылық жұмысымен шұғылданады.

Исаның суреткерлігі, әсіресе, оның поэмаларынан анық көрінеді. Халық тарихының кезеңді оқиғаларын қамтыған кең тақырыбымен, заман сырын ашар мазмұнымен, адам тағдырын қызықты бейнелеуімен, төгіліп тұрған өлең жолдарымен, сюжет құруға шеберлігімен Иса поэмалары кезінде жас ұрпақтың жаттап өскен шығармаларына айналды.

Иса поэмалары, негізінен, екі түрлі тақырыпты – қазақ елінің сыртқы басқыншы жауға қарсы азаттық күресі мен жастардың бас бостандығы, теңдігін қорғау идеясын көтерді. Сондықтан ол сол дәуірдің сырын, оның адамдарының психологиясын жақсы аша білді. Елдік пен ерлікті, батырлық пен даналықты жырлады. Халықтың дана қаһармандарын бейнелеген Иса поэмалары кезінде идеологиялық комитеттің шеңберіне сыймай, біраз сынға да ұшырағаны белгілі. Мәселен, Келден атты өзі бай, өзі батыр, ауқатты адам мен Монтай атты әділ биді ашқан «Құралай сұлу» мен Кенесары – Наурызбай қозғалысының бас батыры Ағыбайдың ерлігін суреттеген «Қойшының ертегісі» шығармалар жинағына да кірмей қалды.

Бұл поэмалар қазақ елі өмірін топқа, жікке бөлмеген тұстың, ел болып, ел билігінде отырған азаматтардың бас болып, сыртқы жауға қарсы күрескен дәуірінің шындығын бейнелейді. Ұлғайған шағында жалғыз баласы өліп, мұңы молайған Монтай бидің армансыз адам іздеп Келденге келуі, білеміз адам өмір қызығына тойымсыз, әрі өткенін ұмытып кете алмайды.

«Алтай аясында», «Ақбөпе» поэмаларында Иса жастардың бас бостандығы идеясын ел ішіндегі таптық тартысқа құра суреттейді. Қызды күні бұрын атастыру мен қалың мал алып ұзату салтын ұстаған ескішіл күштер мен теңдік аңсаған жастар күреске түседі. Әлеуметтік теңсіздік үстемдік құрған заманда жастардың бас бостандығын қорғауы оңай болмаған. Арманына жеткендер о заманда аз болған да, көбінің артында

махаббаттың өлмес жыры қалған. Иса — осы халық мұңын арманын жырлаушы.

Аруды Ақбөпедей ел жырлайды,
Бес келе, бес арналы көл жырлайды.
Ертек қып тауда қыран түзде тоты,
Ғашықтың өмірінен сыр сырлайды.

Халықтың қасиетін жанмен ұққан,
Бұл жырды мен жырламай, кім жырлайды!?
Мезгілсіз, мерекесіз өткендердің,
Жандары бізді де айт деп сыбырлайды,¹ —

дейді ақын «Ақбөпе» поэмасының кіріспесінде.

«Кавказ» атты атақты поэмасын Иса Дағыстан елінің аңыз-әңгімелері негізінде жазған. Бұған ұқсас сюжет Абайдың ұлы Ақылбайдың «Дағыстан» поэмасында кездеседі. Иса оны біле тұра, Ақылбаймен жарысып жаздым дейді. Бұл поэмада да Иса Дағыстан еліндегі кедей жігіт пен оған қастық жасаған өзімшіл, бай адамның арасындағы күресті таптық көзқарас тұрғысында түсіндіруге тырысқан. Оқыс оқиғалар кездеседі, бірақ реалистік негізін бұзбайды.

«Он бір күн, он бір түн», «Ұлы құрылыс» атты поэмаларын Иса кеңес дәуірі шындығынан алып жазды. Алғашқы болған бір кеште ауызша жырлаған екен. Кейін қағазға түскен.

Исаның жалпы ел тұрмысына, тіршілік-тынысына байланысты ақынның өлең жолдарынан шындықтың көріністерін бір танысақ, жеке мінездемелерде, портрет жасауда, адамның күйініш-сүйініштерін суреттеуде ақын талантының күшін екінші рет көреміз. Ел өмірінің тұтас бір суретін елестету үшін «Құралай сұлуды» оқып көрейік.

Ер Келден сол өлкеден таңдап алған,
Көкмұрын - той өзенін мекен қылған.
Ол өзен Шудан аққан бойыменен,
Батысқа өлкені өрлеп кетеді әрман.

Өзеннің екі жағы — қамысты көл,
Жайылып екі тарап болады сол.

¹ Байзақов И. Шығармалар жинағы. — Алматы: «Жазушы», 1964, 1-том. 18-б.

Шашты қыз, тарақты, алшын-шөп өседі,
Ат шаптырым алап та жайлаған ел.

Көшпелі қазақ ауылының жайлаудағы өмірі, салтанатты бай ауылы, оның қонысы, табиғат сұлулығы әдемі суреттелген. Байлар ертеде ауыл үсті былғанышты болады деп, малды ауылды бөлек қондырған. Олардың кешкі малды қарсы алған у-шуы, өлке бойын қуалаған кешкі үні мен ауыл түтініне шейін тәптіштеп суреттеген. Ақын өмірді қандай терең біледі десеңізші – Шу бойының өзіне тән өсімдіктеріне, көлдерді мекендеген құстарына шейін санап өтеді. Ел тіршілігінің мұндай кең жасалған суреттерін ақын поэмаларында мол кездестіреміз. Қалмақ шапқан тұстағы әбігерге түскен ел жағдайы «Құралай сұлуда» да, «Алтай аясында» да тартымды суреттелген. «Жау кеп қалды» деп асығыс көшкен ел «Алтай аясында»:

Не қалды, көшкен елдің жұрты қалды,
Өреде жаңа жайған құрты қалды.
Жиюсыз қазан-ошақ, күл шашылып,
Үйінің ішін алып, сырты қалды.

Кей үйдің үзігін ап, бауын кешкен,
Кей үйдің түндіктері жерге түскен,
Бау-шуы қараша үйдің жалбырасып,
Желменен бос киіздер желбеңдескен,¹ – деп суреттейді.

«Құралай сұлудағы» қалың жылқыны жау айдап кеткен тұстағы елдің әбігерін, жауды қууға ұмтылған халықтың сең соққандай күйін Иса:

Жалаң аяқ, жалаң бас кетті халық,
Біреу бақаң, біреуі сырық алып,
Қатын-қалаш, қалмады тайлы-таяқ,
Ел сеңдей соғылысты аттан салып.

Біреу жылап, біреулер абыр-сабыр,
Ел басына түскен соң заман ақыр.
Өгіз, түйе мінгендер борсаңдатып,
Жаяудан оза да алмай бара жатыр,² – деп суреттейді.

¹ Байзақов И. Шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы», 1964, 1-том. 35-б.

² Сонда. 39-б.

Иса табиғаттың талантты жыршысы, оның поэмаларының оқиғалары, көбінесе, қазақ жерінің табиғаты бай өлкелерінде өтеді. Поэмаларынан Алтай мен Баян тауларының, Зайсан мен Шу бойының, Кавказ бен Саян тауларының тамаша жасалған жанды суреттерін көре аламыз. Исада көзбен тану қабілеті күшті. Белгілі бір құбылысты жалаң алмай, айналасымен молынан тануға ұмтылады. «Көздің көркі, көңілге ем болған» Алтайдың демі – кең аңқитынын да ұмытпайды.

Бірінен-бірі биік ну қарағай,
Етекпен көтерілген өрге қарай.
Таулардың өркештеген өрлеуінде,¹ – десе,
Кавказ суреті өзінше бөлек:
Бөленген көк торғынға Кавказ сері,
Меруерттей су лақтырып өзендері.
Шомылтып күн нұрына көк тастардың,
Күмістей көбіктеніп аққан селі².

Жалпы Исаның табиғатты суреттеуінде ерекше ақындық шабыт бар. Ол адамның көңіл-күйін табиғатпен шебер ұштастырады. Егер табиғат жарқырап, көңілді тұрса, адам көңілі де шат. Ал, табиғаттың түнерген, тұнжыраған суреттерінің ар жағында адам басына түсер ауыртпалық, көңілсіздік сезіледі. Нәтижеде таңның ату суреті, күннің бату суреті, түн суреті, кеш суреті сияқты ерекшеліктерін шебер суреттей алады.

Кейіпкерді мінездеуде, портрет жасауда Исаның ақындығы айрықша. Көріп отырғанымыздай оның кейіпкерлері – батыр жігіттер мен сұлу қыздар. Балағаз, Бағда, Келден, Әмірхан сияқты жігіттердің, Құралай, Еркежан, Ақбөпе, Зайда сияқты әдемі қыздардың бойынан өзара ұқсастықты көруге болады.

Мысалы Ақбөпені:

Талма-түстің шағындай бой нұсқасы,
Түйген жібек секілді түйме басы.
Камшат бөрік шашақты және үкілі,
Төгілген қара мақпал құндыз шашы,³ – деп суреттейді.

¹ Байзақов И. Шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы», 1964, 2-том. 80-б.

² Сонда. 89-б.

³ Сонда. 90-б.

Халық әдебиетінен сусындап әдебиетке келген ақын ерекше таланты мен үздіксіз ізденудің арқасында сол дәуірдегі жазба әдебиетке қызмет етті. Оның шығармашылығы ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің арасын байланыстырған алтын көпір сияқты. Оның шығармаларының көбі әуелде ауызша жырланып, кейін қағазға түскен. Оның айтқыштығы, ағылып-төгіліп тұрған сөз өнері суырып салып айтудың классикалық үлгісі еді. Мұның бәрі ақын есімін халық арасына кең жайды.

20-жылдың ішінде Исамен кездесіп, әндер жазып алған А.В.Затаевич: «Иса Байзақов – жалынды жас, қызу қанды, тапқыр, импровизатор ақын. Ол шебер айта да және әсерлі, әдемі ән де сала біледі. Ал сахна ойынына келгенде, ол жаратылысынан артист сияқты үздік адам. Оның сөйлеуінде, қимыл-қозғалысында жұртты өзіне тартып қызықтырып әкететін сезім қабілеті күшті. Жалпы ол – қазақ халқының саф алтын талантының үлгісі. Халықтың берген тақырыбы немесе қалауы бойынша қолма-қол шапшаң суырып салып, батыл ұзақ айтқан оның өлең-жырлары бейне бір өзеннің тасқынындай қалың көпшілікті де, жеке білімді адамдарды да қайран қалдырып, сүйсіндіре біледі»,¹ – деп жазған.

1956 жылы Иса шығармалары толық күйінде жиналып, Е.Ысмаиловтың алғы сөзімен шықты. Алайда, бүгінде И.Байзақов шығармаларына қайта оралып, әсіресе, «Қойшының ертегісі», тағы басқа шығармаларын қосып, халқымен қауыштыру басты міндет.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Иса Байзақовтың өмір жолы мен алғашқы шығармашылығын сипаттаңдар.
2. Исаның қандай айтысын білесіңдер. Оның әншілік қасиеті қандай?
3. Поэмаларының тақырыбы мен идеялық-көркемдік мазмұнын түсіндіріңдер.
4. Ақын туралы, оның соңғы шығармалары туралы не білесіңдер.

¹ Затаевич А. Қазақ халқының 1000 әні. – Алматы: 1925. 119-б.

Тест сұрақтары:

1. Иса Байзақов қайда туған?

- А) Павлодар облысы, Ертіс ауданы
- В) Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы
- С) Түркістан облысы, Отырар ауданы
- Д) Қарағанды облысы, Теміртау қаласы

2. Иса Байзақов кім?

- А) Ғалым
- В) Жазушы
- С) Ақын
- Д) Сазгер

3. Оны кішкентай кезінде кім деп атаған?

- А) «Ақын жігіт»
- В) «Ділмар шешен»
- С) «Әнші жігіт»
- Д) «Домбырашы жігіт»

4. Ақынның алғашқы өлеңдері қай жылы жарық көре бастады?

- А) 1924 ж.
- В) 1923 ж.
- С) 1926 ж.
- Д) 1929 ж.

5. «Біржан-Сара» сахналық көрінісінде ақын қай рөлді орындаған?

- А) Ақан
- В) Сәбит
- С) Біржан
- Д) Дәуіт

6. И. Байзақов алғашқы білімін қай қалада алады?

- А) Ташкент
- В) Бұқара
- С) Уфа
- Д) Семей

7. Ақынның өмір сүрген жылдарын анықтаңыз.

- А) 1900-1946
- В) 1903-1947
- С) 1900-1948
- Д) 1901-1945

8. Ақын айтысқа алғашқы рет қай жылы түсе бастады?

- А) 1918

В) 1917

С) 1919

Д) 1920

9. Ақынның 1922 жылғы «Аттан ерлер» атты өлеңі қай газетте жарық көрді?

А) «Қазақ әдебиеті»

В) «Қазақ тілі»

С) «Жұлдыз»

Д) «Балдырған»

10. Ақын «Қойшының ертегісі» атты шығармасында қазақтың қай ханын суреттейді?

А) Абылай хан

В) Кенесары хан

С) Жәнібек хан

Д) Қасым хан

11. «Алтай аясында» поэмасында ақын қандай идеяны алға тартады?

А) Жастардың бас бостандығы

В) Әйел теңсіздігі

С) Әлеуметтік жағдай

Д) Тәуелсіздік

12. Ақынның кеңес дәуірін суреттейтін поэмасын табыңыз.

А) «Дағыстан»

В) «Ақбөпе»

С) «Ұлы құрылыс»

Д) «Құралай сұлу»

13. Ақынның көшпелі қазақ ауылының жағдайы суреттелген туындысын табыңыз?

А) «Жау кеп қалды»

В) «Алтай аясында»

С) «Ұлы құрылыс»

Д) «Құралай сұлу»

14. Ақынның туындыларында оның назары кімдерге қаратылған?

А) Жастарға

В) Ауыл адамдарына

С) Әскерилерге

Д) Қыздарға

15. 1956 жылы ақынның толық шығармаларын жинап баспа бетінде жарияланған кім?

- А) Т. Айбергенов
- В) Е. Ысмайлов
- С) Е. Айшуақов
- Д) Б. Соқпақбаев



Қасым Аманжолов
(1911-1955)

Қасым жыры көңіліміздің аса бір шадыман бақытты шағы. Ол – әрқайсысымыздың-ақ арман-қиялымыздың ілгері бастаушыларының бірі. «Сөз қалай түледі?» –деген Өлең қалай жанданды? Ой мен өнер қалай өрледі? Деген сұрақтарға ешкім де Қасымсыз жауап бере алмайды.

Әбділда Тәжібаев

Қасым Рахымжанұлы Аманжолов 1911 жыл қазан айында қазіргі Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында Қызыл деген жерде туған. Жастай жетім қалған ол ең алғаш жиырма бесінші жылдардың бас кезінде ауылда ашылған мектепте сауатын ашып, кейін Семей интернатында (1924-1926) тәрбиеленеді. 1927-1930 жылдар ішінде сондағы мал дәрігерлік техникумында оқиды. 1930 жылы Қасым Аманжолов Алматыға келіп, біраз уақыт газетте істейді де, 1931 жыл Ленинградтағы орман шаруашылығы институтына оқуға түседі. Бірақ денсаулығына байланысты институтта бірер жыл ғана оқыған Қасым Орал қаласына келіп, «Екпінді құрылыс» газетіне орналасады. Кейін (1935-1936) Орал театрында істейді.

Жасынан өлең-жырға үйір ақын Семейде жүрген кезде өлеңдер жазған. Ал оның шын ақындық жолына түсуі – Оралда қызмет істеген жылдармен тең келеді. 1938 жылы ақынның тұңғыш өлеңдер жинағы «Өмір сыры» деген атпен басылды.

Іздену үстіндегі жас ақын бұл жолдың әдебиет үшін өміршең емес екендігін тез аңғарады да, есін жиып ала қойды. Сол тұста ол лирикаға біраз толас беріп, ұзақ поэмалар жазды. «Жамбыл тойында» (1938), «Құпия қыз» (1939), «Бикеш» (1940) поэмалары оның саясатқа соқпай, кең сюжет пен ақындық толғаныс арқылы өмір шындығы суреттеріне бет түзеуі еді. Бұл поэмаларда үлкен ақындық қиял да, жастық сезім байлығы да, өмірдің кей жасалған суреттері де, нақты адам образдары да, төкпе ақындық пен бейнелілік те, суреткерлік те бірден көзге шалынады. Жамбыл тойына (1938 жылы өткен) дүние жүзі ақындарын қиялмен жинаған ақындық қиялдың кеңдігі мен аз сөзбен олардың жарқын бейнесін ашарлық образды да ақын әдемі таба білді.

Дабылы ұлы тойдың әлемді алған,
Кетті асыл асулардан, ғасырлардан.
- Жол ұзақ, желмаямен жете алман, - деп,
Парнаста Гомер тұрып етті арман.

Фирдауси қолына алып «Шахнамасын»
Иранның мінбе етіп мұнарасын.
Тапсырып Лахутиға, сәлем айтып,
Құттықтап Жамбыл тойын иді басын.

Тәттімбет күндік жерден сылқылдатып,
Қиырдан Құрманғазы күй тыңдатып.
Салдыртып келіп жетті Сұлтанмахмұт
Екі өмір арасында бір түн қатып.¹

Осы бір соңғы тармақта екі дүние арасында қайшылықты өмір кешіп, толғанып өткен Сұлтанмахмұт ақынның бүкіл өмір жолы елестейді. Қытайдағы Гоминдань режимінен қашып шыққан қазақ қызының кеңес одағынан азаттық іздеп өтуі сияқты шартты сюжетке құрылғанмен, Қытай қазақтары өмірінің суреттері, адам тағдырлары, ақындық толғаныс пен суреткерліктің тоғысуы «Құпия қыз» поэмасын өз заманының елеулі

¹ Қ.Аманжолов. Шығармалары. 4-том. 1980, 25-б.

туындыларының қатарына көтерді. Поэма 1939 жылы конкурсқа түскен қазақ поэмаларының таңдаулысы ретінде бәйгеге ілікті.

Ақынның суреткерлік бағыттағы осы ізденісі оның отызыншы-қырқыншы жылдардың шекарасында жазған өлеңдерінде де кең өріс тапты.

Ақын таланты екінші дүние жүзілік соғыс майданында толысты. Ол қазақ әдебиетіндегі әскери лириканы туғызып, қалыптастырып, жетілдіру жолында үлкен мектептен өтті. Соғыс кезіндегі ұранға, шақыруға, мадақтауға құрылған көп жырларға қарама-қарсы ақын майдан өмірінің өткір де қатігез шындығын өз өлеңдеріне арқау етті. Оның өлеңдерінің лирикалық кейіпкері-қан кешіп, қыршын жастарды асап жатқан соғыс – аждаһаның аузында жүрген солдат. Ақын оның басынан кешкендері, сезімі, ойы арқылы адамға тән төзімділікті, қайсарлықты, ерлікті паш етеді. Кеудесі кек пен ызаға толы, қажу мен шаршауды білмейтін қайратты жан «Елге хат» жолдап,

Түссем де отқа, суға майыр емен,
Солдаттың етігіндей жаным сыры,¹ – дейді

Соғыс даласына қан мен жаңбыр, қар араласқан лайсаң тіршілігіне міз бақпай шыдаған солдаттың кирза етігін ақын төзімділіктің бейнесіне айналдыра жырлайды.

Солдатпын мен өзіңдей
Қан қатқан шинеліне.
Қасарып келем көнбей
Ажалдың дегеніне.

Қасарысып келем көнбей,
Қажыса еш сыр бермей,² – дейді ақын.

Солдат бойындағы қайсарлық, қажыр, төзімділік сыры оның елге хат түрінде жазған өлеңдерінің («Сәбитке», «Ғалиға», «Қалмақанға», «Қапанға», т.б.) бәрінде де бар. От шайнаған ақын-солдаттың ішінде жанартаудай жыр жатқанын да осы хаттар жеткізеді. Ол өмірді сүйеді. Сондықтан «ажалдың дегеніне көнбей», оңайлықпен

¹ Қ.Аманжолов. Шығармалары. 4-том. 1980, 55-б.

² Сонда. 62-б.

берілмей, қасарыса өмір үшін күреседі. Әскери лириканың жаңа кейіпкерін ашқан Қасым ақынның бұл өлеңдері – қазақ лирикасы тарихының жаңа бетін құрайды.

Білмеймін қайда жоғалттым,
Сескену, қорқу дегенді.
Есігін қақтым тозақтың
Өлеңмен келіп мен енді.¹

Солдат мінезіндегі осындай сипаттар пендешілік қыңырлық емес, туған ел тәуелсіздігін қорғау жолында қалыптасқан жаңа сапа, тың мінез. Ол өліммен бетпе-бет келген шақтардағы өмір үшін күресте туады. Оның жеңісті күтуінің өзінде қайсарлық, шыдамдылық бар.

Күтудеміз тұрсақ та әзілдесіп,
Арпалысып жүрсек те қан-сел кешіп.
Күтудеміз сонау сұр окоптарда
Өліп бара жатсақ та талып өшіп.

Мейлі күтіп шыдамай темір сынсын
Мейлі көлдер суалсын, тас үгілсін.
Қасарысып біз күттік шыда, жүрек,

Бұл ақырғы, ең ауыр, болсын бір сын,² – дейді ол.

Ақынның «Дариғасы» – «өлмес өмір өлеңін» айтып келген ақынның жан сезімі, өмірге құштарлығы. Дариға – өмірге деген ынтықтығын бұзып кеткен соғыс алаңын кешіп қайтқан солдат сол ғашығын шарқ ұрып іздеуде. Шағын өлеңде соғыстың алапат суреттері де («Туды толқын, шайқалды шың – күз», «Қып-қызыл өрттің ішінде жүрміз»), адам қажырының күші де («Қайратым қайда, келші осындайда»), өмірге деген шексіз сезімде («Қайда екен, қайда, Дариға, сол қыз») тапқырлықпен бейнеленген.

Бұл тұстағы эпикалық поэзияда аса биік бағаланатын шығарма-ақынның «Ақын өлімі туралы аңыз» атты поэмасы. Бұл – соғыстың қызу кезінде, майдан даласында туған шығарма. Оған Қасым Аманжоловтың ақын жолдасы Абдолла Жұмағалиевтің ерлік өлімі оқиғалары себеп болған. Бір селода болған ұрыста жауды беттетпей бір үйді паналап

¹ Қ.Аманжолов. Шығармалары. 4-том. 1980, 41-б.

² Сонда. 49-б.

атысқан Абдолла жау қоршауында қалады да, оны атысып ала алмаған жау ызаланып үйді өртейді. Осы бір эпизодтық оқиғаны ақындық жинақтаушылықпен қорытқан ақын Абдолланың ісінен заман батырының бейнесін таба суреттейді. Оның өлімінің өзінде ерлік бар. Ол от ұстаған Прометейді елестетіп, өр тұрып құлайды. Жалын жанды, намысқой, өр сезімді Абдолла - батыр:

Құдірет күші – жер жаһанның,
Қанатын бер қыран құстың,
Ашуын бер арыстанның,
Жүрегін бер жолбарыстың,
Күллі әлемнің ашу – кегі,
Орна менің кеудеме кеп.
Жау жолына атам сені,
Бомба бол да, жарыл жүрек!¹ –

деп шарт сынады. Қасым кейіпкерінің ерлік ісін лирико-романтикалық сарында, жалынды ақындық пафоспен, үлкен сезімталдықпен жырлайды. Соғыстың дәл өтінен келіп, газетте жариялаған ақын поэмасын Ғ.Мүсірепов «Майданнан соққан жаңа леп» деп бағалаған еді.

Ақынның әскери лирикасы тек майдан өмірінің қатігез шындығын суреттеуімен ғана емес, солдаттың жан сезімін, оның туған ел табиғатымен байланысын ашуда да аса бағалы. Ол әскери өмірін Қиыр Шығыста бастап, содан қазақ жерін баса майданға аттанды. Осы жолдары оның бойындағы азаматтық, ақындық сезім «Байқал», «Ертіс», «Сарыарқа», «Орал» сияқты өлеңдерінде айрықша көрінді. Ол табиғаттың әсем суретін адам сезімімен тұтастықта танып, лирикалық кейіпкердің арманы мен нәзік көңіл-күйіне, сағынышына, қиялына айналдырады. Адам мен табиғатты тікелей қарым-қатынасқа келтіреді.

Ұшты құстар көңілімнен,
Жанымда жыр толғадым,
Шымылдықтай төгілген,
Араладым орманын.
Аспанменен егескен,

¹ Қ.Аманжолов. Шығармалары. 4-том. 1980, 25-б.

Бастым зәулім шыңдарын.
Күркіреп көкте кеңескен,
Бұлттың сөзін тыңдадым.
Өр толқынмен ойнадым,
Қақтым ұшқан құстарын.
Шолп-шолп еткен шортанын
Шоқтығынан ұстадым.
Жаттым бір кез құмартып
Салқын, самал сайында.
Би билеттім бұралтып,
Ақ балтырлы қайыңға.¹

«Байқал» өлеңінен келтірілген осы үзіндінің өзінде лирикалық кейіпкердің табиғатпен туыстығы танылады. Олар көл маңы табиғатының көркем көрінісіне ұласып, биік романтикаға көтеріледі. Байқалдың торғын тұман жамылған көлі, таң сәріден кернейлете құйған өлеңдері, көлге ғашық боп ерте оянған таң-бәрі де ақын қиялын тербеп, сұлу суретке айналады. Ертіс пен Сарыарқа тұсынан өткенде де, Оралға тоқтағанда да солдат сезімі молайып, туған даласын қия алмай қиналып аттанады.

Майданда, «табиғат – анама мен туғам тартып» деп өзі айтқандай, ақын табиғат апатын өзінің жан күйзелісімен салыстырады.

Қан қақтаған жалпақ дала
Жанымдай боп жатты өртеніп.
Кешкі аспан қызыл ала
Төмен түсіп тұрды төніп.
Оралғандай тұмша бұлтқа
Отырдым мен бейне құз тас.
Ішкі толқын теуіп сыртқа

Шашырады көзімнен жас,² – деп жазды елге жолдаған хаттарының бірінде. Ақын сезімі қандай күрделі, ауыр болса, оның сыры да бүкпесіз шын.

Соғыстан соңғы ақын өмірі тым ұзақ бола алмады. Соның өзінде ақын қатарынан қалмай, бейбіт еңбекті жырлауға атсалысты. Оның бұл тақырыптағы өлеңдері заманды, еңбекті жалаң мадақтау емес, әдемі көріністер мен адамның рухани биіктігін суреттеуге арналады. Олар жақын образдарымен ашады. Бұл тұрғыда ақынның «Ауыл сырты маржан көл»,

¹ Қ. Аманжолов. Шығармалары. 4-том. 1980, 40-б.

² Сонда. 45-б.

«Ай астында алтын тау», «Күн көтерген қарындас», т.б. өлеңдері аса бағалы.

Қасым Аманжолов – ерліктің, тәуекелдің ақыны еді. Оның қайсар мінезі, ақындық өктем күші өлеңдерінің биік пафосы адам рухының жоғарлығын паш етеді. «Нар тәуекел» атты өлеңнің сол ақын өмірінің кредосы десе де болады.

Нар тәуекел, құлаш ұрдым қиынға,
Қайрат шіркін, алып шықса қиын ба?
Бұл сапарда сүрініп те қалармын,
Сонда, достым, мені айыпқа бұйырма.

Жығылам деп жүре алмаймын жай басып,
Жүгіремін киіп жарып, айқасып.
Мүлги берсін, ілби берсін қорқақтар
Жалт-жұлт қарап жан-жағына, жай басып.

Жығылсам да жүгірумен өтермін,
Аяңшылдың ақылын мен не етермін.
Алқынармын, жүгірермін, шаршармын –
Барар жерге бұрынырақ жетермін.¹

Оның «Туған жер» өлеңі бүгін әнге қосылып айтылып жүр. Туған жерге, елге деген құштарлық балалық сезім мұнда аса ыстық сезіммен шынайы бейнеленеді.

Сенде тудым, сенде өстім, сенде өлсем,
Арманым жоқ бұл дүниеде дер едім.²

Бұл – туған жерге кіндігінен байланған адамның жан сөзі. Оның лирикалық кейіпкері – туған даланың о шеті мен бұ шетіне жүгіріп, құмарын қандыра алмай, даланың көркіне көзі тоймай, жас балаша мәз болып жүрген қазақ ұлы. Қасым сол қазақ ұлының ерлік дәстүрін, өрлік мінезін, намысын жырлады.

Тербеліп толқынында ән сап өскен
Қайтіп та сорлы болсын қазақ ұлы,³ – деген еді.

¹ Қ.Аманжолов. Шығармалары. 4-том. 1980, 87-б.

² Сонда. 65-б.

³ Сонда 69-б.

Ақынның туған жер тақырыбына жазған өлеңдерінің мазмұнында да осы өрлік, ерлік жатады.

Қасым бойындағы осындай жоғарғы елдік сезім мен ақындық жан сыры кезінде коммунистік идеология тарапынан түсіністік таба алмады. Оның шығармаларынан ұлтшылдық іздеп, тіміскілеу орын алды. Әсіресе, елуінші жылдардың бас кезіндегі республикада өткен науқан тұсында ақын ұлтшылдар қатарында аталып, ол туралы әшкерлегіш мақалалар ұйымдастырылды.

Қасым Аманжолов – менің әдебиетке әуестене бастаған тұста көп оқып, көп шығармаларын жаттап өскен, әдеби сауатымды ашқан, сүйікті ақынымның бірі еді. Студент кезімде, 1948 жыл шыққан «Дауыл» деген жинағы менің өмір бойы стол үстінде жататын кітабым. Сол жинақты мен түгелге жуық жатқа білуші едім. Соған қарамасан уақыт, саясат ықпалымен мен ақын туралы бірер мақала («Әдебиет және искусство», 1951, №10) жарияладым. Маған мақала жазу жөнінде тапсырыс берген органдар Жазушылар одағының жабық партия жиналысында Қасымның ісі қаралатынын айтып, менен баяндама жасауды өтінді. Мен мақала бастырғанмен ақынмен бетпе-бет келуге тайсақтап, әрі оны бірыңғай жамандаудың (әсіресе, тағдыры қыл үстінде тұрғанда) қисынсыздығын айтып қашқақтап едім, олар көнбеді. Сонан соң мақаланы жұмсартып, Қасым шығармашылығының халықтық жағын, әдебиеттік, көркемдік мәні жайлы айта отырып, кейбір қателіктер де байқалады» деп жұқалап баяндама жасадым. Мұны күтпеген Қасым риза болып кетті. Кейін жиналыс жайын әңгімелегенде, оны Есмағанбет Ысмайыловқа да айтыпты. «Осыны бастан аяқ сойып шығасың деп тапсырған баяндамашы жас сыншы Қирабаев олардың күткеніндей сойып шыққан жоқ. Менің поэзиям туралы жалпы дұрыстықты айтты. Партия ұйымының ол кездегі секретары Мұстафин Ғабиден де туралықтан асып кете алған жоқ»,¹ - депті.

¹ Қ.Аманжолов.Шығармалары.6-том.1980.220-б.

С.Қирабаев заман түзеле келе Қасым Аманжоловтың ақындық жолы жайлы арнаулы мақалалар жазды. Оның «Шыншыл да сыршыл», «Ақын тойы» атты мақалалары мен ақынның бір томдық жинағына жазған алғы сөзін (1991) т.б. атауға болады.

Қасым Аманжолов – әкімшілік жүйесімен ымыраға келе алмаған күйде дүниеден озды. Оның партиялық бюрократтыққа қарсы суырып салып айтқан шумақтары да бірсыпыра. Соның бірі – ақынның Алматыдан үй ала алмай жүрген кезде айтқандары.

Бермесен, бермей-ақ қой баспананды,
Сонда да тастамаймын астанамды.
Үйіңсіз өлеңменен жылытамын
Өзімді, әйелімді, жас баламды,¹ – деген ол
қалалық кеңес төрағасының қабылдауында болған ақын . Қалалық партия комитетінің сол кездегі екінші хатшысы С.Жүсіпбековтің үйінің тұсынан өтіп бара жатып:

Жүсіпбеков жолдастың үйіне біз,
Қараймыз да, әрдайым сүйсінеміз.
Қашан түсіп қалғанша, хатшы болмай,
Неге ақын болдық деп күйінеміз,² – дегені де бар.

Бұл өлеңдерде билеуші жүйенің кеңесшіл бюрократтығын шенеумен бірге, ақын болғанына мақтану сезімі бар. Ол өнерді биік санайды. Кейін түсіп қалатын хатшылықтан тағынан айырылмайтын ақындығын жоғары қояды.

Ақын бар ғұмырын әдебиетке арнады. Ақындық жолының қиындығын да жасырмады. Өмірді шексіз сүйген ақын ауру меңдеген шағында да рухани күйзеліске берілмей, өлең тағдырын, өмір туралы ойлады. «Өзім туралы» өлеңінде:

Өкінбен мен де бір күн өлемін+ деп,
Өкінем ұқсата алмай келемін деп.
Күніне жүз ойланып, мың толғанам,

¹ Қ.Аманжолов. Шығармалары. 5-том. 1980, 200-б.

² Сонда. 61-б.

Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп. – деп жазды.

Ақын ауыр науқастан кейін 1955 жылы 17 қаңтар күні қайтыс болды.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қасым Аманжоловтың әдебиетке келген тұсын, ақындығының алғашқы кезеңін еске түсіріңдер.
2. Ақынның соғыс тақырыбына арналған жырларының тақырыбы мен көркемдік ерекшеліктерін талдаңдар.
3. «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасының жазылу тарихына қысқаша түсінік беріңдер.
4. Ақынның өлеңдерін жаттап алыңдар.

Тест сұрақтары:

1. **«Уа, дариға, алтын бесік туған жер!» деп жырлаған ақынды табыңыз.**
А) М. Мақатаев.
В) Қ. Аманжолов.
С) Т. Айбергенов.
Д) М. Жұмабаев.
2. *«Жығылам деп жүре алмаймын жай басып,
Жүгіремін киіп жарып, айқасып», – үзінді Қасымның қай өлеңінен алынған?*
А) «Күлемін де жылаймын».
В) «Көкшетау».
С) «Нар тәуекел».
Д) «Өзім туралы».
3. *«Сенде тудым, сенде өстім, сенде өлсем,
Арманым жоқ бұл дүниеде дер едім»*
Өлең шумақтары Қ. Аманжоловтың қай өлеңінен алынғанын белгілеңіз?
А) «Ақын өлімі туралы аңыз».
В) «Біздің дастан».
С) «Бикеш».
Д) «Туған жер».

4. Қ. Аманжоловтың шығармасын табыңыз.

- А) «Дариға, сол қыз».
- В) «Ұшқан ұя».
- С) «Сыр сандық».
- Д) «Көзімнің қарасы».

5. Үзінді Қ. Аманжоловтың қай поэмасынан алынғанын көрсетіңіз?

*«Араладым орманын,
Аспанменен ерегескен».*

- А) «Зұлым жау».
- В) «Ақын өлімі туралы аңыз».
- С) «Байқал».
- Д) «Батыр Баян».

6. Үзінді ақынның Екінші дүниежүзілік соғысты бейнелейтін қай өлеңінен алынған?

*«Түссем де отқа, суға майыр емен,
Солдаттың етігіндей жаным сыры»*

- А) «Шықтым өмір шыңына».
- В) «Қоштасу».
- С) «Күлемін де жылаймын».
- Д) «Елге хат».

7. Қ. Аманжоловтың туған жылы мен туған жерін табыңыз.

- А) 1922 жылы Қостанай облысы, Жангелдин ауданында дүниеге келген.
- В) 1911 жылы Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданында дүниеге келген.
- С) 1925 жылы Ақтөбе облысы, Қарабұлақ ауданында дүниеге келген.
- Д) 1920 жылы Батыс Қазақстан облысы, Сайқұдық ауданында дүниеге келген.

8. Ақынның тұңғыш өлеңдер жинағы қай жылы, қандай атпен басылып шықты?

- А) 1936 жыл «Күпия қыз»
- В) 1939 жыл «Бикеш»
- С) 1938 жыл «Өмір сыры»
- Д) 1937 жыл «Дауыл».

9. Үзіндіде Қ. Аманжоловтың қай ердің өлімін айтып тұрғанын көрсетіңіз.

*«Ұшты құстар шартарапқа,
Хабарлауға ер өлімін.
Ұмтылды жау таптамаққа,
Ең болмаса қалған күлін».*

- А) Қ. Аманжолов.
- В) Б. Момышұлы.
- С) М. Жұмабаев.
- Д) А. Жұмағалиев.

10. Қ. Аманжоловтың өмір сүрген жылдарын табыңыз.

- А) 1902 - 1984 жылдар.
- В) 1911 - 1955 жылдар.

С) 1903 - 1986 жылдар.

Д) 1902 - 1985 жылдар.

11. Ақын кредосына айналған өлеңі қайсы?

А) «Елге хат»

В) «Нұрлы дүние»

С) «Нар тәуекел»

Д) «Домбыра»

12. Қ.Аманжолов «әскери өмірін қай жерден бастады?

А) Шығыстан

В) Солтүстіктен

С) Оңтүстіктен

Д) Батыстан

13. «Дауыл» атты өлеңдер жинағы қай жылы жарық көрді?

А) 1940 ж.

В) 1943 ж.

С) 1945 ж.

Д) 1948 ж.

14. «Ақын өлімі туралы аңыз» атты поэмасында кімнің ерлік оқиғалары жырланады?

А) Абдолла Жұмағалиев

В) Дариға

С) С.Жүсіпбеков

Д) С.Қирабаев

15. Ақын қай жылы өмірден озды?

А) 1954 ж.

В) 1955 ж.

С) 1953 ж.

Д) 1956 ж.



Мұхтар Әуезов

(1897-1961)

Бұл шығарма кеңес әдебиеті туындыларының маңдай легінен орын алады десек, аздық қылады, әлемнің басқа елдерінде де онымен тең түсетін шығарма табу қиын. Бұл, менің ойымша, XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі.

Луи Арагон

Қарапайым халықтың қалың ортасынан шыққан Мұхтар Омарханұлы Әуезов 1897 жылы 28 қыркүйекте қазіргі Шығыс Қазақстан (бұрынғы Семей облысы) Абай ауданында дүниеге келген. М.Әуезов Абайды өз көзімен көреді. Аталары XIX ғасырдың бас кезінде Орта Азия жақтан келіп, Тобықты ішіне сіңген.

1904 жылы дүниеден Абай кетіп, жетіге толған жас Мұхтардың күллі ұлт мәдениетіне ұлы тұлға, алтын діңгек болар болашақ алып суреткер екенін, әлбетте, ешкім біле қойған жоқ-ты. Енді ойлап қарасақ, Абай мен Мұхтардың бұл әдеби жалғастығындағы Пушкин мен Лермонтовтың рухани туыстығындай бір тамаша тұтастық бар екен.

Он бір жасқа келгенде, әкеден айрылған бала Мұхтар, ағасы Қасымбектің қолында болады. Қасымбек інісінің ерекше зейіні мен қабілетін танып, оны Семей қаласындағы бес класстық училищеге оқуға түсіреді. Семинарияны 1919 жылдың бас кезінде бітірген соң, қоғамдық қызметке араласады. Семейде, одан кейін Орынборда Қазақ Орталық Атқару комитетінде қызмет атқарып жүреді. 1922 жылдың күзінде Ташкенттегі Орта Азия университетіне тыңдаушы болып қабылданады. Бір жылдан соң Ленинград мемлекеттік университетінің филология бөліміне оқуға түседі. 1928 жылы бітіріп, Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің Шығыстану факультеті жанындағы аспирантураға оқуға

түседі. Мұхтар жастайынан Абай өлеңдерін жаттап, ауылдағы ескі құлақ қариялардан аңыз-ертегілерді, жыр-дастандарды жалықпай тыңдап өседі. Гимназист Мұхтар Әуезов демалыс кездерінде қаладан далаға – өзінің туған ауылына келіп жүреді. Жай келіп жүрмейді, ауыл өмірін әр қырынан байқап, зерттеп жүреді. Шынында да, бұрынғы қазақ даласының тіршілігі мен тағдыры – Әуезовтің жан-жақты зер салып терең таныған дүниесі.

Жазушы жастайынан үлкен өмір өткелдерінен өтеді. Жиырмасыншы ғасырдың басында Ресейде болған үш төңкерістің қазақ даласына әсері, әкелген өзгерістері де М.Әуезовтің көз алдында өтті. Ол кейіннен: «Мен өз өмірімде үш түрлі қоғамдық формацияны бастан кешірдім. Олар: феодализм, капитализм, социализм. Кейбір ретте мен өзімше жастық шағы мен бүгінгісі арасында ғасырлар жатқан шежіре адам бола алар едім деймін. Көргенім, бастан кешіргенім, байқағаным жөнінен XX ғасырдың орта шенінен, тіпті сонау Еуропаның да емес, одан әрмен Азияның орта ғасырынан келген адам сияқтымын»¹ – деп жазды. М.Әуезовтің шығармашылығы әдебиет үшін үлкен үйрену мектебіне, шеберлік, парасат мектебіне айналып отыр. Ол әуелі публицистикаға ден қойғандығы байқалады. Жазушының «Адамдық негізі – әйел» алғашқы мақаласы – 1917 жылы «Сары-Арқа» газетінде жарияланған. «Адамдық негізі – әйел». «Ғылым», «Қайсысын қолданамыз», «Ғылым тілі», «Философия жайынан», «Мәдениет һәм ұлт», «Қазақ оқығандарына ашық хат», «Бүгінгі зор міндет» тағы сол секілді бастапқы мақалаларында ғылым мен мәдениетке үндейді. Оқып білім алуға, саналы азамат болып, жаңа қоғам орнатуға шақырады. Ал, жазушының жұрт таныған тұңғыш көркем шығармасы – 1917 жылы жазылған Әйгерімнің киіз үйінде қойылған «Еңлік-Кебек» пьесасы. Осы тұстан бастап, қазақ мәдениетінде театр өнері, драматургия жанры пайда болады. Ойқұдық оқиғасының тарихи мәні осында жатыр.

«Еңлік-Кебек» пьесасының мазмұны көне – сол Әуезов туып өскен Абай елінде, Шыңғыстау жерінде XVIII ғасырдың сексенінші жылдарында

¹ Әуезов М. Әр жылдар ойлары.-Алматы. 1961, 56-б.

болған қанды оқиға. Бір-біріне жауыққан екі рудың ержігіті Кебек пен ерке кызы Еңлік бірін-бірі сүйіп қосылғанын екі жақтың да билеушісі шонжар-феодалдары кешірмей, өзара қырғын ерегіске, айтысқа, айқасқа түсіп, бір-біріне құн даулап, ақыр аяғында жан түршігер масқара мәмілеге келеді де, атаның тағылық заңын аттап өткен екі жасты тірідей ат құйрығына байлап, сүйретіп өлтіреді. Екеуінен туған сәби нәресте таудың шатқалында жалғыз зарлап қала береді...

Бұл оқиға ел аузында аңызға айналған. Аңыз, жүз он, жүз жиырма жылдан кейін жарық көрген дастанға мазмұн болған.

Осынау көне заманда Мұхтар Әуезов қазақтардың сөз өнерінде бұрын-соңды болмаған су жаңа пішінге көшіріп, «Еңлік-Кебек» трагедиясын жазып шыққан.

Мұхтар Омарханұлы Әуезов – үздік талант иесі, ұлы жазушы. Ол әдебиеттің барлық жанрларында дерлік тамаша туындылар берді. Жазушылық қызметінің алғашқы жылдарында жазылған «Еңлік-Кебек» драмасы мен «Қорғансыздың күні», «Ескілік көлеңкесінде», «Көксерек», «Қыр әңгімелері», «Қыр суреттері», «Жетім», «Қараш-қараш оқиғасы», «Қаралы сұлу» т.б. әңгімелері арқылы ол өзінің зор дарын иесі екендігін танытты.

Көркем прозасының басы саналған «Қорғансыздың күні» атты шығармасын оқыған адам ең алдымен жиырманың аз-ақ үстіндегі жас жазушының шеберлігі қайран қалдырады.

Әңгіме оқырманның көз алдына байырғы қазақ ауылындағы кедейлер өмірінің бір көрінісін тамыр-тереңімен қопарып әкеліп, бейшара, қорғансыз жандардың тұрмыс-тіршілігіндегі жан түршігерлік азап пен ауыртпалықты аса шыншылдықпен суреттейді. Егер бүгінгілер өз отандастарының күні кешегі осы халін білмесе, қазіргі жайын да жете бағалай алмас еді. Бұл ретте «Қорғансыздың күнінде» зор тәрбиелік мағына жатыр.

Шығарманың негізгі кейіпкері Ғазиза оның басындағы қайғы-қасірет оқырманға ерекше әсер етеді де, оқырманның ықылас-назары бірден жас қызға ауады.

Ғазиза басындағы ауыр уайым не? Жазушы оны да терең ашып, енді оқырманды Ғазизаның сыртқы түрінен ішкі сырына жетелейді. Қысқасы, әңгіменің аяғында жауыз болыстан зәбір көрген жас Ғазиза әкесі мен бауырының қабіріне барып, үсіп өледі.

Тозығы жеткен кертартпа әмеңгерлік салтқа лағынет айтып өзін зорлап қоспақ болған кәрі шалдан қашып жүріп ақкірпік боранға ұшыраған Рабиға («Қыр суреттері»), сүйген жігіті Исламға қосыла алмай, Жақып болысқа әйел үстіне баруға көнбегені үшін соққыға жығылып, құсадан өлген Ғазиза («Кім кінәлі?»), безбүйрек ағайынсымағы Иса мен оның «ұрысқақ долы қатыны Қадिशаның» өгейлік тепкісіне төзе алмай жанжалдасып шығып, қараңғы түн ішінде ата-анасының зиратын іздеп келе жатып үрейі ұшып өлген он жасар кішкене Қасым («Жетім»)... осылардың бәрі өзара тағдырлас: бірінің бейнесін бірі толықтырып, бірінің мінезін бірі тереңдетіп тұрғандай.

Сондай-ақ, бір адым ілгері басып, қаналған адамның қанаушыға қарсы ашық айқасын көрсеткен шығармасы «Қараш-қараш оқиғасы». Бұл шығармада сол дауылды жылдардағы қазақ қоғамының шындығынан туған. Ескі ауылдағы әлеуметтік теңсіздік тәрізді өткір тартысқа құрылған. Жалпы М. Әуезов қазақ әңгімесінің деңгейін еуропалық дәрежеге көтереді.

Мұхтар Әуезов отызыншы-қырқыншы жылдарда бір топ әңгімелер жазды. «Іздер» (1932), «Білекке білек» (1933), «Қасеннің құбылыстары» (1933), «Үш күн» (1934), «Шатқалаң» (1935), «Құм мен асқар» (1935), «Бүркітші» (1937), «Асыл нәсілдер» (1947). Бұлар бәрі дерлік жаңа өмірді, ұжымдастыру тұрмысын суреттеуге арналған.

Сан алуан тақырыпқа жазылып, өмірдің көкейкесті мәселелерін қозғаған көптеген әңгімелері мен повестерін, очерктерін былай қойғанның өзінде, ол – жиырмадан астам пьесаның, «Қилы заман», «Абай», «Абай

жолы», «Өскен өркен» сияқты романдардың авторы. Біз бүгінгі өркені өсіп, кемел дәрежеге жеткен әдебиетімізді сөз еткенде М.Әуезовтің шығармашылығына соқпай өте алмаймыз. М.Әуезов жайлы сөйлесек, әдебиетіміз жайлы сөйлегеніміз. Ал туған әдебиетіміз жайлы сөйлесек, ұлы жазушының заңғар таланты алдында бас ией өте алмаймыз. Бұған белгілі қаламгерлердің ой-пікірлері арқылы да көз жеткізуге болады.

Мысалы, академик С.Қирабаев: «...біз Мұхтар Әуезовті өзіміздің рухани әкеміз санаймыз», – деп, тұтас бір қауымның жүрек сырын толғайды. Академик З.Қабдолов ұлы жазушының әсемдік әлемінің ешкімде жоқ айрықша сұлу байлығын құрмет тұтады. Ш.Айтматовтың мына бір сөзі ұлы жазушының шығармашылық мұрасының бүгінгі күннің рухани өміріндегі маңызы мен мәнін жүрек тұрымен ұғудың ерекше үлгісін аңдатты: «Өз басым өзге елге сапарға шығып, бөтен жұрттың табалдырығын аттай қалсам, әрқашан қасиет тұтып өзіммен бірге қастерлеп ала жүретін екі түрлі ұлттық асылым бар: бірі – Манас, бірі – Мұхтар Әуезов.

Мен қазақпын ба, қырғызбын ба? Мұны білгісі келгендерге мен Манас жөнін, Мұхтар Әуезов жайын айтып берем. Бұл екеуі – менің қандас халықтарымының мерейі: осы екеуіне иек артсам болғаны, жат жұрт арасында жолым күдірейіп шыға келеді».¹

Халықтың өмірінде осындай үлкен орын алып отырған М.Әуезовтің асыл мұрасы, өр бейнесі бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге екені даусыз.

Көріп тұрғанымыздай, М.Әуезовтің есімі бүкіл түркі халықтарының соңғы ғасырдағы мәдени, әдеби тарихымен тікелей байланысты. 1926 жылы қазақтың тұңғыш театры өзінің сахнасын «Еңлік-Кебек» пьесасымен ашты. Әуезов қазақтың театр өнерінің дамуы жолында көп еңбек сіңірді. Жазушының қаламынан туған «Еңлік-Кебек», «Бәйбіше-тоқал», «Қаракөз», «Түнгі сарын», «Айман-Шолпан», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Абай» т.б. көптеген туындылары ұзақ уақыттар бойы қазақ театрларының

¹ www.wikipedia.bilim.kz («Абай жолы» романының жазылу тарихы.)

сахнасынан түспей, негізгі репертуарына айналды. Жазушы қазақ драматургиясында қолтума туындылар жасаумен ғана тынған жоқ, сонымен бірге әлемдік әдебиеттің асылдарынан тамаша аудармалар да жасады. Ол қазақшалаған В.Шекспирдің «Отеллосы» мен «Асауға тұсауы», Н.Гогольдің «Ревизоры», К.Треневтің «Любовь Яровая», Н.Погодиннің «Ақсүйектері» – бір тілден екінші тілге тәржімалаудың классикалық үлгілері.

М.Әуезовтің шығармаларында маңызды орын алатын шығармалардың бірі – «Қилы заман». Бұл шығармасын автор повесть деп атаған. Дегенмен, кейбір зерттеушілер бұл туындыны роман деп атап жүр. Шынында да шығарманың табиғатының өзі, онда халық тұрмыс-тіршілігінің жан-жақты терең суреттеліп көрінуі, жан-дүниесі терең ашылып, бар толғанысымен көрініп кесек жасалынған образдар жүйесі «Қилы заманды» роман деп атауымызға болады.

Әр адамның өзінше бөлек тағдыры болатыны секілді, көркем туындының да өзіндік өмірі болады. Роман 1928 жылы Қызылорда қаласында алғаш рет жарыққа шығады да, содан кейін қайтып басылмайды. Бұл шығарма қырық бес жылдан соң А.Н.Пантиелевтің аударуымен 1972 жылы «Новый мир» журналында (№ 6) орыс тілінде тұңғыш рет жарияланды. 1974 жылы «Жұлдыз» журналы романды қазақ оқырмандарына қайта табыстырды. 1975 жылы «Жазушы» баспасынан жеке кітап болып шықты.

«Қилы заман» 1916 жылы Жетісу өңіріндегі Албан руының патша өкіметіне қарсы бағытталған халықтың бас көтеру оқиғаларына арналған. Бұл романды жазушының атақты эпопеясын тудыруға алып келген баспалдақтардың бірі деп қарау керек.

Романда Қарқаралы маңының табиғаты бар сұлу келбетімен көрінеді. Ұзақ, Жәмеңке, Серікбай, Әубәкір, Көкбай, Баймағамбет, Жансейіт, секілді халық басшыларының болмыс бітімі, іс-әрекеттері шынайы суреттелген.

«Қилы заман» – өз елін, туған жерін сүйе біліп, халқы басынан кешірген 1916 жыл трагедиясын жан-тәнімен сезініп, терең ойға орап, сезімтал жүректің қанымен жазылған кемел көркем шығарма.

М.Әуезов талантының барынша жарқырай бар қырымен, сыр-сымбатымен көрінген шығармасы – «Абай жолы» эпопеясы.

Жазушының «Абай жолы» үшін жинаған материалдары айрықша молдығымен, тақырыптық байлығымен ерекшеленеді. Қаламгердің «Абай жолына» қажетті материалдарды жинауының жолдары әр түрлі. 1950 жылғы жарияланған өмірбаянында автор былай деп айтады: «Абай жайында материал жинағанда, тарихи романдар авторларының талайы-ақ біле бермейтіндей өзгеше бір жәйттерге тап болдым. Өйткені, Абайдың өмірі мен еңбегі, түр-түсі мен сипаты жайында қағазға түскен естеліктері сақталмаған. Ақынның өміріне байланысты деректер мен романның бүкіл оқиғаларын Абайды көзімен көрген, жақын білген жандардан ұзақ уақыт бойына ауызба-ауыз сұрау, әңгімелесу арқылы жинауға тура келді. Олардың бәрі кәрілік меңдеген шалдар еді.

Мен материал жинай жүріп, Абай достарымен, сыйластарымен, бұрын қастық жасаған жауларымен де әңгімелесіп көрдім. Олардың ішінде Абайдың тұрғыластары да, солардың ұрпақтары да бар еді».¹

Жазушы шығарманы он бес жылға жуық уақытта жазды. Ара-арасында басқа да жанрларда еңбек етіп, бірсыпыра туындылар берді. Абайдың шығармашылық өмір жолын тереңдетіп зерттеген көптеген ғылыми мақалалар жазды. 1936 жылы Пушкиннің туғанына 100 жыл толған мерейтойы қарсаңында М.Әуезовтің «Татьянаның қырдағы әні» атты әңгімесі «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды. Бұл әңгіме жазушының ақын Абайдың көркем бейнесін жасау жолындағы алғашқы адымы еді. Л.Соболевпен бірігіп жазған «Абай» трагедиясы (1939) қазақ

¹ Әуезов. М. Шығармалар жинағы. I том. 62-б.

драматургиясының үздік туындыларының біріне айналды. Бұл драма ұлы Абайдың бейнесін жасау жолындағы елеулі табыс болды.

Трагедияда Абай өмірінің соңғы бір қиын да күрделі кезеңі суреттеледі. Айдар мен Ажардың бір-біріне деген кіршіксіз таза ақ махаббатының жазықсыздан жазықсыз қайғылы жағдайға ұшырауын көркем бейнелеп, бұл оқиғаға Абайдың қатысын, көзқарасын дәл көрсете білу арқылы ұлы ақынның бейнесі жанды қалпымен жанды шыққан.

«Абай жолы» – Әуезовтің бас кітабы. Ол өзінің осынау ұлы шығармасын жазып үлгеріп кетті. Оның суреткер ретіндегі бақыты да осында еді.

«Абай жолы» романын неше рет қайталап оқысам, – деді Ғабит Мүсірепов, – сонша әрдайым жаңа көркемдік, бұрын оқығанда байқамай кеткен тереңдік табам».¹

«Абай жолы» романының алғашқы тараулары отызыншы жылдардың аяғында-ақ әдебиет журналында жариялана бастады. Төрт томдық роман-эпопеяның біріншісі 1942 жылы, екіншісі 1947 жылы, үшіншісі 1950 жылы, соңғысы 1949 жылы Мемлекеттік сыйлыққа ие болды. 1959 жылы төрт томдық «Абай жолы» эпопеясы үшін Мұхтар Әуезовке Мемлекеттік сыйлықтың лауераты атағы берілді. Бұл ұлы жазушының өлмес еңбегіне, заңғар талантына көрсетілген ең жоғары да, әділ баға еді.

«Абай жолы» эпопеясы жұртшылық назарын бірден өзіне аударды. Академик Қ.Сәтбаев бұл шығарманы қазақ халқының өткендегі жарты ғасырлық өмірінің энциклопедиясы деп әділ бағалады. «Қазақ халқының өткенін зерттегісі келетін ғалымның бір де бірі бұл кітапты жанап өте алмайды, деп жазды. Қ.Сәтбаев – ғалым-филолог одан фольклордың бай материалдарына қанығуымен қоса, қазақ әдеби тілі мен сөздігінің қаз басуы мен қалыптасуын көреді, ғалым-этнограф қазір көне заманмен қоса көнерген небір тұрмыстық белгілер мен өмір құбылыстарын біледі. Құс

¹ Мүсірепов Ғ. «Абай» романы туралы. Кітапта: Ғабит Мүсірепов шығармалары. 4-том. Алматы, 1975. – 36 –б.

салып, саясаттық құрған, қыз ұзатып, ас беруді, өлік жөнелтуді суреттейтін тараулар, билер айтысы мен билік шешкен қазылық картиналарының әрқайсысы жеке-жеке ғылыми этнографиялық еңбектерге пара-пар; ғалым-экономистер Қазақстанның XIX ғасырдағы халық шаруашылығының бақташылық құрылысынан дәлме-дәл нақты мәлімет алады, ондағы тап қайшылығының өзіндік ерекшелігімен танысады, ғалым-юристер шарифаттан бастап, билер кесіміне шейінгі даланың заң жобаларынан бағалы мағлұматтар жинайды».¹

М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы жарыққа шығысымен-ақ орысша аудармасы басылып шықты. Көптеген шет тілдерге аударылып, дүние жүзі халықтарына ортақ рухани игілікке айналды. Сөйтіп, М.Әуезов өзінің «Абай жолы» арқылы әлемді аралап кетті. Әуезов арқылы бұрын көрмек түгілі естімеген де қазақ халқымен етене танысады. Сондықтан да «Абай жолын» оқыған Бенжамин Матип: «Қазақ неткен ғажайып халық», – деп, өзін-өзі ұмыта таңырқаса, Константин Федин «өзінің қалай қазақ боп кеткенін білмей қалған». Бүгінде Толстойды оқымай, орысты, Бальзакты оқымай, французды білдім деу қандай қиын болса, Әуезовті оқымай, қазақты білдім деу сондай қиын. Сахара ақыны Абайдың ұлылығына бас иеді. Зередей, Ұлжандай, Иістей мейірімді аналардың ақылын тандағандай болады. Тоғжан мен Әйгерімнің, Салтанат пен Керімбаланың, Салиханың шынайы махаббат сезімдеріне куә болады. Құнанбай, Тәкежан, Жиренше, Оразбай сияқты ел ағаларының кесек мінездерімен, іс-әрекеттерімен танысады.

«Абай жолының» бас кейіпкері – Абай. Абайдың адам, азамат, ақын ретінде қалыптасуы сол жарты ғасыр ішіндегі қазақ қоғамының барлық саласындағы өмірі өріле суреттеледі. Абай арқылы XIX ғасырдың екінші жартысындағы бүкіл халық тіршілігі, оның тағдырын, ой – арманын, мақсат – мүддесін, күрес – тартысын бәрін түгел шарлап өтеміз.

¹ «Біздің Мұхтар». Алматы, 1976, 129-б.

Мысал үшін негізгі тартысты талдап қарайық. Бәрінен бұрын мұнда жеке адамдар арасындағы психологиялық шегіністер, қайшылықтар, әлдінің әлсізге қиянаты (Қодар мен Қамқа оқиғасы): одан өрбігін ру мен ру арасындағы кескілестер – жер дауы, жесір дауы, құн, барымта, алыс-жұлыс, айқастар.

Эпопеядағы ешбір адам тартыс арнасынан шет қалмайды. Бәрінің характерлері сол қым-қиғаш күрес үстінде қалыптасады. «Абай кезіндегі қазақ даласында, - дейді автор, - күні өтіп бара жатқан, бірақ тамыры әлі де тереңдегі ескіні мен Құнанбай образына жинақтадым. Ал оның баласы Абай бойында енді туып келе жатқан жаңа бар...»¹.

Эпопеяда Құнанбай образы шебер жасалған. Әдеттегідей Құнанбай жағымсыз кейіпкер. Дұрысында да солай кері кеткен кері заманның жан кешті жоқтаушысы, бірақ күні өткен, тозығы жеткен көненің жамап-жасқаушысы...

Әдетте, осындай ұнамсыз типтер бізде бірыңғай қара бояумен баптастырылады. Ылғи жамандық жағы қазбаланады.

Ал Құнанбай ондай емес. Ол – азулы ғана емес, ақылды, шоқпар мен сойылдың ғана емес, әріден толғайтын ойдың адамы. Көзі дара болғанмен, көкірегі сара, көреген, ашуы мен қайратын қатал ұстайтын қаталдығы ар жағында қайсарлығы басым.

Құнанбай алыс-жұлысқа, арпалысқа ғана емес, сөзге де жүйрік, шешен, тілі өткір, тиген жерін тіліп түседі. Осылардың бәрі Құнанбайдың өз ортасынан биік оқшау тұрған, жоталы тұлға екенін көрсетеді.

Жалпы, XIX ғасырдың соңғы елуінші жылындағы қазақ өмірінің көркем шежіресі болып табылады. Ондағы халық өкілдері – Дәркембай, Базаралы секілді кейіпкерлер үлгі болады.

Қазақтың сөз өнерінде «Әуезов әйелдері» деп атауға болатын айрықша әсем образдармен толықты. Төрт кітапта үленді-кішілі, ірі-ұсақты жүзге тарта әйел кейіпкерлер бар.

¹ Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: «Ғылым», 1959. 60-б.

Әйел-ана ма, жар-жұбайы ма, бойжеткен бе...әйтеуір, кешті бөлек қазақ қызының мінез-құлқын, сыр-сезімін, қимыл-қылығын дәл, терең, нәзік суреттеуге келгенде, жазушы алдында жан салмайды. Әрбір кейіпкер тап мейірім шапағатқа толы. Зере – әжелердің үлгісі, сабырлы ақыл иесі-Ұлжан аналардың үлгісі, Тоғжан – махаббат таңының үлгісі, әні сәніне, сәні әніне астасқан асыл, аяулы Әйгерім – жас жігіттің нақ сүйер сұлу жырының үлгісі...

«Абай жолы» энциклопедиялық сипаты туралы академик Қ. Сәтбаев «Қазақ халқының өткенін зерттегісі келетін ғалымның бірде-бірі бұл кітапты жанап өте алмайды. Ғалым-филолог одан фольклордың бай материалдарына қанығумен қоса, қазақ әдеби тілі мен сөздігінің қаз басуы мен қалыптасуын көреді. Ғалым-этнограф қазір көне заманмен қоса көнерген небір тұрмыстық белгілер мен өмір құбылыстарын біледі. Құс салып, саят құрған, қыз ұзатып, ас беруді, өлік жөнелтуді суреттейтін тараулар, билер айтысы мен билік шешкен қазылық картиналарының әрқайсысы жеке-жеке-ақ ғылым-этнографиялық толайым еңбектерге пар-пар; Ғалым-экономистер Қазақстанның ХІХ ғасырдағы халық шаруашылығының құрылысынан дәлме-дәл нақты мәлімет алады, ондағы топ қайшылығының өзіндік ерекшеліктерімен танысады; Ғалым-юристер шарифаттан бастап, билер кесіміне шейінгі даланың заң-жобаларынан бағалы мағлұматтар жинайды».

Демек «Абай жолын» оқыған адам өмірдің өнерге айналған академиясын өткендей болады.

1956 жылы атақты «Абай жолы» эпопеясын аяқтаған соң, М.Әуезов бүгінгі күн тақырыбынан жаңа шығармалар жазуды жоспарлайды. Осы мақсатпен Оңтүстік Қазақстан өлкесіне бірнеше рет сапарға шығады. Отырар, Алғабас, Бөген, Созақ, Түркістан аудандарын аралап, шаруашылықтарымен танысады. Осы сапарларында көргендерін, ойына түйгендерін қорытып, бірқатар көркем-публицистикалық очерктер жариялайды.

М.Әуезовтің жазуға кіріскен шығармасы үлкен шығармашылық жоспардың бір бөлегі ғана болатын. Жазушы «Абай жолының» жалғасы ретінде XX ғасырдағы қазақ өмірін тұтас қамтитын бес томнан тұратын жаңа эпопея жазуды қолға алған еді. Оның алғашқы томына 1905 жылғы төңкеріс пен 1917 жылғы Қазан төңкерісінің аралығындағы қазақ даласының өмірі, екіншісінде Азамат соғысы жылдары, 3-4-ші кітабында Отан соғысының кезі, ал соңғы – бесіншісінде соғыстан кейінгі бейбіт кезең суреттелмек болатын.

Жазушы өзінің жаңа эпопеясын бірінші кітабынан емес, соңғысынан бастап жазды. Бірақ, тағдыр автор ойының жүзеге асуын жазбапты. Жоспарланған үлкен эпопеялық шығарманың бір кітабының жобасы ғана жазылып қалды. Ол 1962 жылы «Өскен өркен» деген атпен жарияланды.

«Өскен өркен» - аяқталмаған роман. Бітпеген дүниені талқы таразына салып болмайды. Сондықтан сөз өрбітуді мақсат етпедік.

Жазушының мәдениет, әдебиет мәселелеріне араласып, баспасөз бетінде мақалалар жазуды аласапыран кезеңге тура келеді. Міне, осы кезде М.Әуезовтің «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты көлемді мақаласы жарияланды. «Шолпан» журналының бірнеше нөмірінде «Қоңыр» деген бүркеншек атпен жарық көрген мақалада сол кездегі қазақ әдебиетінің жай-күйі сөз етіледі. Яғни, қазақ әдебиетін үш дәуірге бөліп қарастырады: ауыз әдебиеті, көшпелі дәуір әдебиеті, жазба әдебиет.

М.Әуезовтің ұстаздық жолы 1932 жылдан бастап өмірінің ақырына дейін жоғары оқу орындарыда (Қазақ педагогика институтында, Қазақ ұлттық университетінде, Москва мемлекеттік университетінде) өтеді.

Ғылым академиясының академигі, профессор М.О.Әуезов қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына өлшеусіз зор үлес қосты, өзі де әдебиет пен өнердің асқар шыңына көтеріліп, адамзат мәдениетінің алып шынарына айналды.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығының негізгі кезеңдерін талдаңдар.
2. «Еңлік-Кебек» трагедиясының көркемдік-мазмұндық ерекшелігіне талдау жасаңдар.
3. М.Әуезовтің 20-жылдардағы әңгімелеріндегі, адам тағдырын суреттеу әдісіне назар аударыңдар.
4. «Абай жолы» - қазақтың тұңғыш эпопеясы, оның көркемдік ерекшелігі қандай?
5. Эпопеяның шежірелік сипатын қалай пайымдайсыңдар?
6. Абай жолы-халық жолы. Осыны қалай түсінесің және қалай түсіндіресің?
7. Құнанбай образын жасаудағы жазушының шеберлігі хақында не айтар едің?
8. Романдағы әлеуметтік тартыс, оның адам образын ашуда атқарар рөлі қандай?
9. «Әуезов әйелдері», олардың тип пен характер есебіндегі ерекшеліктері қандай?
10. М.Әуезов романы туралы әлемдік және сыншылардың пікірлері қандай?
11. М.Әуезов шығармаларындағы пейзаж және оның қызметін қалай түсінесіңдер?

Тест сұрақтары:

1. **Ғазиза, Мұқаш, Жақып М. Әуезовтің қай шығармасының кейіпкері?**
 - А) «Қараш-қараш» оқиғасы
 - В) «Қорғансыздың күні»
 - С) «Қыр суреттері»
 - Д) «Кім кінәлі»
2. **М. Әуезовтің тырнақалды туындысын табыңыз?**
 - А) «Еңлік-Кебек» пьесасы
 - В) «Қилы заман» повесі
 - С) «Қараш-қараш оқиғасы» повесі
 - Д) «Абай жолы» романы
3. **Бақтығұл мен Тектіғұл М. Әуезовтің қай шығармасының кейіпкерлері?**
 - А) «Еңлік-Кебек» пьесасы

- В) «Қилы заман» повесі
- С) «Қараш-қараш оқиғасы» повесі
- Д) «Абай жолы» романы

4. **«Сәлмен, Жарасбай» деген кейіпкерлер қай шығармада кездеседі?**

- А) «Қалқаман – Мамыр»
- В) «Қараш-қараш оқиғасы»
- С) «Аққулар ұйықтағанда»
- Д) «Батыр Баян»

5. **М. Әуезовтің «Абай жолы» романы туралы төмендегі пікірді кім айтқан?**

Тек қазақ әдебиеті ғана емес, бүкіл кеңес әдебиетінің аса үздік жетістіктерінің бірі.

- А) Ғ. Мүсірепов
- В) З. Қабдолов
- С) М. Мырзахметов
- Д) Қ. Сәтбаев

6. **М. Әуезовтің «Көксерек» әңгімесін жазуға себеп болған оқиғаны табыңыз?**

- А) Қысқы ауыл суреті әсер еткен
- В) Жұбайы Валентина Әуезова сатып әкелген күнтізбе әсер еткен
- С) Жазушы қиялынан туған
- Д) Естіген хикаясы себеп болған

7. **М. Әуезовтің қай шығармасы жарты ғасырлық оқиғаны қамтиды?**

- А) «Қаралы сұлу»
- В) «Өскен өркен»
- С) «Қилы заман»
- Д) «Абай жолы»

8. **М. Әуезов Ленинград университетін қашан бітірді?**

- А) 1931 ж.
- В) 1930 ж.
- С) 1928 ж.
- Д) 1926 ж.

9. **М. Әуезовтің пьесасын табыңыз?**

- А) «Көксерек»
- В) «Шоқан Уәлиханов»
- С) «Исатай-Махамбет»
- Д) «Еңлік-Кебек»

10. М. Әуезовтің «Қараш-қараш оқиғасындағы» Бақтығұлды барымташы ұры ететін болыс кім?

- A) Қозыбақ
- B) Жарасбай
- C) Сәт
- D) Сәлмене

11. Т. Рысқұловтың әкесінің өмірі жайлы жазылған М. Әуезовтің шығармасын табыңыз?

- A) «Оқыған азамат»
- B) «Қызыл жебе»
- C) «Қараш-Қараш оқиғасы»
- D) «Қилы заман»

12. «Қорғансыздың күні» әңгімесіндегі аңыз кейіпкері – батыр бейнесін табыңыз?

- A) Тектіғұл
- B) Есней
- C) Күшікбай
- D) Жақып

13. Мына үзінді қай шығармадан алынған?

Үш күндік жолдың соңғы күніне барын салған бала шәкірт астындағы жарау құла бестісін ағызып-ағызып алып, жалпақ жазықтың белінен-беліне көтеріліп, қасындағылардан оза шауып, алып ұшып келеді.

- A) «Қазақ солдаты»
- B) «Оқыған азамат»
- C) «Абай жолы»
- D) «Дауылдан кейін»

14. М. Әуезов әкесі қайтыс болған соң кімнің тәрбиесінде болды?

- A) Нағашысы
- B) Аталас туысы
- C) Немере ағасы Қасымбек
- D) Абай

15. М. Әуезовтің Қазақ ұлттық театрының шымылдығын тұңғыш ашқан пьесасын табыңыз?

- A) «Еңлік-Кебек»
- B) «Айман-Шолпан»
- C) «Түнгі сарын»
- D) «Алма бағында»



Сәбит Мұқанов

(1900-1973)

Сәбиттің өмірі мен еңбегі жазушының бір басының ерекшелігін ғана баян етпейді. Ол қазақ әдебиетінің тарихындағы аса бір күрделі дәуірдің өскен жолын, іздеген мүддесін, жеткен өрісін де баян етеді.

Мұхтар Әуезов

Сәбит Мұқанов – қазақ даласына еңбекші таптың мүддесін қорғап келген жаңа заманның аса көрнекті жазушысы. Оның шығармаларында XX ғасыр басындағы қазақ халқының отаршылдық езгідегі өмірі мен азаттық жолдағы күресі, төңкерістен кейінгі жаңа өмір шежіредей сыр шертеді. Ол жас әдебиеттің барлық жанрында жұмыс істеп, олардың есеюіне, қалыптасып дамуына үлкен үлес қосты.

Иә, әр заманның өз ұрпағы болады. Тарихты жасайтын-ұрпақтар, сол ұрпақтың алдыңғы қатарлы өкілдері. Қазір кейде кеңестік кезеңді, оның ішінде сол кездегі қоғам, мәдениет қайраткерлерін де жамандап, жоққа шығармаушылық сияқты әрекеттердің бой көрсетіп қалатындығы да жасырын емес. Осындай пікірлер қазақ кеңес әдебиетінің ірі өкілдеріне қатысты да көтеріліп жүр. Бұған ұлы Абайдың:

«Әркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек?
Заманға жаман күйлемек,
Замана оны илемек»¹ – деген мазмұнды мәнді,

ойы терең өлең жолдарымен жауап беруге болады. Мұны қарапайым тілге көшірсек, әр адам өз заманының перзенті, заманның қандай болмағы

¹ Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: «Жазушы», – Т.2. Өлеңдер мен аудармалар. – 2005. 56-б.

билеушісіне байланысты, біреулер заманына қарай бейімделеді, бейімделмегендерді заман күштеп бағындырады.

Ал Сәбит Мұқановтың тағдыры мүлдем өзгеше. «Әркімді заман сүйремең»-деп, Абай айтқандай, кедей шаруаның отбасында 1900 жылы 26 сәуірде қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданында туған. Жеті жасында әкесі, сегіз жасында шешесі қайтыс болған Сәбит Мұстафа деген ағасының қолында қалады да, жоқшылық көріп өседі. Ауыл байларына жалданып жұмыс істейді. Өз талабымен ұмтылып, ауыл молдасынан хат таниды. Өлең-жырға әуес талапты жас сол кезде қазақ даласына көп тараған хисса-дастандарды оқып, жаттайды, өзі де өлең шығарады. Ауыл ішінде «өлеңші бала» атанады. Ғ.Тоқай, Абай шығармаларын оқығаннан кейін Сәбит ақын болуды армандайды. Ол үшін оқуға талаптанады. Нәтижеде ол 1918-1919 жылдары Омбы қаласында мұғалімдер курсына оқиды. Оның ақындыққа ұмтылуы осы кезден басталады. «Көңілім», «Зарығу», «Жоқшылыққа» сияқты алғашқы өлеңдерін Сәбит осы жылдары жазған.

1922-1926 жылдары Орынбор жұмысшы факультетінде оқиды. Одан кейін «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеті редакциясында, «Қазақстан мемлекеттік баспасында» жауапты қызметтер істейді. 1928-1935 жылдары әуелі Ленинград университетінде, одан Мәскеуге ауысып, қызыл профессорлар институтында білімін жетілдіреді. Одан кейін Сәбиттің өмірі Қазақстан Жазушылар одағымен тікелей байланысты. Ол ұзақ жылдар одақ басқармасының төрағасы болып қызмет істейді.

Осындай саяси-қоғамдық қызметтерге араласа, білімін жетілдіре жүріп, Сәбит шығармашылық қызметпен үзбей шұғылданған жазушы. Жиырманыншы-отызыншы жылдардың ішінде ол «Батырақ», «Сұлушаш», «Ақ аю», сияқты поэмалар мен «Адасқандар», «Теміртас», «Жұмбақ жалау» (кейін «Ботагөз» деп өзгертілген) атты романдар, көптеген өлеңдер, сын-зерттеу еңбектер жазады. Одан кейінгі дәуірде «Сырдария»,

«Өмір мектебі», «Балуан Шолақ», «Аққан жұлдыз» романдары мен «Шоқан Уәлиханов», «Сәкен Сейфуллин», «Күрес күндерінде», «Қашқар қызы» атты пьесалары жарық көреді. Осылардың арқасында Сәбит Мұқанов оқырман халқының зор ілтипатына бөленген даңқты жазушыға айналады.

Қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезов әріптесі Сәбит Мұқанов туралы «Жолы кең жазушы», «Әрі ақын, әрі драматург және әдебиет тарихының зерттеушісі Сәбиттің аты қазақ оқушысының мол қауымына өте даңқты, анық қымбат аттың бірі»¹ – деп, аса жоғары бағалады. Сәбит Мұқановтың шығармашылығын зерттеп, арнайы монография жазған профессор Темірғали Нұртазин Әуезовтің осы пікірлерін әрі қарай дамыта түскендей «Творчестволық жолы кең, дарыны күшті Сәбит Мұқанов қазіргі қазақ әдебиетінің дамуына, марқайып баюына зор үлес қосты. Ол әрі ақын, жүздеген өлеңдері бар, әрі оннан астам роман, повестері мен көптеген әңгімелері, очерктері жарық көрген үлкен прозашы, әрі қазақ драматургиясы мен сахна өнерінің дамуында елеулі сыбаға енгізген драмашы, сын мен әдебиеттану салаларында да күрделі еңбегі бар. Екі жүзден астам мақалалары мен бірнеше кітаптар шығарған ғалым».²

Шығармашылық өмірін ақындықтан бастаған Сәбит жиырмасыншы-отызыншы жылдары қазақ жалшы-батырағының құлдықтан босанып, қатарға қосылуын, қоғам мен адам өміріндегі өзгерістерді көркем бейнелеуге ұмтылған бірсыпыра лирикалық өлеңдер жазды. Оның Шоқпыт туралы топтама өлеңдері, Бейімбеттің Мырқымбайы сияқты қазақ жалшысының өткен жолын суреттеуде едәуір маңызды. Сондай-ақ ақынның поэмалары қазақтың эпикалық поэзиясының қаз тұруынан қалыптасуына дейінгі жолдағы елеулі ізденісті танытады «Бөлбөпе», «Құрдас», «Құланның құны», «Жетім көл», «Алатаудың алыбы», «Ақ аю»,

¹ Әуезов М. Өр жылдар ойлары. Алматы: «Ғылым», 1959. 79-б.

² Нұртазин Т. Жазушы және өмір.- Алматы, 1960. 4-б.

«Альбом», «Жұпар хан» сияқты поэмалар тақырыптық тұрғыдан үлгі болды.

Сәбит Мұқанов – әдебиет сыншысы. 1923 жылдан бастап, әдебиет майданына белсене араласқан жазушы үш жүздей сын мақалаларын жариялапты.

Сәбит Мұқанов – академиктік дәрежесіне дейін көтерілген ғұлама ғалым да. Ұзақ жылдар бойғы ғылыми шығармашылық ізденістерінің нәтижесінде «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1932), «Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиеттің тарихынан очерктер» (1942), «Жарқын жұлдыздар» (1961), «Қазақ қауымы» (1974) сияқты сүйекті зерттеулерін жазды. Бұлардың алғашқы екеуі басылып шыға салысымен «ұлтшылдықты», «ескішілдікті» уағыздайтын «зиянды» еңбек саналып, қолданудан алынып тасталған болатын.

Жалпы жазушы шығармалары көптеген шетел тілдеріне аударылды. Оның мұрасы 16 том шығармалар жинағы күйінде (1972-1980) жарық көрді. Сәбит Мұқанов 1973 жылы қайтыс болды.

Шығармаларының елеулісі бұл «Сұлушаш» поэмасы. Бұл поэманың негізіне жазушы Сұлушаш пен Алтайдың махаббаты туралы халықтық аңызды пайдаланған. Сұлушашты бай қызы етіп, ал оның сүйген жігіті Алтайды кедей, құл баласы етіп суреттеу арқылы суреткер ескі қазақ ауылындағы әлеуметтік тартыстарды жаңғыртады.

Шығарманың сюжеті бай қызы Сұлушаш пен сол үйдің құлының баласы Алтайдың жасынан бірге өсіп, бірін-бірі ұнатуы өсе келе осынау сезімнің нәзік сүйіспеншілікке, үлкен махаббатқа ұласуынан басталады. Бірақ екеуінің қосылуына мүмкіндік жағын олар елден қашып, биік тау ішіне паналайды. Аң аулап тамағын асырайды. Аң аулап күн көру қиындаған соң, олар таудың биік қиясынан бүркіттің балапанын алуға бекінеді. Осы жолда қия тастан аяғы тайып, Алтайдың досы Қайсар қаза табады. Бұлар бүркіт алу қамында жүргенде, Сұлушашқа жолбарыс шабуыл жасайды. Қорыққаннан қыз өзенге құлап өледі. Жалғыз қалған

Алтай қоршаған қуғыншылар қолына түспес үшін өзін-өзі өлтіреді. Осы негізде ақын әділетсіздік, теңсіздік билеген қоғамда ғашық жастардың тілегіне жете алмай кеткен арманын оларға жасалған қиянатты ашып суреттейді.

Сұлушаш пен Алтай бейнелерін жасауда жазушы қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік жағдайларына көбірек көңіл бөледі. Бай қызы мен жалшы ұлының өмірге келіп, есейіп, ержетуіне байланысты қайшылықтарды кеңінен танытады.

Сұлушаштың нәресте кезі:

Сұлушаш қойып атын, ұлан асыр
Той жасап дүрілдетті бүкіл елді.
Ай мен күндей нұры бар жалғыз ару
Бесіктен-ақ бал болып мәпеленді,¹ – деп

суреттелсе, Алтайдың дүниеге келуін:

«Ұл туды» деп шашулар шашылған жоқ,
Қатын жиып, қалжа да асылған жоқ.
Шілдехана жасауда туған күні-
Екі адамның басы да қосылған жоқ.
Жөргегі жоқ, қап-қара құрымға орап,
Алса да, жанның жаны ашыған жоқ.
Алтай деп әлдеқалай атын қойды,
Азанмен құлағы ашылған жоқ,² – деген

жолдармен бейнелейді.

Ақынның шеберлігі портреттік суреттермен қоса, заман адам тағдырына қатысты өмір шындығын дәл бейнелеуінен анық танылады.

Он алтыға келгенде қыздың жасы.
Төгіліп тізесіне түсті шашы.
Қаламмен жалғыз сызық тартқандай боп,
Қиылды қап-қара боп қиғаш қасы.
Қарақат көз, қыр мұрын, ұзын кірпік,
Тістері меруерттің тізген тасы.
Бетінен нұры бөртіп, қаны тамған,
Толқыған сұлу айдай кесер басы.³

Бұл – Сұлушаш портретінен үзінді. Ал Алтай туралы:

¹ Мұқанов С. Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы: «Жазушы», 1973. 2-том. 10-б.

² Сонда. 12-б.

³ Сонда. 14-б.

Күн-күн санап толқыды туған айдай,
Қап-қара көз, қыр мұрын, қасқа маңдай
Қаз мойынды, кең иық, сұлу тұлға,
Тіп-тік боп тауда өскен қарағайдай.
Кір-қожалақ табанын тас тілсе де
Жүдемеді, үзеді гүл боп жайнай,¹ – деп жазды.

Шығармадағы негізгі тартыс - махаббат тартысы. Негізгі кейіпкерлер-осындай тартысқа, адал махаббатын ерлігімен, төзімділігімен арашалауға, күреске берілген жандар.

Менде екі жүрек жоқ, бір-ақ жүрек,
Не өледі, не саған қосылады,² – дейді,
Сұлушаш Алтайға. Олардың махаббатында романтикалық көтеріңкілік леп күшті. Кейде олар төтенше кезеңдерді бастан кешіреді. Ондай реалистік шығарма аңыз сарынына көшеді. Мұны біз Сұлушаштың қайтып бара жатқан қаздарға тіл қатуынан көреміз. Ақын осы эпизод арқылы заман уын ішкен қаһарманның әділдік іздеген арманын айқын танытады.

Ол жерде бізде емес, түзу заң ба?
Сатпай ма адамдары, арды малға.
Малы жоққа малы көп зорлық қылып,
Баспай ма маңдайына құлдық таңба.
...Онда да сүйгендері айыра ма?
Сүйгендер «сүйдім» деуге тайына ма?
...Қарамай қарсылыққа малы көптер,
Сүйместің басын малмен қайыра ма?³

Бұл – адамның ішкі шерін, ішіне сыймаған сырын айтып, тағдырына шағынуы. Алтай да тағдырына шағынып барып өледі.

Поэманың тілі көркем. Ақын сюжетті дамыту үстінде оқиғаны баяндап қана қоймай, ел тіршілігін, кейіпкерлер тағдырын ашар суреттер жасайды. Шығарманың композициясы да шебер қиюласқан. Ондағы кейіпкерлер арқылы ширақ дамып, биіктеп отырады. Сөйтіп шарықтау шегіне жетеді.

¹ Мұқанов С. Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы: «Жазушы», 1973. 3-том. 18-б

² Сонда. 13-б.

³ Сәбит Мұқанов. Алтын аймақ. Повесттер мен әңгімелер. Алматы. «Жазушы», 1988. 48-б.

Сәбит Мұқанов – қазақтың үлкен прозашысы. Оның туындыларының бірі – «Ботагөз» алғашқыда «Жұмбақ жалау» деген атпен 1938 жылы басылған. Жұртшылықтың талап-тілегін ескере отырып, жазушы оған өзгерістер енгізіп, толықтырып, 1948 жылы «Ботагөз» деген атпен қайта бастырды.

Роман материалының жиналып, сұрыпталуы мен жазылуының ұзақ тарихы бар. «Роман туралы» (1939) мақаласында автор: «1922-1923 жылдары мен Орынбор рабфағында оқыдым. Сол кезде бізбен бірге оқитын Сұлтанқазы Қыдыров деген жігітті оқудан шығару мәселесі қозғалды. Себебі, ол Сайым Қыдыров дейтін байдың баласы екен. Әкесі 1916 жылығы көтерілісте кедейлерді өлтірген екен. Сайымды өлтірген төрт жігітті патша өкіметі дарға асып, оларға серік болған көп адамды жазаға тартқан екен», – деп жазады. Осы хабарды естіген жазушы тақырыпқа қызығушылық танытып, материалдар жинайды. 1916 жылғы көтеріліске қатысқандарға хат жазып, деректер алады. Сот ісімен танысады. Көтеріліс болған жерлерді көреді. Ұлт азаттық көтерілістен кейінгі болған оқиғаларды қосымша зерттейді. Сөйтіп, ұзақ дайындықтан кейін роман жазуға кіріседі. Оның алдында «Адасқандар», «Теміртас» романдарын жазып, тәжірибе жинақтайды.

«Ботагөз» – қазақ прозасының отызыншы жылдар ішінде кең шығармашылық арнада өсіп жетілгенінің куәсі тәріздес шығарма. Бұл шығарма – қазақ әдебиетінің жаңа тақырыпта ірі реалистік роман жасау жолындағы табысы.

Ботагөз – күрес дәуірінде туып, халықтың азаттығы жолындағы тартысқа өмірін арнаған, дәуірдің жаңа тұрпатты қызы. Кедей отбасынан шыққан ол жасынан өмірдің ащы-тұщысын татып өседі, әлділердің әлсіздерге жасаған қиянатын көреді. Ағасы Болатбектің қолында тұрып, ағасымен бірге істейтін еңбек адамдарының, өзі ет дайындайтын мекемеге жұмысқа тұрғанда, ондағы жұмысшылар тұрмысының жүдеулігін таниды. Орыс мектебінде оқитын зерек қыз өмір, қоғам, әділетсіздік туралы ойлана

бастайды, Урядник Кошкиннің елге жасаған өктемдігі, Итбай болыстың ағасы Темірбекті соққыға жығуы, өзін тоқалдыққа алмақ ойы Ботагөздің озбырлыққа қарсы санасын оятады. Осыдан барып, 1916 жылғы көтеріліс басталғанда, ол солардың қатарына қосылады, «Мұндай арпалыс шақта кару асынып, олардың қатарында майданға шыққан талай әйел бар. Франция деген елдің Жанна Дарк деген батыр қызы болған, орыстың Надежда Дурова деген батыр қызы болған», - дейді ол оның көтерілісшілерге қосылғанын құп көрмеген Амантайға. Шешуші кезеңдерде ол ерлерге тең ісімен көзге түседі. Алексей Кулаковты тұтқындайды, өзіне тор құрған Итбайдың баласы Сарыбастың қолына түспей кетеді. Романның ақырында Шалқар көлінің ортасындағы дінгек таста жеңісті қарсы алады.

Ботагөздің осындай күрескерлік характерінің қалыптасуына сүйгені Асқардың да ықпалы болғаны даусыз. Жазушы екеуінің махаббатын жалаңаштамай, саяси күрестің ішінде бейнелейді. Сонымен бірге адалдық, әділдік, махаббат, достыққа беріктік, жұртқа жақсылық жасауға тырысу, сабырлық, батылдық – Ботагөз бойындағы жақсы қасиеттер. Мұның бәрі роман бойында көрініп, дәлелденіп отырады.

Романның Ботагөз атына қойылуы да жазушының бұл образға мән бергенін байқатады. Романның эпилогын ол: «Күн көзіндей жарық бар Ботагөздің көзінде, Телегей теңіз тарих бар Ботагөздің сөзінде»¹ – деп аяқтайды.

Романның идеялық жүгін көтеріп тұрған образдардың бірі-Асқар. Жазушы қатардағы ауыл мұғалімін өмір мектебінен өткізіп, халықтың азаттық жолындағы күрескер дәрежесіне көтереді. Әрқашан сабырлы, ойлы, табанды күрескер Асқар-өз заманының кейіпкері екенінде дау жоқ.

Романда еңбекші халықтың ішінен шыққан күрескер ретінде Амантай бейнеленген. Бұл образға жазушы ескі қазақ ауылында әділетсіздікті көп көрген, ойы жүйрік, тәжірибелі халық адамының әрекет-тіршілігін

¹ Мұқанов С. Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы: «Жазушы», 1973. 10-том. 126-б

жинақтаған. Ол – еңбекші қауымға ықпалды, сөзіне берік, тиянақты адам. Жазушы Ботагөз, Асқар, Амантай бейнелері арқылы заманның тенденциясын, халықтың бостандыққа ұмтылысын ашып береді.

Азаттық жолындағы күреске қарсы тұратын типтердің ең көрнектісі – Итбай мен Кулаков. Итбай – ескі қазақ ауылының билеушісі, байлық пен күшке сенген, патша әкімшілігіне сүйенген адам. Қазақстанда туып-өскенмен, орыс армиясында қызмет етіп, кейін патшашыл Ресейдің сойылын соққан Алексей Кулаков – отаршылдық пиғылды ұстанған, қазақтарға менсінбей қарайтын, қанаушылық, талаушылық саясат жүргізген адам. Қысқасы, «Ботагөз» - заман шындығынан аса байсалды мазмұнмен, шеберлікпен суреттеген роман.

Сәбит Мұқанов халық өмірін терең білетін, өзі кедей жалшылар ортасынан шыққан, жетімдік пен жоқшылықты көп көріп өскен жазушы еді. Бұл жағынан, оның балалық шағы Джек Лондонға, Максим Горькийге ұқсайды. Бұл да солар сияқты еңбекші бұқара ішінен оның қиыны да азапты тіршілігінің шыңырау түбінен қайнап шықты. Халық мұңын жүрегіне ұялатып, оның көз жасы мен шер-шерменін ойына түйді. Үлкен өмір мектебінен өтті. Бұл мектеп – өмір тану, азаттық, теңдік, бақыт іздеу жолы еді. Осы бір халық өмірінің күрделі шындығын ол «Өмір мектебі» атты үш томдық тарихи мемуарлық романына арқау етті. Жазушы өз өмірін негізге ала отырып, өзі көрген, куә болған, сезінген қазақ қоғамының шындығын тұтас суретке түсірді, Онда оқиғалар жүйесі бас кейіпкердің сезінуі арқылы дамиды. Ірі-ірі оқиғалар жазушының толғанысынан өтеді. Егер бірінші кітаптан («Азапты жолда») оның жетімдік жағдайында өткен балалық шағын көрсек, екінші кітапта («Азатты жолда») халықтың азаттығы жолындағы күресіне ілесіп, оның білім іздеуі, қоғамдық істерге араласуымен танысамыз. Үшінші кітап («Есею жылдары») Сәбиттің ақындығы, жазушылық, қоғамдық қызметінің қалыптасуы, азамат есебінде есеюі секілді мол деректерді қамтиды. Бүкіл шығарманың идеялық түйіні- халықтың отаршылдық пен ұлттық езгіге бой

көтеріп, азаттықтың жолын қалауын, оның заңдылығын, рухани жаңарып, халқының азаматтық өсу жолын бейнелеуден аңғарылады. Сондықтан өмір мектебі – жазушы өткен ғана емес, халық өткен жол болып табылады. Осы тұрғыдан сыншы М.Қаратаевтың «Өмір мектебін» халықтың жарты ғасырлық өмірінің шежіресі»¹ деп атауы орынды.

Әр жазушының шығармашылық жолында оның бүкіл өзегіне айналған басты бір тақырыбы болады. Мысалы, ұлы Абай М.Әуезов шығармашылығының өмірлік мәніне айналды. Мұхтар Абай тақырыбына арнап ондаған мақала, зерттеу, пьесалар жазып барып, өзінің бас шығармасы «Абай жолы» роман-эпопеясы өмірге келді. Осы сияқты қазақтың тағы бір біртуар ұлы Ш.Уәлиханов та С.Мұқановтың бүкіл шығармашылығының негізгі арнасына айналған.

Жалпы С.Мұқанов Шоқанның есімін алғаш рет 13 жасында естіп, оның суреті мен қолжазба еңбегін көреді. Сол кезден бастап Шоқан жазушының жүрек түкпірінен орын алады. Ленинград университетінде оқып жүргенде Академия мұрағатынан Ш. Уәлихановтың қолжазбалары мен өміріне қатысты деректер сақталған құжаттармен танысады. Осыдан барып Сәбит Шоқан тақырыбын ғылыми тұрғыдан да игеруге кіріскен екен. «Шоқан Уәлиханов», «Қашқар қызы» пьесалары мен «Аққан жұлдыз» романдары Шоқанның көркем бейнесін жасау жолындағы ізденістердің жемісі болатын. Әттең, көп томдық болып жоспарланған «Аққан жұлдыз» романдарының бітпей қалуы өкінішті-ақ...

Шоқан туралы тарихи құжаттардың аса молдығы «Аққан жұлдыздың» алғашқы кітабынан-ақ байқалады. Халық үшін, тарих үшін аса құнды тарихи деректердің біразы түрлі мақалаларда, монографиялық зерттеуде, сонымен бірге әлі де қалған, қыруар материалдар көркем шығармада барынша пайдаланғандығы көрінеді. Салыстыру үшін айта кетер болсақ, «Абай жолы» роман-эпопеясы жас Абайдың 13 жасар кезінен басталады. М.Әуезовте де Абай туралы материалдар көп болған. Бірақ

¹ Қаратаев М.Эпостан эпопеяға. – Алматы: «Жазушы», 1969. 330-б.

оның барлығын романдарына тықпалай бермей, катал сұрыптаудан өткізіп, алға қойған идеялық-көркемдік мақсаттарға қызмет ететіндерін ғана шебер пайдаланып отырған. С.Мұқановтың «Аққан жұлдыз» туралы «Мен әдебиет теоретигі емеспін. Бар тапқан-таянғанын ұясына таситын бал арасы секілді мен әдебиетке бар жиған балымды беремін. Баяндау формасына келсек, ең болмағанда, қазақ қоғамының ХІХ ғасыр басынан бергі тарихын айтып алмай, Шоқанның жастық шағынан бірден бастап кетсек, оның өсіп қалыптасқан ортасы, сол тұстағы әлеуметтік жағдай оқушыларға түсініксіз болып қалады. Сондықтан мұндай экскурс қажет. Онсыз Шоқан өмірі тарихшылар – сендерге ғана түсінікті болуы мүмкін. Ал мен шығарманы шопан, аспаз, жұмысшы дегендей, қалың оқушы қауымға арнап жазамын»¹.

Жалпы алғанда, Сәбит шығармалары ХХ ғасыр сияқты күрделі кезеңде қазақ халқы бастан кешкен өмірдің кең көрінісін танытатын туындылар қатарына кіреді. Жазушы, негізінен, өзі куә болған оқиғаларды негізге алып, көркем бейнеледі. Заман, дәуір өзгерістері легінде көрінуге тырысты.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сәбит Мұқановтың өмірі мен оның басты кезеңдерін еске түсіріңдер. Оның балалық шағы қалай өтті? «Өмір мектебінің» бірінші кітабы бойынша, жазушы өмірінің алғашы кезеңін, оның ерекшеліктерін түсініп алыңдар.

2. Сәбиттің ақындық шығармашылық өмірі қай тұстан басталады? Оның өлең-поэмаларының тақырыбы, ақындық ерекшелігі қандай?

3. «Сұлушаш» поэмасын оқып шығыңдар. Ондағы өмірдің шынайы суреттеріне, кейіпкерлерінің өміріне қатысты эпизодтарға, Сұлушаш, Алтай портреттерінің жасалу жолына назар аударыңдар.

4. «Ботагөз» романының жазылу тарихы мен қазақ әдебиетіндегі орны қандай? Онда суреттелетін өмір шындығы, басты кейіпкерлері туралы әңгімелендер.

5. «Өмір мектебі» романын оқыңдар. Оны неге «Қазақ халқы өмірінің жарты ғасырлық шежіресі» деп атайды?

¹ Кәдімгі Сәбит Мұқанов. А., 1984. 339-б.

6. «Аққан жұлдыз» романындағы Шоқан бейнесіне ой-пікірлеріңді білдіріңдер. Суреттелетін өмір шындығы мен басты кейіпкерлерге мінездеме беріңдер.

Тест сұрақтары:

1. С. Мұқанов жұмысшы факультетін (рабфак) қай қалада бітірді?

- А) Қызылорда
- В) Шымкент
- С) Қостанай
- Д) Орынбор

2. Сәбит Мұқановтың туған жерін табыңыз.

- А) Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтарал ауданы
- В) Алматы қаласы, Райымбек ауданы
- С) Солтүстік Қазақстан облысы, Преснов ауданы
- Д) Батыс Қазақстан облысы, қазіргі Орда ауданындағы Жасқұс кұмы

3. «Ш.Уәлиханов» пьесасының авторы кім?

- А) М.Әуезов
- В) С.Мұқанов
- С) Ғ.Мұстафин
- Д) Ф.Оңғарсынова

4. С.Мұқановтың поэмасын табыңыз.

- А) «Сұлушаш»
- В) «Мөлдір махаббат»
- С) «Ботакөз»
- Д) «Теміртас»

5. С.Мұқановтың әйгілі романын табыңыз.

- А) «Майға сәлем»
- В) «Есею жылдары»
- С) «Сұлушаш»
- Д) «Ботагөз»

6. С.Мұқановтың Ш.Уәлиханов туралы романын табыңыз.

- А) «Өмір мектебі»
- В) «Ботагөз»
- С) «Аққан жұлдыз»
- Д) «Сырдария»

7. С.Мұқановтың «Балуан Шолақ» туындысында Нұрмағанбетке «Балуан Шолақ» деген атауды кім қойған?
- А) Халық
 - В) Баймырза
 - С) Туыстары
 - Д) С.Мұқанов
8. С.Мұқанов «Сұлушаш» поэмасын қай жылы жазды?
- А) 1930ж.
 - В) 1928 ж.
 - С) 1932 ж.
 - Д) 1925 ж.
9. 1931 жылы шыққан С.Мұқановтың романын табыңыз.
- А) «Есіл»
 - В) «Өмір мектебі»
 - С) «Адасқандар»
 - Д) «Ботагөз»
10. С.Мұқановтың қазақ кедейлерін типтік бейнесін танытқан өлеңін табыңыз.
- А) «Көңілім»
 - В) «Сүт заводы»
 - С) «Кедей баласы»
 - Д) «Майға сәлем!»
11. С. Мұқановтың поэмасындағы кейіпкер қызды табыңыз.
- А) Құралай сұлу
 - В) Сұлушаш
 - С) Ботагөз
 - Д) Ұлжан
12. Сәбит Мұқановтың патриоттық тақырыптағы өлеңін табыңыз.
- А) «Егістік»
 - В) «Конвейер»
 - С) «Сүт заводы»
 - Д) «Майға сәлем»
13. С.Мұқановтың 20-жылдары қай тақырыпта өлеңдер жазған?
- А) Ел азаттығы
 - В) Білім жайлы
 - С) Достық, махаббат
 - Д) Қазақ кедейінің халі
14. С.Мұқановтың «Сұлушаш» поэмасының басты кейіпкерін

табыңыз.

- A) Тұтқыш
- B) Баян
- C) Жарасбай
- D) Алтай

15. С.Мұқановтың алғашқы өлеңін табыңыз.

- A) «Майға сәлем»
- B) «Балқаш»
- C) «Берлин алынды»
- D) «Бостандық»



Ғабит Мүсірепов

(1902-1985)

Ғабит Мүсіреповті мақтаудың керегі жоқ. Онымен мақтануымыз керек.

Зейнолла Қабдолов

Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов – ұлттық мәдениетіміздің тарихындағы үлкен тұлға. Оның әйгілі әңгіме, пьеса, романдары ел өмірінің ең бір елеулі кезеңдері мен кейіпкерлерінің қилы-қилы тағдыр талайын айрықша талант күшімен әсерлі суреттеген туындылар болды. Саңлақ суреткердің кейінгі ұрпаққа қалдырған бай мәдени мұрасы туған әдебиетімізді әлемдік өреге шығарды.

Ел тағдыры шешілер ірі оқиғаларға араласқан азамат жазушы қиын заман, қилы кезеңде де халқының жағын жоқтап, сөзін сөйледі, өз басына түскен қауып-қатерден де қаймыққан жері жоқ.

Ғабит Мүсірепов Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы «Жаңа жол» ауылында орта дәулетті отбасында дүниеге келген. Болашақ қаламгер алғашында ауыл молдасынан оқып, хат таниды. Ол кездегі ауыл ақсақалдарының бір әдемі әдеті – кешке жақын дөң басына, көкорай шалғын көк майса үстіне киізді жайғызып тастап, неше түрлі қисса, жырды қызыға, құныға тыңдайтын. «Әдебиетпен алғаш жақын танысуым осы еді» – дейтін жазушы балалық шағын есіне түсіріп отырып. Зерек бала «Қыз Жібек», «Ер Тарғын», «Қобыланды батыр», «Ләйлі-Мәжнүн», «Көроғлы», «Сал-сал», «Зарқұм», «Шәкір-Шәкірат», «Шахмаран» сиқылды ерлік пен елдікке, пәктік пен сұлулыққа толы жырды сүйсіне оқып, талай бетін жаттап та алады.

Ол 1917 жылы Қостанай уезінің Обаған болысындағы екі сыныпты орыс мектебіне оқуға түседі. Оның ұстазы қазақтың белгілі ақыны Бекет Өтетілеуов шәкіртіне жылы шырай білдіріп, өлең-жыр жаттатады. Мектепті бітірісімен, болашақ жазушы Пресногорьковтегі жоғары бастауыш училищиге түсіп, жеті жылдық мектеп көлемінде білім алады. Соң , 1923 жылы Орынбор қаласындағы жұмысшы факультетіне оқуға түседі. Орыс және әлем әдебиетінің саңлақтарын құмарта оқиды. «Мен – дейді жазушы «Автобиографиялық әңгімесінде», – он тоғызыншы ғасырдағы орыс классиктерін сол рабфакта ұғынып шыққандаймын. Әсіресе, Гоголь, Чехов, Горький бағыты ойыма қона қалушы еді. Оқуды бітірген кезде жазу талабы менде де ояна бастады»¹.

Жұмысшы факультетінен кейін (1926) Ғ.Мүсірепов бір жыл Омбы қаласындағы ауыл шаруашылығы академиясында оқиды. Сонда жүріп «Тулаған толқында» атты хикаятын жаза бастайды. 1928-1938 жылдары баспасөзде, әр түрлі орындарда жауапты қызметтер атқарады.

Ізденіс пен қиналысқа толы 1938 – 1955 жылдар арасында бірыңғай әдебиетпен айналысады. 1956-1966 жылдары «Ара-Шмель» атты сатиралық журналдың бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы қызметтерін атқарып, 1966 жылдан кейін қайтадан бірыңғай жазушылық өнерімен шұғылданады.

Қаламгер ондаған мақала мен очерк, әңгіме мен новелла, ұлттық драматургияның алтын қорына қосылған «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ақан сері – Ақтоқты» пьесалары мен «Қазақ солдаты», екі томдық «Оянған өлке», «Ұлпан» романы және «Кездеспей кеткен бір бейне» поэмасын жазды.

Ғ.Мүсірепов ер басына күн туып, етігімен су кешіп-елінің жартысын жайратып салған 1932 жылдың қилы кезеңінде бес азаматтың атынан қылышынан қан тамған жоғары орынға жанын шүберекке түйіп жүріп ашық хат жазған азамат болатын. Қаламдас аға – досы – Биағаңа (Бейімбет

¹ Мүсірепов Ғ. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы», 1986. 2-том. 157-б.

Майлинге) жала жабылғанда, тағы да басын қатерге тігіп, айғайлап ара түскен: «Биағаң халық жауы болса, мен де жаумын!»¹ – деп, адам таңғаларлық қайсарлық көрсеткен. Солақай сыншылар «Абай жолына» көк сүңгі сілтеп, ұлы Мұқанның басына әңгіртаяқ ойнатқанда да ара түсіп, адал, байыпты, мәнді мақала жазып, ашық сайысқа шыққан да – Ғ.Мүсірепов.

Жазушының асыл мұрасы, жүрегін жарып шыққан жан сөзі – бәріміздің рухани азығымыз, мақтанышымыз. Оның адамдық қасиеті, азаматтық тұлғасы – бәрімізге үлгі, өнеге.

Әдебиетке 20-жылдардың екінші жартысында келген Ғ.Мүсіреповтің алғашқы көлемді туындысы – «Тулаған толқында» хикаятында 1916 жылғы дүрбелең кезіндегі ауыл тіршілігі, әйел тағдыры бейнеленсе, «Қос шалқар», «Көк үйдегі көршілер», «Алғашқы адамдар» атты әңгімелерде еңбекші халықтың сана-сезімінің өзгергені суреттеледі.

Ғ.Мүсіреповтің азаматтық және қаламгерлік қасиетін айқындай түскен «Талпақ танау» мен «Шұғыла» сол кездегі қазақ әңгімесінің айтулы үлгілері қатарына кіреді.

«Талпақ танаудың» (1933) астарлы ойымен уақиға ағымы кейіпкердің әдемі күлкісі, әсем әзілі арқылы аңғарылады. Түйе жеккен арбамен іркілдеп жеткен екі шошқа, әй, жақсылықтың белгісі емес – ау! Сондықтан да ауыл жігіттері «жақындамай, алысырақ иіріліп тұрып, оқырына қарайды. Төрт түлігі жаңғырған елге «малдан гөрі итке ұқсайтын бесінші түлік» жат-ақ. Ақыры ауыл ақсақалын зорлықпен екі шошқаның соңына салады.

Зорлықпен, атып, асу, жер аударумен жеткен жаппай ұжымдастыру, шексіз қайғы-қасірет әкелді. Халық басына төнген қара бұлтты көре тұрып, Ғабит Мүсірепов үнсіз қала алмады, тәуекелге бел байлап, «Шұғыла» атты әңгімесін жариялады. 1932 жылғы халық аштан қырылған оқиғаларды өзін тікелей суреттей алмағанмен, кеселге себепші болған – жоғарыдағы адуын

¹ Мүсірепов Ғ. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы», 1986. 2-том. 147-б.

күшті қалың елді тып-типыл еткен қара дауылдың зардабын анық байқатады.

Ел тұрмысы қаншалықты ауыр болғанмен, тірлік ағымы өз қалауын алға тарта береді. Жазушының өмірлік тақырыбы болған, әрқашанда сүйсініп, сүйіп жырлаған ана тақырыбына барады. «Ананың анасы», «Ашынған ана», «Ананың арашасы», «Ер ана», «Ақлима» – ананың алып тұлғасын, киелі сезімін жырлайтын туындылар.

Ғ.Мүсіреповтің әңгімелеріндегі қазақ әйелдерінің өршіл де өжет, қажырлы да қайратты, сабырлы да пайымды, ақылды да аяулы қасиеттері барынша жарқырап көрінеді. «Ананың анасындағы» қарапайым ана да осы ыңғайда бейнеленген. Жалпақ балуан бастаған қарулы топ Ергенекті деген елді шауып, жылқысының бәрін қуып кетеді. Барымташылар жылқышының он бес жасар қызын да тартып алып, өздерімен бірге ала жүреді. Қызына ара түскен әкесін мерт қылады. Перзенті үшін өлімнен де қорықпай, жаудың соңынан жалғыз шапқан ана ешкімнен сескенбестен «Менің атым әйел, мына қыздың анасымын! Бәрінде анадан тудыңдар! Анамен алыспайды да, атыспайды да. Нең бар еді менің жалғызымда? » – деп, өктем сөйлейді. Мұндай айбарлы сөзге «Әйел еркекке қатындыққа жаралған. Біздің далада одан басқа не бітіреді, олар? Қызды сатып алсаң да қатын, тартып алсаң да қатын...» – деп, қарсы сөз айтқанымен де барымташы батырлар уәжге тұрып, қызға бостандық береді. Бұл жерде жазушының айтпақ болған ойы анық: аналық махаббаттан күдіретті күш жоқ. Керек десеңіз, адамзат қоғамын бар жамандықтан сақтап, тек жақсылыққа бағыттап келе жатқан да осы ұлы-күш.

«Ашынған анада» 1916 жылғы дүрбелең кезде қиянатты көп көрген Қапияның озбыр болыс пен оның жандайшабына пышақ салып, кек қайырғаны әңгімеленеді. Әйелді мұндай ірі әрекетке бастаған күш – оның бойындағы әділдікті аңсаған, озбырлыққа қарсы адамгершілік ұлы қасиеттер. «Ананың арашасы» азамат соғысына арналған. Ақ, қызыл болып екіге соғысып, кезек-кезек елдің тынышын кетіріп жатқан кез.

Сондай бір кезде ақ офицер Антонов тың жазалаушы отряды ауылдың үстінен қылышын жарқылдатып, тыныш жатқан елдің берекесін кетіреді. Қызылдарды іздеп ауылдың астан-кестенін шығарады. Нағима жаралы қызыл әскерді қуғыншы ақ әскерлерден жасырып, өлім аузынан аман алып қалады. Офицер Антонов «Қызыл әскерді тауып бер»деп, Нағиманы қанша азаптаса да қайсар ана айтпайды. Сөйтіп, бір ананың жауынгер баласын екінші бір ана – Нағима ажалдан арашалап қалады.

«Ер анада» неміс-фашист басқыншылары басып келіп қалғанда, кашуға ауру немересіне қарайлап, үлгірмей қалған орыс кемпірі Наталья ғажайып ерлік жасайды. Мас немістердің алдында кездескеннің, қолына түскеннің бәрін қиратып жатқанын көзімен көрген, адамгершілік қасиеттерден жұрдай қалыптарына күйінген ол олар жайғасқан мектеп үйіне от қойып, жаудың күлін көкке ұшырады. Натальяның бойына осыншама қайрат беріп, үлкен ерлікке жетелеген күш туған жерге деген сүйіспеншілік, сол жердің қасиетін қорлап, ойран салып жатқан фашистерге деген өшпенділік еді.

«Ақлима» әңгімесінде қарапайым қазақ әйелінің ішкі жан дүниесінің тазалығы, адамгершілік зор қасиеттері ерекше зор ықыласпен сипатталады. Жазушының суреттеуінде ана – тек өз перзенттерінің анасы ғана емес, барлық адамдардың анасы. Ақлиманың балаға деген, жалпы адамға деген мейірімі аса мол. Ол соғыстан екі қол, екі аяғынан айырылып, мүлдем жарымжан болып оралған жауынгерді асырап алады. Өз баласынан кем көрмей, жаралы жанды жас нәрестеше мәпелеп өсіреді. Жазушының суреттеуіндегі Ақлима асыл мінезді, мейірбан жүректі қарапайым қазақ әйелінің бірі ғана болып бейнеленген.

Ана туралы топтамамен қатар Ғ.Мүсірепов 1930 жылдардың бас кезінде драматургия саласына мол үлес қосты.

Драматургиясы жаңа туған театрымыздың алғашқы қарлығашының бірі болып шымылдығын ашқан «Қыз Жібек» атты музыкалы драмасын қалың қауым қуана қарсы алды. Көп ұзамай Ғ.Мүсірепов Б.Майлинмен

біріге азамат соғысының ардагері Амангелдіге арналған көлемді пьеса жазды. «Ақан сері-Ақтоқты»(1945) трагедиясы – ұлттық драматургияның классикалық туындысы.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу»(1939) трагедиясы Ғабит Мүсірепов шығармашылығының ең құнарлы, жемісті кезеңін бастайды. Өркениетті өнердің биік талабына сай жазылған аталмыш трагедия халықтың сүйікті асыл жырына айналғаны сөзсіз. Көшпелі қоғамның шыншыл бейнесі қайта туып, жаңа қауыммен құшақ жая қауышты.

XX ғасыр басында қазақ романдарының тағдыры ауыр болғанымен, әдебиеттің басқа жанрларына қарағанда жолы жарқын, өресі биік болды. Оның озық үлгілері әлем әдебиетінің табыстары қатарына кірді.

Қазақ романының тууы да қазақ өміріндегі елеулі тарихи кезеңдермен байланысты. Алайда, роман бірден үлкен эпикалық сипат алып, халық өмірін сипаттауға көтеріле алған жоқ. Алғашқы романдар дәуірдің көкейкесті мәселелеріне назар аударып, ел арасында жіктелу мен тартыстың сырын ашумен ғана шектелді.

Бұл тұрғыда М.Дулатов, С.Торайғыров, С.Көбеевтің тәжірибелері тарих үшін аса қымбат. Жалпы өлең тіліне сыймайтын оқиғалардың тізбегі роман жанрының дамуына ықпал етті.

Ж.Аймауытовтың шығармалары жиыrmасыншы жылдардың өзінде-ақ Еуропалық романның үлгілерін бойына сіңіріп, жаңа формаларды ашты.

Жиыrmасыншы жылдардың аяғы мен 30-жылдардағы бұл тәжірибе С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, С.Мұқанов, М.Дулатов, С.Ерубаевтармен толыға түсті. Бірақ көп кешікпей осылардың көпшілігі жалған жаламен қуғындалып, атылып кетті. С.Ерубаев қайтыс болды. С.Мұқанов партиядан шығып, дел-сал өмір сүрді. Роман жанры дағдарысқа ұшырады. Содан қырқыншы жылдардың орта тұсына шейін есін жия алған жоқ.

Қазақ романының дамуының жаңа дәуірі қырқыншы жылдардан басталды. М.Әуезовтің «Абай» романы ұзақ үнсіздіктен кейінгі дәуірді

бастады. Соғыс қызып тұрған кезінде Ә.Әбішев, Ғ.Слановтар сияқты жастар романға бет бұрып, алғашқы туындыларын ұсынды.

Алғашқы шығармашылық жолын прозаның шағын жанрларынан бастап, кейін драматургияда елеулі шығармалар жазған Ғ.Мүсірепов эпикалық прозаға осы тұста келді.

1945 жылы Ғабит Мүсіреповтің «Қазақ батыры» деген повесі басылды. Ол Кеңес одағының батыры Қайырғали Смағұловтың ерлік жолын әңгімелеген деректі жағын пайдалана отырып, оны кең тынысты роман етіп қайта жазды. Екінші дүние жүзілік соғысқа қатысқан қазақ солдаттарының тууын, есейіп қалыптасу жолын, ерлік, отаншылдық сезімдерін молынан ашып көрсетті. Сондықтан «Қазақ солдаты» деп аталды. Білеміз соғыс тақырыбына көптеген шығармалар жазылды. «Қазақ солдаты» - солардың көлеңкесінде қалмаған, өзіндік проблемасы мен көркемдік жүйесі бар үлкен романдарының бірі.

Жазушы Қайрошты майдан батыры есебінде танып қана қоймай, оның өмірдегі орнын, азаматтығын, кісілігін ашып көрсетуге көп көңіл бөледі. Батырдың қуанышы мен реніші, сенімі мен түңілуі, сүйіспеншілігі, әсіресе Ақботаға деген сезімі романда жарқын суреттелген.

Романда суреттелген соғыс суреттері майданның шындығын алға жайып салады. Әсіресе, көпірден өтетін тұста командирі жараланып, сержант Сарталиевтің басшылықты қолына алуы тұсынан басталатын оқиғалар қызықты оқылады. Судан өту, дұшпанның көпірді бұзуы, жау танкілерімен ұрыс, Новоросийскідегі түнгі соғыс, Қырым жағалауына десант түсірудің тарихы – бәрі де болған өмірдің шынайы суреттері. Қайрош – биік тұлғасымен көрінеді. Жауынгерлердің бір окопта, бір мақсатта кешкен өмірі оларды қалай туыстырып жатқанын түсінесің. Халықтар достығы деген жалаң ұғым емес, тілектес, мүдделес күрескерлердің ұжымы екенін көресің (Самед, Русаков, Мирошник т.б.).

Суреткер бас кейіпкерді жалаң мақтаншақ етіп алмай, оның характерін танытудың оралымды жолын табады. Оның кішіпейілділігі,

әдептілігі жарасымды. Ғабит адам жанын терең түсінетін психологтігін танытады.

Осыдан кейін-ақ ол «Қазақ солдаты» жазушының талантты екенін мойындатты. О баста шағын шығармаға әуестеніп келген жазушы алдына өзіне лайықты міндеттер қоюға болатынын аңғартты. «Оянған өлкені» жазуға кірісіп кетті.

М.Әуезовтің «Абайынан» кейінгі дәуірде қазақ романының жетілген, жаңа үлгісін ашты. Абай заманымен тұстас дәуірді алған жазушы сол кездегі қазақ халқы өмірінің екінші жағын, қазақ даласында ашыла бастаған өндіріс ошағы мен алғашқы жұмысшылар тобының туу, қалыптасу проблемасын қозғады. Қазақ өлкесінің оянуын, заманмен туған жаңа адамдарды көрсетті. Ол феодалдық-патриархалдық жайлаған тіршілігі, көшпелі тұрмысымен қақтығысқа келген капиталистік қатынастың сыры мен шынына үңіледі.

Жазушының суреттеуінде, бұрынғы тыныштық басқан, мүлгіген далаға жан кірді. Жаңа қожайындар келді, олар үстін емес, астын иемденіп, кен өндіруге ауылдан жаңа күштер тартты. Қазақ даласында ашылған өндірісті паналап, орыс жұмысшылары келеді. Олар кәсіптес қазақтармен тіл табысып, мүдделері ортақ болып шығады.

Жерге таласқан екі байдың тағдырына өзгеріс кіреді. Жұман арқылы ескі заман байының күні өткенін бейнелейді. Байжан әкелген тас көмірдің күміс самаурынын ағызуы. Игілік болса, ақылды, ойлы күрделі бейне. (Маған енді жердің керегі жоқ, менің байлығым базарда. «Заманы түлкі болса, тазы бол шаба алатын» деп айлалы етіп суреттейді).

Қазақ даласына кіре бастаған капиталистік қарым-қатынастардың шындығы романда Ушаков бейнесінде тоғысқан. Ол «Сарыарқаның әрбір қырқасына бір қазық қағып, көмірді темірге, темірді мысқа, мысты қорғасынға қосақтап» жүрген Ушаков қазақ даласының байлығын мол қарпуды көздейді. Арзан күш, аңғал қазақтарды іске қосуға шебер.

Романда Ушаков компания мүшелігінен қуылады. Бұл да капитализм заңы. Ушаков – кіші алып, үлкен озбыр Рязанов символы.

Қазақ даласында жаңа күш жұмысшылар бейнесі – Бұланбай. Ер, батыр, ісіне берік, мінезі тұрақты, адамгершілігі мол. Романдағы кейіпкерлер онымен жақсы болуға тырысады.

Романдағы жақсы кейіпкердің бірі – Байжан. Аң аулап жүріп суырдың інінен көмір табады. Өзін кеннің иесі санайды. Елпілдеген мінезі, орыс жұмысшылары тарапынан түсінік табады. Елизавета Сергеевна Байжекеңнің қызындай балаларының «Кіші апасындай» болып кеткенінің өзінде қанша жылылық бар. Жалпы сол тұстағы қазақ ауылының өмірі, тұрмыс салты сараң болса да айқын бояулармен суреттелген.

Роман екі кітап ретінде жоспарланған еді. Арада басқа туындыларын жариялады. Тек өмірінің соңғы шағында мойнындағы қарызын өтеп кетуге бел буды.

Романның жалғасы «Жат қолында» деген атпен 1984 жылы басылды. Онда «Оянған өлкенің» оқиғаларын дамытып, қазақ қоғамының XIX-XX ғасырдың шекарасындағы өмірін суреттейді. Қарағанды өндірісінің ресейлік иелері күйреп, ол шетел билеушілерінің қолына өткен.

Игілік қартайып, жұрт алдына Кенжеғара шығады. Оның ел намысын, еңбекші халықтың мүддесін көздеп шыққан шағын көреміз. Елді отырықшылдандыру, кедейлерге ара түсу, жастарды кәсіпке, ел тірлігіне араластыру, мектеп салдырып, халықтың сауатын ашу, әйел, ана, қыз тағдыры, әдет-ғұрыптың озығы мен тозығы жайында кең ойланады.

Жас ұрпақ өкілдері – Нартай, Әлішер, Ашар, Гүлбадан, Қарлығаш, Нұрила, Жомарт т.б. Бұлар елге пайдалы кәсіпке талпынады. 1917 жылы төңкеріс болып, патша тақтан түседі.

«Жат қолында» қазақ халқының бүкіл болмысы, тұрмыс-тіршілігі, ой өрісі молынан көрініс тапқан. Үлкен фонда реалистік мәнерде бейнеленген.

Әдебиет теориясында «романная мышление» деген ұғым бар. Ол өмір құбылыстарын зерттеу және суреттеудің кеңдігін меңзейді. Мүсіреповке тән қасиет – өмірді тануы мен оны бейнелеудегі байлық пен кеңдік. Дүние қандай кең, ондағы өмір қандай еркін болса, соның бейнесін тарылтпайды.

Ол – портрет жасаудың шебері. Оны әр романның кездестіруге болады. Ол сатиралық портретке жиі барады. «Қазақ солдаты» романындағы оқу бөлімінің бастығы мен Ақботаның күйеуін еске алудың өзі жеткілікті. Сондай-ақ, табиғат суреттері. Қазақ даласының құнарлы пейзажы.

Ғабит Мүсірепов - қазақ көркем сөзінің айтулы шебері. Оның тіл байлығы, әр сөзді орын-орнына қоя білуі, тілінің тазалығы кімді де болса ғажап қалдырады. Бұл тұрғыда онымен тең келетін жазушы біздің ұлттық әдебиетімізде жоқ. Оның тіл мәдениеті көп жазушыға үлгі бола алады. Қазақ әдебиетінің биік сөз өнеріне, мәдениетті әдеби тілді дамытуға, образ жасаудың алуан түрлі сырын танытуға ықпал етті. Оның өнегесі біздің ұлттық әдебиетімізге қызмет істей беретіні күмәнсіз.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ғ.Мүсіреповтің өмірінің қызықты кезеңдерін еске түсіріңдер.
2. Әңгімелерінің көркемдік-идеялық ерекшелігі қандай?
3. Ана туралы новеллаларының көркемдік-идеялық ерекшелігінен жаңашылдықты сипаттаңдар?
4. Пьесаларының айырмашылығы және ұқсастығы неде?
5. «Қазақ солдаты» романының жазылу тарихы қандай? Тип пен тұлғаның арақатынасы неде?
6. Романның бас қаһармандары кімдер? Жаңашылдығы неде?
7. Романдарындағы негізгі кейіпкерлердің өзіне тән ерекшеліктерін ажыратыңдар.

Тест сұрақтары:

1. Халықтық дәстүрдің небір ғибратты үлгілерін сипаттайтын

төмендегі үзінді Ғ.Мүсіреповтің қай шығармасынан алынған? *Дүние жүзінде ұзақтан ұзақ амандасатын ел кемде-кем-ай шығар. Әсіресе, осындай дау-жанжалдың арасында жүретіндер езіп- созып, тіпті ұзақ амандасады. Мал-жан, ауру-сырқау, ит-құсқа дейін қалдырмай сұрасады.*

- А) «Боранды түнде» әңгімесі
- В) «Шұғыла» әңгімесі
- С) «Талпақ танау»
- Д) «Оянған өлке» романы

2. Ғ.Мүсіреповтің жазушы болуына үлкен ықпал еткен ақынды табыңыз.

- А) С.Мұқанов
- В) А.Байтұрсынов
- С) А.Құнанбаев
- Д) Б.Өтетілеуов

3. Ғ. Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романы 1945 жылы алғаш қандай атпен жарық көрді?

- А) «Батыр қазақ»
- В) «Қазақ айнасы»
- С) «Қазақ батыры»
- Д) «Ботагөз»

4. Ағасының қалыңдығын әкеліп беретін бала туралы жазылған Ғ.Мүсірепов шығармасын табыңыз.

- А) «Кездеспей кеткен бір бейне»
- В) «Боранда»
- С) «Ананың анасы»
- Д) «Боранды түнде»

5. Ғ. Мүсіреповтің пьесасын табыңыз.

- А) «Амангелді батыр»
- В) «Ер Қосай»
- С) «Махамбет»
- Д) «Амангелді»

6. Ғ.Мүсіреповтің М.Горькийден аударған әңгімесін табыңыз.

- А) «Талпақ танау»
- В) «Ашынған ана»
- С) «Ақлима»
- Д) «Қос шалқар»

7. Ғ.Мүсіреповтің колхоз өмірінің бұралаң-бұлттарысын бүкпей, ашып айтқан шығармасының бірін табыңыз.

- А) «Қазақ солдаты»

В) «Алғашқы адымдар»

С) «Қос Шалқар»

Д) «Жат қолында»

8. **Рязанов, Ушаков Ғ.Мүсіреповтің қай шығармасының кейіпкерлері?**

А) «Қазақ солдаты»

В) «Амангелді»

С) «Оянған өлке»

Д) «Ұлпан»

9. **Ғ.Мүсірепов қай қаладағы жұмысшы факультетінде (рабфак) оқыды?**

А) Ақтөбе

В) Орынбор

С) Қызылжар

Д) Алматы

10. **Ғ. Мүсіреповтің «Ашынған ана» шығармасы қай кезеңде болған оқиғаны суреттейді?**

А) Ұлы Отан соғысы

В) Ашаршылық жылдары

С) Ұлт-азаттық қозғалысы

Д) 1930-38 ж. репрессия кезеңі

11. **Есеней, Мырзаш қай шығарманың кейіпкерлері?**

А) «Ұлпан»

В) «Ақлима»

С) «Ер ана»

Д) «Ақбілек»

12. **Ғ.Мүсіреповтің психологиялық драмасын табыңыз.**

А) «Ақан сері-Ақтоқты»

В) «Жапон балладалары»

С) «Кездеспей кеткен бір бейне»

Д) «Амангелді»

13. **Мәрзия, Науан, Дәмелі қай шығарманың кейіпкерлері?**

А) «Ақан сері-Ақтоқты»

В) «Қозы Көрпеш-Баян сұлу»

С) «Қыз Жібек»

Д) «Амангелді»

14. **Сапар деген жігітті асырап алып, оны өз баласы Қасымнан кем көрмеген ана жайлы Ғ.Мүсіреповтің әңгімесін табыңыз.**

А) «Ұлпан»

- В) «Ақлима»
- С) «Ер ана»
- Д) «Адамның анасы»

15. **Ғ. Мүсіреповтің қай шығармасында Игілік, Жұман, Күреңкөз қожа деген кейіпкерлер кездеседі?**

- А) «Ашынған ана»
- В) «Оянған өлке»
- С) «Қазақ солдаты»
- Д) «Қос Шалқар»



Ғабиден Мұстафин

(1902-1985)

Ғабиденнің жазушылық шеберлігі, ұлттың сөз өнеріндегі орны бүгін ешкімге де талас емес. Ол – барша халық мойындаған тіл шебері. Аз сөзге көп мағына сыйғызған, ұтымды, тапқыр, бейнелі сөз үлгісін тудырушы.

Серік Қирабаев

Қазақ әдебиеті тарихында кезінде Ғ.Мүсірепов «Алыптар тобы» деп атаған ғажайып бір ұрпақ бар. Олар – XX ғасырдың басында Ахмет пен Міржақып шақыруымен оянып, қазақ халқының отаршылдық езгіден азат болып, тәуелсіздік алуына, өнер-білім жолына ұмтылуына айрықша ынталы және үлес қосқан топ. Ахмет бастаған бір топ (Міржақып, Шәкәрім, Мағжан, Жүсіпбек) ертерек репрессияға ұшырады да, қалғандары (Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Мұхтар, Сәбит) қазақтың жаңа әдебиетін жасауға белсенді қатысты, халық өмірінің барлық саласына араласып, ел болудың қамы үшін тер төкті. Олардың осындай ерлік еңбегін көзімен көріп, соған куә болған Ғабит Мүсіреповтың «Алыптар тобы» деп атайтыны да осылар. Ал, осылардан азғана кіші, әдебиетке сәл кеш келгенмен, олар бастаған ояну дәуірін бірге кешкен бізде екі үлкен жазушы тағы бар. Олар – Ғабит пен Ғабиден. Түйедей құрдас екеуі ағаларының арманын арқалап, ұзақ сексен үш жыл өмір сүрді.

Ғабиден Мұстафин 1902 жылы Қарағанды облысының Бұқар жырау ауданында, осы күнгі Теміртау қаласына жақын Жауыр тауы, Нұра өзені бойындағы Сарытөбе деген жерде туған. Болашақ жазушының балалық шағы өз ауылында, ата-анасының қасында өтеді. Жас кезінде Ғабиденнің есінде мықтап сақталған бір нәрсе – туған жерін көшіп келген орыс шаруаларына тартып әперіп, елді Қарағандының Спасск зауытына қараған

бетіндегі қырға зорлап көшіру еді. Туған жермен амалсыз жылап қоштасқан, өкіметтің әділетсіздігінен зардап шеккен халықтың көз жасы болашақ жазушының зердесіне әбден орныққан. Оқуға талап қылған ол әуелде ауыл молдасынан оқып хат таниды да, Спасск заводының табельшісі Мауқымның Жүсібі деген кісіден орысша сабақ алады. Ғабиденнің ресми оқуы осымен аяқталады. Бірақ ынталы жас өз бетімен ізденіп, сабақты өмірдің өзінен алады. Жиырманшы жылдарда ауылда жаңа орнап жатқан өкімет жұмыстарына қатысады.

«1925 жылы көктемде Қазақстан астанасы – Қызылордаға оқу іздеп келдім, – дейді Ғабиден Мұстафин. – Оқуға түсе алмай, қызмет істеуге тура келді. Қазақстан жоғарғы сотында қатынас қағаздар тіркеуші болып жүріп, газет оқуға үйрендім. 1925 жылдың күзінен бастап «Еңбекші қазақ» газетіне ұсақ хабарлар жаза бастадым. Сәбиттің «Ақбөпесіне» еліктеп әңгіме жазуға кірістім». Алғашқы әңгімелерінің бірі – «Сәрсен мен Боқаш» 1927 жылы жазылған. 1929 жылы «Ер Шойын және басқа әңгімелер» деген кітабы Қызылорда да басылды. Сол кезеңдегі өзекті тақырыпқа үн қосып, теңдікке ұмтылған қазақ кедейлерінің алғашқы қадамын суреттейді.

1930 жылы Ғабиден Мұстафин Қарағандыға қайтып оралады. Өндірісте жұмыс істейді. Аз уақыт «Қарағанды пролетариаты» газеті редакциясында жауапты хатшы болады. 1933 жылы Новосибирск қаласында «Қызыл ту» атты қазақ газеті ашылып, соған қызметкер ретінде барады. Онда ол 1938 жылға дейін істейді. Бұл жылдары газетте әңгімелер, очерктер, «Мазасыз мейман» атты пьеса жазады.

Жазушы Алматыға 1938 жылы ғана ауысқан. Осы кезден жазушы өмірінің жаңа кезеңі басталады. Біраз тәжірибе жинақтап қайтқан Ғабиден өзін үлкен прозаға дайындайды. Қарағанды өмірінен «Өмір не өлім» атты роман жазуға кіріседі. Роман соғыстың алдында басылады, Отан соғысы жылдары «Құлаған құз», «Алынған кек», «Басқа пәле тілден» еңбектерін жазады. Тарыдан мол өнім алып, дүниежүзілік рекорд жасаған атақшы тарышы Шығанақ Берсиевтің өмірі мен еңбегін зерттейді. «Шығанақ»

романы 1945 жылы басылады. Осыдан бастап Ғабиден шығармашылығы оқырман назарына ілігіп, орыс және шет ел тілдеріне аударылады.

Бұдан кейінгі жылдары жазушы үздіксіз іздену, өсу, өрлеу жолына өтеді. «Миллионер» (1947), «Қарағанды» (1952), «Дауылдан кейін» (1957), «Көзкөрген» (1963) сияқты романдарын жазды. Бұл шығармалар идеялық-көркемдік қуатының молдығымен, тақырыптық жаңалығымен қазақ әдебиетіне зор үлес болып қосылып, авторын әдебиетіміздің аса көрнекті өкілдерінің қатарына көтерді.

1953-1957 және 1961-1964 жылдары Ғабиден Мұстафин Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы болып істеді. Ол басқарған жылдар Жазушылар одағының ең бір өрнек жайған кезі саналады. Осындай жауапты істерде жазушының мінезінің тұрақтылығы, табандылығы, ойланбай, асығыс шешімге келмейтін сабырлылығы айрықша болған.

Жазушының заманы қайшылықты, күрделі заман болғаны бүгін елдің бәріне аян. Бір жағынан, қазақ халқын екі дүркін аштыққа душар етіп, қырғынға ұшыратқан қатыгездік, ұсақ ұлттардың үнін шығармай, басып ұстаған өктемдігі және айрықша апат әкелген 1937 жыл да бар, қазақ жеріне басқа халықтарды көшіру арқылы жергілікті халықтың тілін, әдет-ғұрпын жоюға бет алу; екінші жағынан, аз жылдың ішінде дүние жүзіндегі ең қуатты мемлекетті орнатқан кеңес өкіметі, құрылыстар, өндіріс орындары, миллиардтап астық алу, халықты жаппай сауаттандыру, театр және мәдени төңкерістер. Адам еркімен есептеспей, оның азаматтық құқын жойып, еріксіз еңбекке жеткен заман солардың қолымен осындай кереметтер де жасаған.

Ол осы заманның жыршысы болды. Сол дәуірдің проблемаларын, табыстарын, қайшылық-қиыншылықтарын көтерді.

Қаламгерлер де, шығатын кітаптар сапасы да әр түрлі болады. Олардың ішінде саясатқа ыңғайланғыш, жалаң ұранға құрылған үгіттік әдебиет те аз емес еді. Олар өмірде болғанның бәрін де мадақтап,

жылтыратып көрсетуге тырысты. Ғабиден ұлы суреткер ретінде мұндай жолға барған жоқ. Ол – нағыз творчество адамына тән еңбектің азабын тартқан жазушы. Ол шындықтың жолымен жүрді. Оның кітаптарының мәңгілік сипаты да осында. Оларда жазушы өмір сүрген дәуірдің кең жасалған, ілгері ұмтылған жаңашыл халық бар. Егер «Көз көргеннен» бастап, кейінгі шығармаларына қарай жүрсек, күрделі де қайшылықты өмірдің кең жасалған суреттеріне кезігеміз. Ол нені, кімді суреттемесін, сол кездің, кейіпкерлердің тағдырын дәуірдің өзекті мәселелерімен байланыста ашады. Сол арқылы әр қилы тарихи тартыстар фонындағы адамның тіршілік жолы бейнеленеді.

Заман өзгергенмен, адамның ұғым-түсінігі, адамгершілік қылықтары, заман ағымы туралы ойлары қалады. Оның еңбектері, дүниежүзілік көлемде кең талқыланды. Көптеген шет тілдеріне аударылды. Әуезовтен кейін кең танылған кісі Ғабиден Мұстафин болды. Фадеев оның романдарын елімізде ғана емес, шет елдерге де барып мақтады. Ол әдебиет өмірінде болған нәрсені тізуші ғана емес, өмірдің өзіне де ой салып отыру қажеттігін қазақ әдебиетінде алғашқылардың бірі болып ұқты.

Ғабиден Мұстафин жазушылық пен қатар, үлкен қоғам қайраткері болды. Қоғамдық, әлеуметтік істерге араласып, елдің, ұлттың дамуы жайында көптеген пікірлер айтқан адам. «Еңбекке төзімді болмайынша, ұзақ түндерде көз майын тауыса отырып бір жолды, бір бетті сан рет көшіріп жазуға шыдамайынша, нағыз жазушы болу мүмкін емес»¹, – деп жазды ол бір мақаласында.

«...Аяғына қарап асын іш» дегенді халық тегін айтпаған. Мейірінді қандыратын мөлдір шығарма тек мөлдір көңілден шығады. Халық дәстүрі қатал, ол дәстүрді бұзушының басы алтын болса да аяққа басылады. Сондықтан жазушы болам деген жас түзде түгілі, үйінде мораль, дәстүр,

¹ Ғабиден М. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы», 1988. 1-том. 53-б.

мінез-қылықтарды мықты ұстауы керек. Жазушы боларсың, болмассың, ал Отаныңның азаматы болуға міндеттісің»¹.

Бұл – аға жазушының кейінгіге, жас ұрпаққа қалдырған үлгісі, өсиеті, ұлағаты.

Ғабиден Мұстафиннің өзінің құпия ойларын жазып жүретін «Сыр дәптерінде» «Абайдан кейін біздің заманымызға дейін қазақтан туған білімді, талантты адамдардың ішінде аты мәлім төрт адам атаусыз ұмытылып барады, – депті ол бір жазбасында, – Олар – А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев... Кейінгілердің қарғысына ұшырамауды ойладым». 1979 жылы 6 ақпан күні жазыпты. Қандай көрегендік, данышпандық танытқан.

«Шығанақ», «Қарағанды» романдары. «Шығанақ» романының шығарманың бас қаһарманы – Шығанақтың өмір жолы-адам деген ардақты атты, түсте көрген арманын, бақытын еркін еңбек-өмірден тапқан қазақ кедейінің жолы. Кешегі қара табан тақыр кедей – бұл күнде төңірекке азаматтық биік мұнардан көз жібереді, ол өмірдің қадір-қасиетін, өз борышын түсінген зерделі жан. Шығанақтың бұл күнде табан тіреп қарсы тұратын, адалдық үшін жанын қияр азамат. Оның мақсаты өзі сияқты жандардың өмірдегі ізгі де ауыр орнын әбден ұққан адамды (Олжабекті) өзгерту, шөлейт даланы құлпырту, өмірді сәндеу білекті жан, білгір азаматтың ісі екенін тереңнен түсінген.

Ауыл шаруасының ғұмыры ешқашанда оңай болмаған. Жазушы ауырды жеңген қиындыққа төзген еңбек адамын жырлай отырып, өмірге нәр, тірлікке сән беретін сана-сезімді жаңғыртатын жасампаз еңбекті дәріптейді.

Романның негізгі оқиғасы – Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы еңбек адамының ерлігі. Барлық оқиғаның ортасында – «ақ

¹ Ғабиден М. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы», 1988. 1-том. 67-б.

тарының атасы» Шығанақ Берсиевтің өмірі мен ерлігі, әлемді таңқалдырған жетістігі.

Шығанақтың тұлғасы мен ерлігі әлем жұртшылығының назарын аударды. Атақты неміс ақыны Бартольд Брехт арнаулы поэма жазды.

Тағдыры да, қимыл-әрекеті де қилы-қилы аға ұрпақ-әкелеріміз Шығанақ пен Олжабектің өз замандасының типтік қасиетін бойына топтастырған мәнді, жанды бейнелер – деп есептейді.

«Қарағанды» романын жазушының өмірлік тәжірибесінің шырынындай десек артық бола қоймас. Осы өлкеде туған, ержеткен, оның кешегісі мен бүгінгісін өз көзімен көрген, тіпті өз қолымен ауыр өндіріс алқабының іргетасын қаласқан жазушы айтар сыр аз емес еді. Міне, ұзақ жылдың жемісі-«Қарағанды» романында автор алыптың бел-белесін көркем бейнелеп шықты.

«Қарағанды» - қою оқиғалы, кең тынысты роман. Автор «Өмір мен өлім» романының кейбір сюжеті мен оқиғасын пайдалана отырып, жұмысшы тобы мен техника мамандарының қалыптасу жолын бейнелеген, 30-40 жылдар арасын қамтитын роман. Жазушы аз туындысына бір кезде ағылшындар қожалық еткен Қарағанды шахтасының алып индустрия негізіне айналғанын үрдіс істің барысында адам рухани қайта туып, қайта түлегенін молынан суреттеген.

Жаңа қаһарман-әдебиет жаңашылдығы болып саналады. Бүкіл өмірмен өмірді өзгертуші, ен даланы жаңартушы – ауыр өндіріс алыбын өркендетуші – осы жаңа кейіпкерлер халық. Сан түрлі мінез, сан-сала тағдырлы кейіпкерлер жүйесі көп ұлтты халықтың жиынтық бейнесіндей көрінеді.

Романның ең бір арайлы беттері адамгершілікке, достыққа арналған. Білегіне-білегі қосылған азаматтар алда тұрған бел-белестен бірге өтеді. Мейрам, Жанәбіл, Ермек, Ардақ, Балжан сынды жұмысшы мен техника маманының алдыңғы қатарлы өкілдерінің бейнесі қаншалықты шынайы болса, соншалықты шебер мүсінделген.

Романның бас кейіпкері Мейрам ылғи рухани өсу үстінде қанат жая өзгереді, өседі. Жас жігіттің мақсат-мүддесі айқын болғанымен, алдағы асулар жеңіл емес, романның соңында кемеліне жеткен, бір өңірдің өзгеруіне үлесін қосқан, қиын-қиын кезеңнің асу-белі артта қалған ел қамқоршысын көреміз.

Романда қазақ жұмысшыларының өсіп, марқаюына қамқорлық жасаған Щербак, Карлов, Папишин, Потапов сияқты іскер азаматтар бейнеленген. Сергей Петрович Щербаков – байсалды мінезі байыпты ісімен де, білгірлігімен де көрінген толымды бейне. Әр уақытта алғыр, қызыққанды Мейрамның жанында осынау аспай-саспайтын ұстаз досын елестетеміз. Щербаков бейнесінің түпқазағы, протатипі – өмірде болған.

Шығармадағы ең бір тартымды кейіпкер-табиғаты нәзік, аяулы жан – Ардақ. Қаршадайынан қиындықты көп көрген, дүние тарлығын да басынан кешірген жанның өмір жолы ой-қырлы, «Бұлаңдап емес, булығып өскен бойжеткен. Көрген рақатынан гөрі бейнеті көп. Күлкісінен кірбіңі басым. Шаттығынан күрсінуі мол. Жалғыз-ақ үміті – жарқын болашаққа сенім», - деп кезінде сын әділ көрсеткен-ді. Жанындай жақсы көретін екі адамның: сүйгені Мейрам мен туған әкесінің арасында отқа да күйеді, суға да түседі. Осындай адамдар төңірегінде Ардақтың бейнесі ашылады. Қысқасы, роман жарқын, жасампаз бейнеге толы.

Ғ.Мұстафиннің жазушылық шеберлігі, ұлттық сөз өнеріндегі орны бүгін ешкімге де талас емес. Ол – барша халық мойындаған тіл шебері. Аз сөзге көп мағына сыйғызған, ұтымды, тапқыр, бейнелі сөз үлгісін тудырушы. Ол осынысымен бағалы.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жазушының өмір жолы мен шығармашылығының арақатынасы қандай?
2. «Шығанақ» романында көтерілген тарихи оқиғаларды өзара байланыстырудағы жазушы шеберлігіне назар аударыңдар.
3. «Қарағанды» романының жазылу тарихын айтыңдар.
4. «Қарағанды» романындағы кейіпкерлердің өзара тартысын мысал арқылы талдаңдар.

Тест сұрақтары:

1. **Ғ.Мұстафиннің туған жерін табыңыз?**
 - A) Қарағанды облысы Бұхар жырау ауданы
 - B) Солтүстік Қазақстан облысы Преснов ауданы
 - C) Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы
 - D) Түркістан облысы Отырар ауданы
2. **Ғ.Мұстафиннің тұңғыш кітабын табыңыз.**
 - A) «Қарағанды»
 - B) «Өмір не өлім»
 - C) «Ер Шойын»
 - D) «Кез көрген»
3. **Ғ.Мұстафиннің «Дауылдан кейін» романы қандай тақырыпқа жазылған?**
 - A) Ұлт-азаттық төңкерістен кейінгі жағдай
 - B) Тарихи төңкерістік тақырып
 - C) Қазақ жұмысшы табының қалыптасуы
 - D) Ауыл өмірі
4. **Ғ.Мұстафиннің әңгімесін табыңыз.**
 - A) «Миллионер»
 - B) «Керуен»
 - C) «Өлім мен өмір»
 - D) «Шығанақ»
5. **Ғ.Мұстафин қай романын жазатын кезде, тақырыпты терең игеру үшін шахтада жұмыс істеген?**
 - A) «Көз көрген»
 - B) «Дауылдан кейін»
 - C) «Қарағанды»
 - D) «Миллионер»
6. **Жақып, Жомарт, Жанат деген кейіпкерлер Ғ.Мұстафиннің қай шығармасында кездеседі?**
 - A) «Көз көрген»
 - B) «Ер Шойын»
 - C) «Қарағанды»
 - D) «Миллионер»
7. **Ғ.Мұстафиннің «Қарағанды» романының тақырыбы не?**
 - A) Қазан төңкерісі мен оған қазақ халқының көзқарасы

- В) Қазақ ауылының тұрмысы
С) Жұмысшы табы мен ұлттық интеллигенцияның қалыптасу жолы
Д) Білімдендіру, сауаттандыру мәселесі
8. **Ғ.Мұстафиннің Қарағанды шахтерлері жайлы жазған алғашқы туындысын табыңыз.**
А) «Шығанақ»
В) «Өмір мен өлім»
С) «Миллионер»
Д) «Көз көрген»
9. **Дүниежүзіне танымал болған Шығанақ Берсиев өмірі жайлы кім роман жазды?**
А) Ғ.Мұстафин
В) Ә.Шәріпов
С) Ғ.Мұстафин
Д) М.Әуезов
10. **Ғ.Мұстафиннің романтикалық шығармасын табыңыз.**
А) «Дауылдан кейін»
В) «Күлмеген адам»
С) «Құлаған күз»
Д) «Шығанақ»
11. **Ғ.Мұстафиннің «Қарағанды» романының тақырыбы не?**
А) Ауыл өмірі тақырыбы
В) Өндіріс тақырыбы
С) Ұжымдастыру тақырыбы
Д) Махаббат тақырыбы
12. **Ғ.Мұстафиннің 1929 шыққан алғашқы әңгімелер жинағын табыңыз.**
А) «Құлаған күз»
В) «Өмір не өлім»
С) «Ер Шойын»
Д) «Алынған кек»
13. **Ғ.Мұстафиннің «Миллионер» шығармасының кейіпкерін табыңыз.**
А) Ардақ
В) Аман
С) Ұлпан
Д) Жанат
14. **Ғ. Мұстафин сомдаған тартымды әйел образдарын табыңыз.**
А) Лиза, Раушан, Бәтес

- В) Ұлпан, Шынар, Көпей
 - С) Сұлушаш, Тоғжан
 - Д) Жанат, Алма, Ардақ
15. **«Миллионер» повесінің авторын табыңыз.**
- А) Ғ.Мұстафин
 - В) М.Әуезов
 - С) С.Мұқанов
 - Д) Ғ.Мүсірепов



Әбділда Тәжібаев

(1909-1998)

Ол – әдебиеттің тынысын тарылтқан небір қиын кезеңдерде «шындық» деп жаны шырқыраған, ұлт перзентінің намысты сөзін айта білген ақиқат туын қолдан түсірмеген, жаратылыстан қайсар мінезді, адал ер азамат еді.

Рахманқұл Бердібаев

Әбділда Тәжібаев – қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі. Шығармашылық жолын жиырмасыншы жылдардың аяқ кезінен бастаған ол содан бергі дәуірлердің барлығында да қазақ халқының өмір шындығын белсенді жырлауға үн қосып, өнерпаздық тәжірибесін жетілдірді. Оның поэзия саласындағы еңбегіне қоса, ұлттық драматургияны, әдеби-сыншылдық ойларды дамытуға қосқан үлесі аз емес. Ақынның, әсіресе қазақ лирикасын ойлы, сырлы нақыштармен байыту жолындағы еңбегі атап айтарлықтай.

Әбділда Тәжібаев 1909 жылы Қызылорда қаласында туған. Әкесі Тәжібай қаланың кедей тұрғыны болған. Алты жасында әкесі өлген Әбділда анасы Айманкүл мен нағашы атасы Далдабайдың тәрбиесінде өседі. Болашақ ақынды өнер жолына баулығандар да солар еді. Атасы-әңгімешіл, ертекші кісі, ал анасы Айманкүл ескіше сауаты бар ақын адам болған. Ол баласын шығыстың қисса-дастандарын, қазақтың эпостық шығармаларын оқытып тәрбиелеген. Оған қоса, жас Әбділдаға Сыр бойының ақын-жыршылары да әсер еткен.

1922 жылы Әбділда Қызылордадағы жетім балалар интернатына орналасады. Кейін қаладағы жеті жылдық мектепте оқиды. Жас талаптың алғашқы өлеңі сол мектептің қабырға газетінде жарық көреді.

Қазақстан астанасының Қызылордаға көшіп келуі Әбділданың сол кездің белгілі әдебиетшілерімен танысып, ақыл-кеңес алуына қолайлы

жағдай туғызады. Ол «Еңбекші қазақ» газетіне жұмысқа орналасып, алғашқы өлеңдерін бастырады.

1929-1931 жылдары Әбділда Қазақтың мемлекеттік педагогика институтында оқиды, 1932-1934 жылдары Қарсақпайдағы «За медь» атты жұмысшылар газетімен «Лениншіл жас» газеті редакторының орынбасары болып істейді. Кейін Жазушылар одағында басшы қызметтерде болады.

Бұл жылдары Әбділда Тәжібаев үлкен әдебиетке еніп, шығармашылық бетін айқындаған еді. Оның «Жаңа ырғақ» (1934), «Лирикалар» (1936) атты өлеңдер жинақтары жарық көреді. Ақын біраз поэмалар да жазады. Жас ақын өмірден алған алғашқы әсері оның жырларындағы қызулы екпін-күшті, ілгеріге ұмтылысты байқатқандай. Мұндай үнді қаламгерге сол дәуірдегі күрес шындығы бергені даусыз. Әуелгі қадамын саясатқа, байлардың тәркіленуі мен кедей-жалшылардың теңдікке ұмтылуы жолын суреттеуден бастаған ол отызыншы жылдардың бас кезінде-ақ лирикалық жырлар жазуға ауысады. Осы жылдары А.С. Пушкин, Г.Гейне, Т.Шевченко өлеңдерін көптеп аударып, олардан үлгі-өнеге үйренеді. Ақынның «Сырдария», «Айнабұлақ», «Алтын ай» сияқты тамаша лирикалары – осы тұстың желістері. «Сырдария» деген өлеңінде туған жер табиғатына деген адамдық ыстық ықылас, халық өмірімен үзілмес байланыс өз жерін, Отанын сүйген ұлы ұстаздарының көңіл күйімен сабақтас өрбиді.

Сүйсе Гейне – анам десе,
Сүйген суы – Рейнесін.
Сырдың суы туған ол да
Өз ақынын – Гейнесін.
Жазса Тарас Днепрді,
Жазса Пушкин Еділді,
Неге маған жырламасқа
Сырда туған елімді.¹

Лирикалық көркемдігі, сыршылдығы үшін күрес Әбділданы өзі өмір сүріп отырған дәуірдің шындығынан алыстатып әкетпейді. Ақын жырлаған

¹ Тәжібаев Ә. Үш томдық шығармалар жинағы: Өлеңдер.– Алматы: «Ана тілі», 2009. 117-б.

тақырыбын заманның ырқына, елінің еңбекшіл сипатына қарай бейнелейді. Сырдарияның байлығын ел тілегіне бағындыра жырлайды. «Отанға қызмет ет, Днепрдей бізге жарық бер» дейді. Өлеңдегі ақындық параллельдер (Тарас-Днепр, Пушкин-Еділ) өлеңнің ұлттық үлгісін жоққа шығармайды, қайта әлемдік әдебиеттің жақсы үлгілерін бойына сіңіре жырлаудың белгісі.

«Айнабұлақ» табиғаттың дүлей күшін жеңген адам еңбегін мадақтайды. Ол үшін ақын Айнабұлақтың кешегі және бүгінгі өмірін қатар алып, салыстырма суреттер жасайды. Түрксиб темір жолының салынуымен байланысты мойнына бұғалық түскен асау өзеннің адам еркіне бағынғанын образбен бейнелейді. «Сом балға Алатаудың өзін соқты»деп басталатын шумақта жұмысшы еңбегінің таудың «Қыр-қыр болған қабырғасын қаусатқан» жойқын күші елес береді. Отызыншы жылдардың екінші жартысында «Оркестр», «Күй атасы», «Абыл» сияқты поэмалар жазды. Нәтижеде оның ақындық «мені» қалыптасты.

Оның «мені» – жеке бастың күйін күйттеген адамның сыры емес, қоғам мен адам тіршілігін арқалаған ақынның халық атынан ағынан жарыла сөйлеуі. Мұны ақын біздің ерлігіміз бен елдігіміз сынға түскен шақта – Отан соғысы кезінде анық танытты. «Ленинград» өлеңінде ол жау қоршауында қалған қаланың күресшіл берік дәстүрін оның гранит пен мәрмардан жасалған батыр тұлғасын аша жырлады.

Соғыстан кейінгі жылдар Әбділда ақындығының айрықша жемісті, оның лирикасының өрісі кеңейген дәуірі. Бұл кезде ақын өмір фактілері негізінде тебіреніс пен толғаныстарға толы сыршыл, сезімтал лирикалық өлеңдерді көбірек жазды. Лирикалық кейіпкерлерінің дүниетанымы, көзқарасы кеңейіп, ойшылдыққа бет бұрады. Сонымен бірге өлеңдерінде уақыт қызметіне мол орын беріледі. Өмір сыры, қозғалысы сол арқылы өлшенеді, танылады. Сондықтан ол уақытты бос өткізбеуге шақырады.

Уақыт ұшып барады от қанатты,
Жақындатып жырақтан болашақты.
Кәрі ойлайды бүгінге берешекті,

Жас ойлайды ертеңнен алашақты.¹

Уақыт қызметін нақты өмір штрихтары арқылы бейнелеу ақынның «Сыр жырлары» циклінде айқын көрінеді. Лирикалық кейіпкерін қартайтса да, уақыт Сыр суының жастығын сақтапты. Ол өзінің балалық шағын еске алады. Бүгін ұлғайған бала достарын көреді.

Адамды сүю, оның еңбегін қадірлеу, сол арқылы тіршілікті, бейбіт өмірді жырлау – соңғы жылдардағы ақын лирикасының негізгі леймотиві десе де болады. «Тынықсын, тимендер адамға», «Мейрім», «Адамға», «Адам» өлеңдері – осы ойдың жемістері.

Дем алу керек қой әркімге,
Тынықсын тимендер адамға.
Ертең де күш керек қоғамға,
Ертең де күш керек адамға.
Ғашықпын, әманда ынтықпын,
Көңілінің күні бар адамға.
Сақтаңдар кәрінен сұмдықтың-
Керек ол маған да саған да.²

Мейрімді ақын сезімі мол, оның жылуы жоқ үйлерге от боп жанғысы келеді, жарығы жоқ үйлерге шам боп жанғысы келеді, сенгені мен сүйгеніне шексіз берілген. Ол өмірді шексіз сүйеді, жарты емес, тұтас өмір үшін күреседі.

Маған тұтас жарық керек, күн керек,
Маған жұлдыз толы түн керек.
Маған тұтас теңіз керек, тау керек,
Маған тұтас алысатын жау керек.
Мен жартылап махаббатты да алмаймын
Мен жарты дос шақырса да бармаймын.
Маған тұтас жүрек керек берілген,
Сұрайтыным осы ғана өмірден,
Тілейтінім осы ғана елімнен.³

Әбділда Тәжібаев – бір қатар поэмалардың авторы. Ол өзі куә болған өмір шындығын қысқа лирикамен қатар поэма арқылы да көркем бейнеледі.

¹ Тәжібаев Ә. Өмірім менің... Өлеңдері мен поэмалар. – Алматы: «Атамұра», 2006. 61-б.

² Сонда. 70-б.

³ Сонда. 72-б.

Соғыстан кейінгі бергі кезең ішінде ақын өзінің поэмаларын адам өмірі мен еңбегі туралы философиялық толғаныстарға құра жазды. Бұл тұрғыда оның «Темірші», «Портреттер» т.б. поэмаларының елеулі маңызы бар.

«Темірші» поэмасының бас кейіпкері – темір ұстасы – еңбекте шыныққан адам. Ескі ауылдағы жалғыз шебер-темірші еңбегімен ауыл тіршілігін қолдан жасап жатқан әрекет иесі ретінде танылады. Оның бейнесін ақын тағадан, кетпеннен, орақтан, балтадан көрсе, өзін де темірмен шыңдалғандай берік етіп суреттейді.

«Портреттер» поэмасы – ақын поэмаларының ең көрнектісі. Мұнда да ақын өмір туралы, уақыт сыры туралы терең толғанысқа барады. Уақыт мөлшері – 40 жыл. Осы мерзім ішінде бір отбасының тағдыры, ұрпақ ауысуы негізінде автор уақыт қызметін ашады.

Поэмада шытырман оқиға, ширыққан тартыс жоқ. Адамдар тағдыры, характері, лирикалық бейненің түсінігі, толғанысы, ойы арқылы ашылады. Ол әкесі, ағасы, қарындасы, өзі туралы әңгімелейді. Өмір, тіршілік үшін таласта аға ұрпақ өтіп, жас ұрпақ орнын басып жатады. Әкеден балаға ауысып қалып жатқан шойын сағат – өлмес уақыт, тозбайтын тіршілік символы ретінде беріледі.

Құм айдаған далада жер үйшікте туған лирикалық кейіпкер өзі көрген ұрпақтардың күрескер өмірін көз алдынан өткізеді. Паравозшы әке оған көп жағынан үлгі көрінетін еді. «Бу бүркіп, от жұтынған» паравозды ол болашаққа ұшатындай сезініп, өскенде әке орнына отыруды армандайды. Өмірде паравозымен өрге сүйреп жүрген әке кенет жау қолынан қайтыс болады да, өлерінде «сағатымды сақтаңдар» дейді.

Енді әке орнына қоғамдық аренеға аға шығады. Ол әке сағатын қолына ұстап, күресті жалғастырады. Ауылды жаңарту кезінде ол да оққа ұшады. Сағат қала береді. Уақыт өте береді, отбасы өседі, өседі. Шеше бақытты әжеге айналады. Қарындасы артистка болып, Джульетта рөлін (Шекспирдің «Ромео мен Джульетта» пьесасының кейіпкері) дайындап

жүргенде, соғыс басталып майданға аттанады, кейін одан да қара қағаз келеді.

Онымен де уақыт тоқтамайды. Өлмейтін, тоқтамайтын өмірдің бейнесі шойын сағат та сол үйде қала береді. – Әбділда соңғы жылдары бір сыпыра сыншыл өлеңдер жазды онда адам бойындағы жарасымсыз қылықтар, жалғандық пен опасыздық, арзан махаббат пен дөрекілік сынға алынады. Ақын идеялы айқын. Ол тазалықты, адалдықты мұрат тұтады. Адалдық атына кір келтіріп жүргендерге кектенеді. «Мансаптың бәйгесіне ат қосып жүрген» шенқұмарлықты, барар жеріне «жүріп бармай, аунап баратын» жағымпаздарды шенейді.

Біреуді көкке ұшырып,
Біреуді төмен түсіріп.
Адамның қымбат орнына,
Адам еместі ұсынып¹

жүрген мораль ақын ұғымына жат сезімді. Кеңес қоғамының ыдырау тұсында басталып, күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан қайшылықты, шындықты тануда Әбділданың бұл жырлары ерекше маңызды.

Әбділданың ақындық стилі оның поэзиясының өмірі мен өктем араласуынан, шындықпен бетпе-бет келіп тілдесуінен туады. Сондықтан ол өлеңді қарапайым сөйлеу тіліне жақындатып, ойындағысын еркін айтуға негіздейді. Ол жарты жолда қалмай, ойындағысын жеткізіп тауысып айтуды қалайды. Шыншылдық пен сезім байлығы, ойшылдық, үздіксіз ізденіс ақынның үлкен әдебиеттегі орнын да айқындайды.

Әбділда Тәжібаев шығармашылығының көлемді бір саласы – драматургиясы. Оның «Майра», «Жалғыз ағаш орман емес», «Көңілдерестер», «Жартас», «Дубай Шубаевич», «Той боларда» атты пьесалары адамдар арасындағы әлеуметтік мәні бар тартыстарға құрылады. Оның Майра, Телғара, Жаппас, Мәлік сияқты ержүрек кейіпкерлері көпшілік сүйіспеншілігіне бөленген. Ерліктің сипатын жазушы

¹ Тәжібаев Ә. Өмірім менің... Өлеңдері мен поэмалар. – Алматы: «Атамұра», 2006. 80-б.

адалдықтан, қоғамға пайдалы істен, биік мұраттан таниды. Олар – қазақ әдебиетінде осы жанрдың қалыптасуына елеулі үлес қосқан дүниелер.

Әбділда Тәжібаевтың сын мақалалары «Өмір және поэзия», «Қазақ драматургиясының даму тарихы» атты зерттеулері – оның зерттеушілік қабілетін танытқан еңбектер.

Мұның бәрі – Әбділда Тәжібаев шығармашылығының қазақ әдебиеті тарихындағы көрнекті орнын белгілейді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Әбділда Тәжібаевтің лирикалық жырларының көркемдік ерекшеліктері жайлы өз пікірлеріңді айтыңдар.

2. Ақынның поэмалары мен лирикалық толғаныстарының өзара байланысы қандай?

3. «Портреттер» поэмасының образдық жүйесі, өмір шындығын таныту әдісі неде деп ойлайсыңдар? Оның жаңалығы, ойшылдық сипаты неде?

Тест сұрақтары:

1. Ә.Тәжібаев нешінші жылы дүниеге келген?

А) 1907 жыл

В) 1908 жыл

С) 1909 жыл

Д) 1910 жыл

2. Ә.Тәжібаев қай облыста дүниеге келген?

А) Қызылорда облысында

В) Алматы облысында

С) Қарағанды облысында

Д) Көкшетау облысында

3. Ә.Тәжібаевтың поэмасын табыңыз.

А) «Оркестр»

В) «Сырдария»

С) «Айнабұлақ»

Д) «Алтын ай»

4. Ә.Тәжібаевтың адамды сүю, оның еңбегін бағалауды басты

тақырып етіп алған өлеңі?

- A) «Күй атасы»
- B) «Абыл»
- C) «Адамға»
- D) «Темірші»

5. Ә.Тәжібаевтың пьесасы?

- A) «Портреттер»
- B) «Адамға»
- C) «Жалғыз ағаш орман емес»
- D) «Айнабұлақ»

6. Ә.Тәжібаев «Жамбыл» кинофильмін кіммен бірге суретке алды?

- A) Потанинмен
- B) Радловпен
- C) Погодинмен
- D) Крыловпен

7. Ә.Тәжібаевтың «Толағай» ертегісіндегі Саржан қай өзеннің жағасын мекен еткен?

- A) Ертіс
- B) Сырдария
- C) Амудария
- D) Еділ

8. 1964 жылы ақынның қай еңбегі жарық көрді?

- A) «Майра»
- B) «Жүректілер»
- C) «Қыз бен солдат»
- D) «Көңілдер»

9. Толағайдың анасының аты кім?

- A) Күнсұлу
- B) Нұрсұлу
- C) Айсұлу
- D) Жансұлу

10. Бұл кімнің бейнесі?

«... Ақ тістері ақ меруерттей,

Қос жұлдыздай қос жанары.

Қос бетінен тамып қаны,

Жалындайды жанған өрттей...»

- A) Саржанның
- B) Айсұлудың
- C) Толағайдың
- D) дұрыс жауабы жоқ

11. Толағай қандай ерлік жасады?

- A) елін жаудан құтқарды
- B) еліне жаңбыр әкелді
- C) айдаһармен күресті
- D) жеті қат жер астына түсті

12. Әдеби ертегінің ерекшелігі.

- A) авторы бар
- B) авторы жоқ
- C) көп нұсқалы
- D) дұрыс жауабы жоқ

13. Толағайдың атымен не аталатын болды?

- A) тау
- B) өзен
- C) көл
- D) ауыл

14. Ә.Тәжібаев Қызылорда қаласындағы жетім балалар интернатына оқуға қай жылы түседі?

- A) 1921
- B) 1922
- C) 1923
- D) 1924

15. Ә.Тәжібаев қаладағы жеті жылдық мектепте оқып жүрген кезінде немен айналысады?

- A) шығыс дастандарын оқиды
- B) батырлық жырларды жазады
- C) алғашқы өлеңдерін жазады
- D) шетел әдебиетін оқиды



Жұбан Молдағалиев

(1920- 1988)

...Жұбан шығармашылығынан қазақтың нағыз ұлттық поэзиясын көреміз. Қазақ жері мен суынан, желі мен көгінен, желі мен көгінен нәр алған, даладай пәрменді поэзияны танимыз...

Мүсілім Базарбаев

Жұбан Молдағалиев 1920 жылы Батыс Қазақстан облысының Тайпақ ауданында, Жыланды деген жерде туған. Әкесі жастай қайтыс болған, ол ана тәрбиесінде өсіп, өз ауылында орталау білім алады. Кейін Оралдың ауыл шаруашылығы техникумында оқиды. Болашақ ақынның әдебиетке әуестенуі мен өлең жазуға ұмтылған алғашқы талабы да Оралда басталды. Ол әдебиет үйірмелерінің жұмысына белсенді қатысады. 1939 жылы «Комсомол ұрпағы» атты облыстық жастар газетінде тұңғыш өлеңі жарық көреді.

1940 жылы Жұбан Молдағалиев міндетті әскери қызметке шақырылады да, сонда жүріп Отан соғысын қарсы алады. Оның жас қаламы жауға қарсы соғыстың ауыртпалық сезімін бастан кеше отырып, қаз тұра бастайды. Ақын «Отан үшін», «Майдан үшін», «Майдан ақиқаты», «Жеңіс туы» атты майдан газеттерінде қызмет істеп, өлеңдерін жариялайды.

Әскер қатарынан қайтқаннан кейін Жұбан Молдағалиев «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз» журналының редакцияларында, Қазақстан Жазушылар одағында басшы қызметтер атқарады. 1949 жылы «Жеңіс жырлары» атты тұңғыш өлеңдер жинағы жарық көреді. Одан бергі кезеңдерде ақын «Қызыл галстук», (1949), «Нұрлы жол» (1951), «Жыр туралы жыр» (1957), «Заман танысы» (1960), «Жесір тағдыры» (1962),

«Ғашық көзбен» (1964), «Мен—қазақпын» (1965), «Қыран дала» (1970), «Байқоңыр баспалдақтары» (1979), т.б. атты жыр жинақтарын ұсынды.

Ақынның алғашқы жырлары соғыс жағдайында жазылғандықтан, негізінен, ерлікті, Отансүйгіштікті, жеңіске деген сенімді жырлауға құрылады. Бірақ жас ақын жалаң ұраншылдыққа, науқаншылдыққа бой алдырмай, жауынгер солдаттың көңіл күйінің шынайы сезімін суреттеуге, шындықты сурет арқылы тануға ұмтылыс жасайды. “Батыр туралы баллада”, “Әлия”, “Ер қабірі” сияқты балаң жырларының өзінде де ерлік пен сезімді қоршаған ортаның шындығымен астастыра суреттеу талабы байқалады.

Тұрды батпай әлденеге,
Тауға сүйеп күн иегін.
Қызыл қанға боялғандай,
Қызғылт басты көк жиегін.¹

Осындағы тауға иегін сүйеп, батпай тұрған күн бейнесі мен соғыстың қызыл қанға боялған қырғынын батар күннің қызғылт түрімен шендестіре суреттеу жас ақынның өмір таныштығын көрсетеді. Оның өлеңдері елден алыс, соғыс өтінде жүрген жас адамның жылы сезіміне толы келеді. Сарғайып жеткен хат сыры арқылы ақын оны әдемі жеткізеді.

Соғыстан кейінгі жылдары туған халқының жаңа өмірін жырға қоса отырып, халық тағдыры, тарихи дамудың заңдылықтары туралы толғаныстарға көбірек барды. “Өлкем жайлы ойласам”, “Қанат туралы толғау” атты өлең жырларында ол ел өміріндегі өзгерістерді ескі дәуір суреттерімен салыстыра отырып ашады. Сол арқылы ақын адам мен уақыттың, халық пен қоғамның арақатынасын, күресін бейнелейді. Ескіні өзгерткен, уақытты өз ырқына бағындырған, қоғамды жаңартқан адам еңбегін уақыт өлшемі ретінде алады. “Асан боп туған қазақтың Асан қайғы боп өлетінін еске алып, бүгін Асан боп туып Қазекен жасайды Асан батыр боп” дейді. Сөйтіп, Асан қайғы мен Асан батырды екі дәуір адамының нақты бейнесіне айналдырады.

¹ Молдағалиев Ж. Шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы», 1976. 59-б.

Жұбанның лирикалық ізденістерінде ақын ойының байсалды тартып, өмір сабақтарынан молайғаны, пікір байлығының артқаны байқалады. “Бәйге”, “Егер сен от болсаң”, “Дарынсыз адам – даңққұмар” өлеңдерінде ақындық ойды жинақы жеткізген шеберлікпен қоса, тапқыр нақылдық та ұшырайды.

Егер сен от болсаң, лаулап жан,
Бықсықта жылу жоқ, түтін көп.
Күл- көбір, қоқсықтан аулақ жан,
Жалының көрінсін бүтін боп.¹

Ақынның лирикалық жырлары адам сезімінің әр жағдайдағы көрінісін бейнелеуге құрылады. Ол адамды сүю, жар сүю, ана сүю, Отан сүю сезімдерін тоғыстыра, үлкен бір идеяға айналдырады. “Аққу”, “Аққу аспанда емес, жер бетінде”, “Көзімде қалды суретің” сияқты өлеңдері бұған айғақ. Осы сүюлердің ар жағында өмірге құштарлық, өмірді сүйе білу жатады. “Махаббат ерлігі” атты өлеңде бірін-бірі сүйеп, демеп жүрген екі мүгедек музыканттардың өмірінен өмірдің өлмес күшін таниды. “Мен қазақ әйеліне қайран қалам” атты өлеңде тарихтың тәлкегіне көне жүріп, Аналық бейнесін сақтаған әйелді дүниенің бар салмағын көтеретін қара жер мен ғана теңестіреді. Жұбанның лирик таланты “Ғашық көзбен”, “Айттым сәлем” сияқты жинақтарында ерекше шарықтап өсті. “Ғашық көзбен” кітабы үшін оған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Жұбанның эпиктік талантының жаңа қыры “Жыр туралы жыр” поэмасынан басталады. Бұл – татар халқының батыр ұлы және ақыны Мұса Жәлелдің фашистер тұтқынында өткен өмірі мен ерлігі туралы поэма еді. Соғыс кезінде хабарсыз кеткен ақынның неміс лагерінде ерлікпен өлгені және патриоттық керемет туындылар қалдырғаны туралы дерек біздің елімізге елуінші жылдардың орта тұсында жеткен еді. Ақын өмірі мен ерлігі, жырлары мен Жұбанды қатты толқытты. Ол өзінің соғыста

¹ Молдағалиев Ж. Шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы», 1976. 75-б.

өткен өмірін еске алды. Ерліктің сыры мен заман шындығы жайлы толғады. Мұса өмірі негізінде Жұбан өткенді жаңаша қарап, адам бойындағы биік рухтың асқақтығын, адам өлгенмен, рухтың өлмейтінін асқақтата жырға қосты. Поэмадағы дәуір шындығының қайшылықты суреттері мен адам ерлігінің драматизмі, оны бейнелеудегі эпикалық кеңдік ақын – батырдың сезімтал сыршылдығына ұласып, лиро-драматикалық жанрлық үлгіге ауысады. Ең бастысы – Жұбан Мұса Жәлелдің жырының рухын оның өз басының азаматтық ерлігімен тұтастыра суреттеу биігіне көтеріледі.

Осы эпикалық үлгі кейін “Жесір тағдыры” атты тартысты, сюжетті поэмада кең көрініс тапты. Мұнда ақын XX ғасырдың адам басына салған азабы мен қуанышын Айша атты қазақ әйелінің бейнесі арқылы ашты. Айша көрген өмір мен оның қайшылықты шындығы поэма сюжетін қою оқиғаларға негіздеп құруға мүмкіндік беріп, сол арқылы ақын дәуір мен онда өмір сүрген адамның арақатынасын дәл пайымдайды. Өмірден ерте қағажу көріп жесір қалған Айшаның өмір үшін күресі мен тартысты тіршілігі поэмада шынайы бейне тапты.

Жұбан Молдағалиев ақындық даңқын көтеріп, оның есімін әлемге мойындатқан шығармасы – “Мен қазақпын” поэмасы. Бұл туындысында халқының өткен өмірі, тағдыры жайлы үлкен толғаныс жасады. Ол қазақтың ұлттық характерінің қалыптасу жолы – оның ерлік дәстүрі, рухының жоғарылығы, елі мен жері, байлығы, адамдары жайлы бейнелі, пафосты жыр төкті.

Мен – қазақпын мың өліп, мың тірілген,
Жөргегімде таныстым мұң тілімен.
Жылағанда жүрегім – күн тұтылып,
Қуанғанда күлкімнен түн тірілген.¹

Поэма осылайша басталады да, осы шумақ қазақ халқының өміріне қатысты тараудардың барлығында қайталанып отырады. Бұл – сол тараулардың бәріне ортақ идеялық түйін. Әр тараудың мазмұны осы ойдан

¹ Молдағалиев Ж. Шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы», 1976. 57-б.

өрбиді. Мұнда мың өліп, мың тірілген” халықтың өлмес тарихы, жөргегінен мұңмен танысқан азапты жолы, жыласа “күн тұтылғандай, күлсе түн тірілгендей” шын сезімі көркем бейнеленеді. Поэма қаһарманы – қазақты осылай кейіптеу халық тарихының түрлі кезеңдерінде оның тұтас табиғатын таныту үшін әдейі қолданылады.

Қазақ кейпін ақын әр күйде көреді. Бірде одан ажалсыз ананы таныса, бірде пәк сәбиді, бірде батыр жігітті, каракөз сұлуды көреді. Беймезгіл заманда қараңғыға қамалып, ілгеріге жол таппай қиналған халық трагедиясын осы бейнелер арқылы ашады. Оның ұзақ жолын шола отырып, жазылмай қалған тарихтың іздерін көріп ойланады.

Тереңім көп, тұңғыық тарихым көп
Жылдар мені том-томдап жазбаса да,¹ – дейді.

Жаза алмадым қайтейін, хат білмедім,
Білдім, бірақ, найза мен аттың белін.
Ат үстінде ұмыттым кедейлікті,
Ат үстінде өлсем де шаптым дедім².

Халықтың жауынгерлік салты күрес үстінде туғанын, әр қилы жорықшылардың шабуылы оны ерлік пен ізгілік мінездерге шындап, қазақ тұлғасын қалыптастырғанын ақын тарихи оқиғалар шындығымен ашады. Шыңғыс шабуылы да “Ақтабан шұбырындының” азапты күндері де поэмада халық денесіне жара салған қанды кезеңдер есебінде еске алынады. Сол шабуылдарға төтеп беріп, ерлік салты мен ұлылығын сақтап қалған халық мінезі жайлы бейнеге айналады.

Қарсыласпай өлмедім – қан татырдым,
Құлап қалсам атымнан, қайта тұрдым
Сансыз басты диюдай сан тіріліп,
“Мен қазақпын” дегенді айта тұрдым.

...Таңба – таңба тәнімнің тыртықтары,
Қатпарына қаншама сыр тықпады?
Шежіренің беттерін ашар о да,
Оқи алсаң, кітаптай, сүртіп қанын.¹

¹ Молдағалиев Ж. Шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы», 1976. 77-б.

² Сонда. 96-б.

Қазақ характерін таныта түсуде поэманың ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресті суреттейтін беттерінің едәуір маңызы бар. Ол хандық пен патшалыққа қарсы күресте Исатай найзасы боп жарқылдап, Махамбет боп тілінен жыр төгеді. Шоқан боп барып, патшаға мұңын шағады. Азаттық жолындағы күрестерге қатысады. Қазақтың рухани оянуы осы күрес арқылы ұлғайып, оның сана-сезімін жетілдіреді. Осы тұста ол Шоқан боп, Абай боп сөйлеп, халқының келешегіне ой жібереді.

Халықтың азаттық жолындағы күрес суреттері поэманың ең жарқын жазылған беттері. Осы тұстан қазақ характерінің жаңа сипаттары қалыптаса бастайды. Енді ол мың өліп, мың тірілген тарихын емес, мың бірінші рет тіріліп, енді өлмеске бел буғанын айтады.

Мен – қазақың, белдімін, байтақ елмін,
Қайта тудым, өмірге қайта келдім.
Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске,
Айта бергім келеді, айта бергім.²

...Тіркелді күн даламда сан күйінген,
Қызға ұқсаймын мен тұнғыш сән киінген.
Жазып жүрмін жаңа өмірбаянымды,
Қанмен, термен, қаламмен, ән-күйіммен.³

Ақын бұл тұста қазақ атынан өзгерген даланы, жаңа жасалған қалалары, Байқоңырдан космосқа ұшып жатқан кемелерді, ғылыми, мәдени өмірінің көріністерін (Күләш, Жамбыл, Сәкен, Қанышты еске ала) мақтан тұтады.

Поэманың сюжеттік жинақылығы, образдық жүйесі мен ойлылығы, сезімталды шұрайлы тілі Жұбанның үлкен ақындық табасына кіреді. Ол аз айтып, көп мағынаны аңғартуға, жарқын суреттер жасауға көтерілді. Тілінде шешендік, тапқырлық мол.

Жұбанның заман мен адам жайындағы толғаныстары, негізінен, дәуірдің жасампаз сипаты мен адам еңбегіне риза көңілден туындайды. Сондықтан ол ақынша желпіне, лепті көңіл күйінің ырқына беріле

¹ Сонда. 98-б.

² Молдағалиев Ж. Шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы», 1976. 102-б.

³ Сонда. 103-б.

жырлайды. Соған лайық образдар мен жарқын суреттер жасайды. Өмір шындығының әр саласын зерттей отырып, ақын өзінің осы етене тақырыбын кейін де тереңдете түсті. Мұны жетпісінші жылдары жазған “Қыран дала”, “Сел”, “Байқоңыр баспалдақтары” поэмаларынан көреміз. Шынында да бұл поэмаларда ақын өзі үзбей жырлап келген өмір шындығын жаңа деректерге сүйене, жаңа адамдардың ерлік істерін суреттеуге құрды. Сол негізінде өзінің туған елі мен даласының жаңаруы, халықтың бейбіт өмірі мен тыныштығын қорғаған, сол үшін дүлдей табиғат күшімен алысқан адам ерлігінің жаңа қырларын ашты.

“Қыран дала” – қанатты қазақ елінің бейнесі. Жұбан оны “Халықтарды қанатына мінгізіп бара жатқан” қыран бейнесінде таниды. Сол даланың кешегі, бүгінгі тарихын салыстырмалы суреттеу арқылы елестетіп, ақын халық тарихының белгілі бір кезеңі шежіресін жасайды. Поэманың бас кейіпкері Тыңбай – бақытын осы далада тапқан еңбек адамы.

Ал “Сел” поэмасында адам ерлігінің басқа бір қыры – табиғатын дүлдей күшімен күрескен адамдар еңбегі суреттеледі. Оның негізіне өмірде болған шын оқиға – 1973 жылы Алматыда Медеу шатқалында болған сел апаты оқиғасы алынған. Осы дүлей апатты бөгеп, тасқынға таумен бөгет тұрғызған адам күші – поэманың басты кейіпкері болып табылады.

“Байқоңыр баспалдақтары” да осы поэмалардың заңды жалғасы. Мұнда ақын еліміздегі ғылыми- техникалық прогрестің орнығуын, ондағы жаңа адамдардың еңбегін мадақтайды. Бұл поэмалар адам мен табиғатты, болмысты игеру проблемасын нақты дәуірлік оқиғалар арқылы ашып көрсетуде ұлттық әдебиетімізде белгілі із қалдырды. Ол адамға, оның күшіне сендіреді. Оның шексіздігін көрсетеді., дамудың мәңгілік сипатына жаңа сапалық белгілер қосады.

Жұбанның эпикалық туындылары кең құлашты ақындық пафоспен, өмір шындығының терең суреттерімен, төкпе ақындық дәстүрімен

туыстас. Ол халық өмірін тарихи өзгерістер легінде суреттеп, тарихи ой-санадағы жаңалықтарды салыстыра бейнелеуді, төкпе шабытты содан алды. Ақынды тынымсыз еңбек өсірді, жетілдірді. Еңбекшілдіктің, үздіксіз ізденістің арқасында биік ақындық мәдениетке көтерілді. Аз сөзге көп мағынаны сыйғызуды үйренді. Көркем сөздің қоғамдық мәнін көтерісіп, жаңа ұрпақты азаматтыққа, адамдық жақсы мінез-құлыққа тәрбиелеуге мол үлес қосты. Сондықтан да қазақ поэзиясының екінші дүние жүзілік соғысынан кейінгі елу жылдық тарихын Жұбан Молдағалиев шығармаларынсыз сөз ету мүмкін емес.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ж.Молдағалиевтің лирикалық өлеңдерінің тақырыбы мен мазмұнына, көркемдік ерекшеліктеріне талдау жасаңдар.
2. Ақын поэмаларына қысқаша сипаттама жасаңдар.
3. «Мен – қазақпын» поэмасын оқып, талдаңдар. Поэманың кіріспе бөлімінен 5-6 шумақ үзінді жаттаңдар.
4. Ақын туралы, оның өмірі туралы не білесіңдер?

Тест сұрақтары:

1. Ж. Молдағалиев алғашқы жырларында қандай тақырыпта жырлады?

- А) Жастық шақ
- В) Жеңіске деген сенім
- С) Махаббат қуған жастар
- Д) Экология мәселесі

2. Ж. Молдағалиевтің тұңғыш өлеңдер жинағын табыңыз.

- А) «Жесір тағдыры»
- В) «Жыр туралы жыр»
- С) «Жеңіс жырлары»
- Д) «Заман тынысы»

3. Ж. Молдағалиевтің «Кісен ашқан» поэмасы кім туралы?

- А) Махамбет
- В) Құрманғазы

С) Айтқали

Д) Қаршыға

4. Ж. Молдағалиевтің «Мен – қазақпын» шығармасында қандай ерекшелік байқалады?

А) Сыншы ақын

В) Патриот ақын

С) Лирик ақын

Д) Реалист ақын

5. Ақынның туған жылын табыңыз.

А) 1935 жыл

В) 1920 жыл

С) 1939 жыл

Д) 1942 жыл

6. Ақынның туған жерін табыңыз.

А) Атырау облысы, Теңіз ауданы

В) Батыс Қазақстан облысы, Тайпақ ауданы

С) Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы

Д) Атырау облысы, Манаш ауылы

7. Жұбан Молдағалиевтің поэмасын белгілеңіз?

А) «Мен – қазақпын»

В) «Сұлушаш»

С) «Алмас қылыш»

Д) «Портреттер»

8. Жұбан Молдағалиевтың тұңғыш жинағы қандай атпен жарық көрді?

А) «Жеңіс жырлары»

В) «Жұлдыз жүрек»

С) «Ана»

Д) «Жырлайды жүрек»

9. Ақын «Қазақ әдебиеті» газетінде қай жылдары бас редактор болып жұмыс атқарған?

А) 1948-1952 жылдар

В) 1947-1950 жылдар

С) 1948-1955 жылдар

Д) 1946-1950 жылдар

10. Ақын қай жылдар аралығында «Жұлдыз» журналының бас редактор қызметін атқарған?

А) 1956-1965 жылдар

В) 1954-1965 жылдар

С) 1958-1965 жылдар

Д) 1953-1965 жылдар

11. Ақынның 1947 жылы жарық көрген тұңғыш поэмасын табыңыз.

А) «Нұрлы жол»

В) «Жыр туралы жыр»

С) «Қызыл галстук»

Д) «Жеңіс жырлары»

12. Құрманғазы туралы ақын қай шығармасында жазады?

А) «Кісен ашқан»

В) «Қыран дала»

С) «Кек»

Д) «Сел»

13. 1950 жылы жарық көрген нағыз поэма деңгейіндегі туындысы?

А) «Мен – қазақпын»

В) «Нұрлы жол»

С) «Кісен ашқан»

Д) «Жыр туралы жыр»

14. Ақын қай жылдар аралығында «Лениншіл жас» газетінде бөлім меңгерушісі қызметін атқарған?

А) 1946-1952 жылдар

В) 1948-1956 жылдар

С) 1945-1955 жылдар

Д) 1948-1952 жылдар

15. «Мен – қазақпын» шығармасы қай жылы жарық көрген?

А) 1965 жыл

В) 1966 жыл

С) 1964 жыл

Д) 1967 жыл



Әбдіжәміл Нұрпейісов

(1924 жылы туған)

Қаламгердің жанкештілігі сондай, дүние жүзіне әйгілі шығармаларының өзін әр басылым сайын қарап, сын тезіне салып, ұштап, сүргілеп, қырнап, мінеп отырған. Мұның аты – көркем сөз құдіреттілігі алдында бас ию деген сөз. Әдебиетке сүйіспендікті, әр ісіне берілгендікті ұлы Абай айтқан “жар ісіне” теңгеру, “қорлығына”, “мазағына” көну.

Шерияздан Елеукенов

Әбдіжәміл Нұрпейісов 1924 жылы Қызылорда облысы, Арал ауданында туған. 1942 – 1945 жылдар ішінде екінші дүние жүзілік соғысқа қатысқан. М.Горький атындағы әдебиет институтын бітірген (1956), “Жұлдыз” журналының бас редакторы (1962 – 1964) болып істеген.

Әдебиет әлеміне Әбдіжәміл Нұрпейісов майданнан келді. Сұр шинелі иығынан түспей жатып жазылған тұңғыш туынды – “Курляндияда” (“Күткен күн”, 1949) жас офицер әлі көз алдында тұрған соғыстың азапты ауыр жолынан өтіп, қалың елді қайғы-қасіретке тұншықтырған ажалды жеңген адам рухын бейнеледі.

А.П.Чеховтың “Алтыншы палатасы”, “Ит жетектеген әйел”, “Бақытсыздық”, М.Горькийдің әңгімелері жинағы, испан драматургі А.Кэсонның “Ағаштар тұрып өледі”, Назым Хикметтің “Соқыр патшасы” жазушының аударуында оқушы қолына тиді. Жазушының әдеби – сын кітабында И.С.Тургенев, Ф.М.Достоевский, М.О.Әуезовке арналған мақалалары да шықты. “Қан ман тер” трилогиясы қаламгер есімін кеңінен танытты. Кейінгі жылдары “Соңғы парыз” атты кітабы жарық көрді. Басты шығармасы – “Қан мен тер”. Қазан төңкерісі, әлеуметтік тартысқа түскен образдар галереясы сол тұстағы қазақ қоғамының сипатын ашады. Үстем тап өкілдері Қаратас, Тәңірберген, Федоровтар мен Еламан, Кәлен,

Мөңкелер арасындағы кекті тартыс – үш тағанның негізгі сюжеттік арқауы. Еламанның Федоровты өлтіруі – бірінші кітаптың әрі шарықтау шегі, әрі келешекте тартыстың алды – үстем таптың уақытша белең алып кетуіне байланысты коллизияның сәл саябырлауы. Әлеуметтік екі таптың қарым- қатынасын ашатын негізгі екі желі бар. Ол екі түрлі көзқарас, екі тағдыр- мінез иесі – Еламан мен Тәңірберген желісі. Бір қауымның өзгешелігін бойына сыйдырған Тәңірберген тартқан желі күні өткен сайын құлдырап, ақыры күйреп, тозып құриды да Еламан арнасы бәсеңдеу басталып, өрістей береді.

Ерлер бейнесі негізінен, әлеуметтік арнада ашылатын болса, әйелдер шаңырақ айналасында табиғи қалпымен көрінеді. Ақ кемпір мен Қара кемпір, Әлиза мен Ақбала, Айғанша мен Бөбек, Қарақатын мен Кенжекей– запыранды заман құрбаны.

Әбдіжәміл Нұрпейсовтің кейіпкеріне жедел көтерілуі тән емес, барлық дүниетанымы, түсінік- сезімі аспандамай, табиғи қалпын өзгертпей (әсіресе сырт өзгертпей), іштей булығы түлейді. Еламан, Ақбала, Мөңке, Айғаншалардың жан толғанысы ауыр кәсібімен астасып жатады. Мөңкенің сабырлы мінезінен, Еламанның ізденісінен, Райдың жастығынан, Айғаншаның ақ көңілінен албырт жандардың ажары анық көрінеді.

Күреске келер жолдар қым-қиғаш. Біреуді өз өмір соқпағы әкелсе, енді біреуге дос жаранның септігі тиеді.

“Қан мен тердегі” тағдырлар толқынынан аумалы-төкпелі кездегі тарих сапасын көреміз. Үш томды көктеп өтіп, негізгі идея мақсатты айқындайтын қаһарман, әрине, Еламан. Федоровтың өмірін үзген, сүйменді көтерткен – іш күйдірген кек еді. Ұстамды жігіт көпе-көрінеу қорлыққа шыдамай, шарт сынды – көзсіз ерлік аяқты шынжырлатып, сонау Сібірден бір-ақ шығартты – ел көрді, жер көрді, оңы мен солын тани бастады. Ер жігіт Кәленге Құдайменде болысқа қара пышақ қадатқанда – кек пен намыс. Сүйіктісін ат сауырына салғанда Райдың көкірегіне бітіспес тектің ұшқыны бірге түсті.

Әуел бастан-ақ тұйық мінезді балықшы Еламан (“Ымырт”) бойынан ақыл мен адамгершілік байқалған-ды. Әуел бастан-ақ Қаратас, Шодыр, Тәңірбергеннің кедей-кепшіктің бітіспес жауы екендігі осы Еламан арқылы сезілетін. Теңізден қайтқан Еламанның есік алдында байлаулы тұрған Тәңірбергеннің бәйге күреңін көріп, алдын тағы да ораған бай ауылдың сылқым мырзасының бұл жүрісін ұнатпай, іші күйікке толып қалатын кезі “Еламанның жайы аяғының басына кетіп, жар кемердің басында сілейіп қалды. Сол сәтте әлдеқайдан сары қаншық жүгіріп кеп, балық исі шыққан киімін иіскеді. Онан сары қаншық мүп-мұздай тұмсығымен бұның қолын жалап алды. Еламан бойын жиып ала қойды. Өз үйіне өзі әзер кірді және кірер жерде күйбектеп жөтелді. “Жазушы Еламанның Тәңірбергенді іштей жек көретінін де, ыңғайсыз хәлін де, ашуды ақылға жендіре білетін ұстамдылығын да айқын аңғартып тұр. Сырттай момын, өмірді ой таразысына салып көп өлшейтін Еламан бойында от бар. “Қаратаз қой баға білді. Бірақ халық қой емес еді ғой”, – деп, ұстамды жігіт көкірегіндегі сезімді ызамен бір серпіп тастайды.

Ауыл адамына еңбек сүтін емген жігіттің өмірден көрген бар қызығы – теңізден тапқан ырыздығы мен сүйікті жары Ақбала: басқа бақытты дәмеспейді де. Бірақ заман түсін батырып, жұлмалап жатса, қалай шыдарсың? Тентек Шодыр балықшыларды мұзы сөгілгелі тұрған ашық теңізге айдап шығады. Артта қалған шиеттей балалардың тағдыры озбыр байға шыбын өліміндей ғана. Қарапайым жігіттің күрес жолына бел бууы осылай баяндалады. Жаратылысынан бұйығы, ақ пейіл жан кісімен бет жыртысуға құмар емес-ті. Табан астынан дауыл тұрды, бұрауы жетіп, шырыққан ыза шарт үзілді, Еламан тентек Шодырды өлтіріп, Сібір айдалды. Қатыгез тағдыр жалғыз інісі Райды да көп көрді.

Қан мен тер сіңген сұрғылт солдат шинелін шеспестен, Қазан төңкерісінің қызу күндерінде туған жеріне оралды – бұл бұрынғы Еламан емес, түйгені мол жігіт ағасы. Рас, ол әлі мынау дүрбелең заманның қыры мен сырын түгел түсіне бермейді. Бірақ тепкіде өткен көп күннен, күресте

өткен аз күн көкжиегін ашып- ақ тастағандай еді. “Ел болып еңсенді көтере алмай-ақ, кез келгеннің табаны астында тапталып кете берер ме екенсің?” – деді Еламан күрсініп.

Екінші кітап “Сергелдеңде” бұл бейне толыса береді (Еламан монологтері, Ақбала, Айғаншамен кездесуі), кей сәтте жібі босаңдау көрінген жігітте жаңа ширығулар пайда болады.

Туған халқының трагедиялы тағдырының себебін таба алмай шарқ ұрады. Тұйықтап шығарар жол да беймәлім. Осылай қысылғанда жігіт ойына достасқан орыс жұмысшыларының ұйымшылдығы, жалынды сөздері түседі.

Кенжекей мен Еламанның үй болып шаңырақ көтергені үшінші кітапта сөз болады. “Күйреуде” тағдыр кеперіші таңбасын басқан бұл жандардың қуанышқа қолы жеткендей. Еламанның көңілі Ақбалаға алаң болса да, бой тоқтатып қосағынан жүрегіннің жылуын аямайды. Күндестіктен көкірекке қатқан мұз да енді Кенжекейді босатқандай. Өз бақытына өзі сенбейтіндей, өмір зәрезап еткен сормандай зеңгір көк аспанға да күдік пен қарайды. Шаңырағына қауіптің қай жақтан қара бұлттай төніп келерін білмей делсал.

Еламан бұрын тыным бермеген озбыр күшке амалсыз қарсылық білдірсе, енді сол зорлық-зомбылықтың түп-тамырын қопару үшін саналы күреске шығады.

“Қан мен тердегі” ең бір есте қалар кейіпкері – Тәңірберген мырза. Өмірді табаным бастым деп жүргенде, түпсіз шыңыраудан бір-ақ шығады.

Сол бір кезеңде кейбір көреген қалталылар ақшаның қадірін түсініп, саудаға, өнеркәсіпке көз тіге бастаған-ды. Бірақ қазақ емес пе, кіре тартып, саудамен айналысқанмен, Тәңірбергеннің малға бүйрегі бұрып тұрады, Тентек Шодырдың балық промыссы саудаға түскенде, қызыл көрген бүркіттей түйіле түссе де, жеме-жемге келгенде, ағасының келісімін ала алмай тайқып шығады.

“Патша тақтан түсті” дегенді естігенде, төбесінен жай түскендей аласұрып, қиялап кетер жол іздейді. Дала шонжарларының кеңесін құрады. Ақыры, амалы құрыған ол генерал Беловты паналамақшы, бірақ мынау жалған оған опасыздық істеді.

Тәңірберген басында екі бірдей трагедия бар. Бірі – күннен- күнге заманының “бұзылып” бара жатқандығы болса, екіншісі – жолайрықта жалғыз қалғандығы. Не ағалары, не туған інісі, не айналасындағы тектесімен тұтас мақсат-тілегі жоқ. Заманы өтіп бара жатқан ақ сүйектің бір басына күйігі жетерлік. Дегенмен тізе батыруға келгенде бір қауымның қулығын бойына сіңірген ол Қаратаздан гөрі жырынды. Тәңірбергенде ақыл да, айла да жеткілікті, сыртқа сыр шығармай жылмаң қақса, өз пайдасы үшін шімірікпей қандай зұлымдыққа бастауға да бар. Көбіне- көп өз қолымен емес, өзгенің қолымен от көсейді. Ағасы Қаратаз – Құдайменденің зұлымдығының бір ұшы Тәңірбергенде. Сұлу пішіні, кербез мінезі, маңғаз жүрісі, найза бойламас қулығы Тәңірбергенді тұлғаландыра түседі. Жас Федоровтың Тәңірберген туралы “Степной принц” деуінің өзі сондықтан.

Трилогия соңында Тәңірбергенді шөл далада судан қаталаған, бытшыты шығып талқандалған ақтар әскерінің арасында көреміз: өмірден түңілген жарық дүниеден күдер үзген жан. Аумалы заманның сырын түсінді, бірақ кеш түсінді: «Тәңірберген» күрсінді. Мына аспанның әділ болмауы мүмкін емес, “Жоқ, мына аспан әділ, шексіз әділ!” – деп, ол осынау опасыз жалғанға өзінің кеш байқаған пұшайман бір сырын бар даусымен жар салғысы кеп кетті. Оған бірақ шамасы келмеді. Бұл кезде ол бар дауыстан жүрдай боп айырылған еді”.

Қаратаздың жырынды ұрысынан күрескер биігіне көтерілген Кәленнің тіршілігі сол кезеннің талай шұбырынды ізін аңғартады. Кәленнің құдайменде бай мен ат құйрығын кесісіп шығуы көптен іште түйген ойы еді, балықшылар ауылындағы досы Еламанға қарай тартып- ақ кетеді. Шешімі тез, қимылға батыл, қызу қанды – Курнос Иванды суға батырып

жіберетін, бай ауылдың жылқысын айдап әкететін, болысқа қарсы көтерілген топты бастайтын да – Кәлен. Жүйрік атқа мініп кек қуған ержігіт үшінші кітапта ертегінің батырына айналып кеткендей әсер қалдырады.

Есте қалатын образ – Сүйеу қарт. Ашушаң, тілі ұстарадай өткір, шақар шал. «Үлкен қыр мұрнының танауы қусырыла түсіп, беті жыбырлап, ақ кірпігін ашумен қағып-қағып қалды». От тілді, шақар шалдың кескіні іш ызасын сыртқа шығарар дайындық шағы іспетті.

-Әй!.. Әй, Алдаберген, – деп даусы шаңқ етті, – әне бір жолы көргенімде аузыңды, қазықпен сұққылап, іш дәреттің кәдесін қиындатып жіберіп едің. Бұл жолы өйітпедің ғой. Әлде екі қара ат есінді алды ма? А?

Кезінде “Кәлен ұрлап алды” деп жала жабылған Алдабергеннің екі аты табылыпты. Сопы соған мәз. Дастарқан басына тезірек отыруға асығып әш дәреттің ырымын ғана істеген Алдабергенді сүю сөзі алдаспандай тіліп өтеді. Сүйеу қартпен Алдаберген сопы арасында ымыраға келмес қайшылық бар. Ал Еламандар мен Тәңірбергендердің арасы ше? Автор осынау бітіспес қайшылықтың әріден келе жатқанын аңғартады.

Судыр Ахмет туралы езу тартпай оқи алмайсыз. “Жүргенде күзенбел ұзын денесі күйбең қағады. Кебіз киген аяғы да ашу буғандай дабырлап, жол шаңдағын бұрқ-бұрқ басады”. Ел арасындағы желеусіз көп судырды автор жиып әкеп бір Ахметтің бойына сыйдыра салған. Жылы, шуақты күлкіге бөлеп, қайтадан ел аралатып жіберген: “Судыр Ахмет ұйықтай алмай, жыбырлап тынышсыздалып жатыр. “Ертең көшкенде қиын. Түнімен көрші ауылдың қызын оятып, өрелі таңды көзімен аттырған жігіт ұқсап... ат үстінде басын бұлғаңдатып кесір қылады-ау”, – деп ойлайды. Осы ойы өзіне де қызық көрінді білем”, “шекпен астында бүркеніп жатып шиқ-шиқ күлді”.

Төлеу мен Қалау, Судыр Ахмет пен Қара қатын, Пірман мен Шірман, Тілеу – Қабақ жігіттері мен Қаратаздар тіршілігі “Қан мен Терде” қадау-

қадау сұрақтарға өз жауабын ұсынғандай. “Малым – асыл дүнием” деп ырғалған Тілеу-қабакпен қонды Төлеулер не бір ызғарлы қыстың, не көлденең жаудың бір тарпығанына шыдамай, тып-типыл жұтап, от басынан қарға адым жер жылжи алмай отырып қалады.

Ел тұтқасы өзімде деп жүрген Тәңірбергеннің де, оның тоң мойын ағалары Алдаберген мен Құдайменденің, қорқау қасқырдай Ебейсіндердің де жасаған дүниелері шамалы екен. Табиғат қаһарына мінсе не торушы кездесе, қасқыр езу, түлкі бұлғаңмен жинағандары бір қыстан, не бір шабуылдан қалмас мардымсыз қоқсық екен. Асыл мұра қалдырмақ түгіл, “игі жақсылар” тіпті адамдық қасиеттен жұрдай. Мықтағаны – шатырлы үй салып, қара құрым мал айдапты. Жаяу пысықтық, шен-шекпен, пәтуасыз даулар, ұсақ-түйекке құлшылық... Мал – бұлардың қайсыбірін мал етіп жіберген.

Ауыл арасын шаңдатқан өсекшіл Қарақатын бейнесі монолог арқылы ашылады: “Масқара-ай!.. Бетім-ай!.. Тырыли Қарақатын жерқазбаға танаулап сөйлей кірді. Құшағындағы отынды қазандықтың жанына аудара салды...

– Ене- ау, не есіткенің бар? Әлгі Қаратаздың ... қойлы таздың інісі бар емес пе? Тәңірберген деген сері інісі бар еді ғой, - деп қарақатын енесіне қарай тағы бір ысырылып отырды... Ақбала сыртқа шығып, сері жігітті аттан түсірді...Ал екеуінің қалай көріскенін көрсең... Масқара- ай! Бетім- ай! О жүзі қара!” О қара бет!... – қарақатын тезірек от жағып жібермек болды. Оттық іздеп жанталасып жүріп, жолда тұрған қара құманды қағып кетті. Одан шелекке сүрініп, даңғыр-дұңғыр болды да қалды. – О көктігілгір! О қара байланғыр! Ессіз қалғырдың мүлкі, түге”.

Судыр Ахметтің мінез- құлқына тілі сай: “Әдепкіде осы кісінің түрінен сескеніп қалды. Өн бойында ойдағыдай ғып жасалған бір мүшесі жоқ. Не артық жасалып арбиып кеткен, не кем жасалып, ойсырап мін болып тұратын. Бір бас пен бір бетінің өзінде талай оғаштық бар. Ұстарамен тақырлап алғызған басы шақшадай – қаздың жұмыртқасындай

көгіс. Төбе жағы сопақ, сонысына қарамай, құлағы аса үлкен- ақ тарғақ аламан құлақ... Ақбаланың тұла бойы мұздап кетті”.

Қиыншылыққа толы балықшының көңіл күйін табиғат көрінісінен де байқайсыз: “Теңіз күші бойына сыймай, қайнап жатыр. Ереуіл толқындар қыр көрсеткендей, үйдей- үйдей болып теңіз бетіне жұлқынып ойнап шығады... Күн кештете дауыл тіпті қатайды... Сыпырта соққан дауыл енді құм емес, су бүркіп, теңіз беті түтігіп кетті. Толқын қайықтың тұмсығына, қапталына ұрып, су құя бастады.”

“Қан мен терде” ұқсас кейіпкерлер аз емес. Қара кемпірден басқа ақ кемпір бар – Мөңкенің кемпірі, сары кемпір бар – Мюлгаузеннің шешесі, Райдың әжесі, Сүйеудің кемпірі, судыр Ахмет сырласар қоңыр кемпір... немесе егіз қозыдай ұқсас пәтуасыздар, өліктің киіміне таласатын Нағымет, Итжемес, Жалмұрат – бұлардың аттарын ауыстыра салса, ешкім байқамас еді. Осылар тақылеттес Қалау, Төлеу, Пірмән, Шірмән, ынжық Әнуэр, Торшолақ бала, Балкүміс, Федоровтың келіншегі сияқты...

Сөйтіп, “мықты” оқиғаларға қызығу, кей кейіпкердің жеріне жетпей сюжет желісінен түсіп қалуы, ірілі-кішілі оқиғаны тәптіштей суреттеу – характердің толығырақ шығуына, шығарма тұтастығына кесірін тигізген.

“Күйреудің” сюжеті алғашқы екі кітаптың табиғи жалғасындай қабылданбайды. Оларға арқау болған Арал бойынан, балықшылар тіршілігінен, аулынан – туған жер топырағынан мүлде шалғай кетеді – шығарма тынысы өзгереді; жақындасқан жандар орнына ондаған бейтаныс кейіпкер келеді – басқа өңірден бір-ақ шығамыз: жапон, ағылшын, француз дипломаттары, олардың өзара таласы, Колчак үкіметі, оның жоғары штабы, министр, генералдардың бақ, атақ таласы, кіші Федоров пен кіші Рошаль араздығы, жезөкше әйелдер, офицерлер махаббаты, т.т. Оның үстіне, бұлардың көпшілігі өкінішті кейіпкерлер.

“Қан мен тер” – кейіпкерлерінің оқиғаға қатынасын олардың жан дүниесі арқылы ашуды көздеген шығарма. Дегенмен де ондағы

кейіпкерлер өзіндік ерекшелігімен, мінез-құлқының әр түрлілігімен дараланып тұрады.

“Қан мен тер” – әлемнің көп елдерді таныған көрнекті шығармалардың бірі.

Ә. Нұрпейісов 1999 жылы “Соңғы парыз” атты роман-диалогия жазды. Жазушының бұл шығармасына да Арал теңізінің тағдыры арқау болды. Жазушы романда экология мәселесін көтерген, сол себепті бұл туындыны Ә.Нұрпейісовтің жаңа ізденісі дейміз.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Әбдіжәміл Нұрпейісовтың әдебиет әлеміне келу ерекшелігіне назар аударыңдар.
2. «Қан мен тер» трилогиясындағы кереғар күштердің қақтығыстарының себебі неде?
3. Үш кітаптың бас қаһарманы – Еламанның тағдырына, оның болмыс бітімі мен көздеген мақсаты жолындағы күрес-тартыс үстіндегі әрекеттеріне сипаттама беріңдер.
4. Үстем тап өкілі Тәңірберген тұлғасы қалай жасалған. Өзін ел тұтқасы санайтын оның кейінгі аянышты тағдырына не себеп болды?
5. Трилогиядағы Ақбала бейнесіне талдау жасаңдар.
6. Кесек бітімді кейіпкер Кәлен, Сүйеу қарт, Судыр Ахмет т.б адам характерлерін берудегі жазушы шеберлігіне шолу жасаңдар.

Тест сұрақтары:

1. Ә. Нұрпейісовтің қай жылы туған?

- А) 1924 жыл
- В) 1926 жыл
- С) 1928 жыл
- Д) 1927 жыл

2. Қай жылы Қазақстан халық жазушысы атанды?

- А) 1987 жыл
- В) 1989 жыл

С) 1985 жыл

Д) 1981 жыл

3. А.Н.Толстойдың Азапты сапарда романын С.Бабаевскийдің Жер үстіндегі нұр романдарын қай жазушы қазақ тіліне аударды?

А) Әбдіжәміл Нұрпейсов

В) Ғабит Мүсірепов

С) Тахауи Ахтанов

Д) Хамза Есенжанов

4. Шаңқай түс кітабының авторы кім?

А) Жұбан Молдағалиев

В) Сырбай Мәуленов

С) Мұхтар Әуезов

Д) Әбдіжәміл Нұрпейсов

5. Әбдіжәміл Нұрпейсовтың романын белгілеңіз?

А) «Боран»

В) «Қаһарлы күндер»

С) «Соңғы парыз»

Д) «Айқас»

6. 1950 жылы қай шығармасы жарық көрді?

А) «Соңғы парыз»

В) «Курляндия»

С) «Қан мен тер»

Д) «Сергелдең»

7. Әбдіжәміл Нұрпейсовтың романын табыңыз?

А) «Жолдастар»

В) «Қарағанды»

С) «Дауылдан кейін»

Д) «Қан мен тер»

8. «Курляндия» романы 1958 жылы қандай атпен жарық көреді?

А) «Сең»

В) «Ымырт»

С) «Соңғы парыз»

Д) «Күткен күн»

9. «Қан мен тер» трилогиясындағы басты кейіпкерді көрсетіңіз.

А) Еламан

В) Рай

С) Қалау

Д) Төлеу

10. Промсолдың қожайынын көрсетіңіз.

- A) Тәңірберген
- B) Сүйеу
- C) Шодыр
- D) Мюлгаузен

11. Еламанның істі болуына себеп болған қандай жағдай екенін белгілеңіз.

- A) Жалмұраттың мұзға ығуы
- B) Шодырды өлтіруі
- C) Түрікмендерден жылқы ұрлауы
- D) Рұқсатсыз жерге ау салуы

12. Арал балықшыларының трагедиялық жағдайы қай туынды да көрініс табады?

- A) «Қан мен тер»
- B) «Күткен күн»
- C) «Соңғы парыз»
- D) «Курляндия»

13. Судыр Ахметтің мінезін көрсетіңіз.

- A) Ісінде береке жоқ, пәруайсыз жан
- B) Ақкөңіл, пейілі адал
- C) Еңбекқор
- D) Әділ

14. «Қан мен тер» романы неше кітаптан тұратынын көрсетіңіз.

- A) 2
- B) 3
- C) 4
- D) 1

15. Ә.Нұрпейісовтің романын көрсетіңіз.

- A) «Соңғы парыз»
- B) «Ұлпан»
- C) «Ұшқан ұя»
- D) «Ақ Жайық»



Мұқағали Мақатаев

(1931 – 1976)

Бүгінде самғауы биік қазақ жырының сырлы өлкесінен орын тепкен Мұқағали Мақатаевтың саңлақ үні халық санасына сіңді деп айтуға негіз бар. Ақынның сыншыл, сыршыл қоңыр даусы әдебиет әлеміне орнықты.

Асқар Егеубаев

Мұқағали Мақатаев 1931 жылы Алматы облысының Райымбек ауданындағы Қарасаз деген жерде өмірге келген. Шет тілдер институтында оқыған. Қазақ радиосында, “Қазақ әдебиеті” газетінде, “Жұлдыз” журналында қызмет істеген. Ең алғашқы кітабы “Ильич” поэмасы 1964 жылы жарық көрді. “Армысыздар, достар” (1966), “Қарлығашым, келдің бе?” (1968), “Мавр” (1970), “Дарига – жүрек” (1972), “Аққулар ұйықтағанда” (1975), “Өмір – дастан” (1976) атты кітаптары оқырманға таныс. Ол қайтыс болған соң шыққан “Өмір – өзен” жинағы бүгінгі поэзиядағы ірі құбылыс болып табылады.

Ақын мұрасы сан салалы, алуан қырлы. Жалынды жырдың құдіретін танытатын арна қашанда шулы, дүбірлі замана ағымы бәріміздің көкірегімізді тілгілейтін тынымсыз сезім әлемі. Ақын поэзиясы ақ пейіл азаматтың жұртымен “бір тонның ішкі бауындай” ауыз бірлігі ғана емес, мұң-зарының да ортақ екенін еселей қайталап, есімізге салғандай. Шалғайда жатқан қауым сізге етбауыр туыстай жақын, көптен сыр мінез, сыйлас жандар тәрізді.

Әсіресе әлемге әділет рухын сепкен таланттар тағдыры қашанда еншілес, мұрат-мүддесі ортақ, өйткені, олар жер бетіндегі ақиқат үстемдігі үшін нәзік жүрегінен жыр төгеді, бір сезіммен тыныстайды. Иә, егіздің сыңарындай ақ ниетті жандарды бөліп тастар тас бауыр күш табылмас.

Мұқағалидің “Чили, шуағым менің” поэмасы тағдырлас жандар сезімін асыл ойдың айдынында сараптап, тұтас тұлғаға айналдырады. Жалынды Пабло Неруданың бейнесі қатал уақыт қыспағына түскен жанның сырын шертеді. Ол қып-қызыл өрт ішінде өртеніп емес, шомылып тұрғандай. Халық деп соққан ғазиз жүрегінің отымен алаулап барады. Қиналыс шексіз болса да, қатыгез тағдырға мойынсұна алмайды.

Ақын кескінінде кею жоқ, еңсесін биік ұстатқан – оның азаматтық ары, парасат жігері.

Барлық ақын баласы бір ананың,
Ақын келсе өмірге қуанамын.
Ақын өтсе өмірден жылағаным,
Барлық ақын баласы бір ананың,
Барлық ақын бауыры тірі адамның!¹

Ақын салған өрнекті жырды жаңғырта оқыған сайын Чилидің адал перзенті Пабло Неруданың азаматтық бейнесі көз алдыңыздан кетпейді – нар кеуделі ақын Мұқағалиды да қатар көріп тұрғандаймыз.

Жыр қос ағындала тереңдеп, айдыны кеңіп, нөсерге айналады. Енді ақын – Отанын жаяу кезіп, ақ бесікте шырылдаған бөбекті егіле тербеткен ана атаулыны демеп, жебеп жұбатады. Бұлтсыз күні атылған “найзағайдың” астына иілместен шалқып, тасып жыр оқып тұр. Бақыт – халқының қаймағы шайқалмаған дәурені. Жеке бастың желігі, өзіндік күйкі тіршіліктің құлы болып жүз жыл өмір сүргеннен, жан ұшыра ерлік істеген жалғыз сәттік азалы өлім әлдеқайда ардақты.

Жоқ, айта көрмеңіз. Неруда әлі тірі, ол жалынды жырын мұзбалақ қырандай саңқылдаған қазбауыр бұлттың астында оқып тұр. Айырмашылығы – бұрын өз елінің тағдырын егіле сөз етсе, енді бүкіл әлемге адалдық пен адамзат баласының мәңгі бақыты жайлы сөз сыр шерткен дауысы жан-жүйенді босатқандай.

Саулығын Паблонның біліп қайт деп,
Ақындық рухымды аттандырғам.²

¹ Мақатаев М. Аманат. Алматы: «Атамұра», 2002. 203-б.

² Сонда. 229-б.

Ақындық рух – азаматтық үлкен түйсік. Егер М.Мақатаев өзі күйзелгендей күй кешпесе, бойында қуатты сезім болмаса, осынша толғанып, ақ жүрегімен ақтарыла алар ма еді?! Адамзат баласын өз бауырындай сезінбейінше, бүкіл дүниежүзілік уақиғаға үн қосуың мүмкін емес қой. Оқушы сезімін баурап алып, өмірге жасын жыр әкелген ақын Мұқағалидің құдіреті – осы ағыннан жарыла ақтарылар табиғатынан, қашанда адамымен де, заманымен де сырлас, мұңдас болуынан. Ақын көңіліне иненің жасуындай сыр қалдырмай, жырын табиғаттың өзіндей ақтара өрнектейді.

“Реквием”, “Чили, шуағым менің” тәрізді асқақ жырында Мұқағали халқына еңбек еткен ақын рухы мәңгі жасайды деп көкірегінде күн боп туған мақсатын әйгілеген. Ақын сөзі – ақын жүрегі. Жүрегін алақанына салып отырып ақтарған сыры. “Чили, шуағым менің” поэмасын оқығанда, бір ғажабы – Қасым Аманжоловтың “Ақын өлімі туралы аңыздың” қобыз сарыны құлағымыздан кетпейді.

Дариға-жүрек қашанда замана сырын шертеді, өмір-тарихты сарапқа салады. “Ару – ана” поэмасында адамды туған заманымен қоса өрімдеп, іштей байланыстыра, қатар тарта бейнелейді. Күрделі өмірден күрделі сыр шертеді. Адам өмірінің бел-белесі, сан алуан өзгерісі – қоғам құбылысы поэмада жіті аңғарылып, рухани ойға бай мәнді қорытынды жасалынады. Ақын ағынан жарылады. “Жатқанның жанын, жаяудың таяғын алған” замана зар еңіреткен Құрбан енді аяулы Отаны үшін соғыста жанын берді. Тағдыры туған жерімен біртұтас:

Қызым болсаң, қырымда Құралайсың,
Ұлым болсаң, ұлы бір мұрадайсың.
Естисің бе, есі жоқ, ей, дүние,
Менен неге сүйінші сұрамайсың?!¹

Ақын мұрасында асыл жырлар теңіз толқынындай сапырылысып жатыр. Мұқағалидің барлық жыры ақаусыз болмас, бірақ жыл құсындай төрт тағандап көгілдір жолдары көмкерген тылсым ойлар бәрінен де

¹ Мақатаев М. Аманат. Алматы: «Атамұра», 2002. 109-б.

табылады. М.Мақатаев – ұрпақтар легін, өмірдегі сол адамдардың орнын тебірене- толғана өлмес өлеңге айналдырған ақын.

Ол адамның дүниеге босқа келіп, босқа кетпеуі үшін ұрпақ өсіру, ізгі істер атқару – қуанышты да, қызығы да мол өмір сүруін, сол ұрпағы арқылы адамзаттың игілікті мақсатын жалғастыруды мұрат тұтуы керектігін түсінген. Жыр желісі өмірдің өкпек желінде бой жазады.

Адам тек азап үшін туылмаған
Өмір жоқ, өңі өзгеріп құбылмаған.
Өкінішпен өткерген сәттерім-ай,
Өмір сенің өзіңнен құнымды алғам.¹

Ет-жүректі пенденің өкініші аз болған ба?! Кешегі сағым кешкен сары дала, от-жалынды құлындаған дауысы шыға жар салған лирикалық кейіпкердің бүгінгі биігінен өткенге ой жүгірткен тебіренісі қандай терең, ой көзі қандай өткір!

Қанша қурап, қаншама көгермедің?
Қорқыттың қобызымен боздаттың ғой,
Асанның шерге орнаған өлеңдерін.
Қорқыт, Асан тіріліп қайта келсе,
Сенің мына кейпіңе сенер ме еді?!
Мына бақты көргендер төбеңдегі
Қуанғаннан көз жасын төгер ме еді?
Қуаныштан кеудесі қарс айырылып,
Кім біледі, қайтадан өлер ме еді?!
Ойхой, қазақ даласы! Не көрмедің?!²

М.Мақатаев ішкі иірімнің терең түкпірінен шымырлата сүзіп, шара толы ойнақы, отты өлең жолын мөлдірете ұсынады. Шумақтағы дыбыс бірін-бірі демей қозғап, жыр табиғатына әдемі әуен, ырғақты үндестік беріп тұр. Ақын сөзі жүрегің арқылы барлық қан тамырыңды қуалап, сұлулық симфониясын шертеді. Ағынды жырының қай-қайсысынан болсын, бір шумағын үзіп алып, қазақтың кез келген қара өлеңінің мақамына салып айтсаң да, кідіріп-мүдірмейсің:

Тыныса шықсам,
Күн шыңылтыр, қар жауған
Ызғар, аяз атырылып бар маңнан.

¹ Мақатаев М. Аманат. Алматы: «Атамұра», 2002. 89-б.

² Сонда. 110-б.

Асып анау асқар- асқар таулардан,
Қыс жетіпті тонын теріс аударған.¹

Ақын жырының ішкі байланысы құйып қойғандай жарасымды да ажарлы, үйлесімді, тосын да әсерлі бейне кесек оймен келісім тауып жатады. Қыстың қаһарлы келбеті қаз қалпына келгенімен қатар, арқаңызды қарып түсер аязды сезінбейсіз де. Адам мен табиғат арасынан желі тартып, жақындастырған ақынға қызығуымыз бар да, қызғанышымыз жоқ.

Бой түзеп, босқа кетпей сауықпенен,
Боз қырау босағасын тауыпты өлең.
Жаман жыр жазғанымда – ақ таяғың
Арқамда ойнай ма деп қауіптенем...² –

деп тебіренді ақын Әбділла Тәжібаевқа арнаған жырында.

Қарт ақын балауса ақынға: “Әрбір жаңа ақынның дүниеге келуі жаңа жаз келгендей қабылданады. Өз жарығы, өз жылуымен туған жыр иесі оқушы жүрегін көтерте, гүлденде туады...” деген еді. Расында, Мұқағали Алатауды жаңғырта, ақ даланы дүбірге толтыра келген еді ғой.

Ақынның артында молмұра қалды. 1976 жылы 26 наурызда бұрын еш жерде жарияланбаған бір топ өлеңін жастар газеті Ә.Тәжібаевтың мақаласымен басты. Аға ақын М.Мақатаевтың:

Жазылар естеліктер мен туралы,
Біреулер жан еді дер ер тұлғалы.
Біреулер тұлпар еді дер де мүмкін,
Бүтінделмей кеткен бір ер- тұрманы.

Жазылар естеліктер нешелеген.
Көреміз бәрін оның пешенеден.
Әйтеуір, білетінім бір- ақ нәрсе,
Көшеді өлең немесе өшеді өлең,³ –

деген жолдарға талдау жасай келіп: “Айдай анық ақиқат та осы. Мақатаев атты ақынның жарқын жүзіне миллион адам миллион түрлі пікір пайымдаса да, желмен желпіп қаншама жылдар өтсе де, ешбір кіреуке, көлеңке түспей, келешекке қарай келісті керуен түзеп көше бермек”.

М.Мақатаев жыры – парасат жыры. Қазақ поэзиясында ежелден кәдеге айналған дәстүр болғанымен, бұл – қоры қотарылып, тауысуға келмейтін ортақ еншімізге айналған қымбат мұра.

¹ Мақатаев М. Аманат. Алматы: «Атамұра», 2002. 123-б.

² Сонда. 148-б.

³ Сонда. 240-б.

Мұқағали өлеңдері сахараның өзіндей сырлы, даланың өз бояуындай өрнекті, көктемнің өзіндей көрікті. Түпсіз аспаны мөлтілдеген жасыл таңдай бояу-нақыш төгіле береді.

Өзегі жалын бұл балаң.
Шағаласы бар шулаған.
Теңіздің сыры белгілі.
Тек жазу үшін тумаған!
Жасынын жайдың ұрлаған –
Өзіне тартқан бұл балаң!¹

“Отаным, саған айтам” атты лирикалық осы толғауында ақын бір сәтте құшақ-құшақ от ұшырған найзағайды суреттесе, іле төсінен төбе-төбе толқын лақтырған долы теңізді бейнелеп кетеді. Осылайша арасы алшақ екі әлемнің ортасына сезім жібін жалғастырған ақын жүрегімен астасқан аласапыран толқынды көреміз, аспанда найзағай жарқылдап, теңіз буырқанып жатқандай, ақ нөсердің астында қалғандаймыз. Лирикалық кейіпкердің “жасын ұрлаған” өжеттігі көкірегіңізді күмбірлетер, жүйкеңізді шымырлатар ой толғағына айналады.

Мен нағыз махаббатты армандаймын,
Оны мен жоғалтып та алғандаймын.
Ақ қаздар арасынан аққуымды
Ажырата алмаған сормандаймын.²

Жұмсақ мұң, отты ой, толқымалы сыр – ақын жырының қасиеті. Ақын жыры “жалыннан жұлдыз” ұшырып, желмен жарысқан тұлпардай зуылдап өте шығады.

О, жастық!
Сен өлгенде, мен өлемін,
Сенсіз мен қиылған бір бөренемін.
Көнеремін, білемін, көнеремін,
Көгере бер мәңгілік, сен өлеңім.³

Жыл сайын жаңарып келер, жайқалып келер көктем жыр бояуы солғын тартпай жүректерді тебіrentуде:

Күйер кеудем...
Сондықтан күйінемін.
Жасырман, жырымды сол жиі менің.

¹ Мақатаев М. Аманат. Алматы: «Атамұра», 2002. 66-б.

² Сонда. 78-б.

³ Сонда. 85-б.

Жыр жазу, кім біледі, ермек шығар?
Ақын болу,
Неғылған қиын едің?..¹

Ақын арманы – еріккеннің ермегі емес, дүниені дүбірге толтырар
шалқар шабытты парасатты жыр, болашақпен тілдестіретін сыр емес пе?

Қуат алып Абайдың тіл-күшінен,
Жыр жазамын Абайдың үлгісімен,
Абай болып табынсам бір кісіге,
Абай болып түңілем бір кісіден...²

Туған халқына, туған халқы сомдаған ұлы мұраға бас иіп өткен
Мұқағалиге, арыс азамат Мұқағалиға тән шынайы қасиет бұл...

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Көп қырлы талант М.Мақатаевтың өмірі мен негізгі өлеңдерін атаңдар.
2. Ақын өлеңдерінің оқырман жүрегін баурап алар қасиеті неде?
3. М.Мақатаев поэмаларындағы төгіліп тұрған ұйқас ырғаққа, тебірене талғайтын шешен тілдік құралдарына назар аудару.
4. Өлеңдерінен үзінді жаттап алу.
5. Ақынның мұңлы да сырлы өлеңдерінің көбі әнге сұранып тұратындай әсер қалдырады. Сондай әндерінің мәтінін нақышына келтіре оқу.

Тест сұрақтары:

1. Үзінді Мұқағалидың қай өлеңінен алынған?

*Қалқам, мен Лермонтов, Пушкин де емен,
Есенинмін демедім ешкімге мен
Қазақтың қара өлеңі - құдіретім,
Онда бір сұмдық сыр бар естілмеген.*

А) «Фантазия»

¹ Мақатаев М. Аманат. Алматы: «Атамұра», 2002. 93-б.

² Сонда. 44-б.

- В) «Мен таулықпын»
- С) «Анау - аспан, мынау - бақ»
- Д) «Қара өлең»

2. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасындағы оқиға қайда өтеді?

- А) Жетімкөл
- В) Алакөл
- С) Жетісу
- Д) Жетішатыр

3. Үзінді қай ақынның өлеңінен алынған?

*Алынбаған ақым бар сенде менің
Бұйрат құмдар — бұйығып шөлдегенім,
Бура бұлттар - бусанып терлегенім.*

- А) С.Мәуленов
- В) М.Мақатаев
- С) Қ.Аманжолов
- Д) Т.Айбергенов

4. М.Мақатаевтың өлеңін табыңыз.

- А) «Өмірдің өзі-ақ қызық-ақ»
- В) «Қайта оралды тырналар»
- С) «Ғашықпын»
- Д) «Туысқан»

5. М.Мақатаевтың балалық шағы қай кезеңде өтті?

- А) Тың игеру кезінде
- В) Ұлы Отан соғысы кезінде
- С) Жоңғар шапқыншылығы кезінде
- Д) Ұлт-азаттық көтеріліс кезінде

6. М.Мақатаевтың өлеңін табыңыз.

- А) «Құлагер»
- В) «Шәкірт ойы»
- С) «Қара өлең»
- Д) «Шығамын тірі болсам адам болып»

7. Ана мен жылқышы диалогі М.Мақатаевтың қай шығармасында өтеді?

- А) «Райымбек, Райымбек»
- В) «Аққулар ұйықтағанда»
- С) «Жан азасы»
- Д) «Ару ана»

8. «Ұят болды-ау!» өлеңінің авторын табыңыз.

- А) Э.Сәрсенбаев

- В) М.Мақатаев
- С) М.Шаханов
- Д) Ф.Оңғарсынова

9. **М.Мақатаев қай жылдары өмір сүрді?**

- А) 1835-1865 ж.ж.
- В) 1845 -1904 ж.ж.
- С) 1804-1846 ж.ж.
- Д) 1931 -1976 ж.ж.

10. **М.Мақатаевтың ақындыққа азаматтық тұрғыдан сипаттама берген өлеңін табыңыз.**

- А) «Ғашықпын»
- В) «Үш бақытым»
- С) «Бабаларым, рақмет сендерге»
- Д) «Толғау»

11. **Үзіндінің авторын табыңыз.**

*Ақынмын деп мен қалай айта аламын,
Халқымның өзі айтқанын қайталадым
Күні киген қазақтың қара өлеңін,
Шекпен жауып өзіне қайтарамын.*

- А) М.Мақатаев
- В) С.Торайғыров
- С) І.Жансүгіров
- Д) Ә.Тәжібаев

12. **Мына үзіндіде Мұқағали нені іздейді?**

*Іздеймін тағат бар ма?
Сені іздедім, маған егіз ғып жаратқан ба?*

- А) Ғашық қызын
- В) Поэзияны
- С) Өткен күнді
- Д) Ата-бабасын

13. **М.Мақатаевтың өмір сүрген жылдарын табыңыз.**

- А) 1931-1976ж.ж.
- В) 1845-1904ж.ж.
- С) 1835-1865ж.ж.
- Д) 1804-1846ж.ж.

14. **«Үш бақытым» өлеңінің авторын табыңыз.**

- А) Мұхтар Шаханов
- В) Мұқағали Мақатаев

- С) Фариза Оңғарсынова
- Д) Жүмекен Нәжімеденов

15. **Үзінді Мұқағалидің қай өлеңінен алынған?**

Поэзия!

Менімен егіз бе едің?

Сен мені сезесің бе? неге іздедім?

- А) «Қара өлең»
- В) «Поэзия»
- С) «Мен таулықпын»
- Д) «Барлығы да сендердікі»



ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛИ

(1935-2011)

Қадыр негізінен ұлттық ақын. Ұлттық ақын болғанда, қазақ халқының ақыны. Оның туған халқының арғы-бергі өмірі, тіршілігі туралы жазған өлеңдері өте көп. Сол өлеңдерінің барлығын жинақтап айтсақ, қазақ халқы өмірінің көркемдік шежіресі, әдебиеттегі образды тарихы деуге болады.

Әбділхамит Нарымбетов

Сонау алпысыншы жылдары туған әдебиетке жаңа бір қуатты толқын басталып, өнер мұхитының көкжиегі кеңейіп сала берген еді. Сол дарын иелерінің бірі – Қадыр Мырза Әлі.

Қадыр Мырза Әлі 1935 жылы Батыс Қазақстан облысының Жымпиты ауданында туған. 1958 жылы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген. Еңбек жолын сол жылы ашылған «Балдырған» журналынан бастап, ұзақ жылдар «Жұлдыз» журналында, «Жазушы» баспасында, Жазушылар одағында жұмыс істеген. Тұңғыш өлеңі 1954 жылы жарияланған ол содан бері қырықтан астам жыр кітаптарын жариялаған.

Ақын қаламынан туған «Күміс қоңырау» мен «Ақ отау», «Бұлбұл бағы», «Ой арманы», «Дала дидарын» жинақтаған «Көш», қос кітапты «Домбыра» және «Жерұйық» атты жинақтарында өз тағдыры-халқының тағдыры, халқының тағдыры – өз тағдыры, өз мүддесі екенін мейлінше сезінген. Поэзия – автор сезімінің айнасы болғанмен, ол ел жырына айналып, көңіл көгінде ойнаса ғана өнер. XX ғасырдың екінші жартысы күрделене түсті... Қадыр Мырза Әлі поэзиясының жаңалығы мен қуаты осы уақыт суреттерімен өлшенеді.

Қадыр Мырза Әлі – зерделі дарын. Соғыстан кейінгі бірер жылда жаңа ғана ес жия бастаған жас ұрпақтың өмір жолы жеңіл болған жоқ.

Балалық шағында майдан ауыртпалығын қатты сезінген бұлар қашан есейіп, ержеткенше тапшылықты да, жоқшылықты да аз көрмеген.

Бармақтай боп сол күнде,
Жатпаушы едік демалып.
Әр маяның түбінде,
Қалды біздің балалық.

Бақыт еді ол күнде,
Шығу деген нан алып.
Сол дүкеннің түбінде,
Қалды біздің балалық.¹

Осы өлеңнің тамырында бір дәуірдің болмыс-бітімі жатыр.

Қадыр Мырза Әлі ұрпағы соғыстан кейінгі дәуірде отанымыз басынан кешкен ауыртпашылықтың бәрін көріп өсті, уақытпен бірге есейді. Ақын жырынан осынау заманның тіршілік-тынысын айқын көреміз.

Қадыр Мырзаәлі поэзиясы – шыншыл, шыншылдығымен де сыршыл. Сан сала тіршіліктің талай-талай жырымен аралаған ақын атамекенді қия-қалтарысымен, шұғыла-нұрымен, қоңыржай-көлеңкесімен ашық, шымқай суреттейді. Халық көңілінде сақталған қилы құбылыс адал көкіректе орын алады. Бірақ ол сезімді мейлі ащы, мейлі тәтті болсын тек шындықты жырлау, дабыл қағу, керек болса, отқа түсу мыңда бірдің, тіпті бірегейдің ғана ұжданы жетер іс. Ақын нені жырласа да, азаматтық ар тұрғысынан жырлайды. Адал жырлайды. Оның жыры соншалықты әсерлі, қалың қауымға етене жақын, ыстық. Сондықтан да мына жолдар Ақынның ақ-адал сыры екеніне имандай сенесің.

Тумадым мен бақ-дәулет жию үшін,
Барлығын да ұлыңның қиюы шын.
Жүректі де берер ем,
О, Туған жер,
Керек-ау ол өзінді сүю үшін.²

Ел мен жерге деген сүйіспеншілік ақын поэзиясының жетекші пернесі. Жақсыны көріп қуанса да, жаманды көріп налыса да, бәрі сол

¹ Қабдолов З. Қадыр Мырза Әлі шығармаларының 12-томдығы. 1-том. – Алматы: «Қазығұрт», 2001. 12-б.

² Сонда. 19-б.

туған жерге деген ыстық ықыластың шырқау шыңынан тасып төгіліп жатады. Халық мүддесі – сырына нәр, жырына – өжеттік, өткірлік, батылдық берген; «қиын» тақырыптарға тайсалмай баруға медет болған. Ақын қашанда оқырманымен қалтқысыз сырласады: жүрек дірілін, өзек жарған запыран сезімін дұрыс түсініп, дәл басарына сенімі мығым. Өз ортасының тағдыр-талайы мен өткен күннің бел-белесін келер шақ мінбесінен ашық айтады, бұлтаққа салмайды. Қия-құзды, қысты-көктемді «дала дидарының» шиыр шатқалаңын «ой арманымен» барлаған ақын» домбырасын толғана күмбірлетеді. Поэзия құдіреті көпшіліктің көкейіндегі ойына, көкірегіндегі тебіренісіне үндестік табуында емес пе?

Ақын жырының өзекті арнасы – өз басымыздан кешкен,өзімізді толғантқан, өзімізді қуантқан не күйіндірген, дарқан даламызды дүбірлеткен өмір – тарих. «Ақын да бір перзенттің қолындағы, өз сырым де жырларын томындағы», – деп өзі айтқандай, ақын жыры – біздің жырымызға, ақын сыры – біздің сырымызға айналды. Ақын дарынына ерекше нәр беретін қасиет те осы шын өмір мен шынайы сезім.

Автомат, пулеметпен қырқып атып,
Талайды кетті-ау соғыс шырқыратып,
Ері өлген жесір әйел көрші бізге,
Шылымды шегетұғын бұрқыратып.

Жесірге жастау кезде ғашық көп-ті,
Бірақ ол жаманаттан қашып кепті...
Кетерде жары құйған фундаментке,
Мінеки, жиырма жылдан асып кетті...

Білмеймін, өткізеді күнін неғып,
Көрмейсің тұрғанын бір күлім қағып.
Отыр ол мұрагерсіз,
Басқа әйелдің
Олжадан туып алған ұлын бағып...

Автомат, пулеметпен қырқып атып,
Талайды кетті-ау соғыс шырқыратып,
Осының бәрін ойлап жесір әйел –

Шылымын отырады бұрқыратып...¹

Бұл өмір жалынана шарпылған шындық-тіршілік. Шылым түтінімен ішін ыстап, жан жарасын жеңілдетіп отырған жесір әйел бүкіл бір қауымның қасіретін арқалаған бейне. Бұл-адал жан, асыл жар қасіреті.

Ақын жырының өріс-аясы кең. Шетсіз де шексіз даламызбен, сол далада қайғылы-қасіретті ғұмыр кешкен бабамыз қатпар-қатпар тарихтың ой-шұқыры, жастың жарқын көңілімен дананың ойы, шежіре-тарих пен замандастың сырға толы қилы күндері, жүректі өртеген махаббат шоғы мен көне көз кәрінің ауыр да азапты тірлігі ақын кітаптарында жанды бейнеленеді. Арайлап атқан таңда, мұнарта батқан күнде, тәй-тәй басқан бөбектің сыңғыр күлкісі де ананың әжімді беті, бақытты жардың албырт жүзі де бәрі-бәрі ақын поэзиясының тыныстаған ауасы, сабырлы толғанысы.

Адам жылап туады, жатады жұрт жұбатып,
Және жылап өледі, өзгені де жылатып.
Жылайтыны туасап, жамандар бар қинайтын,
Жылайтыны өлгенде, жақсылар бар қимайтын.²

Ақын құбылыстың сырт көрінісін емес, тереңге тамыр тартқан құнарын, құпиялы сырын ашады. Тұлып сезімге көңіл жұбатып, босқа еміреніп, егіліп жатпайды, пенделік тіршілікті көңілдің көркем елегінен өткізеді. Шынайы шындық пен зерделі ой-ақын поэзиясына тың әуен, соны бояу әкелген.

Қазіргі адам білімдар, философ, байқағыш, алғыр. Күміс айға, алтын күнге, айна көлге тандану, сүйсіну жеткіліксіз. Ол өзі көктеген топырақ тағдыры бүкіл планетамен тағдырлас екенін біледі-поэзияға да сондай зор талап қояды. Замандасының бай рухынан нәр алған ақын поэзиясы да – тебіреністі поэзия: бүгінгі дәуірдің алуан астарлы, шиыршық

¹ Қабдолов З. Қадыр Мырза Әли шығармаларының 12-томдығы. 1 том. – Алматы: «Қазығұрт», 2001. 72-б.

² Сонда. 32-б.

атқан шымыр поэзиясы. «Асау» атты өлеңде жалына қол тимеген бас асауды алпамсадай жігіттің үйреткенін әсерлі суреттей келіп, ақын: «Еркіндіктің қадірін, ұқты білем жануар», – деп түйіндейді, астарлы өлеңмен көп сыр ашады: халқымызға қашаннан таныс, қашаннан белгілі асауды үйрету арқылы тірлік-тынысы еркіндік туралы ойын ортаға салады. Ақын өзек өртеген шындыққа, ауыр шындыққа ден қояды.

Қазақтар жанжалдасып не заңдасып,
Кеткенде бір-біріне қожандасып.
Тапалған тақиядай киіз үйлер,
Қалыпты кең далада тозаң басып.

Жас жігіт түк шықпаған иегіне
Жан берген жерінің бір сүйеміне.
Адасқан қараңғыда ағайындар
Сүрінген бауырының сүйегіне!

Тігерге тұяқ қалмай тола малдан,
Көрші ру көрші руды тонап алған.
Ақыры екі ауылдың орнында да-
Күл қалған, жас топырақ мола қалған.

Осылай бір-бірінің жалмап малын,
Ұмытқан дұшпан салар қармақ барын.
Ертесін екеуі де ортақ жауға
Тұтқын боп, шәйнай берген бармақтарын!¹

Кемеңгер Гёте былай деген екен: «Жаңа уақыттың жаңашыл ақындарының жаңашылдығы – жаңаны ғана жазғандықтан емес, құбылысты бұрын жырламағандай етіп, өзінше, өзгеше суреттей білуінде». Ақын ежелден белгілі көне көріністі өзінше жырлайды, әлеуметтік жүк арқалаған сырлы көбіне-көп жігерлі, әсерлі де дәл, бедерлі тосын деталь, тіпті құлпыртып, құнарландырып жібереді, баршамызға таныс үйреншікті оқиға аяқ астынан қайта түлеп шыға келеді.

¹ Қабдолов З. Қадыр Мырза Әли шығармаларының 12-томдығы. 1-том. – Алматы: «Қазығұрт», 2001. 45-б.

Ақын туған даласы туралы көп толғанып, көп жазған. Дала – ақын түсінігінде, елдің құтты ұясы, өмір ордасы, даланың үлкен жүрегінде ақынның алғашқы қадамы мен өсуі, бүкіл табиғат-болмысы, өмір-ғұмырының әліппесі жатқандай. Сайын даласы жырға да, сырға да бай, шабыт-жігер берер жері де – кең даласы. Дала – тағдыр, дала – шежіре; дала – ақынның шабытты жыры:

Мың да бір рахмет даламызға,
Далаға береміз біз, аламыз да.
Кеңдігі осы жердің көмектескен –
Сүйгенін алып қашқан бабамызға.

Момақан көшпелі елді торықтырып,
Бүтіндей кетер еді орып-қырып.
Онда да осы жердің кеңдігі ғой –
Өлтірген дұшпан атын зорықтырып.

Не жетсін ұлан-асыр баршылыққа!
Береді кең жер көптеу нәр шыбыққа.
Тек қана осы жердің кеңдігінен
Қазақтар аман қалған таршылықта.

Білесіз, білесіздер ендігісін,
Теңдікпен бірдей кеңдік елдік үшін.
Содан ба, тыныштығын жоғалтыпты,
Бабамыз осы жердің кеңдігі үшін!¹

Ыстық буы бұрқыраған өмірдің қайғы қасіретін, қуаныш-сүйінішін, қалтарыс-қиясын ақын Қадыр ойлы көзімен, сезімтал жүрегімен шарлайды. Соғыстың небір ауыр көрінісін нақты бейне, жанды сурет арқылы алдыңызға тартады. Ана зары, жетім шері, мүгедек халі сізді де енжар қалдырмайды, қатыгез тағдыр сұрқиялығынан түршіктіреді.

...Кінәлі емес бұған, дос, тірегінде ана,
Кінәлі емес не ажал-өлім ғана...
Ағасы жоқ адамда жеңге де жоқ,
Інім де жоқ, жоқ содан келін бала!

¹ Қабдолов З. Қадыр Мырза Әли шығармаларының 12-томдығы. 1-том. – Алматы: «Қазығұрт», 2001. 56-б.

Жалғыз ана сол маған сүйеу ғана,
О да болса қайғыға тиеулі ана!
Тәтесі жоқ адамға жезде де жоқ,
Қарындас жоқ, жоқ содан күйеу бала!

...Соның бәрі, о достар, әке жоқтан,
Әке жоғы-кешегі соғыстан ғой!¹

Әрі батыл, әрі тапқыр айтылған «Болды кейде менің жүз қонағым» деген жырдың жылуы – лирикалық кейіпкердің жүйрік көңілі. Оқушы алар өзгеше рухани әсер де ақынның айрықша сезімімен әдемі астасып жатыр. Жұмыс басты жанның жан дүниесі де ерекше-сырт көзге көрінбейтін бұйығы момақан махаббатын, жарының жарқын тұлғасын іштей таңдана, таңғала мадақтау әрі табиғи, әрі сүйкімді. Өз ісімен біте қайнасып, еңбек торысына айналып кеткен жұмыс басты жұбайына мін тақпай, өзінің кішік болса да ұлық ісін сабырлы, сенімді сезім биігінен абыроймен атқарып жатқан жар-жан жолдастың биік бейнесіне сүйсінеміз. Әсіресе бояусыз, ақынға тән дәлдікпен, тапқырлықпен, тіпті ол күйдім-сүйдімге бой алдырмайды, құрғақ сөздің шырғалаңына оралмайды. Жүрек жылуы өлең бетінде буланып тұрған жоқ, тереңде жатыр.

Өсудің сара жолы-өзің жеткен биігіңе, өзің шыққан шыңыңа сын көзбен қарау. Кезінде көпшілік қауым құныға оқып, тамсана жаттаған, сыншылар да жылы лебіз білдірген – «Ақ отау», «Бұлбұл бағы», «Ой орманы», «Дала дидары», «Көш» бірігіп қайыра басылғанда тағы да таралып, тағы да үкіленіп, одан әрі құлшыра түсіпті. Бұл еңбек негізгі екі арнадан табылады екен. Біріншісі – шығарманың әуез-үндестігін, бояу-өрнегін бұрынғыдан да қанықтыра түссе, екіншісі – туындының тұтас тұлға-салмағына айырықша көңіл бөлінген. Кейбір жасаң сөз, әлсіздеу

¹ Қабдолов З. Қадыр Мырза Әли шығармаларының 12 томдығы. 1-том. – Алматы: «Қазығұрт», 2001. 57-б.

тіркес қағылып тасталса, шығарма шіркін бұрынғыдан бетер шымырлана, шириға түседі екен.

«Ой арманы» кітабы «Заманымның әйгілі Антеннасы – бір атым: Қуаныш пен қайғыны Қағып алып тұратын» деп басталады.

Ал «Домбыраның» екі қыры-қос ішегі бар: бірі-өзімен (лирикалық кейіпкермен) бірге өсіп отыратын өмір сатысы-жыр пернелері, екіншісі-сол өмір сатысымен тыныстаған көңіл күй, перне-жырлар.

Кітап үстіңгі ішектің қоңыр үнімен басталады. Салмақты қоңыр әуен, жүрекке жылы тиер жұмсақ дыбыс; астыңғы ішектегі саңқылдаған ашық, қатқылдау үнді сабаға салып, жағымды рең беретін құдірет бар. Домбыраның екі ішегі үндескенде ғана айшықты, әсем сазды, мүмкін, дауылды күй шығармақ. Ендеше, қос ішектің құлақ күйін келтіре бұрау тартушыға сын. «Домбыраның» қос кітабындағы қос ішек келісті үйлесімен тауып, сыңғырлап тұр.

Ақын кейіпкері тек ізгілікке сүйсінеді, ізгілікпен тыныстайды. Көзі шалған келеңсіздікті батыл да әсерлі айта біледі.

Түк кілем. Сервиз, ыдысың...
Бәріне орын жетіпті.
Кітаптар бірақ ығысып,
Дәлізге шығып кетіпті.¹

Екінші кітаптың үстіңгі ішегі алдыңғы сыңарының заңды жалғасы: қос өрімделген өзегі тереңдеп, кедір-бұдыры жазылып, ағым-астары қосылып шымырлайды. Адамның психологиялық тынысы ашыла түседі.

Астыңғы ішек, бірінші кітапта да, екінші кітапта да әбден құлақ күйіне келген: ой оралымына қарай бөлінген пернелер бірін-бірі толықтырып, өз үнімен күмбірлейді; сабақтасып жатқан өлеңдер – лирикалық кейіпкердің көңіл-күйі:

¹ Қабдолов З. Қадыр Мырза Әли шығармаларының 12 томдығы. 1-том. – Алматы: «Қазығұрт», 2001. 45-б.

Егер ол бірде: «Ер еңкейсе еңкейеді жалғыз-ақ Туған жердің топырағын сүйгенде» – деп қайсарлық танытса, тағы бірде: «Бүкіл елдің жүрегі Мына менің кеудемде», – деп ағынан жарылады.

«Ертең мынау өлең-жырдың басында, Біз болмаймыз, бағалайды басқалар» деген сұңғыла пікір де айтады. Екінші кітап иірім ойлы, тынысты, пернелері бірде епінді, бірде нәзік; уақыт дүбірі естіледі.

Бірде елгезек, бірде сергек жырлар замандасымыздың көңіл-күйі – уақыт болып дабыл қағады:

Көзім жұмсам, өткенмен кезігемін,
Дүниені жүрді ғой кезіп өлім.
Жалған айттым жаныма батқан жақта,
Жалған айтқан мен емес, – өзің едің.¹

Қос кітапты «Домбыра» – серіппелі, шешен үнді домбыра: өмір-тіршіліктің дүбіріне құлақ тіккен әр адам өз көкірек күйін естігендей.

Қос кітапты «Домбыра» сол «Көштің» жаңа биіктегі жалғасы іспетті. Иә, өмірдің алауы бар, күйініш, сүйініші де жеткілікті. Сондықтан да «Домбыраның» күмбірлеген көп пернесінен арыс азамат, өз толқыныс-тебіренісін тапқандай. Сөйтіп, ақын толғанысы замандастың жүрек қалауымен бір пернеден толқып, ел тағдыры, уақыт тынысымен астаса күмбірлейді.

Неге орынсыз ояттым мен жатқанды?
Неге босқа дүрліктірдім шатқалды?
Жақсы жырды жамандаған кезде жұрт,
Неге, неге үндемедім, шет қалдым?!

Неге ауылдың лайладым бұлағын?
Неге аттым тау ешкінің лағын?
Неге жаман адамды мен мақтасып,
Неге жақсы адамды мен сынадым?!

¹ Қабдолов З. Қадыр Мырза Әли шығармаларының 12-томдығы. 1-том. – Алматы: «Қазығұрт», 2001. 55-б.

Неге жұртты шығардым мен төбеме?
Неге көпке бола алмадым өнеге?
Неге ұмыттым Ертең барын, Ел барын,
Қара басты ойлап кеттім мен неге?!¹

Табиғат көркіне еңбек адамының көңілімен зер салу, астарынан мән тауып, философиялық ой түйіндеу – сонау ауыз әдебиетінің дәстүр-дәрісі. Ақындар жер-ананың әсемдігін, асқарлығын аз жырлаған жоқ. Ал «Домбыраның» авторы да өз сезім пернесін дәл тапқан: ақын перзент ана-табиғатпен тұтастығын, еншілестігін нәзік сезіне жырлайды; табиғат, туған жер – қуаныш, бақыт бесігі, ұшса – қанаты, қонса – саясы, медеу іздестірегі, барлық тірлігі тек – өскен өлкесімен өрістеп көрінеді. Тіпті, ақын табиғат құшағына сіңіп кеткендей әсерлене жырлайды: «О бастан-ақ анам –Дала әкем менің Күн екен, Осы мені ата-анамнан бөліп алған кім екен?!»

Бұл сөзіме сенбе мейлің, сен мейлің,
Отан барда сенбеймін де, сенбеймін.
Туған жерден таба алмасаң қасиет,
Басқа тапқан қасиетіңе сенбеймін!²

«Домбырада» мөлдір шықтай көрікті теңеу, метафора көз тұндырады. «Сүйреткен зер шылбырын сәйгүлік-күн, Самалға қарсы желіп бел асады», «Жұлдыздар күзетеді үкі-түнді, Жарғанша жұмыртқасын балапан-таң».

Ақын сонау ауыз әдебиетінен келе жатқан үстемелете, үдете бейнелеу- градация тәсілінің жаңа түріне де ден қояды.

Шексіз даласын ұзақ «Көшпен» талмай шиырлап, үкілі «Домбырасын» қолына алып, «Жерұйықты» жырлаған ақын көптеген көрікті әнге өзек болған жырлары бұл күнде кең-байтақ Атамекенді, ауыл-қаланы шарлап кетті.

¹ Қабдолов З. Қадыр Мырза Әли шығармаларының 12-томдығы. 4-том. – Алматы: «Қазығұрт», 2001. 478-б.

² Сонда. 68-б.

Поэзия – ақын сыры, ақын сыйы. «Жүректен шықпаса, жүрекке жетпейді», – деп өзі айтқандай, поэзия алқабында ақын мен оқушысының жүрегі қосыла сыр шертеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ақынның балалық, жастық шағы қалай өткен? Басынан өткізген ауыртпашылық өлеңдерінен қалай көрініс тапты?
2. Ата-баба тірлігі, ел мен жер, дала тарихына үңілген ақынның ой-толғамдарын «Көш» атты кітабынан мысал келтіру.
3. Екі кітаптан тұратын «Домбыра» жинағының өзіндік ерекшеліктерін талдау.
4. Ақынның өзіңе ұнаған өлеңдерін мәнерлеп оқу және жатқа айту.
5. Ақынның балаларға арналған көлемді туындысы туралы пікір білдіру.

Тест сұрақтары:

1. Қадыр мырза Әли қай жылы туған?

- А) 1936 жыл
- В) 1925 жыл
- С) 1935 жыл
- Д) 1929 жыл

2. Қадыр Мырза Әли кім?

- А) ақын, жазушы
- В) сазгер
- С) ғалым
- Д) күйші

3. Қадыр Мырза Әлидің өлеңін табыңыз.

- А) «Он саусақ»
- В) «Жаз лебі»
- С) «Қызыл кітап»
- Д) «Мен – қазақпын»

4. 2001 жылы Қадыр Мырза Әли қандай сыйлық алды?

- А) Халық Қаһарманы атағын алды.
- В) «Тарлан» сыйлығын алды.
- С) Кеңес Одағының сыйлығын алды.

Д) Халық жазушысын алды.

5. Қай еңбегіне Қазақстан Ленин комсомолының сыйлығы берілді?

А) «Ой арманы»

В) «Жерұйық»

С) «Қарамсақ»

Д) «Алақан»

6. Драмалық туындыны табыңыз.

А) «Жазмыш»

В) «Махаббат»

С) «Жаралы жолбарыс»

Д) «Заман-ай»

7. Ақынның «Дала дидары» туындысы қай жылы жарық көрді?

А) 1967 жыл

В) 1968 жыл

С) 1965 жыл

Д) 1966 жыл

8. 1980 жылы Қадыр Мырза Әлидің қай туындысы үшін ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығы берілді?

А) «Алақан»

В) «Жерұйық»

С) «Домбыра»

Д) «Ақыл аспанда»

9. Қадыр Мырза Әлидің туындысын табыңыз.

А) «Ескерткіш»

В) «Кәрі қыран»

С) «Сырдария»

Д) «Ұлт өлеңі»

10. Қадыр Мырза Әлидің айтуынша қай сан қасиетті?

А) тоғыз

В) он үш

С) жеті

Д) бес

11. Ақынның «Қызыл кітап» поэмасының негізгі тақырыбы не?

А) Соғыс

В) Махаббат

С) Табиғатты қорғау

Д) Достық

12. «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру» өлеңінің авторы кім?

- А) Т. Айбергенов
- В) Қ. Мырза Әли
- С) М. Мақатаев
- Д) М. Шаханов

13. Ақынның «Ақ отау» туындысы қай жылы жарық көрген?

- А) 1970 жыл
- В) 1965 жыл
- С) 1971 жыл
- Д) 1968 жыл

14. Ақынның 1972 жылы қай таңдаулы туындысы жарық көрді?

- А) «Домбыра»
- В) «Саз сиқыры»
- С) «Биік баспалдақ»
- Д) «Алақан»

15. «Әмір Темір» шығармасы қандай жанр үлгісінде жазылған?

- А) Лирикалық
- В) Прозалық
- С) Драмалық
- Д) Эпикалық



Тұманбай Молдағалиев

(1935 - 2010)

Адам рухын көтерер, оның ойын марқайтып, жырына азық берер-өмір десек, Тұманбай жырлары сол өмірдің алуан түрлі сырын, ондағы өзгерістерді шынайы бейнелейді. Ол өзгерістің негізгі куәгері болып ақын өлеңдерінің лирикалық қаһарманының тағдыры тұрады.

Серік Қирабаев

Тұманбай Молдағалиев 1935 жылы Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Жарсу ауылында туған. 1956 жылы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген. «Лениншіл жас», «Пионер», «Жазушы» баспасы, «Балдырған», «Жалын» сияқты баспасөз орындарында қызмет істеген. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы болып сайланған.

Ақынның тұңғыш өлеңдер жинағы «Студент дәптері» деген атпен 1957 жылы жарияланған. Содан бері елуге жуық кітаптары басылған. Жинақтары орыс тілінде Мәскеуде, Алматыда, жеке өлеңдері басқа тілдерге аударылып, жарық көрген. Қазақстан Жастар сыйлығының иегері. Ақын өлеңдеріне көптеген ән жазылған. Тұманбай Молдағалиев – еліміздің аяулы азаматы, ардақты ақыны. Бұл – жүрекке сіңген, бәріміз іштей сезінген ұғым, түсінік. Ақынның жомарт жүрегі жырдан жаралған, жыр-ақынның тірлігі де, танысы да, қуанышы да, қиналысы да. Ақынның ғұмыры-жырға, жыры ғұмырға айналған.

Ақынның жыр бұлағы тек ақиқатты әйгілейді, ағынан жарыла ел-жұртына ақ сөзін, таза сезімін – құпия сырын тек өзіне тән инабаттылықпен, даралықпен шертеді.

Тұманбай Молдағалиев қалам тартқан елу жылдай уақытты сараласақ, қазақ халқы деген ардақты ұғымға сиятын бір елдің еңбектеген баласынан еңкейген кәрісіне дейін үлкен ақынның күмбірлеген жыр жүрегінде, күнгей мен теріскейіндегі ғұмыр-жырына бойлаймыз.

Алатаудың самалы сінген дарқан жырдың ел-жұртының кәдесіне жарап, рухани асыл қазынасына айналғаны қашан!. Байтақ жазирамызда Тұманбай кітаптары жоқ шаңырақ табылар ма екен?! Оның асыл жыры арқау болған әсем әндер де қазақ даласына құлаш жайды. Туған еліңнің әніне, жырына айналып, Алатауың мен кең далаңда қыранша самғап жүрсең, одан артық бақыт-қуаныш бар ма?

Ақынның туған әдебиет айдынында сонау елуінші жылдан қанат сермегелі ақындық сапар-жолы бақытты басталып, ел-жұрты бірден алақанына салып аялай жөнелген. Содан бері жырдың қыран тұғырынан түсіп көрген емес.

Алғашқы адымынан-ақ еркінен тыс құйылып келген тебіреніске бойын билетіп, әуен-сырдың, әуез-нұрдың ақ бесігінде тербелді, аяулысын ақ махаббаттың аспанында әуелетті. Төгіліп тұрған сезім-нұрдың шұғыласына бөледі, жас ақынның қанатты серпілісі, от-жалыны өз оқырманының жүрегін шарпып жатты, арман-қиялын жұлдызды көктей самғатты.

Ай да бүгін аласарып төбемізден төнеді,
Сәулешімді рұқсатсыз қайта-қайта көреді.
Көлегейлеп жабар едім албыраған жар жүзін,
Бірақ менің өзімнің де көре бергім келеді.¹

Таңғы шықтай нәзік жырдан, нәзік сырдан өзі де қызара жымыып бір қояды да, жас ақын сезім-серпілісін де дәл бере біледі:

Көрсетпес сұлу әуресін,
Берілді жүрек тек саған.
Сүю де жақсы, сәулешім,
Сүйікті болу жақсы одан.²

¹ Молдағалиев Т. Таңдамалы туындыларының көп томдығы. Алматы: «Қазығұрт», 2002. 56-б.

² Сонда. 60-б.

Жастық жыры – махаббат, арман-тілегі – ел бақыты, назы сырлы да нұрлы. Жастыққа тән жалынды жырлар – көңілді ортаның, албырт студенттің мінез-құлқы бірде нәзік, бірде әзіл-ажуаға құрылған жыр жолына түсіп, тамаша табиғат-жазғы ауыл, думанды жайлау, қиғаш қас құрбы қыздың сыңғыр күлкісі естіліп, ерке қылықтары көзге елестейді. Жас ақынның жырынан пәктіктің, адалдықтың, тазалықтың самалы есіп, тәнті қылады, тәтті қиялыңды нәзік самалымен еді.

Төбеден төмен қараймын,
Ақ үйлер қатар тігілген.
Көрінші көзге арайлым,
Көрінші, іздеп тұрмын мен.

Болмаса егер бұл төбе,
Көрші ғой ауыл тым жақын.
Кеште де, мейлі, ерте де,
Өзіңді көріп тұратын.

Тілегім неткен көп еді,
Жүрегі тұр ғой от алып.
Осынау тұрған төбені
Тастар ма еді қопарып!¹

Баттастырған бояу, орынсыз әшекейден ада, кестесі келіскен сезімтал жыр иесі жас ақын осылайша жыр бәйгесіне тай-тұлпарын тайпалта қосылған еді. Жалынды ақынның жасыл құрақ жыры махаббатты ең әуелгі пәктік, тазалық деп есептейді.

Жүйрік құлын желі басында сыналады, құйрық-жалы күлтеленген жас тұлпардың жарқын бейнесі әлі сол қалпында.

Зулайды күндер”, “Студент дәптері”, “Кәмила”, «Құралай», “Алатау қызы” (өлеңдер мен дастандары) – ақын жырының бір белесі болса, одан кейінгі кітаптары – сезім тереңдігі, ақыл парасаты, тұнықтығы мен арнасы мол саликалы дарынның мол қазынасы.

Мағжанның «Қойлыбайдың қобызы» Сәкеннің «Сыр сандығы», Қасымның «Өзім туралы ойы», Ғалидың «Алғашқы адымы», Әбудің

¹ Молдағалиев Т. Таңдамалы туындыларының көп томдығы. Алматы: «Қазығұрт», 2002. 68-б.

«Ақша бұлты», Мұқағалидің «Сәби болғым келедісі» ел есінде де тап осы аса талантты ақындардың нұр-келбетімен тұтасып кеткен жырлары екені белгілі. Осы секілді «Құстар қайтып барады», «Өмір қымбаттым менің» сынды жырлары – Тұманбайдың жалынды жас шағы еді. Ол ойыңа ой қосып, жаныңа жайлы шуақ төгеді. Жаңарғандай, ауыр ойдан айыққандай боласың. Өнер күдіреті деген – осы.

Жылдар, жылдар зымырап ақты құйын,
Ақын Тұман жаныңның тапты күйін.
Кішісінің жаны адал, жүрегі пәк,
Ал үлкенін олай деп айту қиын.

Үлкеніне қатты айтсаң, ашуланар,
Кішісіне қатты айтсаң, қашуға бар.
Кішісінің жанында көк тиын жоқ
Үлкенінің астында машина бар.

Көрді өмірдің үлкені дау, талқысын,
Уақытқа жетті өзінің байқар күшін.
Кішісі қыз біткеннен ұялады,
Үлкенін ұялшақ деп айтармысың.¹

«Зулайды күндер» жыр жинағы қаламгердің заманға, замандасына кадала қараған ойлы жанары десе де болғандай. Тұманбай ой шоғын, өлең отын маздатқан шақта – тек шындыққа, әділ қазыға, қатал қазыға ғана тағзым етеді. Шындығында, «Екі тұман» адамзаттың пешенесіне жазылған ауырпалықты трагедиямен тарқатады, бірақ қандай нәзік, қандай аяулы!

Ақын көкжиегі кең. Мейлі анаға, мейлі дала аруына жыр арнасын, ол – әлемдік философиялық ой түйеді.

Отан от басынан басталатыны сияқты, туған ана арқылы бүкіл Ана атаулының ұлы тұлғасын жасаса, өзінің туған Алатауы, ауылы, тамаша табиғат арқылы қазақтың қасиетті кең даласы мен тауының кесек поэтикалық өмірін көз алдына әкеледі.

Осы орайда Тұманбайды мәңгі жастық жыршысы деуге де болады. Өмірге бозбала көзбен қарап, ай-аруға іңкәрлік таныту – ғашық жүректің

¹ Молдағалиев Т. Таңдамалы туындыларының көп томдығы. Алматы: «Қазығұрт», 2002. 73-б.

лүпілі, көнермейтін, тозбайтын мәңгілік жүрек жыры ғой. «Азайған жоқ отым менен күшім де, Сені, сәулем, көп көремін түсімде» деп алаулауы – ашық аспанда самғаған ақ сұңқар ақынның құдіреті, қуаты.

Мағынасы терең «Өмір, қымбаттым менің» атты жыр да талайды тамсанып, көкейге қона кетеді: таңдай қақпадық па, құныға шаттамадық па?

Шимай-шимай әжімнен қорқам,–
Бетіме менің көшеді-ау деп.
Күлімдеген көзімнен қорқам,–
Оның да оты өшеді-ау деп,
Заманым менен көшеді-ау деп.

Сықырлаған таяқтан қорқам,
Бір күн қолға алам-ау деп.
Тықылдаған сағаттан қорқам,–
Бір күн тоқтап қалады-ау деп,
Уақыт зулап барады-ау деп.

Қырқадағы гүлдерден қорқам–
Күз келсе бәрі солады-ау деп.
Зулаған жүйрік күндерден қорқам,–
Қанаты бір күн талады-ау деп.

Лап етіп өшкен сезімнен қорқам,–
Түбіме менің жетеді-ау деп.
Бәрінен де өзімнен қорқам,–
Көп күнім бекер өтеді-ау деп,
Уақыт тастап кетеді-ау деп.¹

«Көктем таңы», «Алатау қызы», «Жаңа дәптер», «Жүрегім менің сапарда», «Шақырады көктем», «Ескерткіш», тағы басқа жыр кітаптары сала-сала әңгіме бастауына айналары сөзсіз. Тұманбай Молдағалиев жүрегінен шыққан сыр мен жыр өз оқырманын әлдеқашан тапқан.

¹ Молдағалиев Т. Таңдамалы туындыларының көп томдығы. Алматы: «Қазығұрт», 2002. 92-б.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жиырма екі жасында «Студент дәптері» атты тұңғыш жыр жинағымен-ақ жұртшылыққа танылып үлгерген Т.Молдағалиев поэзиясының басты ерекшелігі жайында әңгімелеу.
2. Ақын жырларындағы өзекті тақырып не жөнінде? Және бұл қалай жырланады?
3. Ақын өлеңдеріне жазылған әндердің бірнешеуін атаңдар.

Тест сұрақтары:

1. **Тұманбай Молдағалиевтің туған жылын табыңыз.**
А) 1935 жыл
В) 1937 жыл
С) 1933 жыл
Д) 1939 жыл
2. **Ақын шығармашылық еңбек жолын қай жерден бастады?**
А) «Қазақ әдебиеті» газеті
В) «Жұлдыз» журналы
С) «Лениншіл жас» газеті
Д) «Пионер» журналынан
3. **1967 жылы «Қазақстан комсомолы» сыйлығын қай еңбегі үшін алды?**
А) «Кәмила»
В) «Зулайды күндер»
С) «Махаббат оты сөнбейді»
Д) «Жаңа дәптер»
4. **Т. Молдағалиевтің туған жерін табыңыз.**
А) Қостанай облысы, Жангелдин ауданы
В) Алматы облысы, Еңбекші қазақ ауданы
С) Түркістан облысы, Шәуілдір ауданы
Д) Шығыс Қазақстан облысы, шұбартау ауданы
5. **Ақынның тұңғыш өлеңі қай жылы жарық көрді?**
А) 1957 жыл
В) 1955 жыл
С) 1954 жыл
Д) 1956 жыл

6. Ақын 1973 жылы қай журналда бас редакторлық қызметін атқарады?

- А) «Жалын»
- В) «Қазақ әдебиеті»
- С) «Жұлдыз»
- Д) «Балдырған»

7. Т. Молдағалиевтің тұңғыш өлеңі не деп аталады?

- А) «Алатау қызы»
- В) «Жүрегім менің сапарда»
- С) «Украина қызына»
- Д) «Хаттар»

8. 1963 жылы ақынның қай туындысы жарық көрген?

- А) «Алатау қызы»
- В) «Зулайды күндер»
- С) «Махаббат оты сөнбейді»
- Д) «Хаттар»

9. Ақынның алғашқы өлеңдер жинағын табыңыз.

- А) «Бауырлар»
- В) «Көктем таңы»
- С) «Мен де жиырма жаста едім»
- Д) «Студент дәптері»

10. Т. Молдағалиев қай жылы өмірден озады?

- А) 2013 жылы
- В) 2015 жылы
- С) 2011 жылы
- Д) 2010 жылы

11. Ақын өлеңіне Ш. Қалдаяков жазған әнді табыңыз.

- А) «Ертіс вальсі»
- В) «Шақырады көктем»
- С) «Әнім сен едің»
- Д) «Құстар қайтып барады»

12. Ақынның 1960 жылы қай еңбегі жарық көрді?

- А) «Кәмила»
- В) «Көктем таңы»
- С) «Алатау қызы»
- Д) «Зулайды күндер»

13. Ақынның алғашқы өлеңдер жинағы қай жылы жарық көрді?

- А) 1955 жыл
- В) 1956 жыл

С) 1957 жыл

Д) 1958 жыл

14. 1970-1973 жылы ақын қай журналда жауапты хатшы қызметін атқарады?

А) «Жұлдыз»

В) «Жалын»

С) «Қазақ әдебиеті»

Д) «Балдырған»

15. Ақынның 1992 жылғы Дүние жүзі қазақтарының құрылтайына орай жазған шығармасын табыңыз.

А) «Қош, көктем»

В) «Бауырлар»

С) «Көктем таңы»

Д) «Жүрактегі жазулар»

Қорытынды

XX ғасыр – қазақ халқының және оның мәдениетінің даму тарихында айрықша із қалдырған кезең болды. Орыс отыршылдығына қарсы шығып тәуелсіздікке қол жеткізу туралы ойлар осы ғасырдың бас кезінде көтерілді. Қазақ халқының қараңғылықта қамалып экономикалық мешеулікте өмір сүріп отырғаны, білім-өнерден алыс қалғаны, сыртқы және ішкі езгінің халықты тоздырып бара жатқаны сияқты жайттар ақын-жазушылардың шығармаларында жан-жақты қаралды.

Өмір шындығына тереңдеп барып, оның күрделі жағдайларын суреттеуге бет бұру, сол арқылы қоғамдық дамудың сырына үңілу әдебиеттің көркемдік мүмкіндігін кеңейтті. Әлемдік әдебиет тәжірибесіне сүйену, олардан үйрену жолы басталды. Жаңа жырлар туып, екі жанрлардың жаңа мазмұнда дамуы өріс алды. Әуелде ағартушылық, демократтық сарында басталған реалистік суреттеу өнері сыншыл бағытқа бет бұрды. Осы игі дәстүр XX ғасырдағы бүкіл әдебиет дамуына негіз болды. Мұның бәрі қазақ әдебиетін профессионалды үлкен әдебиет етіп қалыптасуына жәрдем болды. Отызыншы жылдардан бастап-ақ А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, Ж.Аймауытовтың, М.Жұмабаевтың, М.Әуезовтің, С.Мұқановтың, Ғ.Мүсіреповтің, Б.Майлиннің, С.Сейфуллиннің, І.Жансүгіровтің және тағы басқалардың шығармалары ұлттық әдебиетімізді әлемдік үлгілермен байытты. Адамның азаттық жолындағы ой-тілегін, жаңа өмір үшін күресін, алыс арманын жырлауда жаңа әдебиет бірқатар тың сапаға ие болды.

Әлем халықтарының тілдеріне аударылу арқылы қазақ әдебиеті көп дос, тілектес тапты. Дүние жүзі халқы қазақтарды танып, оның сөз өнерін бағалайтын болды. Француз Луи Арагонның, неміс А.Курреланың, болгар Олсигр Добраевтің, тағы басқалардың қазақ әдебиеті туралы ой-пікірлері бұған айқын дәлел.

Мұның өзі қазақ әдебиетінің есейіп, ер жетіп, басқа халықтар әдебиетіне ықпал, әсер ететін дәрежеде көтерілгенін танытады.

М.Әуезовтің Орталық Азия әдебиетіне жасаған ықпалы жөнінде Шыңғыс Айтматовтың айтқан пікірі көпке мәлім. «Бір кезде Пушкин орыс мәдениетінің дамуына қандай ықпал етсе, қазіргі Орталық Азиядағы көркемдік ой-пікірдің және біздің халықтарымыздың бүкіл рухани өмірінің қалыптасуына Әуезов сондай ықпал етті деп ойлаймын»¹, - деп жазды ол.

Қазақ қаламгерлерінің кейінгі ұрпағы үшін аға жазушылардың өнегелігі үлкен мектеп болды. Қазіргі әдеби дамудың негізгі салмағын көтеріп келе жатқан 60-80 жылдар өкілдерінің өзі осы мектептен шықты. Реалистік өнерді байытып, қоғам өмірінің шындығын терең бейнелеу арқылы жетілдіріп, қоғам мен адам дамуының қайшылықты күйін ойшылдықпен суреттеуде осы ұрпақтың ізденістерге баруда, оны оқып үйрену, халық тарихын білу, әдебиеттің өсу жолын ұғыну – жас ұрпақтың міндеті болып табылады.

Кеңістік қоғам құлады. Бірақ адам әрқашан ілгері қарап, өзінің азаттығы, жақсы өмір үшін күресінен жаңыла қоймады. Сондықтан әдебиеттің жақсылық жолындағы ізденісі өркендей берері хақ. Жақсысынан үйреніп, жаманынан жирену үшін де оның өткен жолын білу керек. Шындығында әдебиет халық өмірінің шындығын суреттеу негізінде жас ұрпақты азаматтық, гуманистік идеяларға, Отанын, ұлтын сүйуге баулиды. Өйткені әдебиетіміз – достықтың кілті, ынтымақтастықтың бастауы, ырыс-берекенің алды, ұлттың жаны, ары. Ол – атадан балаға мирас болып отыратын баға жетпес мұра.

¹ М.Әуезов және өзбек қазақ халықтарының әдеби-мәдени байланыстары (Ғылыми конференция материалдары) – Ташкент: «Хамидов Н.Х.», 2007.3-б.

Глосарий

Ақын – поэзиялық туындыларды, өлең, жыр-дастан, поэмаларды ауызша айтып не жазып шығаратын өнер иесі, халықтың көркемдік дәстүрлерін қалыптастырып, жалғастыратын сөз шебері. Ақын деген ұғымның жырау, жыршы, өлеңші сияқты ұғымдардан ауқымы кең, ол солардың бәрін қамтиды. Ауыз әдебиетінде ақын өлең, жыр-дастандарды шығарушы да, айтып таратушы да болған.

Ақын деп жазба әдебиеттің өкілін де атайды. Бірақ мұндағы ақынның тұлғасы мүлде басқа. Пушкин, Лермонтов, Маяковский сияқты орыстың жазба әдебиеті өкілдерін алсақ, бұлардың өмірі шындығын бейнелеу әдісі, көркемдік ой жүйесі, қолданатын жанрлары, стиль, тіл өзгешелігі қай жағынан да жаңа, соны қасиет-сипаттар мол. Қазақ әдебиетінде жазба әдебиеттің дәстүрін жан-жақты қалыптастырып дамытуға Абайдан бастап, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров сияқты көптеген ақындар өз үлесін қосқан.

Арнау – әдеби шығарманың басында берілетін, сол шығарманың кімге, уақиғаға байланысты екенін көрсететін, көбінесе өлең түрінде келетін автордың сөзі. Кейде арнауға автор өз шығармасын белгілі бір адамға ізет-құрметпен айтады. Кейде жазушы арнау сөзді кімге қаратып айтылғанын анықтамай, сол кісінің өзі ғана түсінетіндей етіп береді. Мысалы, Пушкиннің «Полтава» поэмасының алдындағы арнау осындай. Ақын поэмасын сол сүйікті адамның бейнесін елестете отырып жазғанын паш етеді. Арнау антикалық дәуірден белгілі. XVI – XVII ғасырдағы француз әдебиетінде кездеседі. Мысалы, Мольер «Тартюфте» – Людовик XIV-ке католик дін басшыларынан мені қорғап, сүйеніш жасаңыз деп жалбарынған сөзі жатады. XVIII ғасырдан бастап арнау мазмұнымен түрі жағынан өзгере бастайды.

Арнау қазақ әдебиетінде де кең орын алады. Жүсіпбек Шайхулисламовтың «Мұса мен Қарынбай» қиссасы:

Жарандар, бұл сөзіме құлағын сал,
Аузымнан шыққан сөзім шекер мен бал,
Өзім білген кітаптан оқып көрдім,

Жарандар, арам дейді зекетсіз мал, – деп

басталады. Шығарманы тыңдаушыларға, оқырмандарға арнау сөзбен бастау қазақ әдебиетінде әріден келе жатқан дәстүр. Арнаудың жаңаша

үлгісіне Жүсіпбек Аймауытовтың «Қартқожа» романының басында берілген мына өлеңді жатқызуға болады:

Ел үшін күйген,
Еңбекті сүйген,
Ізгі тілек,
Ер жүректі,
Жұртшылық көсемі –

Жолымды жастарға арнаймын.

Аударма – әдеби шығарманың бір тілден екінші тілге қайта көшіріліп қайта жасалуы, басқа тілдегі түпнұсқа негізінде жазылған көркем туынды. Ертерек кездерде белгілі сюжетке жазылған еліктеу түріндегі шығармалар аз болмаған. Оларды дәл бүгінгі дәуірде қалыптасқан мағынада аударма деуге келмейді. Олар кейде еркін аударма деп саналғанмен, шынында төлтума шығарма сипатына ие болады. Мысалы, Абайдың Пушкин, Лермонтов сияқты орыс классиктерінен аударған өлеңдерінің толық мағынадағы сәйкес, дәлме-дәл аудармаларымен қатар, еркін еліктеу түрінде жазылған, өзіндік туындыға айналған нұсқалар да бар. Толық мағынадағы аударма қалайда түп-нұсқаға негізінен сәйкес болуы шарт. Әрине, шығарманың текстін бастан аяқ сөзбе-сөз тәржімалау мүмкін бола бермейді. Әсіресе, поэзиялық шығарманың аудармасында кейбір еркіндіктер болмай қоймайды. Өйткені бір тілдегі қалыптасқан сөз қолдану тәсілдері, бейнелі сөздер көшіріп, сол түпнұсқадағы қалпын сақтап жеткізуге келе бермейді. Басқа тілде айтылған ойдың жалпы мағынасын жеткізуден гөрі, сол әдебиетке тән көркемдік ойлау, бейнелеп сөйлеу, сөз қолдану өзгешеліктерін дәл келтіру әлдеқайда қиын. Ал онсыз көркемдік ой-сезімінің әсерлілігі де толымды болмайды. Сондықтан аударма түпнұсқаға мағынасы қаншалық жақын келетініне орай дәлме-дәл аударма, еркін аударма, сәйкес аударма деп ажыратылады. Түгелдей алғанда, қандай аударма болсын творчестволық сипат алады, бастан аяқ сөзбе-сөз тәржімалау емес, сөздердің мағынасын, көркемдік қуат, бейнелілік әсерін неғұрлым толық жеткізу мақсат етіледі. Көркем аударманың қасиетін арттырып түпнұсқасының мағыналық байлығын, ой-талғамдары мен сезім иірімдерін, көркемдік өзгешеліктерін жаңғыртып, жарқырататын, қайта туғызатын суреткерлік шеберлік. Көркем аударманың бүгінгі әдеби процесте алатын орны үлкен. Аударма – әдебиеттің кең арналы, мол саласының бірі. Аударманың сөз дамытудағы мәні де айырықша зор. Өйткені аударма арқылы бір халықтың таңдаулы әдеби шығармаларынан басқа халықтың өкілдері сусындай алады. Қазір жер жүзі әдебиетінің көптеген тамаша туындылары қазақ тіліне

аударылған. Сондай-ақ белгілі қазақ жазушыларының туындылары да басқа тілдерге аударылып келеді. Аударма арқылы әдеби байланыстар нығайып, байи түседі.

Азаматтық лирика – лирикалық поэзиясының заман жайын, әлеуметтік мәселелерді қозғайтын үлкен бір саласы. Өмір жөнінде, халықтың тағдыры туралы ой-толғамдар ақынның өз көңіл күйімен терең ұштасып, өзінің өмірге қатынасын суреттеу арқылы көрінеді. Адамның белгілі бір дәуірге байланысты ой-арманын, мақсатын жырлайды, жалпы әлеуметтік мәселелерді толғайды. Сондықтан азаматтық лириканы кейде саяси-әлеуметтік лирикаға қосады. Әлеуметтік тақырып, саяси сарындар, әрине, лириканың барлық түрінде кездеседі. Халық қамын, оның қоғамдық халін шығармасына арқау еткен әрбір ақын лирикасында азаматтық сарын басым.

Аңыз – қазақ фольклорлық прозасының жанры, елдің, тайпа, рудың шыққан тегі, кешкен жолы хақындағы немесе тарихта болған әйгілі адамдар – хан, батырлар, би, шешендер жайындағы, сондай-ақ нақтылы бір жер-су сол жерде өткен оқиғалар турасындағы тарихи шындыққа негізделген, халықтың тарихи жадында сақталған, әйтседе уақыт өте көркемдік сипат алған әңгіме.

Қазақ аңыздарына алғаш рет назар аударған Ш.Уәлиханов пен Г.Потанин еді. Әйткенмен аңыз дербес жанр ретінде М. Әуезовтің еңбектерінде ғана қарастырыла бастады. Ол аңызға: «тарихта болған адамдар жайында айтылған, халық шығарған көркем әңгіме» деп атады да, оның жанрлық ерекшеліктерін айқындай түсті. Аңыздың жан-жақты зерттелуін фольклортанушы С.Қасқабасовтың халық прозасына арналған еңбектерінде жүзеге асты. Ол қазақ фольклортануында аңыздың «предание, легенда» сияқты жанрлық ұғымдардың әмбебап баламасы ретінде қолданылып жүргенін айта келіп, «аңыз» сөзін «предание» (орыс. жеткізу, айту мағанасында), ал «әфсана» сөзін «легенда» (лат. оқылуға тиіс деген мағынада) терминдерінің орнына пайдалануды ұсынады, аңыз бен әфсана, хикаят – қазақтың ертегілік емес прозасының көркемдік дамуындағы екі кезең екендігін дәйектеп, әрқайсысының дара жанрлық белгілерін нақтылы атап көрсетеді.

Әдеби қаһарман – әдебиеттің идеялық-эстетикасына сай бейнеленетін тұлға. Ол қатардағы кейіпкелерге, персонаждарға қарағанда бас кейіпкер, жан-жақты сомдалған толыққанды образ саналады, эпостық және әдеби эпикалық шығармаларда негізгі қаһарман ретінде жағымды түрде бейнеленеді. Әдеби қаһармандар шығармада өзіне тән рухани және қоғамдық жүк көтереді. Ол – автордың идеясын жүзеге асыратын бейне.

Бұл ретте қаһармандар өз ерекшелігімен көзге түседі. Ол заманның, уақыттың бағыт-бағдарын, арман-мұратын танытушы образ ретінде көрінеді.

Уақыт өткен сайын қаһармандар жаңаша мәнге ие болды. С.Мұқановтың «Ботагөз», Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романында бірқатар әдеби қаһарманлар жағымды қасиеттерімен танылды. Асқар, Ботагөз, Еламан т.б. Әдебиет біріңғай жағымды қаһармандардан ғана тұрмайды. Онда жағымсыз кейіпкерле де аз болмайды. Сол арқылы жамандық әшкереленіп, жақсылық атаулыға ұмтылу баяндалады. Алайда көркем әдебиетте қаһарманды жағымды, жағымсыз деп бөлу шартты нәрсе.

Әдеби тіл – жалпы халықтық тілдің аясында түзілген, екшелген, нормаға түсірілген, сөздік құрамы, емлелік бітімі, грамматикалық тұлғалары айқындалған, халықтың сан-салалы мәдени қажеттілігін өтеуге қабілетті тіл. Әдеби тіл – көркем әдебиеттің, ғылымның, білімнің, бұқаралық ақпарат құралдарының, ресми, іскерлік, қатынастардың тілі, сол тілде сөйлейтін халықтың ұлттық қатынас құралы. Әдеби тілдің шарты – жалпыға бірдей түсініктілік, осы орайда ол ауызекі сөйлеу тілінің әдеби нормадан тыс элементтерін, диалектілірге, жаргондарға қарсы қойылады. Тілдік қарым-қатынастың мақсат-міндетіне, бағыт-бағдарына қарай әдеби тілдің әр алуан арналары болады. Әдеби тілдің екі түрі бар: жазба тіл және сөйлеу тілі.

Әдеби сын – көркем шығармаларды талдап, баға беріп, олардың идеялық-көркемдік мәнін, әдеби процестегі алатын орнын анықтайтын әдебиеттану ғылымының негізгі бір саласы. Сын – әдебиеттің тарихымен және теориясымен тығыз байланысты. Айталық, әдебиет тарихы мен әдеби сынның тарихы бір-бірімен жалғас, бірін-бірі толықтырып тұрады. Әдебиет теориясы әдеби процестің заңдылықтарын, шығармаларды идеялық, жанрлық, стильдік ерекшеліктері тұрғысынан талдау принциптерін анықтау болса, әдеби сынның негізгі міндеті шығарманы нақты тексеріп, жетістік-кемшіліктерін саралап, эстетикалық баға беру. Әдеби сын сөз өнерінің бүгінгі таңдағы даму жолдарын анықтауға ат салысады. Әдеби шығармаларға пайымдаулар жасап, түйінді пікірлер айтады.

Әдеби характер (мінез) – (грек. Character – мінез, ерекшелік) – кейіпкердің мінез бітімі, адамның бойына, психологиясына, қимыл-әрекеттеріне тән сан түрлі қасиеттердің бірігіп, біте қайнаған тұтастығын танытатын мінез-құлық өзгешелігі. Сондай-ақ ол көркем образдың өзегі, негізгі арқауы. Характер жағдайға байланысты, істе көрінеді. Өмірдегі

адам характерінен әдеби характерді айыра білу керек. Кейде жазушы характер ашу жолында өмірде бар адамның мінез қырларын пайдалануы мүмкін. Бірақ жазушы қиялмен жасалған мінездеу өмірді тану, оны бағалау мақсатымен ұштастырылады. Шығарманың көркемдік идеясына, мазмұны мен еңріне характер сомдаудың ерекше қатысы болады.

Әңгіме – оқиғаны баяндап айтуға негізделетін, қара сөзбен жазылған шағын көркем шығарма. Әңгіменің жанрлық ерекшеліктері алдымен оқиғаны баяндау тәсілі, композициялық, сюжеттік құрылысы, кейіпкер жүйесі арқылы айқындалады. Әңгімеде әдетте бас-аяғы жинақы, тиянақты бір ойға айналады. Сондықтан Тургеневтің «Аңшының жазбалары», Л. Толстойдың, Чеховтың адам жандүниесімен характерін ашатын әңгімелері классикалық үлгілері болып табылады.

Баллада (француз, ballada – би әні) – поэзия жанры, оқиғаға құрылған, лирикалық сарындағы ұзақ өлең. Орта ғасырлардағы француз поэзиясының би үстінде айтылатын, махаббат тақырыбын жырлайтын оқиғалы жыры ретінде пайда болған баллада кейінірек ағылшын, шотланд поэзиясына сіңісіп, жаңаша тұрпат иеленіп, халық әдебиетінің лиро-эпикалық әмбебап, шағын жанры болады. Ендігі жерде баллада – өткеннің ерлік істерін, қыз бен жігіттің қайғылы махаббатын, аруақ, жын-шайтан араласқан үрейлі оқиғаларды т.б. жырға қосатын елгезек жанрға айналады.

Бейнелеу өнері – көркем өнердің ең үлкен, әрі көне салаларның бірі. Бейне, сурет, таңба салу адам баласында сана пайда болғаннан кейінгі елеулі істерінің бірі: дүниенің әр түкпірінде тасқа қашап салған сұлба суреттер, тастан соққан мүсіндер (адамның, я мал-жануардың) өте көп. Классикалық мағынада бейнелеу өнері мүсіндеу (скульптура), кескіндеу (живопись), сызу (графика) сияқты тараулардан тұрады. Мәселен, мәрмәрдан, алтыннан, қоладан, шойыннан ойылған, құйылған мүсіндер көне грек заманынан бері өрбіп, өрістеп келе жатыр. Алғаш мүсіндер, әсіресе, мифологияға байланысты құдай мен патша қыз мүсіндерінің үлгілері біздің жыл санауымыздан VII – VI ғасыр бұрын жасалғандығы тарихтан белгілі.

Қазақ топырағындағы бейнелеу өнерін алсақ, жай қаламмен салған алғашқы суреттер Шоқан Уәлихановтан басталады. Қазіргі кездерде бейнелеу өнерінің қай жанры болса да кең дамыған. Қыл қалам шеберлері мен мүсіншілер туындылары көпке мәлім, озық үлгілері мол. Мұнымен қатар есте жоқ, ерте күндерден, көне дәуірден бастап қол өнері ою, өрмек, зергерлік, ұсталық т.б. кең дамыған.

Дилогия (грек. di – екі және logos – сөз, әңгіме, баян) – бір-бірімен жалғастырылып, бір идеялық ой-тұжырымдар негізінде жазылған басты

кейіпкерлері ортақ екі шығармадан тұтасып, келетін кесек көркем туынды. Диалогияға кіретін әр шығарма баяндалатын оқиғасы жағынан тиянақты болып, көбіне негізгі кейіпкердің өміріндегі белгілі бір кезеңді қамтиды. Сондықтан әр қайсысы өзінше аталып, жеке кітап болып та басыла береді. Алайда олардың мазмұнын жете түсіну үшін екеуінің тұтастығын ескеру қажет.

Ділмар сөз (афоризм) – нақыл - ғибрат түрінде айтылатын бейнелі сөз. Афоризмнің баламасы ретіндегі д і л м а р терминін А. Байтұрсынов енгізді. Ал Шәкәрім Құдайбердиев “мәнді сөздер” деп атайды.

Ділмар сөз ойды жинақтап, тереңдетіп, салмақты, өрнекті, кестелі айтуға, мейлінше қысқа, түйінді тұжырымға, өткір мәнерлілікке, парасатты пайымға негізделеді. Мұндай үлгілі, дарынды сөздердің “тігіс жатық”, авторы белгілі. Әлемдік сөз өнерінде афоризмнің өзіндік тарихы бар. Нақыл сөздер көне заманның ойшылары Платон, Аристотель, Гераклиттен бастала тұра, туған халқымыздың әдеби көркем мұраларында әдебиет классиктерінің туындыларында да кездеседі.

Ділмар сөздер а) Отан, халық, дәуірге, ә) оқу-білім, ғылым-өнерге, б) ақыл-парасат, арман-мақсат, үміт-тілекке, в) адамгершілік асыл қасиеттерге, г) достық, махаббат, ұрпақ, уақыт, ата-ана тәрбиесіне мінез ерекшеліктеріне қатысты жасалады. Мысалы:

Бақытпен асқан патшадан
Мимен асқанқара артық.
Сақалын сатқан кәріден
Еңбегін сатқан бала артық.

(Абай)

Жыр – қазақ халық поэзиясының жанрлық түрі түпкі, негізі мағынасында өлеңмен баяндалатын, жырлап айтатын оқиғалы көлемді поэзиялық шығарма (батырлық жыры, эпостық, ғашықтық жырлар). Сонымен бірге стильдік ерекшеліктері, өлең өрнегі жағынан оларға ұқсас толғау, терме секілді көлемі ықшамдау поэзиялық үлгілер де жыр деп аталған. Жыр ырғағы жеті-сегіз буынды тармақтарға негізделетіндіктен, осындай тармақтар еркін топтасып, түйдектеліп келетін өлең өрнегін де жыр өлшемі деген мағынада жыр деп атай берді. Жыр ырғағы жеңіл, ширақ, жайлап-баяу айтуға да, тездетіп, екпіндетіп айтуға да лайық. Жеті буынды тармақтары төрт және үш буынды бунақтардан құралады (4 буын, 3 буын), сегіз буынды тармақтары басы үш буынды, ортасы екі буынды, соңы үш буынды бунақтардан құралады. (3 буын – 2 буын - 3 буын).

Идея – әдебиет өмірдегі жай-жағдайлар, адам тағдыры баяндалғанда, суреттелгенде жазушының сөз болып отырған мәселелерге қатынасы, көзқарасы да аңғарылады. Ол автордың өмір құбылыстарын, жекеленген уақиға, жағдайларды қалай іріктеп, реттеп көрсетуіне, кейіпкерлердің халін қалай сезінуден, соларды бейнелеу қалпынан-ақ белгі беріп тұрады. Идея дайын күйінде, өзінен өзі бадырайып көрініп тұрған қорытынды пікір деп түсінуге болмайды. Өйткені шығармада айтылатын идеяны оның бүкіл өн бойынан, бүкіл мазмұн-мағынасынан, ондағы уақиғалардан немесе кейіпкер тағдырынан барлық бейнелілік, суреттілік қасиетінен танымыз.

Кейіпкер (персонаж) – көркем әдебиетте роман, повесть, драмалық шығармада, бейнеленетін уақиғаға қатысушы.

Әдебиетте адамның көркем бейнесін суреттегенде, жазушы оның кескін-тұлғасын, іс-әрекетін, мінезін сол ортаның, дәуірдің өзгешеліктерін танытатын типтік сипаттармен қатар өзінің басына ғана тән ерекшеліктерді де (әсіресе, жүріс-тұрысындағы, сырт келбетіндегі, сөйлеу әдетіндегі) анық байқалатындай етіп көрсетеді.

Кейіптеу (олицетворение) – әр түрлі табиғат құбылыстарын жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіріп немесе қалай да жан бітіргендей етіп суреттейтін көркемдік тәсіл.

Қазақ халқының эпостық жырларында атқа тіл бітіріп, адамша ойлап, сезінетін етіп көрсету кездеседі. Орыс әдебиетінде мысал өлеңдерде қасқыр, түлкі, қоян т.б. аңдар адам кейпіне түсіріліп, адам істейтін әрекетті істеп жүреді. Мұндай жағдай қазақтың ертегі-аңыздарында өте жиі кездеседі.

Жазба әдебиетінде кейіптеудің жаңа үлгілері мол ұшрасады. Абайдың «Қыс» атты өлеңінде жылдың осы мейірімсіз, түсі суық, қатал кәрі құданың кейпінде бейнелейді.

Көсем сөз (публицистика, лат. publicus – қоғамдық) – әдебиет пен журналистиканың қоғамдағы көкейкесті, өткір мәселелерді қозғайтын саласы. Көсем сөздің мақсаты – нақтылы саяси, экономикалық, әлеуметтік, философиялық мәселелерді көтере отырып, өз кезеңіндегі қоғамдық ойға ықпал ету. Көсем сөздің осы мақсатқа орай қалыптасқан өзгеше стилі болады. Оған айтыс рухы, сендіру, иландыру, ұйытуға бағытталған тәсілдер тән, көсем сөздің озық үлгілерінен шешендік сөздердің ізі аңдалатыны да содан.

Қазақ тіліне көсем сөз ұғымын А. Байтұрсынов кіргізген. 20-жылдардағы қазақ баспа сөзінде жарияланған материалдар ұлттық көсем сөздің алғашқы үлгілері ретінде қарастырылып жүр. Бұл кездегі С.Сейфуллин, Б.Майлин, Н.Төреқұлов, М.Дулатов, С.Садуақасов,

С.Қожанов, С.Мұқанов т.б. қаламгерлер жазған көсем сөз үлгілерінен замана тынысы, көзқарас қайшылығы, айтыс-тартыс бағыты айқын көрінеді.

Көсем сөз жанрлары – кезеңдік жанрлар, яғни өз кезеңінің өзек-жарды мәселелерін арқау ететін, ұғымтал, елгезек жанрлар.

Комедия (грекше. *comoidia*, *comos* – көңілді топ, *oide* – өлең деген мағынада) – драмалық жанрдың негізгі бір түрі, өмірдегі келеңсіз, жағымсыз құбылыстарды, адам бойындағы мінездерді, қасиетсіздікті, оспадарлықты күлкілі етіп бейнелейтін сахналық шығарма. Комедияда адамның мінезі, іс-әрекеті күлкілі жағдайда, қандай да бір ерсілік, оғаштық танытатын тұстарда көрсетіледі: «Нағыз көркем комедияның негізінде терең әзіл жатады» (В. Г. Белинский).

Композиция – әдеби шығарманың құрылысы, оның үлкен-кішілігі бөлім-бөлшектерінің бір-бірімен қисында түрде қиюластырылып, әр түрлі тәсілмен байланыстырылған тұтастық – бірлігі. Шығарманың құрылысы шымыр болуы, бас-аяғы, жеке тараулар жинақты келуі жекеленген бөлім-бөлшектердің орында жалғасуына байланысты. Л.Толстой көлемді шығармада алдымен үлкен ірі бөлімдердің пропорциясы, өзара қатынас-байланысы ұтымды, мағыналы болуы қажет деген пікір айтқан. Онан кейін ұсақ бөлшектерді реттеп орналастыру, айшықтауға мүмкіндік мол болады дейді.

Күнделік – әр күнгі уақиғаны, жай-жағдайды тізіп отыратын жазу дәптері. Күнделік болған уақиғаның ізімен күнбе-күн жазылатындықтан нақтылық, деректілігі мен адамның өзі көрген-білген нақтылы жай-жағдайдан, болған істен алған әсерін танытатын сыршылдық сипатымен де айрықша құнды болады. Әдебиет қайраткерлерінің күнделігінен дәуір тынысын, қоғамдық қарым-қатынастарды, әр түрлі адамдардың мінез-құлқын, іс-әрекетін байқататын көптеген деректер, ой-түйіндерді табуға болады.

Қисса (араб сөзі, әңгіме, ертегі, мысал деген мағына береді) – қазақ әдебиетінде кітаби ақындардың Шығыс әдебиетінің сюжетіне шығарған дастандарын, өлеңмен жазылған ертегі-хикаяны осылай атаған.

Қисса сөзінің мағынасы кең, тәжік, өзбек, қарақалпақ, түркімен тағы басқа да халықтардың әдебиетінде жалпы ұқсас болғанмен, дәл бірдей емес. Мысалы, тәжік әдебиетінде ертекті – қисса, айтушысын – қиссагөй деп атайды. Ертеректе өзбек дастандарын ауыл аралап, таратқан кісілерді қиссахан деп атаған. Қарақалпақта ертеде шығыс кітаптарын халыққа оқып таратушыларды қиссашылар, қиссахандар деген. Түркімендер «Гороғлы», «Шасенем – Ғарып», «Лейла – Мәжнун», «Зохре – Тахир», дастандарын

қисса түріне жатқызады. Қазақ арасында қисса сөзі кеңірек мағынада қолданылған кездері болды. Қазанда, Петербургта, Ташкентте «Қыз Жібек», «Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын» секілді халықтың эпикалық жырлары қисса деген атпен басылып жүрді. Кейінірек бұлар мен қиссаның арасы ажыратылып, батырлар жыры, лиро-эпос деген атаулар қолданылатын болды. Ал ертерек кезде ұзағырақ өлеңмен жазылған әңгімені қисса, хикая деп келді. Бұдан хикая мен қиссаның қазақ ұғымындағы мағынасы төркіндес болғанын байқаймыз. Әлі күнге дейін араб, иран елдерінде ірі прозалық шығармаларды қисса, хикая дейді. «Қисса Серғазы», «Қисса Құламерген», «Бозжігіт», «Жүсіп-Зылиха», «Қисса Тахир – Зухра» және т.б. іспеттес туындылар қазақтың ауызша, жазбаша әдебиетімен жалғасып, қабысып жатыр.

Лирика – көркем әдебиеттің негізгі саласының, жанрының бірі, басты ерекшелігі – адамның көңіл-күйін, сезім дүниесін тікелей бейнелеп көрсетеді. Лирикада ой мен сезім бірлесіп, терең қабысады Оған тартымды қуат-күш дарытатын терең оймен суарылған, нәрленген жалынды сезім. Әсерсіз, құрғақ қағида-тұжырымдар оқырманды тебіrentпейді. Өмір, дүние, адам тағдыры туралы үлкен толғаныстан тумаған, жай сезімшілдік лириканы жандандыра алмайды. Лирикаға жан беретін сезімнің отты нәзіктігі. Лириканың басқа жанрлардан, айталық, сан алуан адамдардың қарым-қатынасын, қоғамдық тартыс-шиеленісті баяндайтын көлемді, оқиғалы шығармалардан айырмасы да, өзіндік артықшылығы да – міне осында.

Лиро-эпостық жырлар – бір жағынан, лирикалық, сыршылдық, сарыны бар, екінші жағынан, оқиғалы болып, эпосқа тән сипатқа да ие болатын шығарма түрі. Көбінесе лирикалық дастан, лирикалық поэма түрінде кездеседі. Қазақ ауыз әдебиетіндегі ғашықтық жырлар деп аталатын лирикалық поэмаларды («Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу») осы жанрға жатқызуға болады. Жазба әдебиетінде лирикалық поэмалар Байрон, Шелли, Мицкевич, Пушкин, Лермонтов творчествосында кеңінен өріс алды. Лиро-эпикалық шығарманың белгілі сюжеттік құрылымы және адам характерінің мүсінделіп суреттелуі тұтасып келеді. Пушкиннің «Мыс салт атты» поэмасында барлық уақиғалар басты кейіпкер Евгений арқылы басталып, шиеленісіп, аяқталып жатады. Автор оны өмірдің әрқилы өткелдерінен өткізу үстінде жан толқыныстарын шебер береді.

Лиро-эпикалық шығармада оқиғалар тізбегі мен кейіпкерлердің әрекетінде белгілі бір мақсат болады. Ақын өз қаһармандарының ішкі әлемін даму, өсу бағытында бейнелейді. Мұнда автор эпикалық жанрдың

принциптеріне сүйенеді. Лиро-эпикалық туындыда сюжетке енетін образдардан басқа лирикалық геройдың образы да айқын көрінеді. Қазақ әдебиетінде лирикалық поэманың үлгісі ретінде Мағжанның «Батыр Баян» атты поэмасын атауға болады. Мұнда уақиға негізі ширақ шиеленіске толы болып келеді. Ал поэманың нәзік лирикалық сипаты, шығарманың негізгі кейіпкері Батыр Баянның көңіл күйінің терең ашылып суреттелуіне де, ақынның өз толғаныстарынан да айқын аңғарылып отырады.

Лирикалық кейіпкер – поэзиялық шығармалардан көрінетін адамның тұлға бейнесі. Өлең-жырларда ақын көбіне өз атынан сөйлейді. Басқа адамның бейнесін жасап, соның атынан айтуы кейде ғана кездеседі. Мысалы, Абай «Болыс болдым мінекей» деген өлеңінде бастан-аяқ болысты сөйлетіп қояды. «Айттым сәлем, Қаламқас», «Қиыстырып мақтайсыз» деген өлеңдерін бірде жігіттің, екіншіде қыздың сөзі етіп құрады. Ақын өлеңді өз атынан айтқанда, лирикалық кейіпкердің бейнесі жасалады. Себебі, ол ақынның өз бейнесі, жинақталған лирикалық кейіпкердің бейнесі болып шығады.

Лирикалық шегініс – әдеби шығармада (мысалы, поэмада не романда) оқиға желісін кенет үзіп, өзі жайлы немесе өзінің көңіліндегі басқа бір нәрсені айтып беру. Мұның негізгі оқиғаға тікелей қатысы бола қоймайды. Дегенмен, бұл әдістің де өзінше ұтымдылық жағы бар. Мысалы, Пушкиннің «Руслан және Людмила» поэмасында ескі аңыздың оқиғасын баяндай отырып, ақын арасында бүгінгі өмір немесе, типті әдеби сын жайлы жеке пікірлерін қыстырып айта кетіп отырады.

Осы тәсілді Абай да қолданады. Ол «Масғұт» поэмасында Бағдатта ерте заман болған деп айтылатын бір-екі аңыз-оқиғаны баяндай отырып, арасында:

Ақыл-ой, ар-намыс жоқ еш адамда
Өлген мола, туған жер жібермейді.
Әйтпесе, тұрмас едім осы маңда, -

деп өскен ортасын, өз көңіл-күйін сөз етіп кетеді.

Метафора, Ауыстыру (грек. *metaphora* – ауыстырып қою), - екі нәрсені, құбылысты салыстыру және жанастырып-жақындату негізінде астарлы тың мағына беретін бейнелі сөз немесе сөз тіркесі. Мысалы, Абай өлеңдерінде кездесетін жастықтың оты, жүректің көзі, дүние есігі, өмірдің өрі деген метафора үлгілерін атауға болады. Метафора – көркем әдебиетте үнемі қолданылып отырады. Ол - сөздің бейнелілік, суреттілік қасиетін арттыратын тіл құралдарының бірі.

Монолог, сөйлету (грекше – *monologos*, *mono* – *monologos*, *mono* – бір, *logos* – сөз) – драмалық шығармадағы, сондай-ақ басқа әдеби

шығармадағы кейіпкердің ішкі көңіл-күйін білдіретін толғау сөзі: кейіпкерді сөйлету тәсілі.

Монолог кейіпкердің өзімен өзі сырласқандай, ойланып – толғанғандай болып айтатын сөзі. Басқа біреу ол сөзді еститіндей болса да, жауап қайтару деген болмайды, бірыңғай бір кейіпкердің сөзі ғана беріледі. Монологтың мағыналылығы – сол адамның ішкі сырын, көңіл-күйін, психологиясын терең ашып көрсетуге өте ыңғайлы. Монологта кейіпкердің түйінді ой-тұжырымдары айтылып, оның тағдырына байланысты маңызды кезеңдегі жай-күйі айқын аңғарылады. Мысалы, А. С. Пушкиннің «Борис Годунов» атты трагедиясындағы Годуновтың монологтары осындай.

Лирикалық шығармадағы монологтың тамаша үлгісі ретінде Абайдың «Болыс болдым, мінеки» атты өлеңін арнайы айтуға болады. Ал көркем кара сөзден М. О. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы Абайдың монологтары ауыз толтырып айтарлықтай.

Мысал – айтылатын өнегелі ойды тұспалдап жеткізетін, көбіне өлең түрінде келетін, сюжетті, шағын көлемді шағын шығарма. Мысалдың тақырыбы сан алуан, кейіпкерлері аң, құс, балық, өсімдік дүниесі, кейде оқиғаға адам да қатыстырылады. Негізгі сюжетке қоса, нақыл түрінде келетін түйіндемесі де болады. Кейіпкерлерді сөйлестіру – диалог тәсілі жиі қолданылады. Баяндау ширақ, жинақы, тілі қарапайым келеді. Жанры жағынан ғибратты, уағыздық сарындағы дидактикалық әдебиетке жатады, кейде мысқыл-сықақ үлгісіне ауысады. Жазба әдебиетінде өлеңмен жазылған мысқыл кеңінен орын алады. Түп-төркіні хайуанаттар туралы тұспалды мағынасы бар ертегі, қысқа әңгіме нұсқаларымен жалғасып жатыр.

Насихат өлең – уағыздау, ақыл-кеңес айту сарыны басым келетін өлең, қазақтың ауыз әдебиеті дәстүріндегі ақындық поэзиясында өте жиі кездесетін өлең-жыр нұсқалары. Насихат өлеңнің таңдаулары өнеге боларлық, тағлым аларлық, ғибраттылық, дидактикалық мәнімен, ойды көркемдеп, нақышты сөздермен жеткізетін бейнелілігі, тартымдылығы мен құнды болған. Насихат өлеңнен сол замандағы қоғамдық көзқарастар, арман-мұраттар халықтың адамгершілікке, еркіндікке, әділеттілікке ұмтылысы, жақсы мен жаманды қалай түсінетіні айқын танылады.

Пұт болдым деп мақтанба,
Оданда ауыр батпан бар.
Би болдым деп мақтанба,
Асқар ала тау менен
Ар жағында аспан бар...

Ақындар поэзиясындағы насихат өлеңнің озық үлгісі бүгін де өзінің тәрбиелік, көркемдік мәнін жойған жоқ, олар оқырмандарды, әсіресе, жастарды адамгершілікке, жақсы мінезі мен саналы қылыққа үйретеді.

Перде (Акт) – драматургиялық шығармаларда оқиға өрісін аңғартатын бөлім, біртұтас қимыл-әрекет. Белгілі үзілістен кейін перде жабылып, қайта ашылған соң оқиғаның жаңа өрісі, жаңа сатысы көрінбек. Оның арасындағы шымылдық, не үзіліс болады. Пьесаның сахналық жеке бөлімдері қойылымда драматургия желісі көтеретіндей, көрерменге алғы бағыт-бағдарды аңғартатындай тұспалдарда бітіп, үзіліп отыру қажет. Әрине, бұл қай қойылымдағы оқиға, мақсат бірден танылып, байқалып тұрады деген сөз емес. Қайта бір бөлім біткенде, келесі бөлімде не болары әлі анықталмауы да мүмкін. Түпкі шешімде ғана жалпы пьесаның, не сахналық қойылымның идея-мақсаты анықталмақ. Акт шығарманың структуралық, яғни түзілім қалпын аңғартпақ. Бөлімнің аяқталып, перде жабылуы әрине кез-келген жерде бола бермейді. Оқиғаның белгілі, не шарты жайларын бейнелейді. Драмалық, комедиялық, не опералық, балеттік қойылымдарда екі, үш, не төрт бөлімге дейін болады. Ескілікті қойылымдарда бес бөлімге дейін барған. Соңғы кездегі, яғни жаңа кезеңдегі сахналық қойылымдар көбіне екі бөлімнен аспайды.

Поэзия – көркем әдебиеттің ертеден қалыптасқан үлкен бір саласы, өлең, жыр түрінде шығарылған әдеби шығармалар. Поэзия деген ұғым қазіргі кезде өлеңмен жазылған шығармаларды көркем прозадан, қара сөзбен жазылған әдеби шығармалардан ажырату үшін қолданылады. Поэзия тарихи-әдеби процестің дамуына орай өркендеп-өсіп, сипат-қасиеттермен толығып отырады.

Повесть (орыс. Баяндау) – оқиғаны баяндап айтуға негізделетін қара сөзбен жазылған, көлемді шығарма, эпикалық жанрдың орташа түрі. Көлемі жағынан повесть кейде ұзақтау келіп, кішігірім романға жақындаса да, ол композициялық құрылысының жинақылығы, оқиға желісінің біркелкі өрістеп, байсалды түрде баяндалатынымен ерекшеленеді. Романдағы қат-қабат шиеленіскен оқиғалар тізбегі кездесе қоймайды. Повесть пен романды бір-бірімен айыру кейде оңайға түспейді. Алайда оны шағын роман деп, немесе ұзақ әңгіме деп санау қиынсыз. Өйткені, ол – өзіндік өзгешелігі бар жанрлық түр. Орыс әдебиетінде повесть деп әр дәуірде, әр кезеңде әр түрлі шығармалар аталып келгені – өз алдына бөлек мәселе. Қазіргі қалыптасқан ұғым бойынша, повесть әңгімеден де, романнан бөлекше прозалық шығарма.

Поэма (грек. роіета – туынды, шығарма деген мағынада) – оқиғаны өлеңмен баяндап айтатын, кейде жыр-толғау түрінде келетін көлемді шығарма. Сюжетті оқиға желісін ширақ өрістетіп, кейіпкерлердің іс-әрекетін бейнелеуге негізделеді, ал сюжетсіз поэмада лирикалық сарын басым болады, көлемі жағынан шағындау келеді. Поэманың алғашқы нұсқалары деп ауыз әдебиетіндегі уақиғалы жырларды айтуға болады. Олардың баяндау тәсілі, кейіпкерлер бейнесін суреттеу өзгешелігі де әдебиет дәстүрлерімен тығыз байланысты.

Кейде ежелгі және орта ғасырдың эпикалық поэзиясына жататын «Иллиаданы», «Одиссеяны», «Энейданы», «Нибелунг туралы жырды» поэмаға жатқызады. Алайда олардың халықтық эпостық нұсқалар екенін ескеру қажет.

Абайдың Шығыс тақырыбынан алып жырлаған белгілі поэмалары, Шәкәрімнің «Ләйлі – Мәжнүн», «Қалқаман – Мамыр», Сәкеннің «Көкшетау», Ілиястың «Күйші», Мағжанның «Батыр Баян» атты поэмалары қазақ поэзиясының көшбасында тұрған сүбелі туындылар.

Прототип (грек. prototypon – түп төркін бейне) – әдебиет шығармасындағы кейіпкердің бейнесін жасауға тірек, негіз болатын өмірде болған адам, яғни өмірде бар бастапқы, түпкі тұлға. Шығармадағы кейіпкер мен уақиға нағыз өмірден алынғанда да, олар қаламгердің өмірлік тәжірибесімен, бұрынғы көрген-білгендерімен ұштасып, оның қиялында туған сезім-әсерлерімен сабақтасады. Өйткені өмірден көрген сол кейіпкер мен уақиға жазушының жанына жақын болса, ой-қиялымен, арман-мақсатымен жанаспаса, ол тіпті соларға елеңдемеген, мән бермеген де болар еді. Сөйтіп әдеби кейіпкердің тұлға-бейнесі, образы нақтылы бір прототипке негізделіп жасалғанымен, әдебиетке, көркем өнерге тән типтендіру, жинақтау принциптеріне сәйкес және жазушының нақтылы шығармасындағы идеялық нысанасына орай сомдалып, өзгеше сипат алады. М. Әуезовтің «Абай жолы» роман эпопеясындағы Абай образын алсақ, көркем образдың іріленіп, типтік сипатқа ие болатынын көреміз. Шығарманың кейіпкері әдебиетте бұрыннан белгілі көркем тұлғаға негізделіп жасалса, оны да прототипі бар образ деуге болады. Мысалы, пьесадағы немесе кинофильмдегі белгілі эпостық жырына негізделіп суреттелген, прототипті (түпкі тұлғасы) бар образ.

Психологиялық роман – адамның жан дүниесін, ішкі сезімін терең ашып көрсетуге айрықша мән беретін роман. Психологиялық романның түп негізі, бастапқы үлгісі ретінде Стерннің (Англия, XVIII ғасыр) «Тристам Шендидің, джентльменнің ғұмыры мен пайымдары» романы

аталады. Ол адамды, «адамның ойын психологиялық, мінездік толқыныстар тұрғысында көрсетті».

Ана тілімізде жазылған тұңғыш психологиялық, педагогикалық еңбек, әрі төлтума оқулықтың бірегейі саналатын «Психология», «Жан жүйесі мен өнер таңдау» деген кітаптарды жазған Ж.Аймауытов. Осы себепті Аймауытов прозасындағы сюжеттің шынайылығы, кейіпкерлерінің бар қалпымен өмірден алынуы, көркем психологиямыздің соншалықты тереңдігі, дәлдігі заңды құбылыс болып табылады.

Өлең – бұл сөз термин ретінде бірнеше мағынада айтылады. Біріншісі – эн өлең, эн салып, эн шырқап айтатын өлең, яғни музыкалық өнер мен сөз өнеріне ортақ туынды. Эн өлеңде көбінесе эннің мәні сөзінен гөрі маңыздырақ келеді. (Кейде, таңдаулы өлең тексіне эн жазылса, әні де, сөзі де бірдей құнды болуы да ықтимал). Екіншісі – көбінесе жеңіл, ықшамды ғана әуенмен, мақаммен термелеп айтылатын өлеңдер, жырлар, яғни ауызша поэзияның туындысы. Үшіншісі – оқылатын, сөйлеп айтылатын өлең, яғни жазба поэзияның туындысы, әр алуан лирикалық шығармалар. Сонымен қатар, өлең деген сөзді кең мағынада алып, көлемі қысқалау келетін поэзиялық шығармалардың бәріне ортақ жалпылама атау ретінде қолдануда жиі кездеседі.

Өлең құрылысы – қазақ өлеңі силлабикалық жүйеге жататыны, өлең ырғағының тірегі – буын, яғни, ырғақ буын санымен өлшенетіні жоғарыда айтылды.

Қай елдің поэзиясында болсын өлеңдегі ырғақты туғызатын өлең сөздің қайталанып келіп отыратын мөлшерлі бөліктері десек, қазақ поэзиясында ырғақ туғызатын өлең сөздің буын саны тұрақты бөлшектер, алдымен тармақ, яғни, өлең жолы.

Романтика – қиялшылдық, асқақ ой шабыттылығы, өмірдің жарқын, сәулелі жақтарын көруге бейімділіктен туатын айрықша сезім шаттығы. Осы мағынада қандайда өмір құбылыстарын түсініп-сезінуге тән қандайда өмір құбылыстарын түсініп сезінуге тән романтика туралы айтуға болады. Мысалы: ерлік романтикасы немесе романтикалық, яғни асқан сезім толы, таза махаббат. Романтизм әдебиетте, өнерде, өмірді бейнелеудің көркемдік әдісі немесе соған тән әдіс-тәсілдерді қолданатын ағым, бағыт десек, романтика өмір құбылыстарын ұшқыр қиялмен ұштастыра көтеріп, көркемдеп көрсетуге ынталылықты танытатын қиялшылдық сарын, шығармадағы көтеріңкі леп.

Роман (франц. roman, нем. Roman ағылш. novel – орта ғасырларда латын тілінде емес, роман тілдерінде жазылған шығарма осылай атанған) – сюжеттік құрылымы күрделі, көп желілі, кең тынысты, кейіпкер бейнесін

ол өмір сүрген уақыт, ол тірлік кешкен орта ауқымында, жан-жақты мүсіндейтін, басқа прозалық жанрларға қарағанда ұзақ уақытты, байтақ кеңістікті қамтитын көлемді эпикалық шығарма.

Қазақ әдебиетінде роман жанры туып, қалыптасты. М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамалы», Т.Жомартбаевтың «Қыс көрелігі», С.Көбеевтің «Қалың малы» дүниеге келіп, романның туу процесі басталды. Бұдан соң Ж.Аймауытовтың «Ақбілек», «Қартқожа» және Б.Майлиннің аяқталмаған «Қызыл жалау», «Азамат Азаматыч» романдары дүниеге келді. М.Әуезовтің, С.Мұқановтың, Ғ.Мүсіреповтің, Ғ.Мұстафиннің романдары қазақ әдебиетін одан әрі байытқан ірі де, аса көркем туындылар болды. Олардың қатарында халық өмірін кең қамтыған «Абай жолы», «Ботагөз», «Оянған өлке», «Дауылдан кейін» сияқты шығармалар бар. Жоғарыда аталған көптеген романдарда әлеуметтік теңсіздік, тап тартыс, революциялық күрес сипаты суреттеледі.

Символ – әдебиетте ойды астарлап, басқа нәрсені суреттеу арқылы жасалатын нақтылы сипаты бар балама бейне. Жалпы халықтық тілде кездесетін символда бір нәрсе өз қалпынан басқаша сипатта көрсетіп, сондай-ақ, нақтылы бір затты, нәрсені екінші нәрсенің, не ұғымның жәй баламасы ретінде алу арқылы жасалды. Мысалы, гүл–жастықтың символы, ал көгершін бейбітшілік символы ретінде алынады. Бұл жағынан символ тұспалдауға (аллегорияға) өте жақын келеді. Түлкі бейнесі арқылы қулықты, қу адамды, қоян бейнесі арқылы қорқақтықты, қорқақ адамды тұспалдап айтуға болады. Бірақ түлкінің не қоянның бейнесі тұспалдау тәсілімен жасалса, онда шарттылық басым болады, олар адамға тән іс-әрекет жасап, адамша сөйлеп кетеді. Ал әдебиеттегі, поэзиядағы символ көбінесе келістіріп жасалған, астарлық мағынасы терең, бүтін бір сурет-бейне қалпында көрінеді. Мысалы, Лермонтов шебер суреттеген желкен, желкенді қайық осындай көркем сурет-бейне. Лермонтов та, орыс ақынының асқан шеберлікпен аударған Абай да тек тұманды теңіз төрінде дауыл тілеп жүрген жалғыз қайықты бейнелейді. Сол арқылы тынымсыз ізденгіш адамның бейнесі, ол туралы ештеңе айтылмаса да, көз алдымызға еріксіз елестейді. Өйткені сол қайықтың бейнесі ізденгіш символы, балама бейнесі болып шығады. Әдебиетте символ, әрине, ылғи тұтас суреттеме қалпында ғана кездеспейді, оның қарапайым түрлері де қолданыла береді. Бұл жағынан алғанда символ мен тұспалдау (аллегория) өте жақын болатынын көреміз. Кең мағынасында астарлы мағына беретін метафора, теңеу сияқты салыстырулардың көбінде символдық та мән болатынын байқау қиын емес.

Сюжет (франц. *sujet* – зат) – өзара жалғасқан оқиғалардың тізбегі, біртұтас желісі. Сюжеттің негізі – өмірлік тартыс, конфликт, кейіпкерлердің қарым-қатынастарындағы қақтығыс. Ол тартыс, конфликт әр түрлі адамдардың іс-әрекетіндегі немесе ой-сана, көзқарастарындағы қарама-қайшылық. Мұндай қайшылықтар әр түрлі әлеуметтік топтардың ымырасыз күресі, талас үстінде қандай айқын бой көрсетсе, сонымен қатар баяндалған оқиға, жағдайларға кейіпкерлердің әр түрлі қарап бағалауынында жақсы аңғарылады. Кейіпкерлердің қақтығысы қалайда қоғамдық өмірдегі күрес-тартыспен қабысып жатады, жеке адамдардың іс-әрекетінен, тағдырынан оқырмандар заманының, дәуірінің шындығын көріп, әлеуметтік қайшылықтардың сырын ұғады.

Тақырып – әдеби шығармада сөз болатын басты мәселе, шығарма мазмұнының негізгі арқауы, айтылатын жай-жағдайлардың бағыт-бағдары. Шығарманың тақырыбын, яғни не жайында айтылатынын, нендей мәселелерді қозғайтынын анықтау сырттай қарағанда оп-оңай сияқты көрінуі мүмкін. Алайда шығарма тақырыбын айқындауға жеңіл үстірт қарау дұрыс болмайы. Тақырыпты бірнеше қырынан алып қарастыру кездеседі. Шығарманы жазудағы автордың ой-ниеті тұрғысынан алғанда, тақырып – алдымен болашақ туындыға арқау болатын мәселелер, қамтитын жағдай, оқиғалардың, суреттелетін өмір құбылыстарының шеңбер-шегі.

Тартыс – (конфликт лат. *Conflictus* – қақтығыс) – көркем шығармадағы сюжет желісіне арқау болатын, айрықша шиеленіскен түрде көрініс беретін қақтығыс, қайшылық, күрес. Конфликт драмалық шығармаларда ширақ, шиеленіскен түрде кездеседі. Ондағы характер кейіпкер мінезі қайшылығы мол әрекеттер арқылы ашылып отырады. Горький: «Егер характерлер мықты болса, олардың қақтығыспауы мүмкін емес», - деген. Көркем шығарма қаһармандарының арасындағы қайшылық, тартыс олар – қарым-қатынасынан, іс-әрекеттерінен, әр қилы көзқарастарынан да көрінеді. Драмалық жанрда мұның екі түрі де әсіресе анық байқалады.

Тарихи шындық – өмір шындығының тарихи тақырыпқа арналған шығармадағы көркемдік көрінісі. Тарихи шындыққа қоғамдық өмірдегі нақтылы құбылыстар, болған оқиғалар, өмір сүрген тұлғалар арқау болады. Тарихтың, халық өмірінің шынайы болмысын елестету арқылы өткеннің сипаты танылады. Алайда, әдеби шығармадағы тарихи шындық-көркемдік бейнелеу тәсілмен берілетін өмір шындығы, яғни көркемдік шындық. Тарихи шығармада өмірде болған уақиғалармен қатар ойдан шығарылған жайлар аз болмайды, тарихи тұлғалармен бірге көркем

киялдан туған кейіпкерлер араласып жүреді. Мәселе шындап келгенде оқиғаның кейіпкердің өмірінде болған не болмағанда емес шығарманың барлық мазмұны, оқиғалары, кейіпкерлеркі көркем ой көрігінен өтіп, жиынтықталып, өзгеше бейнелілік сипат алып шығатындығында. Әрине, тарихи шығармада айтылмақ уақиғаның өзегі негізінен өмірде болған уақиғалардың аясында алынбақ. Сондықтан жазушы маңызды тарихи жайларды, көптеген нақтылы деректерді анық білу қажет.

Табиғат лирикасы – лирика жанрының бір түрі, ақынның ішкі жандүниесі оның әр түрлі табиғат құбылыстарын сезінуі, бейнелеп суреттеуі арқылы танылатын өлең-жырлар. Табиғат лирикасының алғашқы белгі, нышандарын фольклорлық поэзиядан бажайлауға болады. Өйткені қашанда адамзат табиғатпен етене жақын. Осындай жағдайда адамдар табиғатқа арнап лирикалық өлеңдер жазып отырған. Біреулер табиғаттың пейзаждық суреттерін жасаса, енді бір ақындар сол табиғат арқылы қоғамдық өмірді, адамның ішкі көңіл-күйін астастыра жырлаған. Табиғат лирикасын айтқанда, ұлы Абайды еске аламыз. Оның жыл мезгіліне арнап жазған өлеңдері осы күнге дейін оқушысын тамсандырып келеді.

Теңеу – құбылысты басқа нәрсемен салыстыру арқылы сипаттау тәсілі. Әр нәрсені салыстыру негізінде жасалатын бейнелі сөздер, туынды мағыналы сөздер, құбылту түрлері аз емес. Олардан теңеудің айырмасы – мұнда салыстыру тура, айқын көрінеді. Нені және немен салыстырғаны анық болады. Мұны сөйлеу тілінде қолданылатын қарапайым теңеулерден аңғаруға болады. Мысалы: басы қазандай (болып), жүрегім аттай тулап т.б. поэзиядағы теңеудің айырмасы, онда тек белгісіз нәрсені белгілі, қарапайым нәрсемен салыстыру арқылы түсіндіру мақсаты қойылмайды. Айтылып отырған нәрсені көркемдеп сипаттау, ұқсастықты көре білу арқылы ойды өткір, әсерлі етіп жеткізу жағы басым болады.

Трагедия – сахнаға арналып жазылатын әдеби шығармалардың, яғни драмалық жанрдың бір түрі. Драмалық шығармалардың басқа түрлері сияқты трагедия да күрделі оқиғаны, оған қатысатын адамдардың іс-әрекетін кейіпкерлердің сөйлеген сөздері арқылы көрсетеді. Трагедияның өзіндік жанрлық ерекшелігі – ол өмірдегі шиелініскен күрес-тартысты, бір-біріне қарама-қайшы күштердің ешбір ымыраға келмейтін, белдескен күресін, қақтығыс-таласын суреттейді.

Трилогия – мазмұн-мағынасы, сюжеті жағынан бір-бірімен тығыз байланысты, негізгі кейіпкерлері ортақ келетін, өзара жалғасып, тұтасып жатқан үш шығарма. Трилогияны құрайтын әр шығарма бас-аяғы бүтін, өз алдына дербес туынды борлып келеді. Әрқайсының өз оқиға желісі, құрылыс-бітімі бөлек болады. Басты кейіпкерлер үш шығармаға бірдей

ортақ болса олардың әрқайсында сол кейіпкерлердің өміріндегі әр түрлі кезең суреттеледі. Алайда ол үш шығарма бірімен-бірі қабысып, сабақтаса келіп, бірін-бірі мағынасы-мазмұны жағынан толықтырады. Әр жеке шығарманың өмірлік мазмұны, ондағы сезім-әсер, ой-пікір, байлам-түйіндер неғұрлым бай, терең болса, трилогияның тұтас, түгелдей алғандығы мағына-мәні солғұрлым арта түседі. Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» атты трилогиясы «Ымырт», «Сергелдең», «Күйреу», атты үш кітаптан құрылған.

Толғау – қазақ, сондай-ақ қарақалпақ, ноғай секілді басқа да халықтардың ауызша поэзиясында кең тараған қоғамдық-саяси лириканың бір түрі. Толғау тектес сөз үлгілерін қырғыздар «санат-насыят ырлар», құмықтар «ойлы йырлар», башқұрттар «қобайыр» деп аталады. Ноғай мен құмықтың «қазақ йырлары» ерлік толғауы мағынасында қолданылады. Толғауда маңызды қоғамдық-әлеуметтік, саяси-философиялық тақырыптар, азаматтық әуендер кеңінен орын алады. Толғау кейде күрделі, көлемді лирикалық туынды, тіпті сюжетсіз поэма дерліктей сипат алады. Ырғағы жеті-сегіз буында тармақтарға негізделеді, олар еркін әр мөлшерде топтасып, түйдек-түйдегімен (тирада) шоғырланып келеді. Бұл ерекшелігі ауызша поэзиялық өлеңді суырып салу дәстүріне сәйкес қалыптасқан. Белгілі бір мақаммен, лирикалық аспаптың сүйемелдеуімен айтылады.

Ұйқас – өлең-жырларда тармақтың (өлең жолы) соңындағы бірнеше буынның келесі тармақтағы сәйкес буындармен үйлесуі (дыбыс үндестігі). Ұйқас өлеңдегі әр жолдың, тармақтардың шек-жігін айқындай түседі. Сөйтіп өлең сөздің ырғағын күшейтуге себін тигізеді, өлеңнің әуезділігін арттырады. Ұйқастың түрлерін жіктеп-ажыратқанда алдымен оның сапасы, яғни ұйқасқан сөздердің өзара қаншалықты үйлесетіні еске алынады. Бұл жағынан қарағанда, ұйқасты қазақ поэзиясында, мысалы, толымды ұйқас, толымсыз ұйқас деп бөлінеді (орысша – точная рифма, неточная рифма). Ұйқас өзара үйлескен тармақтардың кезектесу ретіне қарай сан түрлі болып келеді. Ең көп кездесетін ұйқастар: егіз ұйқас (аа), шалыс ұйқас немесе кезекті ұйқас (абаб), қайсырмалы немесе орама ұйқас (абба – орыс поэзиясына тән).

Шабыт – өнер адамының шығармашылық қуатының шегіне жетіп тасқындауы, зор жігер күш пайда болып, рухтануы. Мұндай сәттерде ой өткірленіп, сезім ұшқырланып, шығармашылық еңбектің айрықша жемісті болуына мүмкіндік туады. Әрине, шабытты шығармашылық бап, қалып өз бетінен, әзірліксіз, дайындықсыз оп-оңай пайда болады деп түсіну – жаңсақ ұғым. Жазушының шабыты үздіксіз ізденудің нәтижесі екені даусыз. Тосыннан құйылатын құдіретті күшке көп сенбеген М.

Лермонтовтың «Шабыт – ауру рухтың ауыр сандырағы» («Оно – тяжелый бред души твоей больной») деген өлең жолы – шабытты тиянақсыз, тылсым жағдайға балайтын пікірге қарсылықтан туған баға.

Шежіре (араб. шәджәрә) – халықтың құрамына кіретін тайпарулардың тегін таратып бір-бірімен туыстық дәрежесін айыратын тізбе. Шежіре негізінен қарасөзбен, кейде өлеңмен жазылады, көлемі әрқалай боп келеді. Арғы ата-бабалардың, тайпа, рулардың басталуы, таралуын көрсететін тізбе шежіренің және бір мағынасы бойынша, ол – тарихи жазба ескерткіш. Әбілғазы Баһадүрханның «Шаджара-и түрік» атты кітабы – XVII ғасырда жазылған түркі жазба ескерткіштерінің бірі. Автор бұл кітабын жазарда Рашид-ад-диннің «Жами-ат тауарих» шежіресі мен Шыңғыс хан ұрпақтарының бірнеше нұсқалары шежірелеріне сүйенген. Қарапайым халықтың сөйлеу тілімен жазылған. Кезінде Абай, Шоқан таныс болған. Бірнеше Еуропа тілдеріне тәржімаланған. Қазақ тілінде жазылған шежірелердің қағазға түскені, басылып тарағаны аз емес. Мысалы, XVI ғ. Қадырғали бек, XX ғ. Шәкәрім жазған шежірелер.

Шешендік сөз – қазақ ауыз әдебиетінің жанры, ғибраттылық мәні, өнегелі ой-тұжырымы бар, айрықша тапқырлық танытатын нақыл сөз. Нақышты нақыл сөздің басқа түрлерінен айырмасы – көбіне дауласу үстінде, билік шешім айтылған кезде, немесе екі кісі тілдесіп, сөз қағысқан кезде туған. Мұндай шешендік сөздерге нәр беретін, оның өзегі болатын – тауып айтылатын, ұтымды, өткір жауап, қағытпа сөз (реплика). Елдің жадында өзгермей сақталып, айтылып жүретіні – осы таппақтан келетін тұсы. Ал оның қай жағдайда, кімнің қандай сөзіне орай туғаны еркін баяндалып та айтыла береді. Мұндай шешендік сөздер белгілі бір адамның атына айтылады. (Майқы, Асан, Жиренше, Жәнібек, Төле, Қазыбек, Сырым).

Шумақ – өлең-жырларда, дастан-поэмаларда өлең тармақтарының (жолдарының) белгілі ретпен топтасуы. Бір жол, бір жеке тармақтан өлең ырғағы айқын аңғарылмайды. Ол үшін кем дегенде ырғақтық өрнегі ұқсас екі тармақ алынуы керек. Сондықтан, өлең-жырларда бір шумақ екі жолдан яғни екі тармақтан басталады. Мағынасы жағынан, ішкі құрылысы жағынан жекеленген өлеңнің екі жолы шумақтың ең қарапайым, ықшамды түрі. Бұл шумақ мақал-мәтел, нақыл сөздерде әсіресе мол қолданылады. Көлемді өлең-жырларда ең көп кездесетін шумақ – төрт тармақты. Шумақ өлеңнің өлшемділігін арттырады.

Ырғақты қарасөз (ритмдік проза) деп негізінен шешендік қарасөзді айтады, сөйлем, сөйлемшелердің өрнекті-ықшамдылығынан ырғақ реттілігі байқалып тұрады. Ырғақты қарасөз ежелгі грек, латын және ортағасыр

әдебиетінде қалыптасты, сөйтіп 16-19 ғасырлардағы Еуропа прозасына әсер етеді. Ырғақты қара сөзді өлеңмен шатыстыруға болмайды. Қазақтың шешендік қара сөздерінде ырғақ бар. Ол ырғақты прозаға, кейде ерікті өлең түрінде де жақындайды.

Эпопея (грек. *epos* – сөз, баяндау және *poieo* – жасаймын) – бүкіл бір дәуірді кеңінен қамтып бейнелейтін кең тынысты, сан-салалы эпикалық шығарма. Ежелгі Грецияда халықтың өмірін, қаһармандарын, ірі тарихи оқиғаларды суреттейтін өлең-жырларды бір желіге тізіп, тұтастыру арқылы жасалған көлемді эпостық жырды «эпопея» деп атаған. Мысалы, Гомердің «Иллиада», «Одиссея» атты эпостық жырлары, үнді елінің «Махабхарата», қырғыз халқының әйгілі «Манас» эпосы осындай әдеби туындылар қатарына жатады.

Біздің уақытымызда эпопея деп тарихи уақыттың маңызды кезеңдерін, халық өмірін әр қырынан көрсететін, үлкен тарихи оқиғаны, күрделі тағдырлар тоғысын бейнелейтін романдар циклін айтады. Л.Н.Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік», М.А. Шолоховтың «Тынық Дон» атты шығармалары – соған мысал. Қазақ әдебиетінде М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы – қазақ халқының жарты ғасырлық өмірінің энциклопедиясы дерлік кесек, көркем туынды.

Бұдан біз эпопея деген ұғымның жазба әдебиетінде тақырып-мазмұнды бейнелеу әдіс-тәсілдері, көркемдік ерекшеліктері жағынан мүлде өзгеріп, жаңа сипат алғанын айқын көреміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы туралы. Бес томдық шығармалары. 5-том. Алматы, 1999. 384-б.
2. Аймауытов Ж. Шығармалар жинағы. 5 томдық. Алматы: «Ғылым», 1996.
3. Ақышев З. Жүсіпбек және оның Қартқожасы. // Жұлдыз, 1990. №8, 185-186 б.

4. Нұрқатов.А. М.Әуезов творчествосы мақалалар. Алматы. «Жазушы» 1965. 398-б.
5. Аманжолов Қ. Дариға, сол қыз. Өлең-жырлар. Алматы. «Атамұра», 2003. 212-б.
6. Әуезов М. Өңгімелер мен повестер. Алматы. 1972. 136-б.
7. Әуезов М. Энциклопедиясы. Алматы: «Атамұра», 2011. 688-б.
8. Әуезов М. Таңдамалары шығармалар. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. 3-том. Алматы. 1955.
9. Әуезов М. Қорғансыздың күні. Өңгімелер мен повестер. Алматы. Атамұра, 2002. 432-б.
10. Әуезов М. Шығармалар. Алматы: «Жазушы» 18-том. 1967.
11. Әуезов М. Творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары. Аударма. С. Ахметов. С.Жұмабаев. Алматы: «Мектеп» 1977. 272-б.
12. Әдібаев Х., Ысмағұлов Ж. Ғабит Мүсірепов. Қазақ әдебиетінің тарихы. 8-том. Алматы, 2004.
13. Бердібаев Р. Аңыздан романға. Бес томдық шығармалар жинағы. 3-том. Алматы, 2005.
14. Базарбаев М. Жұбан Молдағалиев. Қазақ әдебиетінің тарихы. 9- том . Алматы, 2005.
15. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы: «Атамұра», 2003. 208-б.
16. Байтұрсынов А. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Алаш», 2003.
17. Базарбаев М. Жұбан Молдағалиев. Қазақ әдебиетінің тарихы. 9-том. Алматы, 2005.
18. Би аға. Б.Майлин туралы естеліктер. Құрастырушы, баспаға дайындаған Т.Бейісқұлов. Алматы. Жазушы. 1991. 304-б.
19. Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті. Лекциялар жиынағы. Алматы: «Университет», 2002 – 298-б.

20. Дулатов М. «Оян, қазақ!» Роман, өлең-жырлар, әңгімелер. Алматы: «Атамұра», 2003. 192-б.
21. М.Дулатов. 5-томдық шығармалар жинағы. Өлеңдер, роман, пьеса, әңгімелер. Алматы: «Мектеп», 2002.
22. Дулатов М. Алашым, ардағым. Алматы: «Олжас кітапханасы», 2012.183-б.
23. Дулатов М. Ахмет Байтұсынович Байтұрсынов. Бес томдық шығармалар жинағы 3-том. Алматы, «Мектеп», 2003.
24. Дүйсенов М. Ілияс Жансүгіров. Алматы, 1905.
25. Досжанов Д. Мұхтар жолы. Роман-толғау. Алматы. «Жазушы». 1988. 400-б.
26. Елеукенов Ш. Ғабиден Мұстафин. Қазақ әдебиетінің тарихы. 8-том. Алматы, 2004.
27. Елеукенов Ш. Қазақ әдебиетінің тарихы. 8-том. Алматы, 2004.
28. Егеубаев А. Мұқағали Мақатаев. Қазақ әдебиетінің тарихы. 9-том Алматы, 2005.
29. Елеукенов Ш. Тахауи Ахтанов. Қазақ әдебиетінің тарихы. 9-том. Алматы, 2005.
30. Елеукенов М. Мағжан. (Өмірі мен шығармагерлігі). Оқу құралы.– Алматы: «Санат», 1995. 384-б.
31. Ергөбек Қ. Жазушы шеберханасы. (С.Мұқанов) Алматы. Қазақпарат. 2002. 292-б.
32. Елеукенов Ш. Әбдіжәміл Нұрпейісов. Қазақ әдебиетінің тарихы. 9-том. Алматы, 2005.
33. Егеубаев А. Мұқағали Мақатаев. Қазақ әдебиетінің тарихы. 9-том. Алматы, 2005.
34. Елеукенов Ш. Қазақ әдебиетінің тарихы. 8-том. Алматы, 2004.
35. Жүсіпбек Аймауытов. Күнекейдің жазығы. Алматы. «Олжас кітапханасы» 2012. 176-б.

36. Жүсіпбек Аймауытов «Ақбілек». Повесть, роман. Алматы. «Атамұра», 2003. 280-б.
37. Жансүгіров І. Құлагер. Өлеңдер мен поэмалар. Алматы. Атамұра. 2003. 360-б.
38. Жансүгіров І. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы. Жазушы. 1986. 328-б.
39. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті: Қысқаша очерк: жоғары оқу орындарының студенттерне арналған оқу құралы. Алматы: «Білім», 1998-224б.
40. Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері. (ак.З.Қабдолов редакциясының басшылығында) Алматы.1993 – 103б.
41. Қирабаев С. Ақын және уақыт. Кітапта: Талантқа құрмет. Алматы, 1988.
42. Кәкішұлы Сәкен аялаған арулар. Эссе мен толғамдар. Алматы. Атамұра. 2003. 312-б.
43. Қабдолов З. Қадыр Мырза Әли шығармаларының 12 томдығы. I том.Алматы: Қазығұрт, 2001.
44. Қирабаев С.Тұманбай Молдағалиев. Қазақ әдебиетінің тарихы. 9-том.Алматы, 2005.
45. Қирабаев С. Тұманбай Молдағалиев. Қазақ әдебиетінің тарихы. 9-том. Алматы, 2005.
46. Қирабаев С. Сәкен Сейфуллин. Алматы, 1974.
47. Қирабаев С. Тәуелсіздік рухымен. – Астана: «Фолиант», 2002. 504-б.
48. Қирабаев С. Ақын және уақыт. Кітапта: Талантқа құрмет. Алматы, 1988.
49. Қабдолов З. Қадыр Мырза Әли шығармаларының 12 томдығы. 1- том. Алматы: «Қазығұрт», 2001.
50. Мүсірепов «Абай» романы туралы. Кітапта: Ғабит Мүсірепов шығармалары. 4-том. Алматы, 1975.

51. Майлин Б. Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы. «Қазығұрт». 2004 1-том: Өңгімелер. 400-б.
52. Мағжан Жұмабаев. Шығармалары. Алматы. 1989, 333-б.
53. Мағжан Жұмабаев. Өлеңдер мен поэмалар. Алматы: «Атамұра», 2002. 256-б.
54. Мұқанов С. Мөлдір махаббат. Роман. Алматы. Атамұра. 2006. 520-б.
55. Мұқанов С. Халық мұрасы. Тарихтық-этнографиялық шолу. Алматы. Жазушы. 2005. 304-б.
56. Мұқанов С. Таңдамалы шығармалары. 4-том. Поэмалар. Алматы. «Көркем әдебиет», 1956.
57. Мұқанов С. Өлеңдер. 1-том. Алматы. «Жазушы», 1972
58. Мұқанов С. Сұлушаш (Роман мен повесть) Алматы. «Атамұра» 2002. 288-б.
59. Мүсірепов Ғ. Ұлпан. Роман. «Атамұра», 2003. 264-б.
60. Молдағалиев Ж. Мен – қазақпын. Өлеңдер мен поэмалар. Алматы. «Раритет», 2007. 240-б.
61. Молдағалиев Т. Таңдамалы туындыларының көп томдығы. Алматы: «Қазығұрт», 2003. 592-б.
62. Молдағалиев Т. Жиырма бесінші көктем. Өлеңдер мен поэма. Алматы: «Жазушы», 1980. 432-б.
63. Мақатаев М. Аманат. Жыр жинағы. Алматы: «Атамұра», 2002. 304-б.
64. Мақатаев М. Шығармаларының толық жинағы. Көп томдық. Алматы: «Жалын», 2010. 5-том. Аударма, хаттар, естеліктер. 320-б.
65. Нұрқатов.А. М.Әуезов творчествосы мақалалар. Алматы. «Жазушы» 1965. 398-б.
66. Нұртазин Т. Бейімбет Майлиннің өмірі мен творчествосы. Алматы: «Жазушы», 1966. 322-б.
67. Нарымбетов Ә. Қадыр Мырза Әли. Қазақ әдебиетінің тарихы. 9-том. Алматы. 2005.

68. Нұртазин Т. Жазушы және өмірі. Алматы, 1960.
69. Рустембекова Р. Б. Майлиннің драматургиясы. Алматы: «Жазушы». 1969. 120-бет.
70. Ысмаилов Е. Өмір мен өлең. Кітапта: Әдебиет жайлы ойлар. Алматы, 1968.
71. Ысмағұлов Ж. Ахмет Байтұрсынов. Қазақ әдебиетінің тарихы. 6-том. Алматы, 2007.
72. Ысмағұлов Ж. Міржақып Дулатов. Кітапта: Міржақып Дулатов. 5 томдық шығармалар жинағы. 1-том Алматы: «Мектеп», 2001.
73. Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы: «Қазығұрт» 2004. Тар жол, тайғақ кешу. 1927. Роман-эссе. 456 бет 1-кітап.
74. Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы: «Қазығұрт» 2004 2-том. Өлеңдер. 392-б.
75. Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы: «Қазығұрт» 2004 3-том. Баллада. Толғаулар. Дастан. Поэмалар. 400-б.
76. Сейфуллин С. Аққудың айрылуы. Өлеңдер мен поэма. Өңгімелер мен повесть. Алматы: Атамұра. 2003. 224-б.
77. Сейфуллин С. Өлеңдер мен поэмалар. 1-том. Алматы: «Жазушы». 1986. 340-б.
78. Тасмағамбетов З.Ж. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихы. Оқу-әдістемелік құрал. Қостанай, 2016. 101-б.
79. Тәжібаев Ә. Шығармалар. Екі томдық. Алматы, 1959.
80. Тәжібаев Ә. Өмірім менің. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы. «Атамұра», 2006. 288-б.
81. Тәжібаев Ә. Үш томдық шығармалар жинағы: Өлеңдер. Алматы. «Ана тілі» 2009. 272-б.
82. Тәжібаев Ә. Көне қоңырау. Өлеңдер. Алматы: «Жазушы», 1973. 244-б.
83. Тұманбайдың ақындығы. Мақалалар. Алматы. «Атамұра», 2005. 336-б.
84. Тәжібаев Ә. Қасым Аманжолов. Қазақ әдебиетінің тарихы. 3-том. Бесінші кітап. Алматы, 1967.

85. adebiet.kz әдеби әлем порталы

Тест сұрақтарының жауаптары:

№	1 А Б	2 М Д	3 Ж А	4 М Ж	5 С С	6 Б М	7 І Ж	8 И Б	9 Қ А	10 М Ә	11 С М	12 Ғ М	13 Ғ М	14 Ә Т	15 Ж М	16 Ә Н	17 М М	18 Қ М	19 Т М
1	А	Д	А	В	С	А	А	А	В	Д	Д	Д	А	С	В	А	Д	С	А
2	Д	С	Д	С	Д	С	В	Д	С	А	С	Д	Д	А	С	С	А	А	С
3	В	С	Д	А	В	В	Д	С	Д	С	В	С	В	А	В	А	В	С	Д
4	Д	С	В	Д	В	В	С	А	А	В	А	Д	В	С	С	Д	С	В	В
5	В	А	А	Д	Д	С	В	С	С	Д	Д	В	С	С	В	С	В	А	С
6	С	Д	В	С	С	А	А	Д	Д	В	С	В	Д	С	В	В	С	С	А
7	В	С	А	А	В	С	В	А	В	Д	В	С	С	В	А	Д	В	Д	С
8	Д	Д	А	С	А	С	А	В	С	С	С	В	С	В	А	Д	Д	В	А
9	А	Д	Д	А	А	Д	С	В	Д	Д	Д	С	В	А	А	А	В	В	Д
10	Д	С	А	А	Д	В	С	В	В	В	С	А	А	В	С	С	С	С	С
11	Д	В	Д	Д	Д	А	В	А	С	С	В	В	Д	А	С	В	А	С	С
12	А	Д	С	А	Д	С	В	С	А	С	Д	А	В	Д	А	С	А	В	А
13	Д	А	Д	А	А	Д	С	А	Д	С	Д	А	С	А	В	С	А	Д	С
14	Д	А	Д	А	Д	А	С	А	А	С	Д	В	Д	А	Д	В	В	Д	Д
15	В	Д	С	А	С	В	Д	В	В	А	Д	В	А	С	С	А	В	С	В

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
--------------	---

1. Ахмет Байтұрсынов.....	6
2. Міржақып Дулатов.....	21
3. Жүсіпбек Аймауытов.....	36
4. Мағжан Жұмабаев.....	51
5. Сәкен Сейфуллин.....	69
6. Бейімбет Майлин.....	82
7. Ілияс Жансүгіров.....	93
8. Иса Байзақов.....	102
9. Қасым Аманжолов.....	113
10. Мұхтар Әуезов.....	129
11. Сәбит Мұқанов.....	143
12. Ғабит Мүсірепов.....	158
13. Ғабиден Мұстафин.....	171
14. Әбділда Тәжібаев.....	181
15. Жұбан Молдағалиев.....	191
16. Әбдіжәміл Нұрпейісов.....	202
17. Мұқағали Мақатаев.....	214
18. Қадыр Мырза Әли.....	225
19. Тұманбай Молдағалиев.....	239
20. Қорытынды.....	247
21. Глоссарий.....	249
22. Әдебиеттер тізімі.....	270

СОДЕРЖАНИЕ

Введение.....	3
1. Ахмет Байтұрсынов.....	6
2. Миржакип Дулатов.....	21
3. Жусипбек Аймауытов.....	36
4. Мағжан Жумабаев.....	51
5. Сәкен Сейфуллин.....	69
6. Бейимбет Майлин.....	82
7. Илияс Жансугиров.....	93
8. Иса Байзақов.....	102
9. Қасым Аманжолов.....	113
10. Мухтар Аvezов.....	129
11. Сабит Муканов.....	143

12. Габит Мусирепов.....	158
13. Габиден Мустафин.....	171
14. Абдилда Таджибаев.....	181
15. Жубан Молдагалиев.....	191
16. Абдижамил Нурпеисов.....	202
17. Мукагали Макатаев.....	214
18. Кадыр Мырза Али.....	225
19. Туманбай Молдагалиев.....	239
20. Заключение.....	247
21. Глоссарий.....	249
22. Список литературы.....	270

Content

Introduction.....	3
1. Ahmet Baitursynov.....	6
2. Mirzhakip Dulatov.....	21
3. Zhusipbek Aymaulytov	36
4. Magzhan Zhumabayev.....	51
5. Saken Seyfullin.....	69
6. Beyimbet Maylin.....	82
7. Ilyas Zhansugirov.....	93
8. Isa Baizakov.....	102
9. Kasim Amanjолоv.....	113
10. Mukhtar Avezov.....	129
11. Sabit Mukanov.....	143
12. Gabit Musirepov.....	158
13. Gabiden Mustafin	171

14. Abdilda Tadjibaev.....	181
15. Zhuban Moldagaliev	191
16. Abdizhamil Nurpeisov	202
17. Mukagali Makatayev	214
18. Kadir Mirza Ali	225
19. Tumanbai Moldagaliev	239
20. Glossary	247
21. Conclusion.....	249
22. Bibliography.....	270